

Г. Косямова, Ш. Ерхожина, Г. Каримова

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ



10

Учебник для 10 классов
общеобразовательных школ с русским
языком обучения

Утверждено Министерством образования и
науки Республики Казахстан



Алматы «Мектеп» 2019

УДК 373.167.1
ББК 81.2Каз-922
К72

Шартты белгілер:



— тындалым



— айтылым



— оқылым



— жазылым



— көркем шыгарма

Косымова Г. и т.д.

К72 **Қазак тілі мен әдебиеті.** Учебник для 10 классов общеобразовательных школ с рус. яз. обучения / Г. Косымова, Ш. Ерхозина, Г. Каримова. — Алматы: Мектеп, 2019. — 216 с., илл.

ISBN 978—601—07—1101—3

К 4306020400—031
404(05)—19 68(1)—19

УДК 373.167.1
ББК 81.2Каз-922

ISBN 978—601—07—1101—3

© Косымова Г., Ерхозина Ш.,
Каримова Г., 2019
© Издательство «Мектеп»,
художественное оформление, 2019
Все права защищены
Имущественные права на издание
принадлежат издательству «Мектеп»

1. ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ СҰРАНЫС
2. ОТАНДЫҚ ӨНЕРКӘСІП ӨНІМІ
3. ҚАЗАҚ КИНОСЫ МЕН ТЕАТРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ
4. ҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ
5. МҮХИТ – ТІРШІЛІК МЕКЕНИ
6. ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ МЕРЕКЕЛЕР
7. САУДА МЕН КӨМЕК: ЕКІЖАҚТЫ КЕЛІСІМДІ САУДА
8. БҮҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ
ГЕНДЕРЛІК БЕЙНЕ
9. ЖЕР ПЛАНЕТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР
10. ӘЛЕУМЕТТИК ТЕҢСІЗДІК: АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ КӨМЕК
11. ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ – ҚОҒАМ БАЙЛЫҒЫ
12. САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДАҒЫ ТЕҢСІЗДІК
13. ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЗАН

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ СУРАНЫС

Мансап бінгі – бір күндік.
Маңсат бінгі – мын күндік.

Нақыл сөз



1-2-сабак

Еңбек нарығы

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Еңбек туралы қандай мақал-мәтеддер білесіздер?
- Еңбек сөзі қандай сөздермен тіркеседі?



2-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (1-аудио). Мәтін не туралы? Еңбек нарығында жұмыскерлерге қандай талаптар қойылады?

Тірек сөздер

- еңбек нарығы
- экономикалық қатынастар
- бәсекелестік
- іскерлік
- біліктілік

Еңбек нарығы – жұмыс күшін тауар ретінде сату-сатып алу туралы экономикалық қатынастар жүйесі. Нарықтың тікелей әсер етуімен жоғары біліктілікке құрылған енбектің дәрежесі көтеріледі, әрбір жұмыс орнының бағасы өседі, жұмыскерге және оның енбегіне талап күшінеді. Еңбек нарығында өте кабілетті, іскер жұмыскерлер тандап алынады. Нарық енбекке қабілетсіздерді, жалқаулар мен әлсіздерді ешқашан аямайды. Ол енбектің жоғары шашшандығын, іскерлік пен біліктілікті талап етеді.

Еңбек нарығы – бәсекелік нарық. Онда жұмыс орындары мен еңбек ресурстарының арасында сәйкесіздік болады. Жоғары біліктілікті талап ететін жұмыс орындарының бір бөлігі бос болып кала береді, ал арнаулы дайындығы жоқ адамдардың бір бөлігі жұмыс таба алмайды. Осындай жағдайда қандай да жұмыс түрін табу үшін жұмыссыздар арасында бәсекелестік пайда болады. Сонымен бірге өз енбегімен жоғары табыс табуды көздеген жоғары білікті жұмыскерлер мен мамандар да бір-бірімен бәсекелік сайыста болады.

T. Қекіжанова




3-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Мәтінде кездесетін термин сөздердің мағынасын анықтаңыздар.

Еңбек нарығы	
Еңбек ресурсы	
Біліктілік	



4-тапсырма. Төмөндегі кластерді толықтырыңыздар. Мәтінге сүйеніп және кластерді пайдаланып, шағын монолог дайындаңыздар.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазып, мағынасын анықтаңыздар.

Еңбек нарығында кәсіпкерлер мен еңбекке қабілетті адамдар арасында белгілі бір қарым-катынас күшінің бағасына және құнына әртүрлі ықпал жасайды. Ол еңбектің бағасына тікелей, ал жұмыс күшінің құнына жанама түрде әсер етеді.

Бага – өндіріс салалары дамуының басты бағдары. Тауарлар мен кызметтерді тұтынуышы мен сатушы, жұмыс беруші мен жалданушы жұмыскер арасындағы қарым-катынастар да дәл сол кызметті орындаиды. Жалданушы кызметкерлер жұмыс орындарын олардың «бағасына» қарап тандайды. Кызметкерлер өзінің жұмыс күшін сол жұмыс күшіне неғұрлым мол акы (бага) төлейтін жұмыс берушіге сатуга күкі бар. Кызметкерлердің бір бөлігі ез жұмысын жоғары акы төленетін басқа жұмыска ауыстырығыс келген жағдайда, жұмыс беруші оларды жалакы деңгейін арттыру арқылы ез кәсіпорнында алып кала алады. Жалпы біліктілігі жоғары кызметкерлер көп салаларда жалакы деңгейі (еңбек бағасы) төмен болады. Яғни, сұраныс пен ұсыныс капитал нарығына қалай әсер ететін болса, жұмыс күші нарығына да дәл солай әсер ете алады.

«Бага және бага бергілеу» кітабынан



6-тапсырма. Сұрақтар бойынша диалог құрындыздар.

1. Еңбек нарығындағы қарым-катынас кімдердің арасында орнайды?
2. Нарықтық жағдай жұмыс күшінің бағасына қалай әсер етеді?
3. Өндіріс салалары дамуының бағдары не?

4. Жұмыс берушілер жұмыскерле рді өз кәсіпорнына қандай жолмен тарта алады?
5. «Біліктілігі жоғары қызметкерлер көп салаларда жалакы деңгейі (еңбек бағасы) төмен болады» дегенді қалай түсінесіздер?

 **7-тапсырма.** Матін бойынша берілген тапсырмаларды орындаңыздар.



Көптік жалғауы

Көптік жалғауы – көптік мағына беретін қосымша. Ол көбінесе зат есімге, есімдіктерге жалғанады. Мысалы: *кітап -тар, қағаз -дар, бала -лар, қызы -дар, сен -дер, осы -лар, мына -лар*.

Kісі аттарына және туыстық катынасты білдіретін тәуелдік жалғаулы жалпы есімге жалғанған көптік жалғауы жинақтау мағынасын береді. Мысалы: *Сержандар жиналысқа кетті. Апамдар үйде отыр*.

Сын есім, есімше заттық мағынада жұмсалғанда, оларға көптік жалғауы жалғанады. Мысалы: *Улкендер үйде отыр. Жақсылар мен жайсандар сөз алды. Кеткендер түс қайта ауылга келді*.

Көптік жалғауы сан есімге, кейбір үстеулерге жалғанғанда болжадық мағына береді. Мысалы: *Бүгіндері латын әлібші қолдау тапты. Жиналғандар қырықтар шамасында*.

 **8-тапсырма.** Оқылым мәтінінен көптік мағынаны білдіріп түрған зат есімдерді тауып, кестені толтырыңыз. Өзініздің толтырган кестенізді парталас досыңыздың жазғанымен салыстырыңыз.

Зат есімдер	Көптік жалғауы

 **9-тапсырма.** Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүтінгі сабактан не үйрәндіңдер?
- Қандай термин сөздердің мағынасын білдіңдер?
- Қандай тапсырма киындық келтірді? Неліктен?

3-4-сабак**Еңбек нарығы және сұраныс****1-тапсырма. Ойтарткі.**

- Еңбек нарығында қандай әлеуметтік мәселелер туындауы мүмкін?
- Еңбек нарығындағы тепе-тендік дегеніміз не?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдал (2-аудио), тақырыпқа қатысты әлеуметтік мәселелерді анықтаңыздар.

Көғамдағы алатын орнына байланысты адамдар тобы таптарға (кластарға) бөлінеді. Оны мынадай пирамидадан көруге болады: пирамиданың төменгі жағындағы ең үлкен тап – жалдамалы жұмышшылар, яғни жұмышшылар мен қызмет көрсетушілер. Олардың жеке зауыт-фабрикалары немесе жерлері жок, кірісі – кәсіпкерден немесе мемлекеттен алатын жалақысы. Орта белігін ұсақ меншік нелері алады (кооператорлар, өзіне жұмыс істейтіндер). Пирамиданың жоғарғы жағында кәсіпкерлер (жұмыс берушілер) орналасқан. Олар – кіріс әкелетін өндірісі, қаржысы барлар. Пайда табу үшін төмендегі тап мүшелерін жалға алады.

«Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» кітабынан



3-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтін бойынша пирамида сыйбасын салып, әлеуметтік топтарды пирамидаға орналастырыңыздар. Эр топ өз пікірлерінің дұрыстығын дәлелдейп жазсын.



4-тапсырма. Мәтіннен көптік мағынаны білдіріп түрған сөздерді тауып, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз. Көптік жалғаулы сөздермен үш сөйлем құраңыз.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін мазмұны бойынша бір-бірінізге сұрақтар қойып, жауап беріңіздер.

Қазақстанның еңбек нарығындағы ұсыныс – 8,5 миллион экономикалық белсенді халық. Бұл дегеніміз – комакты және сапалы жұмыс күші. Оның үштен екі белігі – нағыз жұмысқа жарамды жастағы (25–49 жас аралығы), жартысынан астамы жоғары білімді және арнайы мамандығы бар адамдар.

Жұмыс күшіне деген сұранысты Қазақстан экономикасының тірегі – ірі және орта кәсіпорындар, өндірістік орындар, серіктестіктер орындаиды. Бұларда 3,5 миллион жұмыс орны бар.

Тірек сөздер

- ұсыныс
- жұмысқа жарамды жас
- жұмыс күшіне сұраныс
- өндірістік орын
- серіктестік
- қоғам дамуы

Елімізде жұмыстың басқа түрлері, әсіресе орта және шағын кәсіпкерліктер тез калыптасып келеді. Бұл салада 2 миллион адам жұмыс істейді (жеке кәсіпкерлер, фермерлер, шағын кәсіпорын жұмысшылары). Студенттердің басым болігі жеке бизнес жайлы жоспарлайды. Бұл – адам қабілетіне қарай табыс табуға мүмкіндік беретін нарыктық экономиканың жемісі.

Мемлекет шағын және орта бизнес өкілдеріне қолдау көрсетуде. Жаңа кәсіпорындардың пайда болуына қолайлы жағдай тудырып, жұмыссыздарды қайта дайындау курстарына жіберуде. Жұмысқа орналасу жұмысшының бәсекелестікке қабілеттілігіне де қатысты. Бұл жерде жұмысшының кәсіби біліктілігі, жаңа мамандыкты тез шеріп кету қабілеті негізгі рөл аткарады. Мамандықтың түрлерін көбірек менгерсен, жұмысқа орналасу мүмкіншілігін де жоғарылайды.

«Қазақстанның экономикалық және азтұмметтік географиясы» кітабынан



6-тапсырма. Мәтіндегі тіркестердің мағынасын өз сөзінізben түсіндіріңіз. Осы тіркестерді қатыстырып, сейлем құраңы.

Сапалы жұмыс күші, жұмысқа жарамды жас, орта және шағын кәсіпкерлік, ірі кәсіпорын, жұмыссыздарды қайта дайындау, жаңа мамандыкты тез шеру.



7-тапсырма. Мәтін мазмұнының құрылымын ретімен орналастырыңыздар. Осы мәселелерге қатысты өз ойларыңызды білдіріңіздер.

- Қазақстан экономикасының тірегі;
- жұмыс күшіне сұраныс;
- жұмысқа орналасу мүмкіншілігінің жоғарылауы;
- жұмыс нарығындағы ұсыныс пен сұраныстың тен болуы.



8-тапсырма. Тындалым және оқылым мәтіндеріндегі ақпараттарға сүйеніп және өздеріңіз ізденіп, «Қазақстандағы еңбек нарығы» тақырыбына шағын мәтін жазыңыздар.



9-тапсырма. «Шығу парагын» толтырыңыздар.

- SMS арқылы (кағаз кілпіндысына) сабак туралы пікірінізді (Қанша-лыкты жемісті болды? Қандай манызды акпарат алдыныз?) кыскаша жазып, сыйнаптасыңызға жіберіңіз.
- Келіп түскен хабарлама мәтініндегі сейлемдердің дұрыс құрылған, құрылмағаны туралы пікірінізді айтып, баға беріңіз.

5-6-сабақ**Мамандық таңдау – болашақты таңдау**

1-тапсырма. Ойтұрткі. Суретке қарал, болжам жасаңыздар. Қандай ой түйдініздер?



2-тапсырма. Мәтінді оқушының оқынан тынданыздар. Оқушының оқу мәнеріне көніл белініздер: дауыс кідірісін және дыбыс үндестігін сақтап оқыды ма?

Адамның өзін тануы, өз жолын табуы өте кын. Әрбір өнер (мамандық) белгілі мінез касиетін тілейді. Ондай касиеті болмаса, қызмет жемісті болмайды. Мысалы, артист болуга еткір сезім, күшті киял, жаттау кабілеті, ұстамдылық сипаттары керек...

Мамандықтың жаманы жоқ. Бірак мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл – жай күнелту, тамак асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе.

Кімде-кім өзіне біткен ынгайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмак. Әлеуеті жоғары мемлекет те әр адамның енбегі берекелі, пайдалы болуын тілейді. Негұрлым әр мүшесінің енбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрмысы да тез оналмак.

Ж. Аймаутов



3-тапсырма. Өзіңзге ұнайтын мамандық туралы айтыңыз (Несімен ұнайды? Ол мамандықты игеруге қандай жеке қасиет пен қабілет қажет? Қоғамға қандай пайдасы бар? Еңбек нарығында сұранысқа ие ме?).



4-тапсырма. «Мамандықтың жаманы жоқ» деген пікірмен келісесіздер ме? Өз ойла-рыңызды жазыңыздар.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін қай стиль түріне жатады? Құрылымындағы ерекшеліктерді түсіндіріңіздер.

Тірек сөздер

- сұранысқа ие мамандықтар
- әлеуметтік ғылым
- бағдарламалық қамсыздандыру
- IT саласы
- тәуекел-менеджер

Бүтінде жас түлектер қандай мамандыкты жіп таңдайды? Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар қандай және болашакта жұмыс берушілер қандай мамандықтарды қажет етеді? Осы сұраптарға жауап беру үшін мамандардың сезіне назар аударайық. Сарапшылардың айтуынша, педагогикалық мамандықтардың танымалдылығы артып келеді. 2017 жылы 10 мыңнан астам бітіруші дәл осы мамандыкка күжаттарын тапсырган. Сонымен бірге шет тілін менгергісі келетіндер көбейген.



Камтамасыз ету, басқаруды автоматтандыру мамандықтарын ерекше атап ету керек. Тағы бір сұранысқа ие мамандықтардың бірі – өнер саласы. Мысалы, жыл сайын режиссураға 250 адам туседі.

Еліміз бойынша жарнама, маркетинг, PR (көғаммен байланыс) саласының мамандарына сұраныс жоғары. Банк секторында көзір тәуекел-менеджеріне тапшылық сезіледі. Фармацевтикада сату мамандары мен GR-менеджерлер қажет. IT саласында құрастырушылар мен sales-менеджерлер сұранысқа ие.

Сонғы жылдары технология мен IT саласының дамуына байланысты жаңа мамандықтардың саны артты, сонымен бірге болашакта кәсіптер карқынды трансформациядан өтеді. Яғни, 30 мамандықтардың орнын өзін әр бағытта дамытқан бір әмбебап маман алмастырады.

«Алаш айнасы» газетінен



6-тапсырма. Мәтін бойынша еліміздегі сұранысқа ие мамандықтарды анықтап, кестені толтырыңыз. Осы мамандықтарға деген сұраныс неліктен артып отыр?

Мамандық атаулары	Артықшылығы



7-тапсырма. Топқа белініп, журналист және сұхбат беруші рөліне еніп, ой белсініздер.

Шарты .

- 1-топ** – экономистер;
- 2-топ** – мұғалімдер;
- 3-топ** – бағдарламашылар;
- 4-топ** – дәрігерлер;
- 5-топ** – журналистер.

Журналистер төрт топтын мамандарынан сұхбат алады. Сұрақ қай топқа тиесілі болса, сол топ жауап береді. Сұрақтарға «Болжау» стратегиясы бойынша жауап берініздер.

Журналистер мамандықка катастыры сұхбатты дамытып отыруы тиіс.

Мысалы:

1. Қалай ойлайсыз, бірнеше мамандықты бір әмбебап маманның алмастыруы мүмкін бе?
2. Бағдарламашы болу үшін адамның бойында қандай касиеттер болуы керек?
3. Халықтың денсаулығын арттыру үшін қандай шаралар жүргізуі қажет?

Көптік мәнді зат есімдер

Көптік мәнді зат есімдер деп жеке-дара затты емес, жынтық топтамалықты білдіретін зат есімдерді атайды. Мысалы: *сүт, ұн, ақыл, өмір, шындық, аттын, жел, құйын, халық* деген сияқты зат есімдердің әрқайсысы белгілі бір жеке-дара затты емес, жынтық ұғымды атайды.

Көптік мәнді зат есімдерге мынадай зат есімдер жатады:

Сұйық заттар-дын атау-лары	Газ текстес заттар-дын аттары	Ұсақ, ұнтақ, ұйысқан майда заттар мен бытыранды, үтітінді заттардың атаулары	Дерексіз ұтымдарды білдіретін заттардың атаулары	Өздігінен табиғи болшектенбейтін кесек заттардың атаулары	Табиғат құбылыштарының атаулары
айран, шай, тұздық т.б.	азон, бу, тұтін, тұман т.б.	ұн, шаш-тозаң, шаш, кірпік т.б.	айла, алғыс, ақыл, дау, қайғы, қасірет, шындық т.б.	алтын, қола, құрыш, шойын т.б.	боран, жаңбыр, кар, жел, құйын т.б.

Сан есіммен немесе көптік мәнді білдіретін сөздермен (*барлық, барша, көп, көптеген* т.б.) тіркесіп келетін сөздерге, сондай-ақ санауга келмейтін *кар, жаңбыр, құм, су, ауа* секілді сөздерге, тек жұп мағынасымен жүмсалатын *қол, аяқ, көз, құлақ* сияқты сөздерге көптік жалғау жалғанбайды.



8-тапсырма. Көптік мәнді зат есімдерге мысалдар келтіріп, сейлем құраныздар. Келтірген мысалдарыңыздың дұрыстығын дәлелденіздер.



9-тапсырма. Қазақстандағы ірі кәсіпорындар жайында мәліметтер іздең, шағын мәтін жазыңыздар. Көптік жалғауын дұрыс қолданыңыздар.



10-тапсырма. Ойтаразы. 3–2–1 критерийі бойынша анықтаңыздар.


- 3 манызды акпарат;
- күндық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаган 1 маселе.



7-8-сабақ

Б. Қыдырбекулы. «Теміржолшы» әңгімесі

1-тапсырма. Суретте не бейнеленген? Ол жөнінде не айтар едіңіз? Болжам жасаңыз.



2-тапсырма. Мәтін үзіндісін оқушылардың окуынан тыңдаңыздар. Кейіпкерлердің сезін көніл күйіне қарай жеткізе алды ма? Сұраулы, лепті сейлемдерді интонациясына қарай дұрыс оқыды ма? Бағалаңыздар.

«Шойыннан жол салынғалы жатыр, ол жолдың көрінісі **домбыраның екі ішегі** сияқты болады еken, онымен пойыз деген отпен жүретін арба келеді еken» деген қауесет Балқаштың бергі жағасына жуық жатқан Күрті еліне тез тараپ кетті...

– Шойыннан істелген арба дейді, от күшімен кеп жүк сүйрейді еken, – десті тәбе басында отыргандар.

– Ол қайда барады еken?

– Мына Қопаны басып етеді дейді жүрт.

Шетте отырган, жасы жиырмалар шамасындағы кара жігіт ел аузына біраз карап тұрды да, орнынан тұрып кетті.

Ол үйіне келгенде, үй іші алакөленкеленіп тұр екен.

— Апа, — деді ол отты үрлеп жатқан шешесіне, — мен **шойын жолға жұмысқа тұрсам** қайтеді?

— Жассың той әлі, калкам.

— Ой, апа, жиырмада келген адам жас болушы ма еді?!

— Анығын білдің бе? Жұмысшы ала ма екен?

— Эзірше менің естігендімнің бәрі тұспал.

Сөз басыла бергенде, киіз үйдің есігі ашылды да, сәлем беріп мосқал тартқан, аласа бойлы, кара сакалды кісі кіріп келді. Бұл Тосқанбай деген өздерінің бір туысқаны еді.

— Тосекенбісіз? Төрге шығыныз.

— Жок, асығыспын, — деді Тосқанбай.

— Копа жакка барып едім. Қопаны бастыра шойын жол жасап келеді екен. Соны біліп қайттым. Сен де жұмыс іздел жүр дегенді естіп, айта кетейін деп едім. Мен казір барып демаламын да, тан сәріден көшемін. Улken балам екеумізге жұмыс беретін болды.

— Сапарыңыз оң болсын! Мен де көшемін, — деді үй несі...

Б. Кыдырбекұлы. «Теміржолшы» әңгімесінен



3-тапсырма. Әңгімені қайталап оқыңыздар. Қарамен берілген сөз тіркестерінің мағынасын ашыңыздар.



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Әңгіме кімдердің арасында өтті?
2. Әңгімете кандай такырып арқау болды?
3. Ауыл адамдары неліктен Қопага көшпек болды?
4. Шойын жол ауылға не үшін салынды?



5-тапсырма. Темендеңі сөздер мен тіркестердің қайсысына көптік жалғауы жалғанады, қайсысына жалғанбайды? Анықтаңыздар.



Жол, от, пойыз, барлық жұмысшы, шойын, Балқаш, арба, жұмыс, кәсіподак, жүрт, топырак, нарық, бірнеше күн, жук.



6-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай жанрда жазылған? Мәтіннің құрылымындағы ерекшелікті анықтаңыздар.

Құрылыс қызу жүріп жатыр. Мұндағы адамдардың көбі осы мандағы Күрті болысынан келгендер көрінеді. Кешегі «мен көшемін» деген кісі сайдан топырак тасып жур.

Лашығын өзен бойына калдырып, жол құрылышының бастығы тіккен шатырға жүтіріп келген жігіт көп кідірмей-ак шатырдан куана шыкты. Әуелі ол шатырға кірерде, «осылар казакша сөзімді

Түсіндірмे сөздік

тұспал – болжам

мосқал тартқан – біраз

жасқа келген, қартайған



түсінбес» деп жүрексініп еді, олай болмады, кіріп барған жігітке:

— Амансың ба? — деп қазақша сейлем, мұртты сары кісі Столяров орнынан тұра келіп, қолын өзи берді.

— Амансыз ба? — деді, не айтарын білмей калған Әліш те.

— Жұмыс сұрай келдін бе?

— Иә.

— Ендеше, мен қағаз жазып берейін, ана Таrasov деген кісіге бар, ол саған жұмыс береді. Ендігі сенің бастығың сол болады.

— Күп.

Осыдан кейін ол жұмысқа кірсті. Оның жұмыс істеуіне сары атан тиіді. Осы сары атанды жетелеп, Әліш бірнеше күн басқалармен бірге топырак тартты. Азгана күннің ішінде жап-жазық далада топырак жалданып, тау болыш үйіліп қалды. «Көп түкірсе – көл» деген осы екен-ау деп ойлады Әліш.

Аз күнде Әліш құрылышылармен үйренісп кетті. Ауылдағы жолдастарының да көбісі осында келді. Жұмышылардың бірсыптырасы тасылған топыракты тегістеп, нықтап, таптап, енді бірсыптырасы тақтай тілуте кірсті...


Б. Қыдырбекұлы. «Теміржолшы» әңгімесінен



7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңізге сұрақтар қойып, диалог құрындыздар.



8-тапсырма. Менталды картаны толтырыңыздар.



9-тапсырма. Ойтаразы. ПОПС формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша ез пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

9-10-сабак Еңбек ер атандырады

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Балғабек Қыдырбекұлының әңгімесінде кандай мамандық нелері туралы айтылады?
- Бұл мамандыкка қазір сұраныс бар ма?



2-тапсырма. Мәтінді оқушының оқуынан тындаңыздар. Оқушының дауыс ырғағы, ауезі үнады ма? Үнаса, себебін түсіндіріңдер.

Күн асқан сайын Эліштің жұмысының түрі өзгеріп отырды...

Эліш енді жолдың топырағын тегістеп, үстіне құм, тас киышықтарын тасуға тапсырма алды. Ол бұл жұмысты да бар ынтасымен істеді. Пойыз осы арадан өткенше асыкты. Үйілген топырактың үстінен тас төселді. Бір-екі рет жаңбыр жауған соң, әлгі тас төселген топырак беріш болып катып қалды. Тағы бір күн Эліш түйемен ағаш тартатын болды.

— Сергей, — деді Эліш, — осы топыракты, тасты, ағашты үйіп жатырмыз, ал пойыз қашан келеді?

— Асықпа, Эліш, — деді Сергей, — пойыз әлі-ақ келеді. Екеуміз сол пойызben саяхат құрамыз. Энеугі күні өзін айтқан әңгіме есінде ме? Алматыға осы жерден екі күн жүрдік деп едің ғой, енді сол Алматыға екі сағатта баратын боламыз.

Эліштің ойына болашақ өмірі келіп, өзін пойыз үстінде кетіп бара жатқандай сезінді...

Б. Қыдырбекұлы. «Теміржолы» әңгімесінен



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Эліштің арманы не?
2. Арманына жету үшін қалай енбектенді?
3. Эліштің іс-әрекетін қалай бағалар едіңдер?

Тәуелдік жалғауы

Бір заттың екінші затқа тәуелділігін, меншіктілігін білдіретін жалғауды **тәуелдік жалғауы** дейміз. Тәуелдік жалғаулы сөз ілік жалғаулы сөзben байланыста болады. Тәуелденудің екі түрі бар: *оңаша* және *ортак* тәуелдеу.

Оңаша тәуелдеу

Жак	Жалғаулары	Жекеше түрі	Көшіе түрі
I жак	-м, -ым, -ім	Менін кітаб-ым	Менін кітаптар-ым
II жак	-и, -ыи, -іи -ыныз, -ініз -ныз, -ініз	Сенін кітаб-ын Сіздін кітаб-ыныз	Сендердін кітаптар-ыныз Сіздердін кітаптар-ыныз
III жак	-сы, -сі, -ы, -і	Онын кітаб-ы	Олардын кітаптар-ы

Ортак тәуелдеу

Жак	Жалғаулары	Жекеше түрі	Көпше түрі
I жак	-мыз, -міз -ымыз, -іміз	Біздің компьютер-іміз	Біздердің компьютер-леріміз
II жак	-ын, -ін -тарын, -терін -дарын, -дерін -ларын, -лерін -тарыныз -терініз -дарыныз -дерініз -ларыныз -лерініз	Сендердің компьютер-ін Сіздердің компьютер-ініз	Сендердің компьютер-лерін Сіздердің компьютер-лерініз
III жак	-сы, -сі, -ы, -і	Олардың компьютер-і	Олардың компьютер-лері



4-тапсырма. Тындалым матінінен тәуелдік жалғаулы сөздерді тауып, қай жақта және қандай сөзben тіркесіп тұрғанын анықтаңыз.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңыздар.



Нак осы жерден Жиренайғыр өзені өтетін. Бір күні осы өзен бойына көп ағаш түсірілді. Ағаштан зәулім көпір салынды, үйліген тас-топырактың үстіне көлденен ағаштар төседі. Қырлы жінішке ұзын шойындар әкелініп, қатарынан осы көлденен ағашқа шегеленгенде, Әліштің ойна ауылдағылардың «жол домбыраға ұксайды» дегені түсे кетті. Жол, шынында да, домбыраның мойнына ұксап калды. Екі рельс екі ішек те, шпалдар перне сиякты.

Жол бітіп пойыз келерде, Әліш Умбеталовты жол мастері Тарасов шакырып алды да:

- Сен пойыз өткенше көпірдің астына жатасын, – деді.
- Мен де пойызды көргім келеді, Дмитрий Степанович, – деді ол.
- Сен пойызды көрмек түгіл, мәңгі сонымен бірге боласын, алғашқы пойыз өткенше сен осында каласын, – деді Тарасов. Сейтіп, бірінші рет пойыз өтетін көпірдің астында Әліш жалғыз калды. Әдетте, бұл кезде жұмыстағы ең озат адам пойыз алғаш өткенде көпірдің астында қалу құрметіне не болады еken. Ол кез келген адамға ұсыныла бермесе керек.

Пойыз гүрсілдеп ете шыққан соң, Әліш орнынан тұра келіп жол үстіне қарап еді, тұтіні будактап паровоз жүйткіп барады еken. Бұрын пойыз көрмеген түйелі, атты казактар паровоздың артынан танғалысып қарап тұр, енді біразы жарысып шауып барады. Әліш ел қуанышының қуәсі болды. Кейінірек өзен жағасындағы шіннің мәнісін де түсінді. Ол цементтен, тастан біржола істелетін темірбетонды көпірге калдырылған орын болып шықты.

Б. Қыдырбекұлы. «Теміржолы» әңгімелінен



6-тапсырма. Төмендегі сұрақтар бойынша диалог құрыңыздар.

1. Теміржол қандай материалдардан салынды?
2. «Жол домбырага үксайды» дегенді қалай түсіндіздер?
3. Пойыз бірінші рет өткенде қандай ырым жасалды?
4. Темір-бетонды көпір не үшін керек болды?



7-тапсырма. Шығармаға арқау болған оқиға қай жерде, шамамен қай уақытта өткенін болжаңыздар.



8-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп, Әлішке мінездеме беріңіздер.



9-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Бүгін не үйрәндініздер?
2. Сөздік корларынызды қанша сезбен толыктырдыныздар?
3. Сабак бойынша қандай сұрақтарыныз бар?
4. Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар ауда ру керек?



11-12-сабақ Түрксіб теміржолы

1-тапсырма. Ойтартыңыз.

- Теміржол ауыл өміріне қандай өзгерістер әкелді?
- Қалай ойлайсыздар, теміржол жұмыссыздық мәселесін шешті ме?



2-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар. Интонацияны сақтап оқыған окушыларды анықтаңыздар.

Түрксіб теміржолы Айнабұлақта түйісіп, жұмыс біткен күні Әліш Үмбеталов Айнабұлаққа шакырылды. Пойыздан түсे қалған жерде Әлішті бұрынғы өзінің жолдастары Таrasov пен Колесников қарсы алды. Олар Әлішті жол бастығына алып кірді.

– Үмбеталов деген озат жұмысшы осы, сіздің шакыруынызben келді, – деді Таrasov.

Жол бастығы орта жастағы байсалды адам еken. Әлішпен көп әнгімелесті.

— Сізді Ауыр өндіріс Халық Комиссариатының грамотасымен құттықтаймын, — деді Әлішке. Бұған қоса, көп заттай сыйлық тапсырды.

Уш күннен соң Әліш үйіне қайтып келіп, Жиренайғыр стансысына стрелка салушы болып қызметке орналасты. Осы жұмыста екі-үш жыл істеген соң стансы кезекшісін даярлайтын курска жіберілді. Курсты бітіріп келісімен, стансы кезекшісі қызметін аткарды.

Әліш Үмбеталовтың теміржолда қызмет істегеніне жиырма жыл толу карсанында ол үлкен бастаманың иесі болды. Оның пойыздарды токтаусыз жөнелтудегі бастамасын бүкіл Түркістан теміржолшылары куана карсы алды...

Б. Қыдырбекұты. «Теміржолшы» әңгімесінен



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Түркістан теміржолы» дегенді бұрын-соңды естідініздер ме?
2. Әліш Үмбеталовты жол бастығы не үшін шакырды?
3. Әліш Жиренайғыр стансысында кім болып істеді?
4. Түркістан теміржолшылары қандай бастаманы қолдады?



4-тапсырма. Мәтін үзінділерін есте сақтау үшін жоспар құрыңыздар. Сол жоспарға сүйеніп, теміржолшы Әліш Үмбеталовтың есу жолын баяндаңыздар.



5-тапсырма. Мәтінді оқып, әңгіменің қалай аяқталғанын айтыңыздар. Әңгіме қалай басталып еді?

Кеше кеште қызметте тұрған Әліш Үмбеталовка стансы бастығы Орынбаев бір пакет әкеліп тапсырды да:

— Қазір сен жұмыстан шығып, үйіне барып жуынып, маған кел. Мен осында күтемін, екеуміз қазір Алматыға жүреміз, — деді.

Әліш жұмыс күйін тастанап, пакет ойына түсіп ашып оқып еді. «Стансы бастығы екеуініз келесіз, сіз кенеске қатысушыларға өз жұмысының туралы әңгіме айтасыз» деген шакыруга жол бастығы кол қойыпты. Әліш сасынқырап калды.

— Дайындықсыз қалай сейлеймін, міне, қызык.

— Ештеңе етпейді, — деді Орынбаев, — даярлықтың керегі жоқ. Ондағылардың бәрі өзіндей теміржолшылар, өзіннің жұмыс тәжірибелді жайғана әнгімелеп бересін.

Сол күні олар конакүite түсті де, танертен жол басқармасына келді. Кенес күндізгі сағат он бірде басталды. Алдымен жол бастығы баяндама жасады, сонаң соң Әлішке сөз берді.

Біраз қысылынқырап қалған Әліш аздан соң сейлеп кетті. Ол өзінің жұмысына байланысты жағдайларды, іс-тәжірибесін бір жарым сағат айтты. Біраз сұраулар болды. Оған жауап беріп, Әліш орнына келип отырды.

Мәжіліс аяқталар кезде жол бастығы Андреев орнынан тұрды да:

— Кенестің аяғы мейрамға айналатын болды, жолдастар, — деді.

— Біздің жолдасымыз Эліш Үмбеталов үкімет наградасына ие болды. Мына «Правда» газетінде Указ басылыпты, соны тындалық. «Жиырма бес жылғы теміржолға үздіксіз сінірген еңбегін еске ала отырып, пойыздарды токтаусыз жүргізуде зор жетістікке ие болған Эліш Үмбеталов Ленин орденімен наградталсын» депті Указда...

Б. Қыдырбекұлы. «Теміржолшы» әңгімесінен



6-тапсырма. Мәтіннен тәуелдік жалғауымен келген сөздерді тауып, қай жақта және қандай түрде қолданылып тұрғанын анықтап, кестені толтырыңыздар.

Тәуелдік жалғаулы сөздің тіркесімі	Тәуелденудің түрі және жагы
Әліштің жұмыс күйі	Оңаша тәуелдеу, III жак



7-тапсырма. Мәтінде жиі кездесетін тіркестерді өз сөзіңізben түсіндіріңіз.

Ауыр өндіріс Халық Комиссариаты, Түрксіб теміржолы, стрелка салушы, стансы кезекшісі, Указ, Ленин ордені.



8-тапсырма. «Түрксіб теміржолы» деген тақырыпта мақала жазыңыздар. Қосымша ақларат көздерін пайдаланып, мақалаға қажетті деректер табыңыздар.



9-тапсырма. Ойтаразы. Мақаланы талапқа сай жазған-жазбағандарыңызды бағалаңыздар. Тақырыпқа қатысты қажетті сөздік қорларыңыз жеткілікті болды ма?



13-14-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Суретте қай кезеңдегі теміржол бейнеленген? Қазіргі заманғы теміржолды Б. Қыдырбекұлының «Теміржолшы» әңгімесіндегі теміржолмен салыстырып, монолог дайындаңыздар.





2-тапсырма. «Мектеп.kz» сайтынан «Теміржолшылар әні» бейнеролигін көріп, алған әсерлеріңізben бөлісіңіздер.



3-тапсырма. Өзіңіз тұрып жатқан елді мекендеңі теміржолшыдан сұхбат алмақ болдыңыз. Қандай сұрақтар қояр едіңіз? Сұхбат сұрақтарында теміржолшы мамандығының жауапкершілігі мен қыындығы туралы мәліметтер болсын.



4-тапсырма. Теміржолшылар күніне арнап құттықтау сез жазыңыздар.



5-тапсырма. «Көлік қатынастары» тақырыбы бойынша диалог құрыңыздар. Тәуелді жалғауларын дұрыс қолданыңыздар.



6-тапсырма. «Мен таңдаған мамандық» тақырыбына эссе жазыңыздар (көлемі – 200–250 сез).



7-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парағын» пайдаланып, өзіңізді және бір-біріңізді бағалаңыздар.

1. Өздеріңіз құрастырган мәтінде жалғаулардың қызметін дұрыс қолдана алдыңыздар ма?
2. Үндестік заңына сай сөйлей алдыңыздар ма?

ОТАНДЫҚ ӨНЕРКӘСІП ӨНІМІ

Мен істеді дегенше,
Мың істеді десенші.
Мың істеді дегенше,

Ер істеді десенші.
Ер істеді дегенше.
Ел істеді десенші.

Бауыржан Момышұлы

1-2-сабақ

Отандық өнім – ұлт мақтанышы

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Бауыржан Момышұлының нақыл сөзін қалай түсінесіздер?
- «Мен – мың», «мың – ер», «ер – ел» жүптарының көптік мағынаға қатысын түсіндіріңіздер.



2-тапсырма. Картаға қараңыздар. Елімізде қандай өндіріс орындары бар? Отандық өнім туралы не білесіздер? «Отандық өнеркәсіп өнімі» деген тақырыпта пікірталас еткізіңіздер.



3-тапсырма. Мәтінді тыңдал (3-аудио), ондағы негізгі идеяны тезис түрінде дәптерлеріңізге жазыңыздар.

Петропавлдагы «Мұнаймаш» зауыты өндірісті қайта жарактандырудың аркасында еңбек өнімділігін едәуір арттырды. Еңбек өнімділігін едәуір арттырумен қатар, тауардың сапасын да жақсартып отыр. Соның нәтижесінде өнімге деген сұраныс артып келеді. Соны

Tірек сөздер

- отандық өнеркәсіп
- еңбек өнімділігі
- тиімді пайдалану
- өндіріс қарқыны
- күшету

Зайын ішінде тек Ресейдін өзіне 60 миллион теңге өнімінің экспортталуы – соның накты бір дәлелі. Қазіргідей экономикалық қыншылықтарға карамастан, 100-ден астам адам еңбек ететін кәсіпорында жұмыс орнын қыскарту деген атымен жок. Керінше нарықтағы бәсекелестікті тиімді пайдаланып, өндіріс қарқынын күшету басты назарға алынып отыр.

С. Сабитұлы



4-тапсырма. Тындалым мәтінінің бірінші және екінші сөйлемдерін мағыналық және құрылымдық жағынан салыстырыңыздар. Сөз тіркестері неге қайталанып қолданылып тұр?



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін мазмұны бойынша бір-бірінзге сұрақтар қойып, жауап беріңіз. Терминдерге көніл белініз.

Еліміздің кез келген экспорттық өнімдеріне колдау көрсетіледі. Осы бағытта Үкімет 2018–2022 жылдарға ариалған мемлекеттік бағдарлама кабылдады. Осы күжат негізінде экспорттық тауар өндірушілерге жалпы ішкі өнімнің 1 пайзыбы болынады. Бұған дейінгі көрсеткіш 0,23 пайыз болатын. Екінші, «Қазакэкспорт» арнасы компаниясы құрылды. Енді барлық тауар тек осы компания арқылы сыртқа шығады. Үшінші, қаржыландыру тетіктері көбейді. Бұрын тек алты бағыт болса, енді 10 түрлі қаржыландыру жобасы іске асады. Жалпы елімізде 5 мың тауар позициясы тіркелген. Соның 700-і экспортқа шығып келді. Ал жаңа бағдарлама бойынша шикізаттық емес бағыттағы 116 тауарға басымдық беріледі.

F. Ұзақбай



6-тапсырма. Тындалым мәтіні мен оқылым мәтінін салыстырыңыздар. Ортақ идея бар ма? Сан есімдерді қатыстырып, монолог құрыңыздар.



7-тапсырма. Мәтіндерден курделі сөздерді тауып, кестені толтырыңыздар, мағынасын ашыңыздар.

Курделі сөздер	Зат атауын білдіреді	Іс-кимылды білдіреді	Жазылу емлесі
мемлекеттік бағдарлама	+		белек жазылады



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу паралын» пайдаланып, өзінізді және бір-бірінізді бағалаңыздар.

- Өздеріңіз құрастырган мәтінде курделі сөздердің қызметін дұрыс колдана алдыныздар ма?
- Үндестік занына сай сөйлей алдыныздар ма?

3-4-сабак**Еліміздегі өнеркәсіптің дамуы**

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Ел тарихында маңызды орын алған өнеркәсіп орындарымен таныс болыңыздар.

Өнеркәсіп – Казакстанның халық шаруашылығының жетекші саласы. **Ұзақ уақыт бойы майдан қажеттіліктерін өтеген өнеркәсіп кәсіпорындары енді бейбіт өнімді шығара бастады.** Ауыр индустрия кәсіпорындары салынды. Қазақ металлургия зауытының күрілісі аяқталды. Ақтөбе феррокорытпа зауытының куаттылығы күшінді, «Қаратай» кен-химия комбинаты өз жұмысын бастады. Жергілікті отынға негізделген энергетика дамыды. Женіл өнеркәсіп және азық-түлік өнеркәсібі әрі қарай дамып, әртараптандырылды. Халық тұтынатын тауарлар түрі көбейіп, тауарлардың сапасы артты. Республикада кара, түсті металлургия, мұнай-газ өнеркәсібі, өнеркәсіптің химия және мұнай-химия салалары ілгері дамыды.

Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинаты, Павлодар алюминий зауыты, Өскемен титан-магний комбинаты, Балқаш тау-кен металлургия комбинаты өз жұмысын жандандырды. Мұнай өндіретін өнеркәсіп жылдам дамыды. Қазақстанның мәшине жасау саласы ауылшаруашылығына қызмет көрсетуге бағытталды. «Қазақсельмаш» зауытында жана қуаттылықтар іске қосылды, олар ауылшаруашылық мәшинелердің құрамдас бөлшектерін, жана мәшинелер мен жабдықтарды шығаруда. Соның арқасында егіншілік пен шаруашылық салаларында механикаландыру басталды. Заманауи техникамен жабдықталған Шымкент және Өскемен зауыттары қуатты болды.

«Өндірістің даңуы» материалынан



2-тапсырма. Мәтіннен өнеркәсіп атауларын тауып, олардың қандай салаға жататынын «Қос жазба күнделігі» арқылы түсіндіріңіздер.



3-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттарды негізге ала отырып, қазір елімізде ондай кәсіпорындардың бар-жоғы туралы пікірталас үйымдастырыңыздар.

1-топ. Металлургия өндірісі.

2-топ. Женіл және азық-түлік өнеркәсібі.

3-топ. Мұнай-газ өнеркәсібі.

4-топ. Мәшине жасау өндірісі.



4-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемнің мағынасын ашып, шағын мәтін құраңыздар. Көптік мәнді сөздерді дұрыс қолданыңыздар.



5-тапсырма. Мәтінді тыңдал (4-аудио), ондағы ақпарат бойынша негізгі ойды анықтаңыздар.

Тірек сөздер

- кәсіпорын
- азық-түлік өнеркәсібі
- кен байыту комбинаты
- әртараптандыру
- өндірістің көңілі
- өндіріс
- жабдықталу

Шығыс Қазакстан табиги ресурстарының молдығы жөнінен елімізде алдынғы орында. Кенді Алтайда полиметалдың ірі кен орындары бар. Полиметалдың негізгі құрамы – корғасын, мырыш және мыс. Кенді Алтай деп түсті және сирек кездесетін металдардың молдығына байланысты аталған. Онтүстік Алтай мен Қалба жотасында қалайы, вольфрам, ванадий кен орындары бар. Алтын өндіруден Семей өніріндегі Бакыршық, Боко кен орындары белгілі. Өскемен корғасын-мырыш, Риддер полиметалл комбинаттары сиякты ірі кәсіпорындар бар. Зырян корғасын комбинаты түсті металлургияның ірі кәсіпорны болып саналады. Осы аудандагы корғасын, мырыш және мыс өндірумен «Қазакмырыш» және «Қазакмыс» корпорациялары айналысады.

Өскеменнің «Шығысмаш» зауыты металлургия зауыттары мен кен байыту комбинаттары үшін бүрғылау және жук тиєйтін мәшинелер, кен қазатын құрал-жабдықтар шығарады. Семейде арматура, «Қазаккабель», Өскеменде арматура және полимерлік мәшине жасау зауыттары бар.

«Аташ айнасы» газетінен



6-тапсырма. Мәтінді қайталап оқып, айтылған өнеркәсіп орындары мен олар шығаратын өнімдерді диаграммаға түсіріңіздер.



7-тапсырма. Өздерініз тұратын аймақта қандай өнеркәсіп орындары бар? Олар қандай өнім шығарады? Ой бөлісіңіздер.



8-тапсырма. Берілген сөздерді тірек етіп, суретте көрсетілген «Азия АВТО» зауыты туралы шағын мақала жазыңыздар.



Кажетті сөздер: отандық, косалқы, бөлшек, құрастыру, бәсекелестік, серпін.



9-тапсырма. Ойтаразы, «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша ез пікірлеріңді дәлелденіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



5-6-сабақ

Қарағанды – өнеркәсіптік аймақ

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Қарағанды облысы қандай өнеркәсібімен танымал?
- Қарағанды туралы жазылған қандай шығарманы білесіздер?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (5-аудио). Эр азатжолдағы негізгі ақпаратты тезис түрінде дәптерлеріңзге жазыңыздар.

Қарағанды облысы – Қазақстанда жетекші орын алатын ірі өнеркәсіптік аймақ әрі индустриалды орталық.

Қарағанды-Теміртау өнеркәсіпті аймағына көмір, кара металлургия, химия және мұнай-химия өнеркәсібі, металл өндеу, мәшине жасау, жөніл өнеркәсіп, көлік, байланыс, тамак өнеркәсітері, электр энергиясы, ағаш өндеу, күралыс материалдары өнеркәсібі және кызмет көрсету саласының кәсіпорындары шоғырланған.

Жезказган аймағында темір, марганец, алтын, күміс, мырыш және тағы басқа сирек металдар өндіріледі.

Бүтінде Қарағанды облысы өзін-өзі ауылшаруашылық өнімдерінің негізгі түрлерімен толықтай қамтамасыз етеді. Облыста сүт өндейтін 16, ет өндейтін 50-ге тарта кәсіпорын, жекеменшік шаруашылықтар бар. Қазіргі кезде «Міттал Стил Теміртау» зауыты шойын, болат, агломерат т.б. өндіреді. Бұл өнімдер Қазақстандағы бүкіл өндірісті, өнеркәсіпті қамтамасыз етеді. Сонымен катар өнімдерін 60-тан астам елге экспортқа шығарады. Осылайша, индустриалды аймақ өнір экономикасына серпін беруде.

«Орталық Қазақстан» газетінен



3-тапсырма. Жазып алған тезисіңз бойынша сыныптастыңызға мәлімет беріңіз.



4-тапсырма. Төмөндегі ақпаратты кіріспе етіп алып, мақала жазыңыздар.

Еліміздегі барлық көмір корының басым бөлігі Қарағандыда шоғырланған. Олардың ең ірілері – Қарағанды, Шерубай-Нұра, Тентек және

Тірек сөздер

- өнеркәсіптік аймақ
- шоғырлану
- жекеменшік шаруашылықтар
- металл өндеу
- өнір экономикасы

Жоғарғы Сокыр көмір кен орындары. Көмірдің жалпы жыныстық қоры 9,5 миллиард тоннаға жуық деп бағаланады.

Н. Досыбай



5-тапсырма. Романнан алынған үзіндіні оқыңыздар. Қарағанды көмір бассейнін ашу ісі қалай басталған? Мазмұнын өз сөздерінізден жеткізіңіздер.



Жан-жағынан темір арқандағы тартып тастаган түтінсіз темір труба биік деңгін бетінде тұр. Оны төніректей, ертеде салынған бес-алты тас барак тым алласа. Барак маны – жота-жота көмір күлдері, жел үп етсе, кара боран тұрады.

Қарағандыға көктеммен бірге бір көш еніп келеді. Казак көшіне ұқсамайды: атка жеккен төрт-бес бричка, легчанка, төбелерін брезентпен жауып шатырлаған, ішінде он бес-жынырақ адам бар. Бәрі – орыс. Тек алдыңғы арбада жалаңбас, бурыл шаш, енгезердей кара кісінің касында жұлдырыктай Қанабек отыр.

– Эй, кім де болсаң бері келиші, – деп кол бұлғады Қанабек.

Терпак, қара мұртты жігіт «бұл кім езі» дегендегі шүйіле бір қарады да, барак алдыңан бері аяңдады. Жай жүріп, аяғын нық басып келеді. Ол жеткенше Қанабек тықырышып тұр.

– Салмағынан жер майысады. Ауырын-ай!

Мұртты жігіт келе, естілер-естілмес кылыш:

– Сәлеметсіз бе? – деді де, кол алыспай сұлық тұрды. Қанабек өзі барып онын колын ұстады.

– Танысалық, шырак. Мен Тельман аудандық атқару комитетінің председателі Қанабекпін.

– Мен осы Қарағандыны күзетіп калған Ермек деген жұмысшымын.

– Бәрекелді! Іздегенім сен едін. Мына кісілер сонау Донбастан, Мәскеуден келеді. Өзі Қарағандыға адам салмак, бізben бірге совет Қарағандысын жасамақ. Танысып қой, Сергей Петрович Щербаков, – деп, зор денелі, бурыл шашты кісіге нұскады. – Өзіндегі есқі шахтер, болашақ трест бастығы. Механик Козлов, слесарь Лапшин, инженер Орлов...

Ермек енді әрқайсысымен кол алысты...

F. Мұстафин. «Қарағанды» романына н



6-тапсырма. Әдеби мәтіндегі негізгі және қосымша мәселелерді ажыратыңыздар.



7-тапсырма. Мәтіндегі кейіпкерлерді таныстырыңыз. Олар кімдер?



8-тапсырма. Мәтіннен көптік және тәуелдік жалғаулы сөздерді тіркессек сөздерімен теріп жазып, сейлем құраңыздар.



9-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Әдеби шығарманың мазмұнын кім жақсы түсінді?
- Негізгі мәселе мен қосымша мәселелерді ажырата алдыныздар ма?
- Жазған мақалаларыңызда тыныс белгілерін дұрыс қоя алдыныздар ма?



7-8-сабак

F.Мұстафин. «Қарағанды» романы

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Габиден Мұстафин туралы не білесіздер?
- Қарағандыда шахта қашан және кімдердің арқасында салынды?



2-тапсырма. Габиден Мұстафиннің «Қарағанды» романынан алынған үзіндіні оқушылардың оқуынан тыңданыздар. Диалогтері кейіпкерлердің сөзін көңіл күйіне қарай жеткізе алды ма? Сұраулы, лепті сөйлемдердің интонациясын дұрыс қойып оқыды ма? Бағаланыздар.

Біраз күндер өтті. Донбасшылар орналасып, жұмыска кірісті. Беткейде қарамы қөпенедей ғана кемір үйіндісі жатыр. Оның касында Экім бір жігітпен колбұранды ырғала бұрап тұр. Анда-санда шыңырау құдықтан бір шелек кемір шығарады. Оны кемір үйіндісіне коспай белек тегеді.

- Неге белек төктіреді? – дейді Экім.
- Кім білсін? – деп қасындағы жігіт те түсінбей тұр.
- Сергейден сұрап едім, әттең, орысша білмеймін. Ол қазакша білмейді.

Құдықтан Щербаков, Орлов, Сейтқалы шықты.

– **Ысырап! Ысырап!** – деп, басын шайқап шықты Щербаков. Жарымын шашып, бүлдіріп, жарымын ғана алып жатырсыздар.

Сейтқалы үндемеді. Карагандының ескі шахтері болатын.

Донбасшылар келісімен, ауылдан шахтаға қайта келді. Қазір десятник болып істейді. Әлден уақытта гүр етіп бір жауап қайырды:

- Ағылшындардың тұсында ысырап бұдан да көп-ті.
- Ағылшындар бізге улғі емес. Көмірді таза әрі ысырапсыз ала білу керек, – деді Сергей Петрович бұраушылардың қимыльна қадала қарап тұрып.

Жігіттер таспаша созылып, дамылсыз бұрауда. Мандай терлерін алақанымен сыпырып тастайды...



3-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген бейнелі сөздердің мағынасын мұғалімнен сұраңыз. Түсінгенізді дәлелдеу үшін осы тіркестермен сөйлем құраныз.



4-тапсырма. Кейіпкерлердің қарым-қатынас жасауына не кедергі болды? Өз ойла-рыңызды өмірде кездескен осыған үқсас жағдаяттармен дәлелденіздер.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай қоғамдық-әлеуметтік мәселе көтерілген? Анықтаңыздар.



— Жұмыс басталды. Көремісін, көш те келе бастады, — деді Сергей Петрович, — колхозбен шарт жасаскан кезде бұл көштер өзен суындаі күйылады әлі.

— Нә, ел хабарланды, елендеп тұр.

— Оларға алдымен су, нан, бас-пана керек. Бізде әзір оның бірі жок...

— Теміржол жок, күрылым материалдары жок. Қыстығуні жұмысшылар кайда паналайды?

— Жеті километрде «Кызылқұдық», төрт километрде «Аққұдық», алты километрде «Ашылтайрық», тоғыз километрде «Бұқпа» колхоздары тұрғой. Тіпті қысылып бара жатса, жербарак қазып алмай ма? Оған кеп материал керек емес. Бәрінен су қымбат. Суды колхоздан таси алмайды...

Әңгімені шакылдаған балға даусы бұзды. Биік, темір трубаның дәл түбіндегі тас кора — бұрынғы «Герберт» шахтасы орнаған үй. Шахтаның өзін ағылшындар кетерінде мұлде бұлдіріп кеткен. Қазір сол шахта үйінің бір бөлмесінде Көктайынша балға соғып тұр. Ертеде Спасск, Карагандыда істеген атакты ұста болатын. Донбасшылар келгенін естіп елден бұрын келді. Жаңа Карагандыда бірінші соғылған балға, бірінші күрылған көрік сонікі. Қайла ұштап жатыр екен. Колының ебіне Сергей Петрович сүйсініп:

— Темірді балшыктай оңай илейді екенсіз, — деді.

Көктайынша орысша додал тілімен именбей сейлесті.

— Каракызды көрсөніз, не дер едініз?

— Ол кайда?

— Қайтыс болған.

— Ескі жұмысшыларға хабарлай берініз, келе берсін. Қайлаларын ала келсін, курал-сайман жетпейді...

F. Мұстафин. «Қараганды» романынан



6-тапсырма. Оқиғаның әрі қарай қалай өрбитінін өздерініз болжап айтып көріңіздер.

Пікірталас және онын түрлері

Пікірталас – ойды, идеяны ортаға салу және қорғап сейлеу. Пікірталас белгілі бір тақырыпқа негізделеді, арнағы максаттары болады (мәселені шешудің мүмкіндіктерін карастыру, карсыластың көзін жеткізу, ортақ шешімге келу және т.б.). Пікірталас катысушылар санына қарай диалогтік және полилогтік сипатта болады.

Диалогтік пікірталас екі немесе бірнеше катысушының сейлесуі арқылы жүзеге асады. Әр сейлесуші бір-бірінің пікірлерімен келіспеушілікте болып, пікірлердің сәйкес келмеуінен туындастын талас диалогі.

Полилогтік пікірталас – бірнеше адамның арасында болатын әнгіме. «Полилог» термині тілдің қарым-қатынастық қасиетін зерттеуде «диалог» терминіне косымша кабылданған. Сейлесушілердің саны екеу немесе одан көп болуы диалогтің сипатына қайшы келмейді, кайта олардың монологке қарама-қарсы ортақ қасиетін аша түседі.

Пікірталас кезінде мынаны ескеру кажет:

- пікірталастың тақырыбына катысты қажетті сөздер мен ұйымдарды аныктап алып, негұрлым нақты сейлеуге тырысу;
- ой-пікірлерді салыстырып, өз көзкарасын дәлелдеу;
- қарсыласын күрметтеу, пікірін сыйлау, оны тындаі білу.



7-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде әлеуметтік мәселелердің туындау себебін анықтап, пікірталас-полилог ұйымдастырыңыздар.



8-тапсырма. Оқылым мәтінінен кісі есімдерін тауып, кім? Қайда? Қандай? не істейді? деген сұрақтарға жауап беріңіздер.



9-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу паражын» толтырыңыздар.

- Мәтіндегі бейнелі сөздердің мағынасын қалай түсіндініздер?
- Төмендегідей тенеулерді өмірде колдана аласыздар ма? Тексеріп көрініздер.

Өзен суындаі құйылады, киіктің асығындаі адам, балшықтай онай илейді .



9-10-сабак

Еңбек адамдары

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- F.Мұстафиннің «Қарағанды» романының негізгі кейіпкері кім?
- Ол қандай мамандық иесі?



2-тапсырма. Мәтінді оқушының оқуынан тындаңыздар. Естеріңізде қандай ақпарат қалды? Қысқаша айтып беріңіздер.

Түсіндірмे сөздік

шығанға шығу – бұл жерде:
алысқа кету деген мағынада

Пойыз зулай алға, жер зулап артка барады. Ақбас Алатау ғана қалар емес...

Оқуды жуырда бітірген жас жігіт ой үстінде. Баар жері алыс, бірнеше мың кілометр, оның біразын атпен журу керек.

Казак жерінің көндігі біресе кызық, біресе азап бол тұрды оған...

– Да, балам, дәмге кел! – деді біреу. Артына жалт қарады. Қара сақалды казак ақ киізді вагонның бір жағына жайып тастап, өз үйіндей еркін отыр. Дастанқан үстінде семіз қойдың тоңазыған еті, күлше нан, бір қара торсық тұр.

– Колынды жуа кел, шырағым, – деп, шалдың бәйбішесі шәйнек ұсынды. Жігіт колы түтіл, бетін жуып келді. Вагон ішін жана байқады. **Әр атаның ұлы түгел. Эрқайсысы өз дастанқанын жайып, өз дәстүрінше тағам жеуге кірісті...**

– Шырағым, – деді сақалды казак, – «Мынның түсін білгенше, бірдің атын біл» деген еді.

– Атым – Мейрам, отағасы.

– Жол болсын. Қайдан келесін, қайда барасын?

– Алыстан келем, алысқа барам, – деп біраз мұдірді Мейрам.

– Мәскеуден шықтым. Оқуды бітіріп, Карагандыға қызметке бара жатырмын.

– Мәскеудің окуын бітірсөн, Мәскеуде не Алматыда орын болмады ма, шырағым? Шығанға шығып барасың гой.

– Дұрыс айтасыз, отағасы. Сол Мәскеу, Алматыда да өмірдің асты-үсті бар. Бірақ елден ерте кетіп едім. Тұған жерім Караганды еді. Көрген түстей балалық шақ әлденелерді еске салып, қызықтыра береді...

F. Мұстафин. «Қараганды» романынан



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мәтіндегі оқиға неден басталды?
2. Жолаушылар бір-бірімен қалай танысты?
3. Мейрам оқуды қайда бітірген?
4. Ол неліктен Карагандыға бара жатыр?



4-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдердің мағынасын ашып, өз сөздерінізben жеткізіңіздер.



5-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар. Нақты дерек пен авторлық көзқарасты ажыратыңыздар.

Бүйінің ініндегі тіп-тік, аясына екі адам сыярлық қара үнгірдің түбіне апаратын баскышка Мейрам алғаш рет кадам басты. Тұтіні бұркыраған белешке шамның алсіз жарығы аяқ астын анық көрсетпейді.

Сейтқалы тік сатыда жай жердегідей жүтіріп барады. Мейрамның жүргегі кобалжып, буындары босансып, арттан біреу итермелегендегі денесі алға, аяғы кейін тартып, сатыны басуга әзер үлгереді. Шамы өшіп калған. Мандай тершілі, жүрек какты. Берекесі кашканың білдірмейін десе де болмады.

— Токташы, демалайык.

Сейтқалы да, шам да жок.

— Кайда сұнгіп кетті?

Мейрам алактарап жоғары қарады. Жұлдыздай жылтырап көз үшінда көк сәуле көрінді. Төмен қарап еді, қоламтанаң шогындаі алденелер сығырайды. Өзгениң бәрі қара түнек, ештеңені болжап болмайды.

— Сонау жоғарыдағы сәуле не?

— Далаңың сәулесі.

— Төменде жылтыраған не?

— Шахтерлердің шамы.

Азырак демалған соң екеуі тағы журді. Тоғыз сатыдан өтіп, оныншы сатыға жеткенде аяқастынан:

— А-й-д-а! — деген дауыс саңқ етті.

— Бұл — ескі шахтер Ыскак. Тыска көмір жөнелтіп тұр. Манағы дауыс осынікі, — деді Сейтқалы.

Мейрам көмір құдығының түбіне жеткенде, басқа бір дүниеге жеткендей болды. Тоғыз қанат қиіз үйдің көлеміндегі ғана күйс, төбесінде кішкене шаңырактай тесігі бар. Сол тесіктен жылтыраған көгілдір сәулені көмір тарткан екі шелек дамыл-дамыл түсіп шығып, бүркей береді. Күнбатысқа қарай жер астын кеүлеп кеткен бір күйс жатыр. Білктігі кісі бойы, ұзындығына көз жетпейді, қабырғалары көмір, белешке шамның жарығымен шағылышып, жылт-жылт етеді. Төбеле қолдың саласындағы қылыш ағаш қынты. Эр ағаштың екі басына тіреу қойып, қабырғага жапсыра тіреп тастаған. Осы жолмен келіп-кетіп жатқан тәшкешілердің дабыры, кетерілген көмір тозаны тосян көзге жер астын алай-түлей, дан-дүн, жат дүние көрсетіп тұр...

F. Мұстафин. «Караганды» романынан

Түсіндірмे сөздік

белешке шам — тұтіні бу-дақтаған бұрынғы майлышам

тәшке — көмір таситын төрт дөңгелекті арба

тосян көзге — бұл жерде: бөгде адамға



6-тапсырма. Мейрам мен Сейтқалы түскен шахтаны суреттеп жазыңыздар.



7-тапсырма. Мәтіннен бейнелі сездер мен фразеологизмдерді тауып, мағынасын ашыңыз.



8-тапсырма. «Кәсіпкер болсаңыздар, еңбек өнімділігін қандай жаңа технологиялар арқылы арттыруды көздер едіңіздер?» деген сұрақ бойынша пікірталас-полилог үйымдастырыңыздар. Пікірталаста бүтінгі күннен нақты деректер болсын.



9-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап берініздер.

- Бүтінгі сабактың басты мәселесі не болды?
- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүтін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабак маған қандай әсер қалдырыды?
- Қандай күйніндіктар кездесті?



11-12-сабак

Қарағанды шахтасы

Ойтұрткі.

- Оқиға әрі қарай қалай өрбиді деп ойлайсыздар?



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Романның кейіпкерлерін атап, олардың қандай жұмыс атқаратынын анықтаңыздар.

Сергей Петрович орнынан тұра сағатына қарады. Ол денесін тікейте, екі қолын артына ұстап, жай бастады сезін. Жатқа айтты. Бұл отыргандардан денесі ғана емес, жасы да, тәжірибесі де үлкен. Карагандының казіргісін ғана емес, келешегін де көрген байсалды адам жұмысын жайып салып, картадан көрсеткендей сөйледі.

Қазір Карагандының келешегінен төрі бүтінгі жағдайын баса айттып, түйінді бірнеше мәселеге тоқталды да, бәрін өзі шешіп берді.

...Бізден бұрын Ермек ашқан бір ғана шахта істеп тұр. Ескі жұмысшылар үйренген өндірісін тастанап кете алмаған. Көмірді қолбұранмен шыгарып, елге азық-түлікке айырбастап күн көріпті. Біз келгелі жанадан төрт шахта казылып жатыр. Материал, алдымен ағаш жетпейді. Су, азық-түлік жетпейді. Ағылыш келе жаткан жұмысшыларға үй жок. Бәрі теміржолдын келуін күтеді. Оған дейін көпті қантарып тұра алымыз ба? Әрине, тұра алмаймыз. Жергілікті мүмкіншілікті барынша пайдалану керек. Сол максатпен бірінші шахтаның өте ауыр колбұранын атбұранға айналдырылған. Бұл еңбек өнімін бес есе арттырды. Таяуда ат күшін бу күші басады. Еңбек өнімі тағы да арта түседі. Электр қуатын жасаганша осылай амалдай тұрармыз...

Щербаков жай сейлем, алдағы қауырт жұмыстарды күйніндіктармен коса кез алдынан өткізіп тұр. Мейрам онын сезінен сол күйніндіктарды жеңетін күшті де көріп, сүйсініп отыр. Окта-тексте сұрақ беріп кояды.

– Су мұқтаждығын қалай жоямыз?

— «Герберт» сұы ертең жер бетіне шықпак. Құдыктар сұы тек адам ішүте калады. Онымен де су мұктаждығынан күтыла алмаймыз. Екі километрде «Майқұдым» бұлағы, отыз бес километрде Нұра өзені жатыр. Соларды тарту керек. Теміржол келіп, трубалар жеткізгенше канал дайын тұрсын... Мейрам сұрак койды:

— Көп жұмысты теміржолдың келуіне каратыңыз. Оған тиеген жүгініз бар ма, қашан келеді?

— Жол біздің карауымызда емес кой. Кесіп айту кын. Қазір Осакаровкаға жетіпті. Январыға дейін Карагандыға жетуге тиісті. Жеткен күні Донбастан көмек келеді.

— Қандай көмек?

— Бір бу генераторы, екі буказаны, нефть, двигатель, болат аркан, трубалар, бірнеше динамо. Ұсактарын қоспағанда, бастылары осылар. Осының өзі бір адым алға жібереді бізді...

F. Мұстафин. «Караганды» романынан



2-тапсырма. Шығармадан алынған үзіндіде қандай әлеуметтік мәселе көтерілген? Ой белісініздер.



3-тапсырма. Щербаковқа мінездеме берініздер.



4-тапсырма. Мәтіндегі жер-су атаулары мен өндіріске қатысты термин сөздердің мағынасын ашып, кестені толтырыңыздар.

Жер-су атаулары	Термин сөздер	Жазылу емлесі
«Майқұдым» бұлағы		Бұлактын атауы. Бірге жазылып, тырнакшага атынасы.
	Колбұран	Бірге жазылады.



5-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар. (Оқушылардың оқу мәнеріне көніл бөлініздер. Тыныс белгілері қойылған жерлерге кідіріс жасады ма? Бағалаңыздар.)

Бесеуі күлі се, калжындаса тыска шықты. Бағана әр түстен ту көтере козғалған топтар трест алдына келіп түйіскен. Тақ таянған шал, кемпір, әкесіне не шешесіне ерген балалар да жүр. Бәрінің аузында бір сөз:

— Теміржол. Пойыз...

— Көріне ме?

— Жақыннады ма?

— Негып жатыр? — деп сабырсызданған жұртты Мейрам, Щербаковтар бастап кетті.

Пойыз әлі төрт-бес километрде. Жер жазық. Паровоздын даусын естіп, түтінін көрген сон, козғалған топ шыдамай жамырай үмтүлди.

Тірек сөздер

- қолбұран
- атбұран
- бу күші
- құдық сұы
- бу генераторы
- буказан

Кебік қарлы жазық дала енді шүп-шүбар, қайнап кеткен тәрізді .
Карулы жігіттер сыйтылып алға шықкан. Біріне-бірі айқайлап:

– Келе жатыр! Қимылдандар! – деседі.

Екі паровоз шірене тартқан ұзын тізбек вагондарда шаңырактай-шашырактай темір дөңгелектер, шір-шір темір белдік, ішіне кісі сыйғандай кең трубалар көрінеді. Бәрінен де адам қимылдары тамаша. Бірнеше жігіт шпалды жүтіре тасып, төсеп барады. Бірнеше жігіт олардың сонынан рельс төсеп барады. Төрт адам екі жерде тұрып, рельстерді қолма-қол шегелеп келеді. Пойыз іле жылжып келеді.

Жиылған жұрттың арасынан тамашалаған алуан-алуан үндер, сөздер естіледі:

- **Паһ, паһ, сабаз !**
- Даусы Әзірет Әлінің даусы ма, немене?!
- Бұын қараши, борандай!
- **Айдаңарша ыскырады екен !**
- Мынамен бір тайпа ел бір-ак көшіп кетер.

Танданушы топтың ішінде Карагандының қарт қайлашысы Сыпан бар...

F. Мұстафин. «Қараганды» романынан



6-тапсырма. Қарамен берілген бейнелі сөздерді қатыстырып, сөйлем құраңыздар.



7-тапсырма. Өндіріске қатысты термин сөздерді анықтаңыз. Бұл терміндердің қазір де қолданылатынына көз жеткізіңіз.



8-тапсырма. Суреттегі көріністі сипаттап жазыңыздар. Эмоционалды сөздерді қолданыңыздар.





9-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгін не үйрәндіңіздер?
- Сөздік корларынызды каниша сөзбен толыктырыңыздар?
- Сабак бойынша қандай сұрақтарының бар?
- Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?



13-14-сабақ Қарағандыға көмек

1-тапсырма. Ойтүрткі.

- «Қарағанды» романынан алғынған үзінділердегі идеялардан қандай корытынды шығаруға болады?



2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар. Мәтін не туралы? Бір-бірінізге сұрақтар қойып, анықтаңыз.

Кос паровоз сүйреген ұзын состав Қарағандыға мандағын тірей токтады. Оны коршаган көптің ішінен:

— Кайда? Қай вагонда? — деген дауыстар естіледі. Бірінен-бірі сұрап, асыға іздесіп жур.

— Мұнда еken! — деді Ермек. Составтың ең артына тіркеулі, адам мінген төрт-бес вагон тұр. Жұрт солай үйрілді. Жұманияз, Щербаков, Мейрамдар да келді. Вагон ішіндегі адамдар шыға бастады. Алдымен шыққан орта бойлы, кеуделі, жасы отыз бестер шамасындағы жігітке:

— Коля! Овчаренко! — деп, Ермек пен Сейтқалы бірден ұмтылды. Овчаренко секіріп түсті вагоннан. Үшеуі құшактаса кетті.

Николай Овчаренко Қарағандының ескі шахтерлерінің бірі болатын. Қарағанды токтаған кезде Донбасқа кеткен, енді кайып келіпті. Ермек оны Щербаков, Жұманияз, Мейрамдармен таныстырып тұрып, калжындаиды:

— Қашып кетіп едің, қайта келдің бе?

— Қашканмен коясындар ма? Бәрің қол қойып, хат жазыпсын. Келмеске шыдай алмадым. Кеткенде жалғыз кетсем, келгенде екі жұқісі ерте келдім, — деді де, қасындағыларымен таныстыра бастады. Донбастың әр жерінен келіпті. Барлығы — екі жұз адам. Ішінде қара жаяуы жок: техник, забойщик, шахта бастығы, слесарь, токарь, монтер...

— Қарағанды шахтерлерінің хатына Донбасс бізді жіберіп қана қоймайды. Бұл — тек бастамасы. Қарағандыға Донбасс қана көмекші емес, бүкіл Кенестер Одағы көмекші екенін көріп келдік, — деп,

Тірек сөздер

- забойщик
- көмекші
- «Қарағанды жүгі»
- күн санап есу
- әлдеқайда зор

Овчаренко тиесулі мәшине, құралдарға нұсқады. – Мына жабдықтарды Ленинград, Мәскеу жіберсе, жол бойындағы қала, стансыларда кездескен талай вагондардың сыртынан «Қарағанды жүті» деген жазуды оқыды.

– Эрине, көмек күн санап көбейе бермек. Қарағанды күн санап ессе бермек. Әуелі біз келдік жиырма адаммен, одан кейін екі жүз кісі болыш, мүншама жүкпен сіздер келдініздер. Бұдан арғы кемектер будан әлдекайда зор болатындығын көріп отырымыз, – деп, Щербаков конактарды ерте трибунаға қарай жүре сейлесті...

Ақыры Мейрам сейлейтін болды. Мұндай үлкен жиынның алдына шықканы осы еді. Сөзі бұрынғысынан қарқындырақ, қызулырақ шықты.

– Жолдастар! – деді даусын көтере. Гасырлар бойы қарангы даға Октябрь таны атса, енді, міне, күні де шықты. Қазақ елін как жарып келген бұл жолды енбекші жұрт арман еткен. Кен сахараны жаңғырткан мынау пойыздың зор дауысы ұлы енбекке шакырады. Ертен ол енбек айлық жерді алты аттайтын социалистік индустрияның тұлпарларына мінгізеді...

F. Мұстафин. «Қарағанды» романынан



3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарды пайдаланып, мәтін мазмұны бойынша диалог құрындыздар.

1. Теміржол вокзалында жиналған жұрт кімдерді күтіп тұр?
2. Қарағандыға кімдер және қайdan келді?
3. «Қарағанды жүті» деген жазу нені білдіреді?
4. Мейрам жиналған жұртка не айтты? Сөздің мазмұнын сыйнаптастыңыз түсінді ме?
5. Жазушы романда халықтар достығын қалай суреттеген?



4-тапсырма. Мәтіннен қөптік мәнді сездерді тауып, олардың жасалу жолдарын түсіндірініздер.



5-тапсырма. Мәтінді оқындыздар. Қандай мәселе көтерілген? Негізгі ойды анықтаңыздар.

Айлар, жылдар өтті. Шахталар мұлде өзгерді. Шахта өзгерісі бүкіл Карагандыны өзгертті. Қазір «техника бәрін шешеді» демейді, «кадр бәрін шешеді» дейді. Техника жасалды, енді соны еркін менгеру жарысы кетіп барады. Бадия, атбарабан, бу, қайла бір кезде Қарағандыны козғаушы зор күш болса, бұл кезде кері тартушы күш есебінде катардан шығуға айналды. Электр түсті алға. Қеміршілердің колында врубмәшине, электровоз, электрлі балға, конвейерлер ойнайды.

Бұрынғы қолбұранды жалғыз ғана шахтаның орнына енді мәши-неленген жетпіс-сексен шахта бар. «Жана Қарағанды», «Қемірлі

Қарағанды» деп қала екіге белінді. Жаңасына облыс орталығы орнады...

Осы күндердің бірінде, жана калада, үш кабат сұр үйдің екінші қабатындағы кең кабинетте Мейрам жалғыз жүр. Макпал қара қою шашына некен-саяқ ақ енген. Жасы алғының ішінен шықпаса да, ой басып, ауыр жүр. Екі қолы артында, қора жактағы терезеге келіп, фонтанға қаралды. Фонтан маны еккен ағаш, гүл, электр шамдары... Алақандай аумак суға, шамға, өсімдіктерге беленген сон жан саясы болып тұр.

— Эр корпуска осы керек! — деді Мейрам ішінен. — Су, электр байлығы болмай, калада нағыз мәдениет байлығы болмайды.


Соны айтты да, Мейрам бөгелмей шығып кетті. Тыста домалак мұрын бала жігіт мәшиненің есігін аша қарсы алды. Қалалық советтің алдына келгенде мәшинеге Қанабек мінді. Курен жолдардың біріне түсіп алды, көмірлі Карагандыға тартты. Екі каланың арасы он екі километр. Тарам-тарам жолдарды ерсілі-қарсылы ағылған жүк мәшинелері ойып тастаған. Мәшине еркін жүре алмай келеді. Мейрам өзі үстады рөлді.

— Қалада қазір жүздеген мәшине бар, — деді Мейрам. — Жүздеген шофер басшыларын жетелеумен жүр. Жүздеген үй қызметшісі бар, олар хөзяйкаларын бағумен жүр. Өз үйін баға алмаған хөзяйка, өз мәшинесін жүргізе алмаған басшы «мүгедек» емес пе?.. Сол «мүгедекті» бағушылар өндіруші болса, өндіріс бұдан да алға кетер еді.

F. Мұстафин. «Караганды» романынан



6-тапсырма. Мәтінді беліктеге бөліп, қайта оқыңыздар. Екі топқа бөлініп, мәтінде суретtelген Қарағандының бүгінгі күнмен байланыстырып әңгімеленіздер.



Керекті сөздер: қуатты, өнеркәсіп, ілгері, ұлғаю, өндіру, дамыған, серпін.



7-тапсырма. Мәтіннен көне сөздерді тауып, қазір қандай сөздермен қолданылатынын айтыңыздар.



8-тапсырма. Мәтіндегі кейіпкерлерге мінездеме жазыңыздар.



9-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген Мейрамның сөздерінен қандай қорытынды шығаруға болады? Келісетін-келіспейтіндерінізді айтып, пікірталас-диалог құрыңыздар.



15-16-сабақ Сұранысқа ие өнеркәсіп өнімдері

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Қазіргі сұранысқа ие өнеркәсіп өнімдері не деп ойлайсыздар?



2-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (6-аудио). Негізгі ақпараттарды тезис түрінде жазып алыңыздар. Қанша деректі қателеспей жазып алдыңыздар?

Ақтөбедегі коммуналдық қызмет ЭКСПО жетістігін жұмыста пайдаланады

Tірек сөздер

- су соратын ұнғыма
- қатты отын
- сұйық отын
- жасыл экономика
- жаңа технология

Ақтөбеде су соратын ұнғымаларға электр қуатын жеткіzetін жел стансылары орнатылады. Қатты және сұйық отынды пайдалану азайса, экологиялық ахуал жақсарады. «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне катысқан коммуналдық мекеме мамандары болашақта осындай жобаны жүзеге асырмак. Олар Германия мен Эзіrbайжан елдерінің тәжірибелесіне сүйеніпті. Ал өrt сөндіруге

арналған жабдықтар шығаратын зауыт өндіріске күн батареясы технологиясын енгізетін болды. Қесіпорын өкілдері АҚШ пен Ресей павильонында осындай жобамен танысып, тиімділігін түсінген. Жаңа технологияны енгізу электр қуатын пайдалануды 10 пайызға азайтып, өнімділікті осынша арттыруға жол ашады. Жалпы өнірдегі 8 қесіпорын «жасыл экономика» технологиясы бойынша 8 жобаны іске асырмакшы. Қесіпорындарға жаңа технологияларды енгізу арқылы экологиялық ахуалды жақсартып, өнімнің өзіндік күнін едәуір арзандатуға болады.

«Егемен Қазақстан» газетінен



3-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Мәтіннен берілген терминдердің қазақша баламасын табыңыздар.

Терминдер	Қазақша баламасы
Международная выставка	
Предприятия	
Зеленая экономика	
Всасывающая насадка для воды	
Экологическое состояние	



4-тапсырма. Мәтіннен өндіріске, қасіпке қатысты термин сөздерді анықтаңыздар. Термин сөздерді қатыстырып, шағын мәтін қураңыздар.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін не туралы? Тілдік ерекшеліктері арқылы қай стилемен жататынын анықтаңыздар.

Казақстанда жасалған жабдықтар шет мемлекеттерде сұраныска пе. Актаудағы трансформатор зауыты шетелдік нарыққа шығуға иштепті. 2 миллиард тенге инвестор каражатына салынған өндіріс орны жылына 6 миллиард тенгениң тауарын әзірлейді. Басты артықшылығы – электрлі

қалқанша жабдықтары мен трансформаторлар жасауға қажет шикізат отандық өндірушілерден жеткізіледі. Зауыт директоры Олжас Есіркепов: «Өнімнің 96 пайзы – қазақстандық үлес. Вакуумды қосқыштар Кентау қаласында шығады. Металды Теміртау қаласынан аламыз. Микропроцессорлық қорғанышты Алматы қаласынан алдырып отырымыз. Амперметрлер, қосқыштар – өзіміздің шығарып жаткан өнімдеріміз. Кернеуі 10-20-35-110 киловольттық трансформаторлар, аралық стансылар мен қосалкы бөлшектер әзірлейді. Өнімі халықаралық талаптарға сай. Шетелдік кондыргылармен жарактанған өндіріс орны отандық өнімді қыска мерзімде дайындаиды. Кәсібіне жетік мамандар автоматты құрастыру жүйесін басқарып, жасалып жаткан қосалкы бөлшек сапасын бакылап тұрады. Отандық электрмәшине құрастыру саласындағы көшбасшы компанияның бөлімшелері көптеп ашылуының арқасында еліміздің импортка тәуелділігі азайды. Актаудағы зауыт жыл сонына дейін толық қуатына көшеді. Демек, жаңадан 150 жұмыс орны ашылады», – дейді.

«Егemen Қазақстан» газетінен



6-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңізді дәлелденіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен далелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



7-тапсырма. Қай топ көп біледі? Еліміздегі болашақта бағдарланған өнеркәсіп орындары туралы не білесіздер? Топқа бөлініп, пікірталас-полilogұйымдастырыңыздар.



8-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңыздар.

- 3 манызды ақпарат;
- қындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаган 1 мәселе.

3

ҚАЗАҚ КИНОСЫ МЕН ТЕАТРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ

Халық бар жерде – сауық бар.

Сәбіт Мұқанов



1-2-сабак

Кино – өнер саласы

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- С.Мұқановтың «Халық бар жерде – сауық бар» деген канатты сөзін қалай түсінесіздер?
- Сауық сөзімен қандай сөз қосарланып тіркеседі?



2-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (7-аудио). Мәтін не туралы? Бір-бірінзге сұрақтар қойып, жауап беріңіз.

Tірек сөздер

- кино өнері
- шығармашыл
- қаламгер
- аудармашы
- кинорежиссер
- жетекші

Кино – тректің сөзі, «жылжытамын, жылжымын» деген мағынаны білдіреді. Кино – өнердің бір саласы. Кино өнері – әдебиет пен театрдың, бейнелеу өнері мен музыканың көркемдік касиеттерін пайдаланатын синтезді өнер. Қазіргі кино мәдениеттің, экономиканың, өнеркәсіптің маңызды саласы ретінде танылады. Фильмді жасауга әртүрлі мамандықтағы шығармашыл қызметкерлер: кинодраматург, қаламгер, аудармашы, режиссер, актер, оператор, суретші, композитор, продюсер, каскадер, экономист, менеджер және тағы басқалар катысады. Фильм жасауда кинорежиссер жетекші рөл аткарады. Сонымен бірге кино жасау ісіне техника саласындағы мамандар: инженерлер, техниктер, лаборанттар мен қызметкерлер үлес косады. Алуан түрлі күрделі аппаратуралар мен аспаптар қолданылады.

«Қазақ мәдениеті» энциклопедиясынан



3-тапсырма. Кино неліктен мәдениеттің, экономиканың, өнеркәсіптің маңызды саласы ретінде танылады? Кино индустриясының жұмыссыздықты болдырмауға қандай көмегі бар? Өз білімдерінзіді жинақтап, монолог дайындаңыздар.



4-тапсырма. Мәтін мазмұнының құрылымын ретімен орналастырыңыздар. Осы тұжырымдарға қатысты өз ойларыңызды көңейтіп жазыңыздар.

- Фильмді жасауга катысатын шығармашыл тұлғалар;
- кино – мәдениет, экономика, өнеркәсіп саласы;
- кино – синтезді өнер.



5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, оған атқойыныздар. Неліктен олай атағандарынызды түсіндіріңдер.

Кино, негізінен, төрт салаға белінеді: көркем фильм, деректі фильм, мультипликациялық және ғылыми-көпшілік фильм. Көркем фильм – кино өнерінің негізгі және кең тараптан түрі. Ол қаламгердің әдеби шығармасын бейімдеу және арнайы жазылған сценарий бойынша актерлердің катысұымен жасалады. Деректі киноға мәні зор оқиғаларды баяндайтын фильмдер мен киножурналдар жатады. Мультипликациялық кино суреттер мен қуыршақтарға кимыл береді оның жасалады. Ғылыми-көпшілік кино – жүртшылыққа жаратылыс пен әлеуметтік құбылыстарды ұтындыратын, ғылыми жаналықтар мен зерттеулерді түсіндіретін, өнер сырларымен таныстыратын фильмдер жиынтығы. Кейде ғылыми-көпшілік фильм басқа тілден аударылады, онда аудармашының енбегі зор.

«Қазақ мәдениеті» энциклопедиясынан



6-тапсырма. Матін бойынша менталды картаны толтырыныздар.



7-тапсырма. Фильмнің түрлерін диаграммаға түсіріп, олардың түсірілу, көпшілікке жету деңгейін көрсетіңдер. Өз ойларынызды нақты дерекпен дәлелденіздер.



8-тапсырма. «Кино – өнер саласы» деген тақырыпта эссе жазыныздар (көлемі – 200–250 сөз).

Қалмылатын мәселелер :

- кино туындыларының адамға әсері;
- кино туындыларының түсірілу жанры;
- кино туындыларының көтеретін мәселелері;
- кино туындысының жасаудағы және тааратудағы мәселелер.



9-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

- Бүгін не үйрәндіңдер?
- Сөздік қорларынызды қанша сөзben толыктырдыныздар?
- Сабак бойынша қандай сұраптарыныз бар?
- Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

3-4-сабақ Қазақ кино әлемі

1-тапсырма. Ойтурткі. Соңғы рет қандай отандық фильмді көрдіңіз? Сізге ұнады ма? Кинорежиссер болсаңыз, қазіргі заманға байланысты қандай фильм түсірер едіңіз?



2-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (8-аудио). Негізгі ақпараттарды тезис түрінде жазыңыздар.

КР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша «Қазақ хандығы» тарихи фильмі түсірілді. Бұл аукымды тарихи жобаның авторы – Елбасы Н.Ә. Назарбаев. Фильмнің сценарийі Илияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романының желісі бойынша жазылған. Фильмнің режиссері – Казақстан Республикасының еңбек сінірген қайраткері, кинорежиссер, сценарист және суретші Рустем Эбдірашев.

«Алмас қылыш» фильмінің тұсаукесері Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығы карсанында Астана және Алматы қалаларында өткен болатын. 2017 жылы 5 қантарда жалпы үлттық прокатқа шыккан аталған көркем фильм қазақстандық прокатта 72 миллионнан астам каржы жинап, көшбасшылар қатарынан көрінді. 2,5 мыңнан астам койылымның 60 пайзызы казақ тілінде, ал 40 пайзызы орыс тілінде көрсетілді.

Фильм тұралы . XV ғасырдың орта тұсы. Бір кездері Алтын Орда Кара теңіз жағалауынан Монголияға дейінгі Еуразия кеңістігінде зор

куатты империя болған. Алтын Орда кулағаннан кейін бірнеше жеке хандықтар құрылды. Солардың бірі – қазіргі Қазақстанның аумағын жайлап жатқан Ақ Орда. Ақ Орда билігі Шыңғыс ханның немересі, Жошының үлкен ұлы Орда Еженнің әuletіне тиесілі болды. 1460 жыл. Орда Еженнің ұрпактары – Керей мен Жәнібектің айналасына біріккен ондаған мың көшпелі аксақалдар кенесінде шешім қабылданап, Әблікайырдан бөлініп шығады. Керей мен Жәнібекке қосылған руладың басшы-билері құрылтай еткізеді. Олар Керейді хан сайладап, Қазақ хандығының құрылғанын паш етеді.

«Айқын» газетінен



3-тапсырма. Жазып алған тезистеріңіз бойынша мәтін мазмұнын баяндаңыздар.

Сын есім

Заттың түрін, түсін, сапасын, белгісін білдіретін сөздер тобын **сын есім** дейміз. Мысалы: *қызық* кино, *өнерлі* адам, *талантты* актер, *жасы* фильм, *дәмді* тағам, *қысқа* жол, *ақ* көйлек, *ауыр* жүк т.б.

Сын есім сөз тудыруышы журнектар арқылы жасалады. Сын есім журнағы екіге бөлінеді.

1. Есім сөзден **сын есім жасайтын журнектар**:

- лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ти: таулы, күлкі лі, малды, камыс ты;
- сыз, -сіз: сусыз, орын сыз, акша сыз;
- шан, -шең: бойшан, сезшен;
- кы, -кі, -ғы, -гі: түнгі, түскі, қысқы;
- тай, -тей, -дай, -дей: таудай, үйдей, түйе дей, коян дай;
- лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: кала лық, ауыл дық, техника лық;
- шек: көніл шек;
- мал, -тап: бауыр мал, сезім тап;
- кеш, -геш: әзіл кеш, күле геш т.б.

2. Етістіктен **сын есім жасайтын журнектар**:

- ғыр, -ғір, -қыр, -кір: еткір, ұшқыр, алғыр, тапқыр;
- палы, -пелі, -малы, -мелі: көш пелі, ал малы, сал малы;
- қак, -кеқ, -ғақ, -ғек: майыс қак, тоңғақ, тайғақ, ұрыс қак, жабыс қак;
- ғыш, -ғіш, -қыш, -кіш: айтқыш, сезғіш, білгіш т.б.



4-тапсырма. Тындалым мәтінінен «Қандай?» деген сұраққа жауап беретін сын есімдерді теріп жазып, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңдер.



5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтінге ат қойып, мазмұны бойынша жоспар құрыңыздар.

Казакстандық кинематография тарихы «Көшпенділер» фильмімен толықканнан кейін, бірнеше отандық каскадерлер тобы калыптасты. Олар ат үстіндегі кимылдар мен сайystарды жасауда өзіндік жетістіктерге жетіп жур. «Қазак хандығы» сериалында Жайдарбектің тобы жұмыс жасады. Олар бүгінде үлкен жобалармен шетелдік телесериалдарға түсіп жур. Жайдарбек актерлерге атка мінуді, ат үстінде найзалауды, қылыш сілтеуді, садақ атуды үйретеді. Ал сериалдагы қалың жасақ мінетін аттар мен жылқыға қатысты көп көріністер жылқы ұстайтын казак аулында түсіріледі.

Будан белек, монтаждау жұмыстарын да елде жасаймыз. «Елбасы» жобасын жасаған кезде біраз техника мен тәжірибе жинақтадық. Кезінде «Көшпенділердің» монтажын шетелдік мамандар жасаған. Одан бері талай казак баласы киномонтаждау техникасын игерді. Бұл жолы барлық жұмысты казак монтажерлері жасайды. Кезінде «Сталинге сыйлық» фильмін монтаждағанда француздың режиссерін шакыртканмын. Сол кезде Фалымжан Санбаев деген жігітті шакырып, «француздың қасында көмекші болып, монтаждау технологиясын үйрен, сен де үш-төрт жылда сол денгейге жетесін» деп, режиссерге ассистент ретінде қасына койған едім. Айтканымдай, Фалымжан Казакстандағы кәсіби біліктілігі жоғары азғантай ғана мамандардың бірі болды. Қазір осындағы білікті мамандар біздің жобаға нақты каражат бөлінбесе де ақысыз көмектесіп, басы-қасында жур.

Р. Эбдірашев



6-тапсырма. Сұхбаттың нешінші жақта баяндалғанын анықтап, ондағы ойға ез көзқарастарыңызды білдіріңіздер.



7-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Мәтіннен кинематография саласына қатысты терминдерді тауып, мағынасын ашыңыздар.

Терминдер	Түсіндірмесі
Кинематография	Кинофильмдері шығару және оны көпшілікке көрсету ісімен шұғылданатын мәдениет саласы.



8-тапсырма. Өзіңізге ұнаған фильмнен алған әсерінізді жазыңыз.

Керекті сөздер: кинотеатр, фильм, режиссер, актер, сомдау, көкейкесті, көрсетілім, ойландыру, әсерлену, шабыт.



9-тапсырма. Ойтаразы. Бүгінгі сабактағы тапсырмаларды қалай орындағаныңызды жүп болып бағалаңыз. Қандай қындықтар болды?

5-6-сабақ**Отандық үздік фильмдер**

1-тапсырма. Ойтұрткі. Суретте қандай фильм бейнеленген? Бұл фильмді көрдіңіздер ме? Қазіргі отандық кинематографияның даму деңгейі туралы не айта аласыздар? Болжам жасаңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыбына назар аударыңыздар. Мәтін қанша азатжолдан тұрады? Әр азатжолда не туралы айтылған?

«Анаға апаар жол» Орталық Азияда үздік фильм атанды

«Анаға апаар жол» фильмі Бішкекте өткен «Ақ Ілбіріс» атты VI ұлттық киножүлдесінде Орталық Азияның үздік фильмі атанды. Фильмнің бас продюсері – Әлия Назарбаева, режиссері – Ақан Сатаев. Бұл кинотүнің ананың перзентіне деген шексіз махаббатын, перзентінің Отанына деген адалдығын көрсетеді. Актерлердің образдарды сомдау шеберлігіне сүйсіне отырып, осындағы ой түйесін.



Аталған кинотүнің 38-ші Халықаралық Мәскеу кинофестиваліне және «Еуразиялық көпір» атты фестивальға қатысып, бас жүлдені жеңіп алды. Одан бөлек, бұл туынды был Қазақстан киносыншылар ассоциациясы ұйымдастырған «Сыншылар тандауы» жүлдесінде үш

Тірек сөздер

- үздік фильм
- жүлде
- сомдау
- сүйсіну
- сыншы
- ауыртпашилық
- бейнет

бірдей жүлдені неменденді. Атап айтсақ, «Ең үздік актриса» – Алтынай Негербек және «Екінші пландағы үздік актриса» Аружан Жазылбекова деп танылды. Ал «Фильмге жазылған үздік музика» номинациясын аталған фильмнің композиторлары Элім Заиров пен Роман Вишневский белісті.

Фильмнің желісі казак халқының XX ғасырда бастан кешкен күрделі тарихи кезеңдеріне құрылған. Атап айтсақ, күштеп жүргізілген ұжымдастыру науқаны, ұлттың басына түскен ұлы трагедия – жұт, Екінші дүниежүзілік соғыс және соғыстан кейінгі бейнетті жылдар. Фильм өмірдің ауыртпашилығына төтеп берген, кын-кыстау күндері сұрапыл соғыстың меҳнатын көрген, жат елде тұтқында болған Ілияс есімді жігіттің тағдырын баяндайды. Бетен жерде айдауда жүрсе де, жат елдің зорлық-зомбылығын көріп, жалғыздықтың тауқыметін тартса да, бас қаһарман атажұртын аңсан, анасын сағынып, тұған жеріне оралатынына ешқашан күмәнданбайды. Фильмдегі осы астарлы ой көрермендерді терен ойландырады.

«Мәдениет» журналынан



3-тапсырма. Мәтіннен нақты деректер келтіре отырып, досыңызға фильм туралы хабарлама жазыңыз. Хабарламада сын есімдер болсын.



4-тапсырма. Мәтінде кездесетін мына сөздер мен тіркестерді қандай синоним сөздермен ауыстыруға болады?

Кинотүрінди, фильмнің желісі, жұт, меңнатын, бас қаһарман, атажұрт, жат жерде, тауқымет.

Керекті сөздер: азабын, ашаршылық, бас кейіпкер, кыншылық, тұтан жер, фильмнің сюжеті, фильм, бетен жерде.



5-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (9-аудио). Мәтін қандай жанрда жазылған? «Марко Полоның Жібек жолы» фильмнің қай түріне жатады?

«Марко Полоның Жібек жолы» фильмі көрсетілді

XIII ғасырда өмір сүрген атақты саяхатшы, көшпелілердің тарихын зерттеп, соның ішінде казактың салт-дәстүрі туралы тамаша жазбалар қалдырган Марко Поло туралы деректі фильм түсірілді.

«Марко Поло туралы деректі фильм түсіру – біз үшін өте тиімді жоба. Себебі Марко Поло – біздің жеріміз бен дәстүріміз туралы тамаша естеліктер қалдырган адам. Марко Поло – біздің халық арасындағы дәстүрлерді өте тамсана жазған және өзге елдермен салыстырганда, жаксы жақтарын көп көрсеткен саяхатшы. Сондыктan да біз саяхатшы

туралы көркем фильм түсіруден бұрын деректі фильм түсіруді қолға алдық», – дейді КР-ның Мәдениет және спорт министрі.

Бұл фильмді түсіруте Италия, Қазақстан және Қытайдың – үшжакты бірлесуінің де өзіндік мәні бар. Себебі Марко Полоның Қытайдың әйгілі императоры Құбылай ханының қолында тұрғаны бәрімізге белгілі. Сондықтан оның қытайлар туралы естеліктегі де көп.

Деректі фильмді түсіру үшін Қазақстан тарапы 40 миллион, Қытай тарапы 20 миллион теңге белді. Ал фильмнің таралымын, прокатка шығуын Италия тарапы өз мойнына алыш отыр. Жоба ете үлкен ауқымды қамтығандықтан, біз түсірілім жұмыстарымен бір жылға жуық уақыт айналыстык.

«Айқын» газетінен



6-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Марко Поло туралы не білдініздер?
2. Ол туралы деректі фильм не үшін түсірілді?
3. Бұл ғылыми-тәнімдық фильмді кімдер түсірді?
4. Марко Поло кайда және кімнің қолында тұрған?
5. Деректі фильмді жасауға канша қаражат белінді?
6. Құбылай хан туралы не білесіздер?



7-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, деректі фильмге пікір жазыңыздар.

Қажетті сың есімдер : үздік, тамаша, көшілік, күнды, жан-жакты, тарихи-рухани.



8-тапсырма. Үш топқа бөлініп, көркем, деректі және мультипликациялық фильмдердің маңызы туралы пікірталас өткізіңіздер.



9-тапсырма. Бүгінгі сабакта өз пікірлеріңізді білдіріп, сейлемдерді толықтырыңыздар.

- Бүгінгі сабакта мен түсіндім.
- күніндік тудырды.
- Мен өзімді үшін мактар едім.
- Маған ерекше ұнағаны
- Сабактан соң маған ой келді.



7-8-сабақ Театр өнері

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Қазақстанда қандай театрлар бар?
- Театрга жиі барасыңдар ма? Сонғы рет қандай койылымға бардыңыздар?



2-тапсырма. Матінді тынданыңдар (10-аудио). Қандай ақпараттар естерінізде қалды? Тезис жазыңыздар.

М.Әуезов атындағы академиялық драма театры



1926 жылы дүниеге келген казак өнерінің кәсіби кара шанырағы – М.Әуезов атындағы академиялық драма театры. М.Әуезов атындағы академиялық драма театры – ұлттық мәдениетіміздің мактандыши. Республиканыңдағы кез келген өнер ордасы осынау киелі шанырактан еншісін алғып, жеке ұжым ретінде ел-жүргікта танылған. Опера, балет өнері, филармония,

Казакконцерт – қай-қайсысы да осы тұнғыш драма театрының құрамынан бөлініп шыққан мәдениет ошактары. Сол сияқты қазак режиссурасы мен актерлік шеберлік күпияларының да жан-жакты өрбіп, дамып-дарапануына осы аталған театрдың ықпалы ете зор. Өзінің 85 жылдан астам шығармашылық ғұмырында ондаған-жүздеген өнер жұлдызының аты-жөндерін ел-жүргікта көнінен танытты. Атақты өнер отауының алғашқы тізгінің ұстағандар: М.Әуезов, Ж.Шанин, Ж.Аймауытов, К.Куанышбаев, С.Кожамқұлов, Ш.Айманов, С.Майқанова секілді әйгілі тарлан боздар.

F.Мұсірепов, I.Жансүріров, С.Мұқанов, K.Мұхамеджанов, Ә.Тарази, Қ.Ыскак, Д.Исабеков, Иран-Гайып сынды драматургтеріміздің де шығармашылық табыстары осы үлкен театр тарихымен тығыз байланысты.

Tірек сөздер

- киелі шаңырақ
- өнер ордасы
- ұлттық мәдениет

Іә, сахна киелі. Оның төрінде күні кешеғана төл сахнамыздың дүлдүлдері: Б.Римова, Н.Жантөрін, Ы.Ногайбаев, Ә.Молдабековтер өздерінің саф өнерлерін барынша паш еткен. Олар дәстүр-тәлімдеріне берік, мамандықтарына шын құмар да құштар жандар еді.

Ә. Сыгай. «Театрлар шеруі» кітабынан



3-тапсырма. Мәтіндегі аты аталған актерлерді сыйыптасыңызға жатқа айтыңыз. Олардың ішінде қай актерді білетінін, оның қандай қойылымдарда ойнағанын сұрап, диалог құрыңыз.



4-тапсырма. Жұптастыра берілген синонимдердің бірін таңдап, шағын мәтін құраңыздар.

Саф – таза; құмар – құштар; паш еткен – жариялаған; өрбіп – дамып; танылған – әйгілі болған; қастерлі – қасиетті; тізгінің ұстаған – негізін қалаған.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін қандай жанрда жазылған? Үзіндіге ат қойып, жоспар құрыңыздар.

Серке Кожамқұловтың мерейтойында қақалыш-шашалыш сейлей алмаған студенттер – біздін сезімізді сынап, аспай-саспай, маңғаздана сейлейтін бір кісі сазайымызды берді. «Улken сахнаға шыгар алдында, үлкен артист жөнінде салиқалы сез айтканда дайындалған жөн болмас па?». Бұны айтқан әйгілі жазушы-драматург Габит Мұсірепов екенін сонда білдік. Бұрын атын естігеніміз болмаса, Алматыға жана келген біздер ұлы қаламгерді қайdan білейік?! Жасып қалдық. Кірерге тесік таппай, тунеріп тұрганбыз. Көп кешікпей, кең иыкты, зор денелі елuler шамасындағы жігіт ағасы мінбеге көтерілді де, әдеттегідей мерейтой несіне айтылар мадақ сөздерді бүршактай жаудырды. Отырғандарды күлкіге көміп таstadtы. «Шәкен ғой» деген күбір-сыбырларды естідік.

– Серәліні сахна серісі еткен осынау өнер отауының өзі де, төрі де киелі. Жаңағы өрімдей жастар шатасайын деп шатасқан жок. Оларды киелі сахнаның сұзы шошытып жіберді. Бәріміз де құлап-сүрініп осылай бастағанбыз. Элі күнге дейін жүрт алдына толқып шығамыз. Сөз де, әрекет те тәжірибемен шындалады, – деп сезін аяktады. Әжептәуір серпіліп қалдық. Шәкен ағаны бәріміз жақсы көріп кеттік.

Сераған кешінде Шәкен Аймановтың ізінен қалмай, студент жастармен кездесуін өтіндік. Аяулы аға тілегімізді қабыл алды да, кездесуге киностудияга келуімізді талап етті. Келісілген уәде бойынша 40–50 минуттың орнына кездесу 3 сағатқа созылды. Әжімді жузі алаулап, қысынқы да куакы көздері күлімдеп, каркылдай күлген сәттерінде батыр текстес зор денесі түтел селкілдеп кететін. Айманов, сез жок, сүйкімді жан. Кез келген сауалға жауабы даяр. Тосылу, қысылу дегенді білсейші?! Юморы неткен табиги. Тілі – өткір, әзілі – ашы. Бейнелі сезге тым ұста. Киносы бар, театры бар, жүзден аса көркем бейнені сомдаған, оннан астам фильм түсірген әйгілі суреткердің айттар ойы мол.

Ә. Сыгай. «Театрлар шеруі» кітабынан



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мәтіндегі акпарат кімдер туралы?
2. Студенттер кайда сейледі?
3. F.Мұсірепов не үшін ренжіді?
4. Ш.Айманов студенттерді қалай корғаштады?
5. Студенттер кіммен кездесу өткізді? Кездесу кайда етті?

Түсіндірме сездік

салиқалы – байсалды, үстамды; мәнді, маңызды
кірерге тесік таппау – ұялу
сахна серісі – сезіз қырлы, бір сырлы өнерлі жігіт
киелі – қасиетті, құдіретті
сөзге ұста – шешен, сезге шебер



7-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, Шәкен Аймановқа мінездеме беріңіздер.



8-тапсырма. Жұрнақтар жалғау арқылы төмендегі сөздерден сын есім жасап, сейлем құраңыздар.

Әжім, кеніл, күлкі, әзіл, айт, ал, сөз, сезім.



9-тапсырма. Ойтаразы: «Шығу парагын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүтін не үйрәндініздер?
- Бұрын естімеген қандай өнер шелерімен таныс болдыныздар?
- Мәтін авторы Эшірбек Сығайды өнертанушы деп бағалауға бола ма? Ойларынызды дәлелденіздер.



9-10-сабак

Д. Исабеков. «Әпке» пьесасы

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Дулат Исабековтің қандай шығармаларын білесіздер?
- Жазушы-драматургтің туындылары негізінде сахналанған қандай койылымы бар?



2-тапсырма. Дулат Исабековтің «Әпке» пьесасынан алғынған үзіндін рөлге бөліп оқыңыздар. Онда қандай әлеуметтік мәселе көтерілген?

Түсіндірмे сөздік

құралақан – қолында ештеңе жок, құрқол
күнжара – 1) күнбағыс тәрізді майлы өсімдіктердің майы сығылып алғынған қалдығы; 2) малазық
маркизет (франц. *marquise*) – жұқа кездеме (матаның түрі)

Ермек ояныт кетеді де, сыртқа жүгіреді.
 Ермек. Әпке. Әпке.

Камажай. Ермекжан, әпке дегенін калай? Мен сениң маманмын.

Ермек. Жок, сен әпкем екенсін. Менін мамам өліп қалған. Сен әпкем екенсін, әпкем екенсін.

Камажай. Жок, мен сениң маманмын. Әпке деме, мама де, мама де.

Устел басында Камажай, сіңлісі, сіңлісінің құрбысы тамақ шілт отыр.

Нәзилә. Илансан бар той, әпке, танертеннен бері Гаунар екеуміз дым сыйған жокпыз.

Камажай. Немене, акшаларың болмай қалды ма?

Нәзилә. Жок, өзің берген бір сом акшам да болды. Гаунар да құралакан емес екен. Уакыт жок. Ательеге барып едік, қырғын, адам кеп екен, шаршап өле жаздадык. Так что, әпкешка, бүтін алдымызға күнжара қойсан да, жей береміз.

Камажай. Акшаларың болмаса, ательеге неге барып жүрсіндер?

Нәзилә. Бұрынғы акшалы кездерім есіме түсіп... Ательеге акшалы адамның баруы жаңалық емес. Колыннан келсе, акшасыз барып көр.

(Күлт.) Жай айтқаным ғой. Эпке деймін, ательеге маркизет түсіпті. Гаунарда азын-аулақ ақша бар екен, мен одан қарыз ала тұрмақ едім. Жете алмадық. Жете алмағанымыз да дұрыс болды. Эйтпесе кейін кайдан тауып берер едік.

Қамажай. Неге?.. Тауып береміз... Тимур ертең айлық алады.

Нәзила. Оның айлығы өзінен артылмайтын болды ғой. Өткен жолы мен оны паркте бір қызбен көргем. Менинше, финанс жағын сол кісі басқаратын болуы керек. Ал енді іске кіріселік.

Екі құрбы сықылтықтай күлт, тамақтан қарбытып жеуге кіріседі ...



3-тапсырма. Пьесаның кейіпкерлері туралы және олардың арасында болған әңгіменің не жайында екенін айтып, өзара диалог құрынғыздар. Диалогтің сұрақтарын өздеріңіз дайындаңыздар.



4-тапсырма. Драмалық шығарманың тіліндегі ерекшеліктерді тауып, әдеби тіл нормасына сай қолданысын кестеге жазыңыздар.

Кейіпкердің сейлеу тіліндегі ерекшелік	Әдеби тіл нормасына сай қолданысы
мама	ана



5-тапсырма. Пьесаның жалғасын оқынғыздар. Негізгі және қосымша ақпараттарды ажыратыңыздар.

Қамажайдың інісі, аспирант *Омар кіреді. Гаунармен бас изен амандасып, портфелін қояды.*

Қамажай. Түу, Омар-ау, танертең кеткеннен енді келдің бе? Әбден карның ашкан шығар. **Жұған матадай** боп-боз боп кетіпсің ғой.

Омар. Дұрыс айтасыз. Танертеннен бері **дым сызған жокпын**. Кітапханадан шығуға мүршам болмады.

Қамажай. Денсаулығынды бұзып алмасаң жарап еді. Тамак ысытайын.

Омар. Жо-жок, сіз олай әуре болмаңыз. Байқауымша, бұл үйде конактар боп кеткен сияқты. Демек, сіз менсіз де шаршаган болуыңыз керек. Маған екі стакан... тіпті бір стакан ыстық сүт болса жетеді. Қалғаны осы жерден табылатын сияқты.

Қамажай шығын кепеді.

Нәзила. Қалай, диссертация бітуге жакын ба?

Омар. Ім-мм, жакын, жакын. Тіпті дайын деуге де болады. Бірақ өзге ғалымдарға ұнағанмен, өз **көнілім қанағаттанбайтын сияқты**.

Нәзила. Осы уақытқа дейін қанағаттанбайтын не деген көніл ол?

Омар (*ашуланыт, көзілдірігін түзен*). Есінде болсын, сен менің ішкі жұмысыма араласпа. Бес жыл ма, он жыл ма, тіпті өмір бойы ма, ойлаган максатыңа жете алмасаң, көнілің қанағаттанбайды. Және мен ғылыми атақ үшін гана тіршілік етіп жүргенім жок.

Назила. Ом, айтшы, бақыт деген не? Біз әлгінде осы тақырыпта дискуссия өткізіп, көп таластық.

Омар. Айтайын. Бақыт дегенді әр адам әртүрлі түсінеді. Бақыт дегеннің өзін бірнеше салаға белуге болады. Семьядагы, қызметтегі, махабbat тағы тағылар. Осының бәрін синтездеп келген соң, сол жеке адамның өмірі мен қоғам мұддесіне, оның ішкі-сырткы саясатына, халықаралық аренадағы беделіне **көз жіберу керек**. Қоғамсыз адам жок. Демек, әрбір адамның қуанышы, күйініші, мұддесі өзі өмір сүріп отырған қоғам мұддесімен сәйкес келіп, өз тіршілігінде іздеген мақсатына жетсе немесе соган жету жолында аянбай күрес жүргізсе, оның өмірі – бақытты өмір. Қорыта айтқанда, бақыт деген – женіс немесе женіске апарар күрес.

Камажай кіреді. Үш стакан сүті бар подности Омардың атдына қояды...

Д. Исабеков. «Этке» тъесасынан



6-тапсырма. Мәтін бойынша менталды картаны толтырыңыздар.



7-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген тұрақты сөз тіркестерін мағынасы жақын келетін басқа сөзben ауыстырып айтыңыздар.



8-тапсырма. Омардың сезіне келісетін-келіспейтіндерінізді айтып, пікірталас үйим-дастырыңыздар.



9-тапсырма. «Бақыт деген не?» тақырыбына шағын ойтолғау жазыңыздар.



10-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парагын» пайдаланып, сабактағы өздерініздің жетістіктерінізге баға беріңіздер.

- Сабактың тақырыбын түсіндініздер ме?
- Ауызекі сейлеу тілінің кандай ерекшеліктерін байқадыныңдар?
- Эдеп сақтап сейлеу, дұрыс жазудың нормасы туралы не білдініздер?
- Фразеологизмдер мен бейнелі сөздердің мағынасын кімнің көмегімен түсіндініздер?

11-12-сабак Отбасы мүшелері

1-тапсырма. **Ойтұрткі.** Пьеса кейіпкерлерінің іс-әрекеттері әрі қарай қалай өрбиді деп ойлайсыздар? Болжам жасаңыздар.

2-тапсырма. Шығарма үзіндісін тындаңыздар (11-аудио). Кейіпкерлердің үніндегі толғанысты, дауыс ыргағындағы кідірісті, интонациялық өзгерістерді байқадыңыздар ма?

Тимур кіреді. Асығыс. Қамажай оның алдынан жүгіріп шығады.
Қамажай. Темір, Теміржан. Кешірші мені. Әлгінде, Ермек даладан жылап келіп...

Тимур. Мамуля, не боп қалды?

Қамажай. Соны жұбатам деп жатқанда...

Тимур. Түү, айтсаныш тезірек, менің бір минут та уақытым жок. Костюмді үтіктеп қойдың ба?

Қамажай. Жоқ... иә... жоқ... Бұлдіріп алдым...

Тимур. Бұлдіргені қалай?

Орындық арқалығынан костюмін алғын, күйген жерін көреді.

Қамажай. Солай болды. Есімнен шығып...

Тимур. Көшеге кнетін жалғыз костюмімді акыры өртеп тындындар ма? Енді қайтемін?

Қамажай. ... Алармыз.

Тимур. Алармыз, көрерміз, бір мәнісі табылар... Немен алармыз, немен көреміз, бір мәнісі қалай табылады? Бір туфли ала алмай жүргенде...

Қамажай. Қайтемін, әдейі істеген жокпын гой...

Тимур. Ал бүтін немді килемін? Жиынға майкамен бармақпын ба?

Қамажай. Омардың костюмін кие тұр.

Тимур. Сонда ол Ленинградка майкамен кетсін бе?

Қамажай. Құдай-ай! Енді не істесем еken? Білдірмей жамап берейін.

Тимур. Жамап? Енді жамау костюм киюім калған еken гой. Түү, осы үйден бір береке таптай-ақ қойым-ау.

Қамажай. Неге олай дейсін? Береке таптырмай жүрген кім саған? Аузыңа не келсе, соны айта салатыныңды қайдан шығарғансын?

Тимур. Жалғыз костюмім жаңып кетсе, енді не демекпін?

Қамажай. Жанбаса, күрып кетсін. Костюм, костюм деп төбемді оятын түрін бар гой. Мен бір әдейі өртегендей... «Осылар ренжімесін», «Осылар қабак шытпасын» деп жар құлағым жастыққа тимей жүргенде естір сөзім осы ма? Даладан ашуланып келсендер, маған

Түсіндірме сөздік

қабақ шытпау – ұрыспау, ренжіспеу

жар құлағы жастыққа

тимей – тыным таппау, дамыл көрмеу

көңіл жырту – көңілін қалдыру, өкпелету

зіркілдейсіндер, қуаныш келсендер, маған еркелейсіндер. Ал мен кімге ұрысам, кімге еркелеймін? (Жыламсырап.) Мен де адаммын той. Көніл жырту мата жыртудан да онай ма сендерге? Ал кет басыңың ауган жағына. Кет!

Тимур. Қіт етсе, кезінің жасы дайын тұрады бұлардын.

Костюмін қолына алтын, әрі-бері қарайды. Қолын бір сілтеп, қайта орнына қояды ...

Д. Исабеков. «Әнке» ньесасынан



3-тапсырма. Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне баға беріңіздер. Әділқазы ретінде қай кейіпкерге қандай кеңес бергініз келеді?



4-тапсырма. Суреттен драматург-қаламгер Дулат Исабековті көріп отырсыздар. Сіздерге қандай ой салды? Жұптасып, жазушының отырысына, көніл күйіне сипаттама беріңіздер. Сын есімдерді қолданыңыздар.



5-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар. Мәтінді окуда интонацияға мән беріп, кейіпкерлердің сезімін, көніл күйін жеткізіңіздер.

Үйге Омар, Гаянәр, Қамажай кіріп келгенде, Нәзила орнынан үшінші тұрады.

Нәзила. Жолдастар! (Қамажай аңырып тұрлып қалады.) Біздің әпкейдің жеке мәселесін қарауға арналған үй жиналысын ашық деп жариялаймын. Түрлі себептермен жиналыска екі адам қатыса алмай отыр. Тимур қызбен кездесуге кетті, Ермек түнгі сағат бір болғандықтан үйкітауға кетті. Жиналыс ашық дегендерініз кол кетерініздер. (Өзі бастап бәрі қол көттереді.)

Қамажай. Ойбай-ау, сендердің бұларын не? Мен... сәл... кешігіп калғаным...

Нәзила. Осы шаңырактың белді мүшесі әрі басшысы Оспанова Қамажайдың өзге семья мүшелерімен акылдаспай, өз бетімен

жұмысқа орналасқаны бәріміздің ашуымызды қоздырды. Бұл мәселе женінде кімнің қандай ойы бар?

Гауһар. Мен Қамажай апайдың ертегі жұмыс күнімен құттықтаймын. Бірақ бізге айтпағанына өкпелімін.

Омар. Бұл кісінің жұмысқа орналасуы занды, бірақ біз үшін тым күтпеген жай. Демек, біздің семьямызда шығын көп те, кіріс аз деген сөз. Бұл кісі финанс тапшылығын ескеріп, ұлттық табысқа өз үлесін қосуды ойлаған. Өзіміздің әлсіздігімізді, финанс тапшылығын сезіну – бізге рухани сокқы. Ал бұл кісінің, әйтеуір, бір кезде қоғам өміріне араласуы тиіс екенін ескеріп, таңдау жағына өз басым карсы екенімді білдіремін.

Қамажай. Е-е, міне, гәп қайда? Сендер менің жұмысқа орналасуымды намыс көріп отыр екенсіндер ғой. Бұларың дұрыс емес. Сонда мен үйде кол кусырып отыра бермекпін бе?

Үйге Тимур мен Сұлтан кірді.

Тимур. Мамуля... Мен үйленемін.

Қамажай. Үйленемін?..

Сұлтан. Нә, үйленеді.

Нәзила. Осыған жетіп тындым де... «Прощай, оружие».

Қамажай. Кімге?

Тимур. Камага.

Пауза .

Қамажай. Мен ... мен не дейін. Бақытты болындар...

Д. Исабеков. «Әткө» пьесасынан



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап берініздер.

1. Үзіндіде қандай әлеуметтік мәселе көтерілген?
2. Үйішілік жиналыста Нәзила қандай мәселені көтерді?
3. Қамажайдың жұмысқа тұрганына отбасы мүшелері неге ренжіді?
4. Тимурдың жаңалығы не болды?
5. Мәтінде орыс тілінен енген қандай сөздер бар? Олар дұрыс колданылып тұр ма?



7-тапсырма. Сөйлеудегі сез этикеті сақталмаған, әдеби тіл нормасынан ауытқыған сөздерді тауып, өндеңіздер.



8-тапсырма. Мәтіндегі тыныс белгілерінің (үтірдің, көп нұктенің, сұрақ белгісінің) қойылу себебін түсіндіріңіздер.



9-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап берініздер.

- Бүтінгі сабактың басты мәселесі не болды?
- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүтін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабак маған қандай әсер қалдырды?
- Сабакта өзімді қалай сезіндім?

13-14-сабак

Отбасындағы қуаныш

1-тапсырма. Ойтұрткі. Қалай ойлайсыздар, жазушы «Әпке» туындысында не айтпак болды? Кімнің сөзі ойландырады?

2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (12-аудио). Негізгі ақпараттарды естерінізде сактаңыздар. Үзінді не туралы?

Есікті айқара ашыт, Омар кіреді. Қалында телеграммасы бар. Қуанышты. Гаунар төмен қарайды .

Омар. Әпке! Сүйінші!

Камажай. Ойбай, қалағаныңды ал. Ол не қуаныш?

Омар. Міне, телеграмма. Нәзила, оқып жіберші.

(Нәзила термелей оқып жөнеледі.) «Алматы қаласы, Абай проспектісі, 107-үй, 17-пәтер, Оспановка. Қымбатты Омар Искакович! Кіші ғылыми совет сіздің жұмысыныңызben танысып шықкан сон, оны «канагаттанарлық» деп тауып, философия ғылымдарының кандидаты деген атақ алу үшін диссертация корғауға шешім қабылдады. Диссертация осы жылдың 16 августінде Ленинград мемлекеттік университетінің акт залында өтеді. Сапарың сәтті болсын! Профессор Григорьев».

Нәзила. Ома-ар! Вот молодчина! (Жүгіріп кеп, оның мойнына асыла кетеді.) Әпке, сіз неғып отырып қалғансыз, құттықтамайсыз ба? (Камажай жылдан отыр.)

Омар. Әпке-ау, сізге не болған? Жылағаныңыз не бұл?

Камажай. Жеттік-ау осы күнге, әйтеуір. Жолың болсын, жолың болсын! (Ақырын басып келіп, Омардың маңдаійнан сүйеді.)

Гаунар (Омарга жетіп келіп, оның қалын қысады.). Құттықтаймын.

Омар. Рақмет. (Бәріне қараш.) О-оу, сіздер... Бұл қалай, мен тап бір диссертацияны корғап шыққандай...

Нәзила. Корғайсың, корғайсың. Сен сияқты білімді жігіт нeden сүрінбек?..

Тимур. Құттықтаймын! (Келіп құшақтайды.) Сәтті болуын тілеймін! Әттен, банкетінде бола алмайтыныма өкініштімін.

Омар. Неге?

Камажай. Бола алмайтыны несі?

Тимур. Мамуля, мен... біз... кететін болдық. Зауытта жынырмай жігіт осылай деп шештік.

Камажай. Қайда?

Тимур. КамАЗ-ға. Ертең жолға шығамыз. Бір аптадан бері айтуга батылым жетпей келді.

Камажай. Не дейді? КамАЗ? Сонау жердің түбіне... Теміржан-ау, мұның қалай? Бізге ерегісіп әдейі жасағаның ба бұл?

Тимур. Жоқ, мамуля. Бұл – комсомолдық жолдама...

Д. Исабеков. «Әпке» пьесасынан



3-тапсырма. Қамажайдың отбасында қандай қуаныш орын алды? Мәтіннің мазмұны негізінде сыйыптастырыңға қуанышты жағдаятты жеткізіңіз. Кімнің ісі сүйсіндірді?



4-тапсырма. Осыған ұқсас жағдаят ойластырып, мектептің баспасөз парагына «Сүйінші!» айдарымен хабарлама жазыңыздар.



5-тапсырма. Матінді рөлге беліп оқыңыздар. Негізгі және қосымша мәселелерді ажыратыңыздар. Мәселелерді тезис түрінде жазып шығыңыздар.

Үйде той. Ұзын үстел тамаққа лық толы. Қарсы беттегі қабыргада АНА портреті. Оның астында «60 жас» деген жазу көрініп тұр. Қөрші әйел кіреді. Қолындағы гүлін үстел үстіндегі вазага қояды.

Әйел. Бакыт деген осы-ау деймін. Қамажай, той құтты болсын! Бәрін жеткіздін, бәрін есірдін. Азамат деген сендей-ақ болсын.

Қамажай. Көnlінізге ракмет. Темір мен Омардың келетін уақыты болды. Кешігіп жатыр.

Әйел. Келеді ғой. Қара шаңырак оларды қайда жіберер дейсін? Әй, Қамажай, өз дегенінді орындал жеткіздін. Омарың – ғалым, Тимурың – бригадир, Нәзілан – мұғалім, Ермек – окушы. Енді өзінді де ұмытпасаншы. Саған ешкім ренжи қоймас.

Қамажай. Қайдам, осылардың анасын жоктатпаймын деп жүріп, шын ана бол кеткен сияқтымын. Бәрі жас баладай көрінеді де тұрады.

Ермек кіреді. Қолында телеграмма. Өзінше күбіртеп оқып келеді.

Қамажай. Не болды? Тыныштық па? Бұл не? Телеграмма? Апырай, жүрегім бір нәрсені сезген сияқты еді, әкелші бермен. (Оқиды.)

«Мамуля! Бригаданың жылдық жоспарының орындалуы жайлы өндірістік басқарма алдында ертең есеп беруіме байланысты бара алмайтын болдым. Ол үшін бәрінен мың мәрте кешірім сұраймын. Тимур».

«Мамуля! Кешір. Фылыми коммунизмнің теориялық мәселелері бойынша Мәскеуде ететін халықаралық жиынға шұғыл аттанып бара жатырмын. Кайтар жолда міндетті түрде согамын. Өзінді күшактаң суюші – Омар».

Қамажай. Сейтіп... бұлар... келмейтін болды де.

Ермек. Эпке, олар келмей ме?

Қамажай. Иә, келмейтін болды. Жұмыстар қолдары босамай жатыр екен. Кешірім сұрапты.

Ермек телеграмманы қолына атты, орындық арқатығына сүйеніп, үнсіз тұрады.

Ермек. Бұрын мына жерде Ом, мына жерде Тим отыратын. Енді бәрі жоқ. Олар бізді енді сағынбайды.

Қамажай. Өзіміз-ақ еткіземіз. Өзіміз-ақ. Олардың қолдары тимейді. Өзіміз-ақ...

Д. Исабеков. «Эпке» пьесасынан



6-тапсырма. Пьесадағы оқиға желісін қалай аяқтар едініздер? Дамытып айтып көріңіздер.



7-тапсырма. Топқа бөлініп, драма кейіпкерлері туралы ой қорытыңыздар.

Кейіпкерлер	Іс-әрекеттері	Көзкарасы	Қасиеттері



8-тапсырма. Дулат Исабековтен сұхбат алмақ болдыңыздар. Қандай сұрақтар қояр едініздер?



9-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, «Әпке» пьесасындағы ақпараттар бойынша өз пікірлерінізді дәлелденіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген ой түйдім.



15-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Кино және театр өнеріндегі жанр түрлерін анықтаңыздар. Өздерініз билетін фильм немесе қойылымдардың қай жанрга жататынын түсіндіріңіздер. Жанр түрлерін тірексызба арқылы көрсетіңіздер.



2-тапсырма. Ойтаразы. Тақырып бойынша өткен ақпараттарды INSERT оқыту стратегиясы бойынша талданыңыздар. Өз ойларыңызды қорытындылап жазыңыздар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннаң білемін	Менің ойлағаным қайшы, керегар	Мен үшін жаңа акпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді



3-тапсырма. «Менің сүйікті актерім» деген тақырыпта эссе жазыңыздар (эссе көлемі – 200–250 сөз). Эсседе сын есімдерді дұрыс қолданыңыздар.

ҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Бейімдік сәтсіздікке бастайсы.

Әл-Фараби

1-2-сабақ Экологиялық апат

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Елімізде қандай экологиялық мәселелер бар?
- Оның зардабы қандай?



2-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (13-аудио). Негізгі мәселелерді тезис түрінде жазып алыңыздар.

Казіргі экологиялық апат біздің елімізге қауіп тәндіріп тұрғаны бәрімізге белгілі. Үакыт өткен сайын адамның табиғатқа әсері артып отыр. Яғни, адам баласы өзін табиғаттың кожасы, билеушісі ретінде сезініп, одан өзіне керектің барлығын алды. Бірақ келтірілген зиянның орнын толтыруға, дер кезінде қамқорлық жасауға әдептенбеді.

Коршаған ортаның өнеркәсіп пен ауылшаруашылық калдықтарымен ластануы, озон қабатының жұқаруы, қышқылды жаңбыр, мұздактардың еруі, Жер шары климатының жылына бастауы, мұхиттың топырақ қабатында улы заттардың шоғырлануы, тұрмыстық калдықтар көлемінің артуы Жер-Анаға зардабын тигізіп отыр. Мәселен, әскери полигонда органикалық отынды жағу кезінде атмосфераға күкірттің қос totығынан басқа азоттың қос totығы да шығарылады. Күкірт пен азоттың қос totықтары «қышқылды жаңбырдың» пайда болуына ықпал етеді. Осындай жауыншашын түскен топырактың қышқылдылығы артып, нәтижесінде ауылшаруашылық дакылдарының енімділігіне нұксан келтіреді.

Елімізде экологиялық апат аймактары бар болғандыктан, экологиялық тәрбие беру – өзекті мәселе. Экологиялық тәрбие беру дегеніміз – адамзат баласының әрбір іс-әрекетіне шек коя отырып, экологиялық жағдайды жаксартудың бірден-бір тиімді жолы.

Тірек сөздер

- экологиялық апат
- қышқылды жаңбыр
- улы заттар
- Жер-Ана
- зардабын тигізу
- экологиялық мәдениет



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

«Зерде» журналынан

1. Экологиялық мәселелер неліктен ғаламдық сипат алада?
2. Коршаган ортаның ластануы қандай экологиялық апаттарға әкеледі?
3. Қышқылды жаңбыр қандай жағдайда пайда болады?
4. Оның Жер-Анаға тиғізегі әсері қандай?
5. Экологиялық тәрбие не үшін керек?

 **4-тапсырма.** «Экологиялық апatty тудыратын себептер» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңыздар.

 **5-тапсырма.** Әл-Фарабидің «Бейқамдық сәтсіздікке бастайды» деген нақыл сезін тақырыппен байланыстырып, баспасөз параграфына хабарлама жазыңыздар.

 **6-тапсырма.** Мәтінді оқып, әрбір азатжолдағы ойды жинақтаңыздар. Негізгі мәселелерді тірексызба арқылы көрсетіңіздер.

Адам өмірі табиғаттың қолдауына байланысты. Адам денсаулығы су, ауа, күн көзінің қуаты, тағам және т.б. қажеттіліктерге мүктаж. Денсаулықты сактау, табиғатпен санасу, қоғам тұтынушыларының қундылығын ескеру деген мәселелер экологиялық мәдениет жүйесін құрайды.

Экологиялық мәдениет ресурстары бар табиғат мүмкіншілігі мен оның талаптарын өлшең ескеруді қалыптастырады. Коршаган орта мүмкіншілігі жеке адамдардың тұтынушылық жүйесін экологиялық тұргыдан негіздеуді қажет етеді. Жеке мәдениеттің ен бір манызды белгісі – ғылыми және этикалық негіз нормативінің болуы, ал тәртіп-сіздік мәдениетсіздіктің белгісі болып табылады.

Адам – табиғаттың бір белгі. Сондыктan табиғатка карсы жасалған барлық іс-әрекет адам табиғатына, оның психикасына, ойлау кабілетіне, әлеуметтік белсенділігіне ықпал етеді. Осыған байланысты білім стратегиясын өзгерту, жалпы білім беру жүйесінде тұлғаның дамуы, адамдардың қызметінде табиғатты корғау, жана педагогикалық қундылықтар мен технологияларды пайдалану манызды.

Тұлға өзінің қоғамдағы қарым-қатынасын экологиялық мәдениетке негіздел, табиғатпен және коршаган ортамен бірлікте жолға коюы қажет.

Ж. Жатқанбаев. «Экология негіздері»

 **7-тапсырма.** Экологиялық мәдениетке қатысты тұлғалық қасиеттерді санамалап, тезис түрінде жазыңыздар.

 **8-тапсырма.** Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, «Табиғат пен адам – бірлікте» деген тақырыпта шағын эссе жазыңыздар (көлемі – 200–250 сөз).

 **9-тапсырма.** Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауп беріңіздер.

- Бүгін сабакта мен не білдім?
- Бүгін қандай тәжірибе алдым?
- Ғаламда коршаған ортага байланысты қандай мәселе орын алып отыр?
- Кешегі күнмен салыстырғанда білімім толыкты ма?

3-4-сабак Арап теңізінің жай-күйі

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Суреттерден не байқадыныздар? Арап теңізі туралы ой бөлісініздер.



2-тапсырма. Өлеңді түсініп оқыңыздар. Ақын қандай мәселені көтеріп отыр? Эр шумақтағы ойды жеткізіп түрған тіркестерді анықтаңыздар.

Арап

Құла түздін, құлқын шелдің дауасы –
Кек теңізден таппасынды табасын.
Қазақ бірақ атапты оны Арап деп,
Мухитым деп санаған соң даласын!

Жазирада желмаямен желгелі,
Жағасына жайғасыпты ел келіп.
Женіп алған теңіз деген атакты ол,
Жаралғанмен о басында көл болыш.

Тұган жерде мен ештеңе талғаман,
Тұзды сордың ащысы да бал маган.
Талай ғасыр емгенменен Арады,
Татыр шелдің өзі қактай алмаған.

Сырды теңіз сімірудей сімірді,
Теңізді құм сімірудей сінірді.
Бүгін Арап армандаиды құшсам деп,
Бұрандаған өзендерін Сібірдін.

Көніл шелін қалай ғана женбейін,
Теніз жанын ұққандаймын мен кейін...
Осал болса, жатар ма еді бұл теніз
Мұхиттан да жоғары ұстап деңгейін!

Арал тенізі
мұхит
дегеінен
53 метр жоғары

Қос дария күшагына толғанда,
Ұлан-асыр дәулет деген ол манда.
Мактанасын,
Мақтанбайсың қалайша,
Тауың түтіл, теніз биік болғанда!

К. Мырза Әзі



3-тапсырма. Ақынның мақтандырылған сөздері мен сөз тіркестерін қандай сөздермен аудиоформалданған? Немен мақтана-мымыз? Өз ойларыңызды нақты деректер көлтіріп дәлелденіздер.



4-тапсырма. Өлеңдегі мына сөздер мен сөз тіркестерін қандай сөздермен аудиоформалданған? Сәйкестендіріп жазыңыздар.

құла тұз	кел-кесір
Кек теніз	байлық
дауа	әлсіз
желмая	айдала
осал	теніз
дария	ем
ұлан-асыр	Арал
дәулет	түйе



5-тапсырма. Қарамен берілген өлең шумағының экологияға қатысы бар ма? Бар болса, берілген сөздерді қолданып түсіндіріңіз.

Өзгеріс, тапшылық, қуанышылық, нұксан келтіру, арту.



6-тапсырма. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, еліміздегі экологиялық апат аймақтары жөнінде ізденіс жұмыстарын жүргізіңіздер. Ақын өлеңіндегі ойды қазіргі экологиялық жағдаймен байланыстырып айттыңыздар. Өз ойларын негізделеп айтқан топ женіске жетеді.



7-тапсырма. Суреттен қандай ой түйдіңіздер? Еліміздегі зиянды өндірістердің қоршаған ортаға тигізетін зардабы қандай? Олардың зиянды әсерін азайту үшін қандай шаралар жасау керек? Таныстырылым жасаңыздар.

Улgi .

Үлкен қалаларда орналасқан зауыттардың зиянды әсері орасан. Біріншіден, атмосферага тутін шығаратын үлкен мұржалардан адам денсаулығына зиян улы заттар шығады...



8-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап берініздер.

- Сабакта берілген тапсырмаларды орындаң алдыныңдар ма?
- Топта бірлесіп жұмыс істеу қын болды ма? Неліктен?
- Не нәрселер қындық көлтірді?
- Қай оқушыға жоғары баға беруге болады?



5-6-сабақ

Қ. Мырза Әлі. «Аралым» өлеңі

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Қазақстанның экологиясы дегенде неліктен алдымен Арал теңізін айтамыз?
- Арал өнірінің экологиясы не себепті бүкіл ғаламды аландастып отыр?



2-тапсырма. Ақын Қадыр Мырза Әлінің Арал тақырыбына арнаған тағы бір өлеңін тындайық (14-аудио).

Аралым

Сөзі Қ. Мырза Әлінікі
Өні М. Омаровтікі

1. Шалқыған теңіз,
Толқыған теңіз,
Көгілдір көк айдыним, көк айдыним.
Биікте жүрген,
Бұлттарды сүзген,
Бұрынғы жок айбынын, жок айбынын.
Қайырмасы :
Акку арман,
Күтемін алдан,

Сағынып қанат қаға ма?
 Толқыны тулап,
 Шагала шулап,
 Толар ма ауыл жағаға?
 Арап, сен туралы айтам ән,
 Арап, ак айдыным ансаған.
 Арап, оралсаншы кайтадан!
 Арап!

2. Қарайған жерге,
 Куанған шөлге
 Телміріп күн қарайды, күн қарайды.
 Кек дауыл жеккен,
 Кемелер шеккен
 Жағада күм борайды, күм борайды.

Кайырмасы .



3-тапсырма. Қадыр Мырза Әлінің «Арап» және «Аралым» өлеңін салыстырып, олардың мазмұнындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтаңыздар.



4-тапсырма. Өлең мәтініндегі табиғатқа қатысты атауларды тіркессен сөзімен теріп жазып, сөйлем құраныздар.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін не туралы? Әрбір азатжолда көтерілген мәселені талдау арқылы негізгі ойды анықтаңыздар.

Tірек сөздер

- Арап қасіреті
- аландау
- қалпына келтіру
- суқоймасы
- өршу

Арап өңірінің экологиясы, Арап қасіреті республика аумағынан асып, бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Оны сауықтыру бағытында Орталық Азиядағы бес мемлекет – Қазақстан, Қыргызстан, Тажікстан, Өзбекстан және Түркіменстанның президенттері бірнеше рет кездесті. Мемлекет басшыларының шешімімен Арап алабын қалына келтіру жобаларына қолдау білдіру туралы шаралар айқындалды.

Орта гасырда Сейхун деп аталған Сыр өзенінің Фархад тауын жарып ететін бір тармағына 1948 жылы Фархад ГЭС-і салынса, 60-жылдары Шардара ГЭС-і, мұнан басқа Токтағұл, Эндіжан, Шарбак суқоймалары пайдалануға берілді. Бұл іс-әрекеттер көптеген суару-судандыру жүйелерін іске косуға мүмкіндік берді.

Сырдың суын жол-жөнекей әр мемлекет жырып алғып, сонын нәтижесінде Арап теңізіне бір кездері кемерінен асып, төгіле акқан Сырдария өзенінің журнағы ғана жетіп жатты. Әмудария өзені де дәл осындағы күйде болды. Арап теңізіне негізгі суды әкеліп жаткан Сырдария мен Әмудария өзендері 60-жылдарын басында 60 текше шакырым су берсе, 1980 жылдан бастап жылына орта есеппен 4 текше

шакырым ғана су беріп келді. Ал теңізге қажетті ылғал беру үшін жылына кемінде 40–45 текше шакырым су керек. Арадың бұрынғы 66 мың шаршы шакырым су айдынынан қазір шамамен 25 шаршы шакырымға жуық су айдыны калып отыр. Бір кездері арнасынан асып-тасып жаткан алып теңіздің халі бүтінде мүшкіл. Теңіз тубінен үшкан тұзды шан әлемнің түкпір-түкпіріне жетіп жатыр. Сонымен қатар өнірде екпе-тыныс жолдары, қатерлі ісік және т.б. ауру түрлері өршіп тұр. Бұл мәселе Біріккен Ұлттар Ұйымы мен басқа да мәртебелі мінбелерден қайта-қайта көтерілуде.

«Экология – ет тағдыры» жинағынан



6-тапсырма. Екі топқа бөлініп, мәтін мазмұны бойынша өзара диалог құрыныздар. Төмендегі сұрақтарды пайдаланыңыздар.

1-топ.

1. Арад экологиясы мәселесі тек Қазакстанға қатысты ма?
2. Оны сауықтыру бағытында қандай мемлекеттер бірікті?
3. Мемлекет басшылары қандай шараларды жоспарлады?
4. Бұл шаралар қандай жүйелерді іске қости?

2-топ.

1. Сырдария өзенінің Арад теңізіне қуоына не кедергі болды?
2. Арад теңізіне құятын екі өзеннің сұы қай жылдары азайып кетті?
3. Теңіз тубінен үшкан тұздың зардабы қандай?
4. Бұл мәселе қандай үйымда көтерілді?

Сан есім

Заттын санын, қатарын, мөшерін, бөлшегін білдіретін сөздер тобын **сан есім** дейміз. Сан есім мағынасына карай 6 түрге бөлінеді: **есептік**, **реттік**, **жинақтау**, **болжалдық**, **топтау**, **бөлшектік**.

№	Сан есімдер	Сұрақтары	Жасалу жолдары	Мысалдар
1	2	3	4	5
1	Есептік сан есім заттын дәл санын білдіреді.	<i>Неше?</i> <i>Каниша?</i>	—	он, отыз, алты, елу бес, жуз, алты жуз қырық бес т.б.
2	Реттік сан есімдер заттын рет санын білшеді.	<i>Нешінша?</i>	-ынишы, -іниш, -нишы, -ниші	онынши, жетін- ші, алтынши, бесінши т.б.
3	Жинақтау сан есім- дері заттын жи- накталған санын білдіреді.	<i>Нешеу?</i>	-ау; -еу	біреу, екеу, ушеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу

Жалгасы

1	2	3	4	5
4	Болжалдық сан есімдер заттын санын шамамен, болжалдап кана білшіреді.	Қанша ? Неше ? Кай шамалы ? Қаншадан ?	1) -даган (-деген), -таган (-теген), -заган (-леген), -дан (-ден), -тан (-тен), -зай (-зен), -дай (-дей), -тай (-тей) 2) Есептік санға шақты, шамалы, тарта, тағу, жұық, жақын деген шылаулардың тіркесіүі арқылы жасалады.	мыңдаган, жұздеген, бесстен, жиырмалап, жұзден, мыңдай, алтыстай, қырықтай т.б. он шақты, жұз шамалы, мыңга тарта, отызга жұық, алтысқа таман, қырыққа тарта т.б.
5	Топтау сан есімдері заттын санын жекелеп емес, топтап көрсетеді.	Қаншадан ? Нешеден ?	Есептік санның косарланып, соңы сынарына шығыс септік жалғауы қосылу арқылы жасалады.	он-оннан, екі-екіден, бес-бестен
6	Болшектік сан есімдер заттын белшегін білшіреді.		Есептік сандардың шығыс, ілік септігі мен тауелдік жатыларында тұрып және жарым жарты, иширек сездерінің тіркесіп кетуінен жасалады.	оннан бірі, жұзден екісі, бес жарым, уш ширек, екінің бірі т.б.



7-тапсырма. Оқылым мәтінінен заттың санын, мөлшерін, ретін білдіретін сан есімдерді тауып, қандай затты сан-мөлшер жағынан анықтап түрғанын айтыңыздар.



8-тапсырма. Төмендегі есептік сан есімдерге мағыналық түрлеріне қарай жүрнақтар жалғап, сейлем құраныздар.

Уш, жеті, тоғыз, он бір, отыз уш, алпыс алты, мың.



9-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сабакта берілген тапсырмаларды орындауда не нәрселер қындық келтірді?
- Пікірталаска белсенді қатыса алдыңыздар ма?
- Сан есімдердің мағыналық түрлерін ажыратып, дұрыс колдана алдыңыздар ма?
- Келесі сабакта қандай мәселелерге назар аудару керек?

7-8-сабак**Арал экологиясын жақсарту****1-тапсырма. Ойтұрткі.**

- Табиғаттың тепе-тендігі ненің әсерінен бұзылды?
- Қалай ойлайсыздар, бұтан ғылымның әсері бар ма?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (15-аудио). Мәтіндегі негізгі мәселелерге байланысты тірек сөздерді есте сақтаңыздар.

Кейінге қалдыруға болмайтын нақты шаралар – Арал өнірі түргындарының хал-ахуалын жақсарту, жерасты суларын кеңінен пайдалану арқылы тұшы ауызсу жіберу, су-құбырлар құрылышын жүргізу, «Кекарал» бөгеті құрылышын аяктап, Кіші Аралды сумен толтыру. Теніздің тартылуы салдарынан ауанын орташа ылғалдылығы 18 пайызға төмендесе, ауа райының жылы кезеңі бір айға дейін қыскарды.

Бұл өлкедегі бұрынғы 3000-дай көлден көзіргі танда 85-і қалды. Аралдықтардың қазіргі жоспары – Кіші теңізді суға толтырып, оны бұрынғы калпына келтіру, «Кекарал» бөгетінің құрылыш жұмыстарын аяқтау. Егер «Кекарал» бөгеті болмаса, Сырдария сусы Улкен теңіз терендіктеріне барып, айданға жайылып, бостан-босқа булаңып, ауаға үшатын еді. Кіші теңіз тола бастағаннан бері оның табиғи байлықтары да көбейе бастады. Оның болашағы баянды болу үшін Кіші теңізге Сырдарияның сусын көбірек жеткізу мәселесін шешу қажет. Табиғат – ата-бабамыздан қалған қасиетті мұра. Арал өнірін экологиялық апаптан күткару үшін кепшиліктің күші, курсі қажет. Адамдарды өркениет жолында атсалысуға жігерлендіру керек.

«Экология – ет тағдыры» жинағынан



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Арал экологиясын жақсартуға байланысты қандай шаралар жоспарланған?
2. Кіші теңіз сусының молауы қандай он өзгерістер алғы келеді?
3. Мәтіндегі сонғы сейлемді қалай түсінесіздер? Өз ойларыңызды білдірініздер.



4-тапсырма. Төмендегі сан есімдерді болжалдық сан есімге айналдырып, сейлем құраныздар.

18 пайыз, 1 ай, 3000 кел, 85 су коры, 10 суқұбыры, 2 бөгет.

Тірек сөздер

- хал-ахуалды жақсарту
- жерасты сусы
- бөгеттер құрылышы
- өркениет
- жігерлендіру



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтіннің құрылымын, жанры мен стилін анықтаңыздар.

Түсіндірмे сөздік

ілтипат – ықылас
жойқын – орасан, үлкен
ашкөздікпен тонау –
 араны ашылып,
 тойымсыздықпен тонау
азып-тоза бастау – бұл
 жерде; бұлғын деген мағынада

Казак халқы – тұмысынан табиғатты сүйіп есken, коршаған ортаға үлкен ілтипатпен караған халық. Бұған күні кешеге дейін тұған өніріміздің табиғатының таза болғандығы дәдел.

Кейін ғылыми-техникалық революция болды, көптеген ірі өнеркәсіптер іске косылды. Өкінішке қарай, ғылым мен техниканың ғаламат жетістіктері, оның жойқын күшпен дамуы және адамзаттың барған сайын ашкөздікпен табиғатты тонауы биосфера дағы жаратылыштың тепе-тендік зандарын бұзды. Нәтижесінде жеріміздің ауасы тарылып, өзен-көлі бұлғынпен, жайылымдардың топырағы тілініп, коршаған ортамыз – Жер-анамыз көз алдымында азып-тоза бастады. Мұның соны азынаған желге, кышкылды жаңбырга, ормандардың мезгілсіз курауына, ауа райының бұзылуына, коршаған ортаның әртүрлі улы косылыстармен ластануына әкеліп соктырды. Коршаған ортадағы тепе-тендік бұзылды. Адамдардың денсаулығы нашарлап, ауру түрлері көбейді.

Ж. Жатқанбаев. «Экология негіздері»



6-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттарды INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңыздар. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді белгілеңіздер. Өз ойларыңызды қорытындылат жазыңыздар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлаганымда қайшы, керекар	Мен үшін жана ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді



7-тапсырма. Екі топқа бөлініп, «Ғылым мен техниканың жетістіктері» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңыздар. Бір топ жақтаушы, екінші топ даттаушы болсын.



8-тапсырма. Табиғат туралы мақал-мателдер тауып, олардың мәнін түсіндіріңіздер.



9-тапсырма. Төмендегі қанатты сөздердің бірін тақырып етіп алып әрі сілтеме жасап, баспасөз парадына мақала жазыңыздар.

Кыстағы кар – жерге ырыс,
 Жердегі ылғал – елге ырыс.

* * *

Адамзаттың табиғатсыз күні жок,
 Табиғаттың оны айтуга тілі жок.



10-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабактың басты мәселесі не болды?
- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүтін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабак маған қандай әсер қалдырыды?

9-10-сабак Дала экожүйесі

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Сабактың тақырыбын қалай түсіндініздер?
- «Бетпақдала» дегенді естігенде көз алдарынызға қандай дала елестейші?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Тақырыбына мән беріп, ондағы негізгі ойды анықтаңыздар.

Ақбөкен – киелі жануар

Тұяқты жануар жайылмаса, өзінен-еzi азып кететін «Бетпақ» аталып кеткен ұлан-байтак даламызды келер үрпакқа қалай жеткіземіз? Оның әзірге бір ғана шешімі бар. Алдымен қазақ үшін киелі жануар атанған ақбөкен санын қалпына келтіруіміз қажет.

Ақбөкен шепті тандап-талғап жейді, кой сияқты түбінен үзбейді, жогары жағынан көртіп алып кана жайылады. Көбіне әр жердегі шепті үзіп, журе жайылады. Сондыктan өсімдіктердің есуі токтамайды, керісінше тұқымын шаштырып, оны үшкір, аша тұяктарымен жерге енгізеді. Ақбөкендер кұрамында ылғалы мол шырынды өсімдіктермен коректенетін болғандықтан, сулы жерлерден алыс аймактарда да тіршілік ете береді.

1990 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында киік саны күрт азайып, жойылып кету шегіне жеткен. Зооинститут маліметтеріне сүйенсек, 2003 жылы Бетпақдала таралымындағы киіктердің 1,8 мындарасы ғана қалған. КР-ның Үкіметі шешім кабылдап, киіктерді ауқұта тыйым салды және ол шешімді 2020 жылға дейін ұзартты. 2007 жылы Ақтөбе облысынан Ыргыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватын құрып, 763 549 гектар жерді ерекше коргалатын



Түсіндірмे сөздік

Бетпақдала – сусыз мидай дала, шөл дала
көртіп жеу – аз-аздан жеу
табиғи резерват – қорық секілді қоргалатын аумақ
экологиялық дәліз – жануарлардың қоныс аударуын қамтамасыз ету

табиги аумакка бөлді. Откен жылы көршілес Қостанай облысының Амангелді және Жангелдин аудандарында да «Алтын дала» табиги резерваты ашылды. Қазіргі таңда Ыргыз-Торғай табиги резервацияның жер көлемін 409 мың гектарға ұлғайту, екі резерват аралығынан экологиялық дәліз ашуға арналған құжаттар әзірленуде. Қазақстанның орталығында ерекше қоргалатын табиги аумак кешені пайда болғалы түр. Бұл экожүйені қалпына келтіруге көмектеседі.

Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газетінен



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Бе тпақдала» деп қандай жерді атаған?
2. Осындай ұлан-байтақ жерді сактап қалу үшін қандай шара ойластырылған?
3. Қазақ халқы үшін қандай жануар киелі болып саналады?
4. Қазақ халқы ақбөкенді тағы қалай атаған?
5. ҚР-ның Үкіметі ақбөкендерді қорғау мақсатында қандай шешімге келді? Оны кашан кабылдады?
6. Қанша гектар жерді ерекше қоргалатын табиги аумакка бөлді?



4-тапсырма. Сөздікті пайдаланып, мәтіндең терминдердің мағынасын ашып жазыңыздар.



5-тапсырма. Мәтін бойынша менталды картаны толтырыңыздар.



6-тапсырма. Топтық жұмыс. «Сез жарысы».

Шартты.

1-топ. «Қаниа? Қаниадан? Нешеу? Нешінші? Қай шамалы ?» деген сұрақтар қояды.

2-топ. Қойылған сұрақтарға жауап береді.

Қай топ мысалды көбірек көлтірсе, сол топ женеді.



7-тапсырма. «Киікті қорғаудың пайдасы» деген тақырыпта екеуара диалог құрындыдар. Сұрақтарды өздеріңіз дайындаңыздар.



8-тапсырма. Берілген болжалдық, топтау және бөлшектік сан есімдерді оқылым мәтініндегі қажетті сөздермен тіркестіріп, сейлем құраныздар.

Улғи : Эр өнірде екі-үштен табиғи резерват құрылды.

Жиырмадан-отыздан, 1,8 мың, екі жарым, шамамен 2000 жылдар, үштен бірі.



9-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап берініздер.

- Бүтінгі сабактан не білдініздер?
- Сейлемде сан есімді дұрыс колдана алдыныздар ма?
- Қандай тапсырма киындық келтірді? Неліктен?



11-12-сабақ

Адам мен табиғат – егіз үғым

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Табиғат адамға не береді?
- Табиғаттың адам өміріндегі маңызына мысал келтірініздер.



2-тапсырма. Мәтінді оқыныздар. Жоспар құрып, мазмұнын өз сөздерінізben жеткізіңіздер.

Адам – табиғаттың ажырамас белігі. Адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір суруі мүмкін емес. Адам табиғатты касиет тұтады. Табиғат – тіршіліктің күт-берекесі, біздің асыраушымыз, байлығымыз, күнделікті тынығатын сарайымыз. Табиғат адам үшін – асыл ана. Өйткені адам баласы табиғатта, тіршілікте өсіп-өніп, жетілген.

Қажетін алыш, өз пайдасына жараткан. Табиғат – ырыс пен мол қазынанын, адам деңсаулығының кайнар кезі. Табиғаттағы жануарлардың мүйізінен немесе өсімдіктерден, олардың тамырларынан халық емшілері дәрі-дәрмектер жасаган. Біз киетін киімді, оқитын кітапты, жейтін тағамды – бәрін табиғаттан аламыз.

Сонғы жылдары табиғаттың ластануы дүниежүзінде үлкен мәселеге айналды. Өйткені экологияның бұзылуынан, коршаған ортаның ластануынан адам өміріне қауіп теніп тұр. Біз табиғаттағы әрбір жайқалып тұрған гүлге, мәуелеп өсіп тұрған ағашқа камкорлық



танытуымыз жақет. «Бір тал кессен, он тал ек» деген халқымыздың қағидасын басшылыққа алуымыз керек.

Біздің әрбір басқан кадамымыз, әрбір істеген ісіміз табиғатқа байланысты болғандықтан, оның өмірімізде ерекше орын алатынын ұмытпауымыз керек. Табиғатты сактау, экологияны корғау – әр адамның міндесі. Үлкен-кіші әрдайым оны таза ұстап, құрмет тұтуы жақет.

«Зерде» журналынан



3-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, «Адам табиғатқа тәуелді» деген тұжырымға өз ойларынызды білдіріңдер.

Бірінші сөйлем. Мениң ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім.



4-тапсырма. Екі топқа бөлініп, мәтіндең көптік және тәуелдік жалғауында тұрған зат есімдерді теріп жазып, мәтіндең қызыметін талдаңыздар. 1-топ зат есімнің көптік жалғауын, 2-топ зат есімнің тәуелдік жалғауын түсіндіреді.



5-тапсырма. Қосымша ресурсты пайдаланып, Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» әнін тындаңыздар.

Арканың кербез сулу Көкшетауы,
Дамылсыз сулу бетін жуган жауын.
Жан-жактан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Эрқайсысы алтын кесе аясында.
Ауасы – дертке дауа, жұпар нісі
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?

Ыргалған кекке бойлап қарағайы,
Қасында кек желекті аппақ кайын.
Жібектей желмен шарпып төніректі,
Балқытып мас қылады нісмайын.

Көкпенбек күз басынан мұнар кетпес,
Басына атсан дағы оғың жетпес.
Бір жұтсан Көкшетаудың жұпарынан,
Өлгеніше көкірегіннен құмар кетпес.



6-тапсырма. Өлеңде *Көкшетау, көл, қарағай, қайың* мен *шыңды* суреттеген айшықты, бейнелі сөздерді тауып, тіркескең сөзімен жазыңыздар.



7-тапсырма. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, баспасөз парагына Кекшетау туралы шағын мәтін жазыңыздар.

Шартты

- Ақын суреттеген сексен көл сакталды ма? Накты мәлімет беріңіз.
- Кекшетауга қандай күтім керек? Накты жолдарын ұсыныңыз.
- Кекшениң табиғаты адамдардың сауығуына қалай әсер етеді? Демалыс орындарын таныстырыңыз.
- Реттік, есептік және жинактау сан есімдерін орнымен пайдаланыңыз.



8-тапсырма. Кім кеп табады? Экология, табиғатқа қатысты мақал-мәтедер, нақыл сөздер айтып, жарысқа түсініздер. Өлең жолдарын да пайдалануға болады.



9-тапсырма. «Экологиялық мәдениет – табиғат пен адам өмірін сақтау» деген тақырыптағы мақаланы жалғастырыңыздар.

Казак халқының табиғат құбылыстарын терен білуі аркасында экологиялық мәдениет калыптасты. Ырым-тыйым, макал-мәтел арқылы осы дәстүр ұрпактан-ұрпакқа жетіп отыр. «Атадан мал калғанша, тал қалсын», «Бұлак көрсөн, көзін аш» секілді сөздер халықтың табиғатқа деген шынайы ықыласынан туған. Бүгінде біз...



10-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Такырып бойынша не үйрәндіңіздер?
- Тапсырманы өздерініз канагаттанарлық деңгейде орындаі алдыңыздар ма?
- Сан есімнің түрлерін қолдана алдыңыздар ма?
- Өзініздің және достарыңыздың білімін бағаланыңыздар. (Оз жұмысынан, достарыңыздың топ ішіндегі әрекеттеріне көнілдерініз тола ма?)

МУХИТ – ТІРШІЛК МЕКЕНІ

Теніздің қасиеті тамшыдан танылады.

Нақыл сөз

1-2-сабак

Әлемдік мұхиттың маңызы

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- «Мұхит – тіршілік мекені» дегенді калай түсінесіздер?
- Мұхиттағы тіршілік дүниесінің адам өміріндегі маңызы неде?



2-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (16-аудио). Негізгі ақпаратты тезис түрінде дәптерлеріңзге жазыңыздар.

Тірек сөздер

- тіршілік иелері
- ғаламшар халқы
- акуыз мөлшері
- балдыр
- тыйым салу

Мұхит суы ғаламшардағы су қорынын 97 пайызын құрайды. Мұхитта Жер шарындағы тіршілік иелерінің бестен тері мекендейді. Сондай-ақ әлемдік мұхит ғаламшар халқын тағам ретінде пайдаланатын барлық жануар нәруыздарының алтыдан бір белігімен қамтамасыз етеді.

Мұхиттарда өсімдіктер мен жануарлар түрі мен 10 мындағы балдыр түрі кездеседі. Мұхит – құрамында акуыз мөлшері көп өнімдердің көзі. Мысалы, балық, моллюскілер, балдырлар т.б. Олар адамдарға кажетті акуыздың 20 пайызын береді. Теніз жағасында мекендейтін халық балық аулаумен айналысады. Балықтың кәсіптік маңызы өте зор. Кептеген елде тамакқа теніз балдырлары пайдаланылады. Мұхиттағы жануарлар саны азайып кетпеуі үшін, оларды шектен тыс аулауга тыйым салынады.

Әлемдік мұхит биосфера дағы тепе-тендікті сактауда үлкен рөл атқарады. Мұхиттың зиянды, улы заттармен, мұнай өнімдерімен және радиоактивті заттармен ластануы үлкен аландаушылық тудырып отыр. Сондықтан оны қорғау – халықаралық экологиялық өзекті мәселелердің бірі.

«Ұлан» газетінен



3-тапсырма. Сандарды сейлетіңіз. Сан есімдерді қатыстырып, сыныптастыңызға мұхиттың маңызы туралы ақпарат беріңіз.



4-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңыздар. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді белгіленіздер. Өз ойларыңызды қорытындылап жазыңыздар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымда қайшы, керегар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келіс алмаймын, білгім келеді



5-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі мәселені анықтаңыздар. Бұл мәселе қай матіндегі оймен сәйкес келеді?

Мұхиттар шектен тыс балық аулаудын, ластанудың және жылданжылға күшейіп бара жатқан климат өзгерісінің әсерінен зиян шегуде. Осыған байланысты мұхит мамандары мен табиғат корғаушылары бірігіп, Америка теңіз суларының сонғы таза жерлерін сактап қалу жолдарын іздестіруде. Олар Ұлыбританиядағы Кашестен Алясканың Алеут аралдарының батысындағы сүйк судағы коралл тогайларына дейін, одан Сан-Диегоның Кортес және Таннер жағалауларына дейін АҚШ теңіз корығын құруды көздейді. Бұл мұхиттарды сактап қалу және қалпына келтіруге арналған дүниежүзілік жүйеге ұласады.

«Теодор Рузвельт заманынан бері 1200-ден астам теңіз корығы құрылды, қазір ол АҚШ суларының төрттен біріне жетті. Алайда олар теңіз және мұхит тіршілігінің күрт тәмендеуін тоқтата алған жок», – дейді мұхит маманы. Коргалатын сулардың басым бөлігінде балық аулауга немесе басқа бір пайдалы заттар алуға рұқсат етілген.

Барак Обама тарихи немесе ғылыми маңызы бар қоғамдық орындарды корғауға мүмкіндік беретін «Көнелік актісі» бойынша бұл мәселені екі жерде іске асыруға талпыныс жасады. Біріншіден, Гавайдың солтүстік-батысындағы Папаханаумокуакеа үлттық теңіз монументі ауданын 4 есе ұлғайтып, 1,5 миллион шаршы шакырымнан астам аукымға жеткізді. Бұл – жойылуға айналған көк киттер мен итбалыктар, тунецтер мен акулалар секілді ең мықты жыртқыштар, сонымен катар ғаламдық жылыну кезінде сакталып қалу ықтималдылығы жоғары, Қызыр солтүстікке ең жақын орналасқан әрі ең таза коралл рифтері коргалатын қауіпсіз жер.

«National Geographic » журналынан



6-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мұхит мамандары мен табиғат корғаушылары нені сактап қалудын шараларын іздестіруде?
2. Табиғат корғаушылары не құруды көздейді?
3. АҚШ-та қанша теңіз корығы құрылған?
4. Барак Обаманың «Көнелік актісі» нені іске асырды?
5. Папаханаумокуакеа үлттық теңіз монументі қанша шакырымды алып жатыр?



7-тапсырма. Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, олардың жасалу жолын анықтаңыздар.

**8-тапсырма.** Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгін не үйрәндіңіздер?
- Сабак бойынша қандай сұрақтарының бар?
- Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

**3-4-сабақ****Орталық Азия су аймағы**

1-тапсырма. Қазақстандағы өзен, көл, теңіз атауларын жазып шығыңыздар. Бұлар тіршілік мекені бола ала ма? Үш топқа бөлініп, өз ойларыңызды дәлелденіздер.



2-тапсырма. Мәтінді тынданыздар (17-аудио). Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазып, мағынасын анықтаңыздар.

Орталық Азия су аймағының табигаты ете нәзік. Орталық Азияның 60 пайыздан астам шелейт жерлері шөл дағаға айналып кетуі мүмкін. Адам үшін маңызды болып табылатын су ресурстарын зерттеу және корғау мәселесін шешуде көптеген дерекі қателіктер жіберілуде. Соның бастысы – өзендер мен көлдердің ірі көлемде ластануы. Су ресурстарының жок болуының негізгі қаупі дәл осында деуге болады. Өзендер мен көлдерге ағызылатын ағынды сулардың әрбір текше метрі таза өзен мен көл суларының ондаған текше метрін ластайты. Су, мүмкін, көп шығар, бірақ ол ластанған жағдайда, мұндай судын пайдаласы жок, оны адам иғлігіне пайдалануға болмайды. Өйткені ол адам деңсаулығына қауіп төндіреді.

«Экология және ұттың деңсаулығы» жинағынан



3-тапсырма. Мәтіндегі көтерілген мәселені анықтап, сыныптастыңызға түсіндіріңіз.

Есімдік

Басқа есім сез таптарының орнына қолданылатын сөздерді **есімдіктер** дейміз. Есімдік мағынасына карай жетіге бөлінеді:

№	Есімдіктер	Түрленуі	Мысалдар
1	2	3	4
1	Жіктей есімдігі үш жақта – жекеше, көпшіле, аныбы, сырый түрде қолданылады. Жіктеу есімдіктері мыналар: мен, біз, біздер, сен, сіз, сендер, сіздер, ол, олар. Сұрақтары: кім? не?	Жіктеу есімдіктері көптегенді, септеледі, тәуелденеді. Жіктеу есімдіктері тәуелденгенде -нікі, -дікі, -тікі журнектары арқылы жасалады. Есте сакта! Мен есімдігінің көптік түрі болмайды.	сен – сендер; мен – менің – маган – мені – менде – менен – менімен; біз – біздікі
2	Сілтеу есімдіктері нәрсені, құбылысты нұсқайды. Сілтеу есімдіктері мыналар: бұз, осы, ол, сол, ана,	1. Тубір және туынды тұлғада кезделеді. 2. Сілтеу есімдіктері зат есім орнына жұмсалғанда,	осы – осынау осы – осылар; ана – аналар; мынау –

Жағасы

1	2	3	4
	анау, мынау, сонау, осынау, эне, миңе . Сұрағы: қай?	көптеледі, тәуелденеді, септелеңді. 3. Есте сакта! Анау, мынау, осынау, сонау есімдіктері септелмейді. Бұл, сол, ол сілтеу есімдіктері (мен, сен, ол жіктеу есімдіктері сияқты) септелеңді.	мынауың; осы – осыныңыз; ол – оның – оған – оны – онда – одан – онымен
3	Сұрау есімдігі – жауап алу мақсатында койылған сұраптар. Сұраптары: кім? не? кімдер? нелер? неше? қанша? қай? қайда? қайдан? қалай? қашан? қандай? нешеу? нешиши?	Сұрау есімдіктері кептік, септік, жіктік, тәуелдік жалғауларын қабылдайды.	кімдер? нелер? кім? несі? кімге? неге? – Кімге берді? – Асанга .
4	Өздік есімдігіне бір тана өз сөзі жатады. Бұл сөзге тәуелдік жалғауы жалғаныш, заттық магынада жұмсалады: өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздеріңз, өздері .	Оз есімдігі косарланып та жұмсалады. Оз есімдігі тәуелденгенде заттанып барып септелеңді, жіктеледі.	өз-өзінен, өзімен-өзі! Мен қазір өзімде-мін (өз бөлімемде отырымын). Өзім-де-мін – тәуелдік жалғауы+жатыс септігі+жіктік жалғауының 1-жагы
5	Белгісіздік есімдігі – белгісіз мәнде айтылатын сөздер. Белгісіздік есімдіктері мыналар: әркім, әрқашан, әрбір, біреу, әрқайсысы, алдекім, әлдеқашан, алденеше, кейбір, кейбіреу, бірнеше.	1. Түбір және туынды тұлғада кездеседі. 2. Белгісіздік есімдіктері кептік, тәуелдік, септік жалғауларын қабылдайды. 3. Әлде, әр, кей, қай, бір есімдіктері зат есіммен тіркессендеге бөлек жазылады.	әр – әркім, кей – кейбіреу; кейбіреу-лер, әлде-кім-нің, біреу-ге; әр оқушы, кей баға
6	Болымсыздық есімдігі болымсыздық мағынаны билдіреді. Болымсыздық есімдіктері мыналар: ешкім, ештене, ешбір, ешқандай, ешқашан, еш нәрсе, ешқайда, ешқайсысы .	1. Түбір және туынды тұлғада кездеседі. 2. Зат есім орына колданылатын болымсыздық есімдіктері септелеңді, тәуелденеді, кейде көптеледі. 3. Зат есіммен тіркессендеге бөлек жазылады. 4. Болымсыздық есімдігі жіктелмейді.	еш – ешбір, ешкім ештенелері; еште-несіне еш уақыт

Жалғасы

1	2	3	4
7	Жалпылау есімдігі жалпылау, жинактау мағыналарын білдіреді: бері, барлық, барша, күлі, бүкіл, бүтін.	1. Тұбір және туынды тұлғада кездеседі. 2. Бар, барлық, барша есімдіктері тәуелденсе, бүкіл, бүтін, күлі есімдіктеріне тәуелдік жалғауы жалғанбайды. 3. Жалпылау есімдігі жіктелмейді.	бар, бүкіл, күлі, барша, барлық барлығын, берің



4-тапсырма. Біз, өз, сол, әлдене, бері есімдіктерін септеңіздер. Қандай ерекшелікті байқадыңыздар?



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Тілдік ерекшеліктері арқылы стилін анықтаңыздар.

Траншегаралық өзендер проблемасы – Қазақстан мен Қытай қарым-катаинасындағы ең еткір проблемалардың бірі. Екі ірі өзен – Ертіс және Іле Қытай жерінен басталып, Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Ертіс Ресей жері арқылы да өтеді. Қазақстанның онтүстік-шығысы үшін бұл өзендер су пайдалану жүйесінің негізі, игіліктің көзі болып есептеледі. Себебі бұл өзендердің су көлемі азайса, ауылшаруашылық, су энергетикасы, өндіріс, экология салаларындағы мәселелер курделене түседі. Бірінші кезеңде траншегаралық су ресурстарын бірігіп пайдалану саласы бойынша Қытаймен екіжақты келісімшартка кол койылу керек. Болашакта ортақ су комиссиясын калыптастыру, Ертіс өзені ресурстарын пайдалану және оны корғау жөнінде үшжакты (Қазақстан, Ресей, Қытай) келісімшартка кол кою, судың көлемі, сапасы жағынан көрсеткіштерінің, өзгеру үрдісінің біріккен мониторинг жүйесін күру және шұғыл түрде акпарат алмасу қарастырылады.

«Егемен Қазақстан» газетінен



6-тапсырма. Мына сұрақтар бойынша ой бөлісініздер.

1. Қазақстан аумағындағы қанда й өзендер траншегаралық өзендерге жатады (олардың тарапу аймағын картага сыйып көрсетініздер)?
2. Траншегаралық өзендер проблемасы немен байланысты?
3. Қазақстанның онтүстік-шығысы үшін бұл өзендердің маңызы қандай?
4. Қандай мемлекеттер тарапынан үшжакты келісім жасалды?



7-тапсырма. Судың азаюы қандай салаларға кері әсерін тигізуде? Өз ойыңызды жазыңыз. Жазбаңызда жіктеу есімдіктері болсын.



8-тапсырма. Екі топқа бөлініп, «Болашақта ортақ су комиссиясын қалыптастыру, Ертіс өзені ресурстарын пайдалану және қорғау жөнінде үшжақты (Қазақстан, Ресей, Қытай) келісімшартқа қол қою» деген сөйлемге түсінік берініздер. Ортақ су комиссиясы қандай мәселелерді қамтиды? Болжам жасаңыздар.



9-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап берініздер.

- Сабакта қандай маңызды ақпараттарды білдініздер?
- Мәтіндерде көтерілген мәселелерді анықтай алдыңыздар ма?
- Жүпшен бірлесіп жұмыс істеу киын болды ма?
- Не нәрселер киындық келтірді?
- Қай оқушыға жоғары баға беруге болады?



5-6-сабақ

Каспий теңізі

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Су тіршілік шелеріне не береді?
- Неліктен адам баласының тағдыры суға байланысты?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Каспий теңізі туралы қосымша тағы қандай мәліметтер білесіз? Толықтырыңыз.

Каспий теңізі – Еуропа мен Азия аралығында орналасқан Жер шарындағы ғаламат түйік көл. Үлкендігіне қараған, оны теңіз деп атайды.

Теңізге құятын өзендер мен коректік заттын мол тасымалдануына байланысты Каспий теңізі балыққа бай, итбалақ та көп кездеседі. Балықтар мен итбалақтың үлкен кәсіптік маңызы бар. Ең бағалы балықтарға бекіре тұқымдастары жатады. Дүниежүзінде жыл сайын ауланатын бекіре тұқымдастарынан 80 пайызынан астамы Каспий теңізінің улесіне тиеді. Каспийде есімдіктердің 500 түрі кездессе, балық пен жануарлардың 769 түрі мекендейді.

Казіргі кезде онда құстардың 260 түрі бар. Тек Каспийдің шығыс жағалауында жыл сайын 2 миллион құс қонактайды. Кей жылдары суда жүзетін 3 миллиондай құс кыстап шығады.

Қайраннан мұнай мен газ өндірілетіндіктен, теңіз айдынын қорғау үшін ерекше экологиялық шараларды жүзеге асыру қажет.


Тірек сөздер

- ғаламат
- түйік көл
- итбалақ
- кәсіптік маңыз
- су айдыны
- экологиялық шаралар



3-тапсырма. Сұрау есімдіктерін пайдаланып, мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындаңыздар.

Ә. Бейсенова



4-тапсырма. Төмендегі сөздерді қатыстырып, Каспий тенізін суреттейтін шағын мәтін жазыңыздар.

Фаламат, айдын, бұғаз, мүйіс, күрлек.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай тақырыпқа арналған?



Каспий тенізі аркылы 3 миллионнан астам құс ұшып өтсе, оның экожүйесі планктон, бентос пен балықтың жүзделген түрінен тұрады. Бес мемлекет пен миллиондаған адамның тағдыры осы тенізге тіке-лей байланысты. Бұгінде теніздің экологиялық жүйесіне тұраксыздық қаупі төніп тұр. Мәселен, осы тенізге ғана тән итбалықтың қырылуы,

уылдырық шашатын көксерке балыктарының азаюы – соның дәлелі. Соңықтан 1996 жылы IUCN (Халықаралық табиғатты қорғау одағы) Каспий итбалығын «қорғалмаған» санатымен тізімге алған. Алайда 2008 жылы оған «жойылу қаупі төнген» деген мәртебе берілді. Өйткені 2006 жылдан бері 5 рет итбалықтың жаппай қырылу фактісі тіркеліпті.

Мамандар итбалықтардың қырытуына әсер ететін бірнеше себепті атап көрсетті: кеме қатынасының жиілеуі, Каспий тенізінде мұнай-газ ісінің каркынды дамуы, су астында қалған ұнғымалар, ауыр тұрмыстық қалдықтардың тасталуы, балықшаруашылығының жедел дамуы т.б. Аталған ұнғымалар Каспий тенізінің ластануына әкеліп, итбалық иммунитетінің төмендеуіне әсер етіп отыр. Каспийдің каркынды игерілуі кеме қатынасының да жандануына ықпалын тигізеді. Кеме қатынасының дамуы үшін мұзжарғыштар жүріп өтуі тиіс. Бірак сол мұзжарғыштар итбалық күшіктерінің кіндігі қатып, бұғанасы бекуіне қажетті мұздарды қырық беледі. Бұл бірнеше жыл катарынан қыстын жылы болуынан ба, алде жаһандық жылыну құбылысының әсері ме, белгісіз. Бірак мұз болмаса, итбалық та болмайтыны анық.

К. Әбдірайым



6-тапсырма. Итбалықтардың қырылу себептерін диаграммаға түсіріңіздер. Өз ойла-рыңызды дәлелденіздер.



7-тапсырма. Мәтіндегі түсіндіруді қажет ететін термин сөздерді іріктең алып, сыйып-тасыңызға түсіндіріңіз.

Улғи . Ластану – адамға және табиги ортага зиянды әсері бар химиялық, физикалық, биологиялық заттардың коршаған ортага залал келтіруі.



8-тапсырма. Оқылым матіндерінен жіктеу есімдіктерін теріп жазып, сұрақ қою арқылы олардың қай септікте тұрғанын анықтаңыздар.



9-тапсырма. Ойтаразы. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабак мазмұны бойынша жұпта талқылаңыздар.

- Жана оқыған 3 факті;
- женіл болған акпарат;
- киын болған акпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін акпарат.



7-8-сабақ

Ә.Нұрпейісов. «Қан мен тер» романы

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Төменгі сыйыпта оқыған Әбдіжәміл Нұрпейісовтің теніз туралы шығармасын еске түсіріңіздер. Шығармадағы оқиға кай жерде өтеді?



2-тапсырма. Шығармадан алынған үзіндіні тыңдаңыздар (18-аудио). Үзінді не туралы? Мәселені анықтап, ат қойыңыздар.

Райдын үйіне жиналған балықшылар бүтін де теніз жайын, балық жайын, ауа райын әнгімелеп, әр сакка жүгіртіп жатыр еді. Аттылы біреу кеп есік алдына токтады. Дүр етіп аттан түсті. Шылбырын босағаға байлай салды да, сәлем беріп кіріп келді.

- Шаруанды айт, – деді Еламан.
- Саған кісі керек дейді гой.
- Нә, керек.
- Өзіңе мұз оятын адам керек пе?
- Ал, керек.
- Ендеше, мені ал!

...Теніз үстінің дауылы тіпті алемет. Толқындар ірілене бастаған. Қаптай соккан кара дауыл Аралдың айқай желіне ұласты да, теніз үсті уылдан-шуылдан, үйдей-үйдей толқындар су бетіне ереуілдеп ойнап шығады. Үйдей толқындар енді ес жиғызбады. Бірінен кейін бірі гүрілдеп келіп, онсыз да бір батып, бір шығып малтығып келе

жатқан қайықты сүзеген бұқадай қағып өтеді. Қайық төнкеріле жаздағ, екі қапталымен су сабалай бастады...

Балыкшылар караңғыда қайдан шыққандарын білмесе де, кара дауыл күған үй аумағында мұздың ілгері жағы бір түйікқа тірелгенін іштері сезген-ді. Тунде токымдай-токымдай мұздың бірінен-біріне секіріп жүргенде, Итжемес аяғы тайып суга кетті. Колы, аяғы үсіген Құлтуманың козғалуға шамасы жок, мұздың ығында анадай жерде дір-дір қағып қалышылдағ жатыр. Бұл екеуінен басқа тағы да үш кісі суга кетті ме, әлде ықкан мұзбен ұлы тенізге кетті ме, өлі ме, тірі ме, белгісіз...

Ә. Нұрнайсов. «Кан мен тер» романынан



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Кейіпкерлердің әнгімесі не туралы болды?
2. Әнгімені кім бұзды?
3. Тенізге шықкан балыкшылар неге тап болды?
4. Теніз үстінде қандай жағдай орын алды?



4-тапсырма. Теніз үстіндегі дауылды өз сөздеріңізben суреттеп жазыңыздар.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Оқиғаны тыңдалым мәтініндегі оқиғамен салыстырыңыздар. Тірек сөздер арқылы ондағы ортақ ойды дәлелденіздер.

Сонан бір кезде дауыл басылып, бозарып таң атты да, төнірек көріне бастады.

- Караптү!..
- Эй, мынау Караптү кой!
- Біз Караптүтен шығылсыз.
- Эй, ана қарайған не?
- Қайсы?

– Эне, әнекей! – деді де, Кәлен сонан артық тілге келмей жүгіре жөнелді. Оның сонын ала Мөнке мен Еламан, Рай, тағы бірнеше кісі жүтірді. **Бұлар жақындағанда, әлгі қарайғанның үстінен дүрк көтеріліп қарғалар ұшты.** Кәлен жеделірек басып қасына келсе, әлгі қарайғанның бірі түйеші Жалмұрат та, ал онан колсозымдай әрегіректе жатқан Сары бала екен.

– Еламан, сен тезірек елге жет, – деді Кәлен, – біз кісі-қарага баскөз боп осында кала тұрайык.

Еламан тілге келмей жөнеле берді.

Сол түні балыкшы ауылда бір тірі жан көз ілмеді...

Бір топ атты ауылдың тұсынан тасырлатып шауып өтті. Кіл кара шекпенді. Ішінде Федоров пен Курнос Иван бар.

...Күтпеген жерден құла ат осқырынып, жолдан шыға жалт берді. Ерден ұшып түсे жаздаған Шодыр тізгінді тез тартып, ат үріккен

жакқа карап еді, қарсы алдында жолын кеселеп біреу тұр екен. Федоров аттан қарғып түсті.

- Сен бе?
- Нә, мен.
- Ау-құралдарын қайда?

Еламан үнсіз. Тымас астынан атын жіберердей қадала қараган көзді орыс байы енді байқады.

- Ау-құралдарын қайда?

— Сен... иттің баласы! Адамдарын қайда деп неге сұрамайсын? — деді Еламан ақырып темір сүйменді күлаштай сермеп. Шодыр тізгін үстаган колымен басын корғап, бұғып қалды. Ізының басына тиген сокқыдан есенгіреп кетті. Басын шайқап жіберді. Қалың киімді бойымен Еламанды астына баса қалмак болғанда, Еламан артына қарай ытқып, орыс байының құшағынан сытылып шыкты да, кайта үмтүлды. Бұл жолы сүймен Федоровтың дәл қарагұсына тиіді. Қулакшын астынан қан сау етіп, бет-аузын жуып кетті. Қалың киімді, батыр тұлғалы ірі кісі гұрс етіп етпеттей құлады. Еламан сүйменді лактырып жіберді...

Түсіндірме сөздік

тілге келмеу – үндемеу
кез ілмеу – кез шырымын алмау, ұйықтамау
жолын кеселеу – жолында кесе-көлденең тұру, жолын бөгу
қарагұс (анатомиялық атат) – шүйде

Ә. Нұртейісов, «Кан мен тер» романынан



6-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлем нені білдіреді? Болжам жасаңыздар.



7-тапсырма. Шығармадағы кейіпкерлерді атап, оларға мінездеме беріңіздер. Олар қандай жағдайға тап болғанын бірлесіп әңгімеленіздер. Оқиға немен аяқталды?



8-тапсырма. Мәтін үзіндісіндегі есімдіктердің қандай мағынада қолданылып тұрғанын анықтаңыздар.



9-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Көркем шығарма үзінділерін кім жақсы түсінді?
- Романың кейіпкерлері кімдер?
- Сөйлемнің мағынасы бойынша жасаған болжамдарының дұрыс келді ме?



9-10-сабак Ебейсін қыстауы

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Қалай ойлайсыздар, оқиға әрі қарай қалай өрбиді? Еламанның тағдыры не болмақ?



2-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (19-аудио). Оқиғаға арқау болған негізгі мәселені анықтаңыздар.

Кешкі астан кейін көңіл бірлеген Ебейсін мал қыстагуға қырда емес, теніз жақтың тиімді екенін айтты. «Тіпті бар-ау, – деді ол, – кайсыбір қақаған карлы боранды сұықта қыруар майды ит тұмсығы батпайтын калың камысқа айдан жіберсен, ығы да жетеді, корегі де табылады».

– Қындық көріп бара жатсан, тұра өзіме кел, «мал-жанына пана беретін, шүкір, жағдайым бар», – деп еді, Төлеу:

– Ракмет, Ебейсін ага. Апыр-ай, теніз жаны мал ұстаган шаруаның нағыз керегі болды ғой. Көшем, барам.

– Кел. Қырды тастап тұра өзіме кел.

Жасағанберген мыналардың әнгімесіне араласқан жок. Үйкі қысыш, көзі құм түскендей түйіліп отыр. Ондайда ана екеуінің дауысы алыстан, әлдекайдан күнгірлеп естіледі. Кейде кара казанда кайнап жатқан сұр нісі танаудың қытықтап, асқа ансары ауып, ауық-ауық басын шыдамсыздана кетеріп алады.

– Апыр-ай, Ебейсін ага... сонымен мал ұстаган кісіге қыс айларында қырдан теніз жағасы тиімді дейсін, ә? – деді Төлеу.

– Айттым ғой, сұрай беріп қайтесін. Көшіп кел. Көмектесем.

Сөйдеді де, Ебейсін Жасағанбергенді оятып тыска шыкты. Корша шетінен иттер үрді. Қаскыр ма деп, иттер үрген жаққа жүре түсті де тоқтады. Ай жарық еді.

Қос атты парлап жеккен женіл шаналы біреулер бұлардың жанынан жез конырауы шылдырап, ағызып өте шыкты да, үйге жете бере ат басын бір-ак тартты.

Шанада отырған төрт кісінін бірі – ат айдаушы, екіншісі – кім екені белгісіз, тонға оранып алған. Қолында мылтық. Қалған екі кісінің қол-аяғында темір кісен...

Ә. Нұрнайісов. «Кан мен тер» романынан



3-тапсырма. Мәтінді құрылымына қарай неше бөлікке бөлуге болады? Әр бөліктегі мәселені анықтаңыздар. Мәтіннің соңғы азатжолында суреттелген екі кісі кім деп ойлайсыздар? Диалог құрыңыздар.



4-тапсырма. Мәтіндегі есімдіктерді мағыналық түрлеріне қарай ажыратып, кестені толтырыңыздар.

Есімдіктер	Мағыналық түрлері



5-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар.

Жасағанберген ишінан сызырылып тусіп бара жатқан пальтоны жағасынан жоғары тартты да, үйге беттеді. Төлеу мен Ебейсін үйге онан сәл кейінірек кіріп еді, іле-шала есік кайта ашылды да, ішке екі жас кірді...

– Оу, Жасанжан!.. Ой, айналайын... Ал аман-сау барсың ба? Дені-карның сау ма? – деп, әлгі екеу екі жақтан жалпылдай бастады.

Ебейсін өзінің қасына кеп тақымдаса отырып алған қаба сақалды жуан қараны бүйіріне тұртіп:

— Кастанында тағы біреулер бар емес де еди? — деп еді.

— Ой, балыкшы ғой. Шалқарға айдан апара жатырмыз.

— Олар кайда?

— Түйе кораға қамап тастадық.

— Оларды ішке алса кайтеді? Тоңады ғой, — деді Жасаганберген.

— Жасанжан-ау, олар қылмысты, кісі өлтірген, — деді қаба сақал.

— Солай шығар. Бірақ олар да адам баласы ғой...

Ебейсін мен қаба сақал екі кісіні кол-аяғындағы темір кісенді шылдыратып, ішке алып кірді. Екеуі де қатты жаураган. Әсіресе бала жігіт қалышылдан үшіп барады еken. Айғанша жүгіріп барды да, пеш түбіндегі жылы орынға төсек жайды.

— Отка жакындандар! — деді кемпір. — «Жұздің түсін білгенше, бірдің атын біл» деген. Шырағым, есімің кім?

— Ел-а-ман...

— Мына бала ше?

— Менің інім. Аты — Рай.

— Қадірлі ана, біз теңіз жағасында тұратын балықшылар ауылышынаныз.

— Е-е! «Адамның басы — Алланың добы». Не боларына кімнін кезі жеткен? Мыналар сені кісі өлтірді дейді. Қайдан білейін, адам аласы ішінде ғой, түріне қарасам, иманмен қаптап қойғандай еken, — деді кемпір.

Еламанның үсік шалған беті сұрланып, біраз отырып барып:

— Kісі өлтіру қәсібім емес еді, қадірлі ана. Құдіреті журіп тұрғандар оған койды ма? — деп, ол демі дірілдеп тоқтады да, — қыска күнде қырық еле бергесін, кайтейін, тым құрыса, бірін өлтіріп, жастығымды алып жатқым келді. Қадірлі ана, біздің жайымыз осы, — деді.

Үй іші жым-жырт. Еламанның ентігіп, ауырлау дем алған тынысы ғана естіліп тұр.

— Эй, Төлеу, — деді қария үлкен баласына, — тұр, мына балага малынды сой да, жақсылап қонақасы беріп жөнелт...

Ә. Нұрле Ысов. «Қан мен тер» романынан

Түсіндірмे сөздік

қалышылдан үшіп барады — дірілдеп қатты тоңды иманмен қаптап қойғандай — иманды, ар-ұяты мол жастығымды алып жатқым келді — есемді жібермедім, кегімді алдым



6-тапсырма. Қаба сақал мен қарияның әрекеттеріне баға беріп, монолог құрыңыз.



7-тапсырма. Қарамен берілген сөйлемде баяндалған жағдаятқа өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер. Қазақ халқының салт-дәстурімен байланыстырыңыздар.



8-тапсырма. Екі бағандағы сөздерді сәйкестендіріп, бірінің орнына бірін ауыстырып қолдануға болатынын анықтаңыздар.

көніл бірлеген	адам ете алмайтын
кыруар мал	сүрленген еттін пісі
шт тұмсығы батпайтын	сансыз көп мал
сүр пісі	ызаланғанын көрген
аңсары ауыпп	ар-ұяты мол
куйіп-піскенін көрген	тәбеті ауыпп
имманмен каптап қойғандай	көнілі жайланаған



9-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабак маған қандай әсер қалдырды?
- Сабакта өзімді қалай сезіндім?



11-12-сабак Экеден қалған байлық

1-тапсырма. Ойтурткі.

- Шығармада кай кезең суреттелген?
- Арал тенізіндегі балықшаруашылығы қандай күйде болған? Болжам жасаңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (20-аудио). Мәтін не туралы? Парталас досыныздың түсінген, түсінбегенін білу үшін оған сұрақтар қойыңыз.

- Шодырдың баласы Аралға келіпті ғой, – деді Тәнірберген.
- Сондай сыйбыс бар.
- Жок, анық көрінеді.
- Болса болар. Экесінін күнин күнип келе жаткан шығар.

– Ол күнды қайтсін. Рас болса, әкесінің промсолын сататын сиякты. Дәмелі кіслер осында жиналатын көрінеді.

– Апыр-ай, ә! Малға айырбастай ма екен, алде тазалай акшага сата ма екен?

– Ақшага сатады ғой. Жен білетін кіслер «заманына қарай амалы» демеуші ме еді? Шодырдың промсолын сатып алсак қайтеді?

– Жоқты соғасын. Тәйірі, орыстың кәсібі қазактың колынан келуші ме еді?..

Түсіндірме сөздік

заманына қарай амалы – заманыңа қарай әрекет қыл, заманыңа лайық алғыр бол
промсол – 1) балықтың түрі; 2) балық аулайтын және консервілейтін жер
ұсынан шығармау – билігінен, өкімінен, қарауынан шығармау

— Е, несі бар? Орыс та өзіміздей адам емес пе?.. Промсол қолыңа тисе, осы өнірдің Құдайдан кейінгі қожасы сен боласың. Ол кезде кедей-кепшікке баар жер, басар тау қалмай, бәрі саған тығылады.

Құдайменде інісінің ар жақ ойын енді ангарды. Промсолды өз қолына алса, сонда балықшыларды уысынан шығармай үстап отырар еді ғой. Алғашқыда бұған Құдайменде қызығып қалса да, уәде байлар жерде қолын бір сілтеді:

— Кой, шырағым, ата-бабан әуестенбеген кәсіп, соныра халық алдында құлқі боп жүрерміз...

Ә. Нұрнайісов. «Қан мен тер» романынан



3-тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер.

1. Шодырдың баласы Арапға не үшін келді?
2. Тәнірберген ағасына қандай ұсыныс жасады?
3. «Промсол қолына тисе, осы өнірдің Құдайдан кейінгі қожасы сен боласың» дегенді қалай түсінесіздер?
4. Шодырдың промсолын сатып алуға Құдайменде неліктен қарсы болды?



4-тапсырма. Мәтін үзіндісінде қандай қоғамдық-әлеуметтік мәселе көтерілген? Пікірталас-диалог құрып, анықтаңыздар.



5-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар. Мәтінді оқуда интонациясына ман бере отырып, кейіпкерлердің көніл күйін жеткізіңіздер.

Ебейсін ішке сүріне-қабына кірді.

- Мырза... мырза, көз ұшынан бір кара көрінді.
- Сол болар...
- Басқа кім дейсін, әрине, сол!
- Иә, Алла, қолдай гөр. Ал!.. Ал, жүріндер!

Жай ғана шіреніп, сыздап отырған ығайлар мен сығайлар жапырыла козгалды. Бәрі есікке ұмтылды. Бұлардың бірі – Құдайменде, бірі – Темірке, бірі – Тәнірберген. Ақсак Жагор, Курнос Иван...

Бұлар көп күткен жоқ. Сонында бес-алты салт атты нөкөрі бар, женіл шанаға мінген жас офицер аттарын ағызып кеп, өзін күтіп тұрган жиын алдына кілт токтады. Құдайменде, Темірке, Ақсак Жагор бас бол, сол арада тұрган кісілердің бәрі жас Федоровтың алдында жел сокқан қамыстай жапырылып, шіліп-бүтіліп жатыр. Тілі жеткені орысша, жетпегені қазакша, татарша амандасты:

- Аман, таксыр!
- Здрасты, таксыр!
- Ассалаумағалайкум!
- Добро пожаловать, ваше высокородие! – деп шулап жатты.

Тente к Шодырды жақсы билетін Тәнірберген бір көргеннен-ақ жас офицердің әкесіне катты ұксайтынын байқады. Бұл да әкесі сияқты ірі, кесек екен. Бұл да әкесі сияқты сырын сактап, бірде-біреуте рай бермей, сұық томсарып алды.

Тәнірберген тұрган орнынан қозғалмады. Басқалардай кекірейген неменің алдына барып, шіліп-бүгілген де жок. Көп шуылдақтың кылғысы ерсі көрінді ме, бетіне мыскыл шауыш, бір шетте жалғыз өзі окшау тұрган-ды...

Федоров ас ішіп, біразырак тынықкан соң сыртка шығып еді. Атқосшы оған ере шыкты.

— Марқұм әкенізден қалған ... промсол осы, — деді ол теніз жағалауындағы екі-үш үй мен лабазды көрсетіп.

Федоров тәбеле ұрғандай токтай қалды:

— Ты что?.. Шутить изволишь?

— Не дегениңіз, мырза! Промсолдың кемі жок.

Федоров сенбеді. Жас Федоров промсолдың іргесіндегі үлкен төбенің басына шыкты да, әкесінен қалған промсолға тұнжыраған қабак астынан тағы бір кез жүтіртті. Бұл баяғы бала кезде Волга жағасында балық зауытын ұстаган ірі бай көпестерді көрген еді. Әкеден қалған мұра солардай ірі өндіріс болмаса да, бұның өміріне жететін біраз байлық алдында күтіп тұрғандай, әкпесін қолына алып келген-ді. Сейтсе, о, Құдай... әкеден қалған байлықтың сиқы...

Ә. Нұрнайісов. «Қан мен тер» романынан



6-тапсырма. Амандық-саулық сұрауда қолданылған сөздер неліктен түрлі-түрлі болды? Өз ойыңызды дәлелденіз.



7-тапсырма. Федоров не нәрсеге таңғалды? Оның бұл жерге келгендері мақсаты не? Диалог құрыңыздар.



8-тапсырма. Мәтіннің соңындағы аяқталмаған ойды әрі қарай толықтырып жазыңыздар.



9-тапсырма. Ойтаразы. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінізді дәлелденіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

13-14-сабақ

Райдың оралуы

1-тапсырма. Ойтүрткі.

- Тұтқынға түскен кейіпкерлердің тағдыры калай болады деп ойлайсыздар?
- «Әділдік орнаиды» деп айта алар ма едініздер?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (21-аудио). Негізгі мәселелерді тезис түрінде жазыңыздар.

Сәске тұс еді. Қаладан кайтқан кірешілерге ілесіп Рай келді. Әбден жудеген. Үсті-басы ебіл-себіл. Қылмысы болмағасын біраз ұстапты да, босатыпты. Карт әже оны даусынан таныды.

— Коныр қозым, ботам, келші! Келші бермен! — деді құшағын ашып.

Рай шайдан кейін Ақбалаға барды. Бала тұғаннан кейін әлі де өзіне келе алмай жатыр екен. Ақбала орнынан акырын түрді.

Ақбала шай демдегенше Рай пеш түбінде құндақта жатқан баланы колына алды. Құрак көрпе арасынан шарананын біршекім беті әзер көрінеді.

— Мырзамыздың түрі осы, — деді Ақбала.

Тағы да тамағына тас тіреліп, иығының басы бүлк етті де, Рай бауырына қысан құндаққа бетін баса қалды. Есіне Еламан түскен еді. Бұны босатты. Оны Сібірге айдады.

...Мен мұны, ендеше, әнмен оятайын, — деп, Рай күле түсті де, бір колымен үйіктап жатқан баланы бауырына қысып отырып, домбыраға даусын косып акырын ынырса бергенде, ішке Кәлен. Менке, Дос кірді. Төрге шықкан бойда Менке мен Дос Ақбалаға косарлана тіл катып:

— Келін қарағым, қалайсың?

— Бөпен өсіп келе ме? — деп амандық-саулық сұрады.

Кәлениң көз қығы Райдың. Ағасының үйіне келгесін жас жігіттің есіне әр нәрсе түсіп, көнілі бұзылып отырган үстінен шығам ба деп ойлаған еді. Райдың жарқын жүзін көргенде, Кәлениң өзі де жадырап сала берді. Төрге шыққасын иығындағы шидем күпіні шынтағымен бір серпіді де:

— Бала, бері әкел, — деп, Райдың колынан домбыраны алды. Әуелі тиегін дұрыстады. Сосын құлағын келтірді. Сонан соң домбыраны күшірланып, қаттырақ қағып-қағып жіберді де, салған жерден Сарының әнін шыркай жөнелді...

Түсіндірме сөздік

кіреші – жұқ тасушы

тамағына тас тірелу –

1) қақалып қалу, өңешінде тұрып қалу; 2) өксік, өкініш
құндақ – жергекке оралған нәресте

көнілі бұзылу – қамығу, қобалжып толку

шидем күпі – жүннен жасалған жылы сыртқым



3-тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер. Жауптарыңызда жіктеу, сілтеу, өздік, болымсыздық, жалпылау есімдіктері болсын.

1. Қаладан кірешілерге ілесіп кім келді?
2. Райдың көнілі неліктен бұзылды?
3. Үйге кімдер келді?
4. Кәлен жүрттың көнілін немен көтерді?



4-тапсырма. Басты кейіпкердің көніл күйін суреттеп жазыңыздар.



5-тапсырма. Мәтінді рөлге беліп оқыңыздар. Дауыс ырғагын сақтай отырып, кейіпкерлердің көніл күйін жеткізіңіздер.

Болыс аулына белгілі бай Темірке келді. Ол – қазір осындағы промсолдың қожасы. Анада Федоровтың промсолынан айырылып қалғандарына Тәнірберген әлі күнге өкінетін. Агалары тап бір тәуекелге бел буатын сәтте тартыншақтады да, тегін байлықты татар байы қағып әкетті.

Тәнірберген болыс ағасы мен татар байы екеуін іштей салыстырады да отырады. Ағасы қазір төрт құбыласы түгел, өрісі – мыңғырган мал, ішкі қалтасында өзінен басқа тірі жанға ұстаппайтын Қабырга болысының сары жез мөрі. Оны өз карсыласына қыр көрсеткенде, колына ұстап отырып сейлеседі. Сөйтеп тұрса да, мына ілміген қалқан құлак татар байының қойнына кіріп кете жаздал, қас-қабағына қарап, жас баладай жаутаңдап отырғаны.

– Курнос Иван сыралғы екен. Есіткен шыгарсын, тағы да майлаташ салды, – деді Тәнірберген.

– Көп пе?

– Бес мың пүттан асады.

Андаусызда үстіне мұздай су құйып жібергендей, Темірке қолаяғын бауырына жып бүрісе қалды.

Тәнірберген оған көзінің қынығымен жымия қарап:

– Сенің промсолыңа жұмыс табылды. Бес мың пүт балықты қабылдау саған да оңай болмас. Тек, кайдам, тұзың жетс... – деп еді.

– Иок, иок! – деді Темірке колын сілкілеп. – Мен Иваннан бір қалак та балық алмаймын. Өз балығымды солит итәрғә тұзым иок.

– Сонда ол сорлы қайтеді?

– Онда менің шаруам канша? Маған десе балығын суга ағызысын.

Тәнірбергениң Курнос Иванда ала алмай журген өші жоқ. Болыс ағасына берген сыралғы балықты бұл кеше екі түйемен Шалкарға жөнелтіп жіберген-ді.

Үй іші үнсіз. Темірке әлі де болса, күйген терідей бүріскен күйі...

Ә. Нұртейісов. «Кан мен тер» романынан



6-тапсырма. Темендегі сез тіркестерінің мағынасын ез сөзінізben түсіндіріңіз.

Кожасы, безбенниң екі басы, төрт күбыласы түгел, кыр көрсеткенде, қойнына кіріп кете жаздаپ, қас-қабагына карап, үстіне мұздай су күйшіп жібергендей.



7-тапсырма. Мәтіндегі негізгі мәселе мен авторлық көзқарасты ажыратыңыздар.



8-тапсырма. Мәтін бойынша менталды картаны толтырыңыздар.



9-тапсырма. Мәтіннен жіктеу есімдіктерін тауып, қай септікте тұрғанын анықтаңыздар. Ол үшін есімдікке сұрақ қойыңыздар.



15-16-сабақ Нәтиже сабақ

1-тапсырма. Ойтарткі.

- Бай ауылы мен кедей балықшылар ауылын салыстыра суреттеу арқылы автор нені көрсетуді мақсат еткен?



2-тапсырма. Шығармадағы Еламан мен Тәнірберген бейнелеріне баға берініздер. Қандай айырмашылықтарды байқадыңыздар? Тірексызба арқылы түсіндірініздер.





3-тапсырма. Шығармадағы балық аулау кәсібін қазірі кездегі балық аулау кәсібімен салыстырып, шағын мәтін құраныздар. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланыңыздар.



4-тапсырма. Төмендегі есімдіктердің қай сөздермен тіркесетінін тауып жазыңыз.

Менін, сенин, оның	... «Қан мен тер» романын оку керек.
Мені, сені, оны	... Ә.Нурпейісов туралы сұрады.
Маган, саган, оған	... балық аулау кәсібі қызықтырады.
Менен, сенен, одан	... мұхит жайында әнгімелесті.
Менімен, сенімен, онымен	... аулыма (аульца, аулына) келді.



5-тапсырма. Мұхит, өзен, көл байлықтарын тірексызба арқылы көрсетіп, оның пайдасын түсіндіріңіздер.



6-тапсырма. «Мұхит – игіліктің көзі» деген тақырыпта эссе жазыңыздар (эссенің көлемі – 200–250 сөз). Эсседе оқылған материалдар қамтылсын.



7-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парагын» пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

- «Мұхит – тіршілік мекені» тақырыбы бойынша не үйрендініздер?
- Сөздердің үндестік занына сәйкес оқи және айта алдыныздар ма?
- Есімдіктердің түрлерін қызметіне сай колдана алдыныздар ма?
- Өзініздің және достарыныздың білімін бағаланыздар. (Өз жұмысынға, достарыныздың топ ішіндегі әрекеттеріне көнілдерініз тола ма?)

ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ МЕРЕКЕЛЕР

Жүзі басқа – жүргегі бір,
Тілі басқа – тілегі бір.

Нақыл сөз

1-2-сабақ

Ұлттық таным

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- «Ұлттық таным» деген тіркесті қалаң түсінесіздер?
- Қазақстандағы ұлттық және діни мерекелердің рөлі қандай?



2-тапсырма. Мәтінді екі рет тыңдал (22-аудио), негізгі ақпараттарды дәптерлеріңзеге жазып алыныздар.

Әрбір ұлттың сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық танымы болады. Ұлттық таным дегениміз – халықтың коршаган дүниені танып білуі, ғасырлар бойы дәріптеген рухани құндылықтары. Ұлттық бірегейлікті сактап тұрған салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тіл, дін, нағым-санам, музика, әдебиет, ұлттық ойындар, бабалар сөзі, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан мәдениет ұлттық құндылықтар болып саналады. Ұлттық таным – ұлттың коды.

Кез келген халық ұлттық идеясыз, дінсіз және салт-дәстүрсіз өмір сүре алмайды. Сондықтан әрбір адам баласы өзіне «Мен кіммін?», «Не үшін өмір сүріп журмін?» деген сұрақтар коя отырып, жауапты өзі өмір сүріп отырған ортанның мәдениетінен, әдебиетінен, тілі мен ділінен, діни танымынан табады. Әр халықтың ұлттық мейрамдарында олардың нағым-санамі, әдет-ғұрыптары, өмір сұру салты, мәдениеті көрініс табады. Мұнда адам баласының бәріне ортақ құндылықтармен катар, әр ұлттың дүниетанымына негізделген рухани құндылықтары жатады.

Г. Косымова



3-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде берілген мәліметтердің дұрыс-бұрыстырын анықтаңыздар.

Сейлемдер	Дұрыс	Бұрыс
Кез келген елде өзге ұлтта и ерекшелеп тұратын, оның ұлттық танымын айқындастын – салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы.		
Ұлттық құндылық дегениміз – шытырманың фильмдер, алеуметтік желілер.		
Кез келген халық ұлттық идеясыз, дінсіз өмір сүре алады.		



4-тапсырма. Өзінізді блогермін деп есептеніз. Шетелдік қонақтардың салт-дәстүрімен, ұлттық ойындарымен, тағамдарымен таныстырыңыз.



5-тапсырма. Мәтінді оқып, оған ат қойыңыздар.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін рухани және мәдени даму жолында көптеген іс-шаралар қолға алынды. Солардың ішінде ел өмірінде ерекше орын алатын ұлттық мерекелерді айтуға болады.

Ұлттық мейрам – Наурыз мерекесі халықтың салт-дәстүрімен, өмір салтымен тығыз байланысты. Мереке күнінде наурызкөже дайындалады, адамдар бір-біріне амандық, молшылық тілейді, түрлі салт-жоралғылар (көрісу, ұйқыашар, саумалық айту т.б.) жасалады.

Казак елінің ұлттық денгейде атальшы жүрген мейрамының бірі – Тәуелсіздік күні. Бұл мереке жыл сайын еліміздің барлық аймагында атальшы өтеді. Еліміздің әрбір азаматы Қазақстанның туын, елтанбасын, әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет.

Діни мейрамдар, яғни Ораза айт, Құрбан айт сынды мейрамдардың езіндік ерекшеліктерімен катар, ұлттық дәстүр мен салт-сананы қалыптастырудагы қызметі ерекше. Діни мейрамдар жастардың журегіне имандылықты ұялатады. Айт күндері көмекке мұктаждарға, жетім-жесірлерге жәрдем беріліп, ерекше күрмет көрсетіледі.

К. Маметқазыұты



6-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша мерекенің түрлерін тірексызбаға түсіріңіздер. Эр мерекені айшықтайтын белгілерді анықтап жазыңыздар.



7-тапсырма. Өздерініз қалаған мереке жайында ақпараттар жинап, шағын мәтін жазыңыздар. Жазбанызда есімдіктің түрлері болсын.



8-тапсырма. Өзінізді және сыныптастарыңызды бағалаңыз. Кім мерекелерді қатесіз әрі толық баяндады?



3-4-сабақ

Ж. Аймауытов. «Әнші» әңгімесі

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Төменгі сыныпта Жүсілбек Аймауытовтың қандай шығармаларын оқыңыздар? Ой бөлісініздер.



2-тапсырма. Жүсілбек Аймауытовтың «Әнші» әңгімесінен алынған үзіндіні тыңдаңыздар (23-аудио). Мәтін кімдер және не туралы?

Жетішшатыр – жақсы кала. Қаптап жатқан казак, Жазы-кысы – қымыз, ойын-сауық. Айт, той, құдалық, атжарыс, күрес... Жаз шыкса, паракот, паром, жолқайық, жасыл арал, калың орман... Кекке шықкан, гуләйт сокқан, масайраған шат кеніл... Сырнай-керней... Қызық думан... Кайткенмен сергек кала.

Стипендиядан жырмалаған азды-көпті тиынның қызығын көрмек болып, жекеңсінің күні аргы жакка тарттық. Осы жылы келдік. Қаланың жай-жапсарына қанық емеспіз.

Он минутта аргы жакка шықтық. Аргы жақ – казак даласы. Өзен өрлей салынған екі мешіті, бір шіркеуі бар, ығы-жығы, тайпақ қала.

– Балалар, кайда апараймы?

– Қай үй жакын болса, соған апар.

Бержабайшы кос терезелі тапал үйдің алдына тұра қалды. Көптен күткен жеңешемдей, ауыз үйдегі алтын сырғалы, ак күба, бидай өнді кербез жеңгей: «Балалар, жоғары шығындар!» – деп, төрті үйге қарай сілтеді.

Төсек-орны, дәңгелек үстелі, тегенесі, кесесі біріне бірі сай, шашағын бөлмеде екі-үш жігіт қымыз ішіп отыр. Бұл қаланың жаксы жері казактын оқыған балаларын сыйлайды. Балалары үлкендерін сыйлайды...



3-тапсырма. Мәтінді әрі қарай жалғастырып айтыңыз. Оқиға қалай өрбүі мүмкін?



4-тапсырма. Әңгімегі ойын-сауық түрлерін атаңыздар. Бұлар қалай жүзеге асады? Бір-бірінізben диалог құрындыздар. Диалогтің сұрақтарын өздерініз дайындаңыздар.



5-тапсырма. Мәтіндегі әдеби нормаға сай жазылмаған сөздерді тауып, дұрысын жазындыздар.



6-тапсырма. Мәтінді оқындыздар. Қандай оқиға әңгімеленген? Жоспар құрындыздар.

Наурызда казак шәкірттері сауық жасауга даярландық. Жастардың талабы, өнері, жігері, қызметке жарамдылығы сыналатын жер де сауық...

Бір перделік спектакль, хор, ән, домбыра, оркестрмен сауыкты өткізбек болдық. Әмірқанды да шақырып, ән салғызбақ болдық. Өз рөлдерімізді бір ынгайлап, даярлап алған сон Әмірқанға кісі жібердік.

Халық мұнша жылады деген есте жок. Жұрт уда-шу, мәз-мейрам. Сауыкты Наурыз мейрамына арнаған сон, казактың ескі ырымын да істегенбіз. Құрт көжені тайқазанға жүздіріп, бұктырып қойғанбыз. Ішіне жылқының басын салып, екі-үш табак ет асып, үлкендердің алдына тартпақ болғанбыз.

Ойын басталмай-ак, жұрт қымызға бас қойып жатыр. Жәлен секілді мұғалімдер Наурызды түсіндіріп, жастардың талабын құттықтап,

Түсіндірме сөздік

сергек – бұл жерде: үнемі

қозғалыста деген мағынада

жырмалау – бұл жерде:

үнемдеу деген мағынада

бержабайшы – арбакеш

Түсіндірме сөздік

көрісп жатыр – бір-бірімен құшақтасып, жақсылық тілеп жатыр

домбыра қүйлеу – домбыраның бұрауын көлтіру

кимелеу – баса-көктеп алға үмтүлу

мінбеге шығып сөз сейл еп жатыр. Біреулер: «Ата-бабамыздың жоралғысын істейік деп» төс соғысыш, көрісп жатыр.

Конырау екі соғылды. Біз сахна жакта домбырамызды күйлеп, тамағымызды кенеп, кіслерімізді жинап, жағамызды түзеп, шашымызды тарап, нәрселерімізді құрып, жанталасып жатырмыз.

Конырау үш қағылды. Шымылдық ашылды. Зал у-шу. Айқайласыш, кимелесіп, орынға таласып, «дауыстама!», «отырындар!» десіп, күнкілдесіп жатыр. Әлден уақытта саябырлайын деді.

Өзімізше жаксы шығардық деп ойладык. Шымылдық жабылды, шапалак соғылды. Хорымыз жамырап жаксы шықпады. Скрипкаға ән қоскан он екі жасар Мәржімге тамаша қол сокты. Әсіреле жүртты сүйсіндірген Эмірқан болды.

Эмірқан сахнаға шығысымен, шапалак шартылдады. Өзге шығушылардан Эмірқанның киімі де, түрі де, журіс-тұрысы да өзгеше еді: казақтың еркіндігін еске түсіруші еді...

Ж. Аймауытов. «Әнші» әңгімесінен



7-тапсырма. Мәтінді қайталап оқып, әңгіменің «Әнші» деп аталу себебін түсіндіріңіздер.



8-тапсырма. Рөлдік ойын. Эмірқанның сахнаға шыққан бейнесін сомдаңыз. Ән айтқан сәтін өз болжамыңызбен бейнеленіз.



9-тапсырма. Наурыз мейрамы қалай аяқталды деп ойлайсыздар? Жүрттың ризашылығын суреттеп жеткізіңіздер.



5-6-сабақ

Наурыз – ұлттық мейрам

1-тапсырма. Ойтарткі. Төменгі сыныптарда оқыған ақпараттарды еске түсіріңіздер. Наурыз мейрамы қай елдерде тойланады?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Әр азатжолда не туралы айтылған? Парталас досыңызға түсіндіріңіз.

Тірек сөздер

- көне мейрам
- Ұлыс күні
- Наурызкөже
- сүр ет
- салт-дәстүрлер
- ұлттық ойындар

Наурыз – көне мейрам. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүниежүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», бирмалыктар «су мейрамы», тәжіктер «бәйшешек», «гүлнаурыз», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», армяндар «навасарди» деп түрліше атаған.

Парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды. Жаңа өнген жеті дәнге қарап, болашакты болжайды; жеті ак кесемен дәстүрлі

ұлттық көже «сумалак» ұсынады. Ескі киімдерін тастайды, ескірген шыныаяқты сындырады. Бір-біріне гүл сыйласп, үйлерінің қабырғасына дөнгелек ою – «күн» символын салады. Үйдегі тіреу ағашка гүл іледі, түрлі жарыстар ұйымдастырады.

Дәстүрлі казак қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналады. Халық таза, жаңа киімдерін киеді. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос колдасып, тес қағыстырады. Эйелдер құшактасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурызкөже ішуге шақырады. Оған койдың басы мен сүр ет салып пісірлуі – қыс тағамымен қоштасуды, құрамына актың қосылуы – жаз тағамымен қауышуды білдіреді.

Ауыл аксакалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, татуластырады. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап береді. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспак, күрес, қызы күн, алтыбақан т.б.) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан танды қарсы алады .

Қазақстан гылымы энциклопедиясынан



3-тапсырма. Қылым мәтінін Жүсілбек Аймауытовтың «Әнші» әңгімесімен салыстырыңыздар. Қандай іс-арекеттер, дәстүрлер ортақ екен?



4-тапсырма. Наурызды тойлауда халықтың қандай ұлттық танымын байқадыңыздар? Топ болып талқыланыздар.



5-тапсырма. Мәтінде қандай әлеуметтік мәселе орын алған? Ойыңызды мәтіндегі нақты дерекпен дәлелдей, өз көзқарасыңызды жазыңыз.



6-тапсырма. Мәтінді окушының окуянан тыңдаңыздар. Қатесіз оқи алды ма? Бағалаңыздар.

2017 жылы 18 мамырда елордада дінбасылардың кезекті баскосуы етті. Оттырыс барысында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының кезекті съезінін дайындық шаралары пысықталды. Сондай-ак оттырыста дінаралық диалогке косқан үлесі үшін «Астана» халықаралық сыйлығы мен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінін Құрмет мәсесі талқыланды. Оттырыска ал-Азхар Жоғарғы имамының сыртқы байланыстар жөніндегі кеңесшісі Әбділрахман Мұса, Дүниежүзілік Ислам лигасы Бас хатшысының кеңесшісі Мункиз Махмуд Ас-Сакар, Сауд Арабиясы Корольдігі Ислам, вакуфтер және үндеу істері



медаліне ұсынылған үміткерлер согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

жөніндегі министрінің кеңесшісі Абдулла ибн Фахд әл-Хидан, Франция метрополиті Эммануил Адамакис, Армян Апостол шіркеуінің україндық епархиясының жетекшісі Марго Оганесян, Бедфорд епископы Ричард Аткинсон, сондай-ак Қазақстандағы дінбасшылар мен осы саладағы шенеуніктер қатысты.

«Казақпарат» хатындардың ақпарат агенттігінен



7-тапсырма. Отрыс қайда етті және қандай үйымдар қатысты? Отрыста қандай мәселе қаралды? Бір-бірізben диалог құрыңыз.



8-тапсырма. Хабарлама қандай стильде жазылған? Құрылымына және баяндау стиліне назар аударыңыздар.



9-тапсырма. Осы мәтіннің стиліне үқсас хабарлама дайындаңыздар. Хабарламада өзекті мәселе қамтылсын.



7-8-сабак

Дінаралық келісім – қоғам тұрақтылығының кепілі

1-тапсырма. Ойтурткі.

- Элемде қандай діндер бар?
- Еліміздегі бір діннің екінші діннен артыкшылығы бар ма?



2-тапсырма. Елбасының сезін оқып, ондағы мәселелерді талдау арқылы негізгі ойды анықтаңыздар.

Күрметті рухани лидерлер!



...Gallup институтының деректеріне сәйкес, Жер тұрғындарының жартысынан көбі, шамамен 60 пайзы, өздерін діндар адамдармыз деп есептейді. Әрбір бесінші адам өзінің діндар емес екенін атап көрсетеді.

ХХ ғасырдағы итальян жазушысы Чезаре Павезе: «Дін – бұл сенім. Сондыктан ол әр кез бізben бірге болады», – деп жазды.

Махатма Ганди атап өткендегі. «Күдайда дін жоқ»...

Екіншіден, әлемдегі барлық дін сабырлылық пен төзімділікке, күш колданбау мен келісімге үндеп келеді. Қасиетті Құранда мынадай сөздер бар: «Бұкіл адамдар алдындағы ізгілік туралы ойланындар... Барлық адамдармен бейбітшілікте болындар». Осы үндеу христиандық Жана өснепте де бар. Адамдарды қылышы үшін жауапкершілікке шакыру сөзі көне үнді Упанишадында айтылады: «Бір шеп жұлынған кезде бұкіл дүние дірілдейді». Адамның бойында тек махабbat, жанашырлық және

ізгілік сезімдерін оята алатын сенім ғана нағыз сенім. Бұл ақиқат – өткінші емес, мәңгілік.

Әлемдік діндердің әрқайсысы түрлі ағымдар мен конфессияларға бөлінеді. Мысалы, ислам дінінің сунниттік, шииттік ағымдары, христиан дінінің католиктік, православия және протестанттық конфессиялары бар. Дүниежүзі халықтары, негізінен, үш дінді (ислам, христиан, будда) ұстанады.

Біз Қазақстанда бейбітшілікте, келісімде және бір-бірімен өзара түсіністікте өмір сүріп келе жаткан 18 конфессияның табысты моделін күрдік. Біздін діни бірлестіктер туралы заннамамыз тенденциялық пен ождан бостандығы қағидатына негізделген.

Қазір елімізде 3312 мешіт, шіркеулер, құлышылық үйлері, синагогалар мен басқа да гибадат ету орындары жұмыс істейді. Бізде діни бағыттагы 47 бұқаралық ақпарат құралы басып шығарылады. Ислам мен христиантың басты күнтізбелік даталары – барлық казакстандықтың ортақ мерекесі. Елімізде жұмыс істейтін барлық діннің паствалары – бір үлкен қазақстандық отбасының мүшелері. Біз бәріміз бірлесіп, дұрдараздық пен ұрыс-керіске орын жок жана ел құрудамыз.

Н. Назарбаев



3-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазып, мағынасын ашыңыздар.



4-тапсырма. Екі топқа бөлініп, Елбасының сезіндегі мәселелерді топтап, пікірталас-полилог үйымдастырыңыздар.



5-тапсырма. Мәтіннен адам баласына ортақ идеяны білдіретін сөйлемдерді табыңыздар. Онда қандай құндылықтар айтылған?

Есімше

Есімше мына жүрнектар арқылы жасалады:

1	-тан, -тен, -кан, -кен	алған, көрген, айтқан, кеткен
2	-ар, -ер, -р, -с	барап, келер, оқыр, айтпас, көрмес
3	-атын, -етін, -йтын, -йтін	айтатын, келетін, сөйлейтін
4	-мак, -мек, -бақ, -бек, -пак, -пек	бармақ, келмек, жазбақ, төкпек

Есімше сөйлемде екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте жұмсалады. Ол бірде жіктеліп, етістік қызметін аткараса, енді бірде есім сөздерінде түрленіп (септеліп, тәуелденіп, көнтепеліп), есім қызметін аткарады. Мысалы: 1. *Айт күні адамдардың бері жақсы күнген*. Мен біраз қарап **тұратынмын**, сонан соң жылдам басып үйге **келетінмін**.

Тірек сөздер

- сенім
- төзімділік
- сабыр
- шіркеу
- ғибадатхана
- ағым

2. **Жығылган** (кім?) күреске тоймайды (заттың атауы). **Далада жауган** (кандай?) қар қалып (кұбылыстың сыны). **Көрінген** (кандай?) жердің алыстығы жоқ (заттың сыны).



6-тапсырма. Берілген етістіктерді есімшеге айналдырып, сейлем қураңыздар.

Сену, табыну, ұстану, құттықтау, айттау.



7-тапсырма. Оқылым мәтініндегі сан есімдер мен есімшелерді тауып, олардың қолданылу мақсатын түсіндіріңдер.



8-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабактан не білдініздер?
- Кандай тапсырманы орындауға киналдыңыздар? Кім көмектесті?
- Есімшелі сөздердің кызметін анықтай алдыңыздар ма?



9-10-сабақ Айт – құтты мереке



1-тапсырма. Ойтарткі. «Діни мерекелер – тәуелсіздіктің тартуы» дегенді қалай түсінесіз? Өз ойыңызды монолог арқылы нақты деректермен дәлелденіз.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (24-аудио). Мәтінді өздерінің сейлеген монологпен салыстырыңыздар. Ортақ ой айтылды ма?

Кез келген әлем халқы үшін тәуелсіздік – ең басты құндылық.

Міне, осындағы көптеген халықта бүйірмеган баға жетпес байлық қазақ елінің бағына жазылыпты. Қазақстан ширек ғасырда шегарасын нықтап, әлем елдерімен байланысын күшетті. Ишкі тұрақтылыққа қол жеткізіп, коғамның барлық салаларының дамуына жол ашылды. Соның ішінде рухани сала да ілгеріледі. Халық Кенес өкіметі кезінде ұмытып бара жаткан руханияттымен қайта қауышып, діни мерекелерді ашық атап өтуді әдетке айналдырыды.

2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының II сессиясында Елбасы Н.Назарбаев Құрбан айт пен Рождествоның алғашкы күндерін мерекелік демалыс күндері етіп бекітуді ұсынды. Елбасының бұл ұсынысын Қазақстан халқы және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары қолдады.

Кейін бұл ұсыныс Парламентте каралып, КР-ның «Мерекелер тура-лы» Занына өзгертулер мен толықтырулар енгізу жайындағы мәселе талқыланды. Соның нәтижесінде Құрбан айт пен Рождествоның алғашкы күндері мерекелік демалыс күндері болып жарияланды.

R. Рәшимбетов



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Автор «көптеген халыққа бүйірмажан баға жетпес байлық» деп нені айтып отыр?
- 25 жылда Казакстан қандай жетістіктерге қол жеткізді?
- Елбасы Құрбан айт пен Рождествоның алғашкы күндерін мереке етіп бекітуді қашан және қайда ұсынды?
- Елбасының ұсынысы қайда талқыланды? Қандай Занга өзгерістер енгізілді?



4-тапсырма. Мақал-мәтелдерді мағынасына қарай сәйкестендіріп жазыңыздар. Мақал-мәтелдерден есімшелерді тауып, олардың қызметін анықтаңыздар.

Ерінген калар ұятка, ...	Ер атагын ел сактар.
Өсер елшін баласы ...	талмас канат.
Адам болатын бала ...	Жауластырмак – жаушыдан.
Талап – ...	Ізденген жетер мұратқа.
Ел үмітін ер актар, ...	алыска қарайшы.
Елдестірмек – елшіцен, ...	бірін-бірі «батыр» дер.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Әр азатжолда айтылған мәселелерді анықтаңыздар.

Айт – мұсылмандардың ең үлкен мерекесі

Елімізде ұлттық мейрамдардың қатарында діни мейрамдардың алатын орны ерекше. Мұсылман қауымында шаттық пен мейірімге беленетін қос мереке – Ораза айты және Құрбан айт.

1. *Ораза айт*. Ауыз бекітіп, құлшылық жасаған адамның ниеті қабыл болып, күнәларынан арылады. 30 күндік ораза айы біткен сон, шәууал деп аталатын айдың бірінші күні Ораза айт басталып, үш күнге созылады. Айттың бірінші күні танертенгісін бүкіл мұсылман қауымы өз үйінің манындағы мешіттерге жиналады. Сол жерде айт намазын оқиды. Бұл – оразаның соңғы өтелетін шарты. Намаз оқылып болғаннан кейін Айт мейрамы басталмак. Адамдар бір-біріне: «Оразан қабыл болсын, айтын мүбәрак болсын!» – деп кол алысып, төс қағыстырып құттықтасады. Ен алдымен өз үйіне келіп дуга оқиды да, айтқа арналған тағамнан дәм татады. Содан кейін көршілердің үйіне кіріп дәм татып, ықылас-пейілін білдіреді. Бұл күні әр мұсылман кез келген мұсылманның үйіне кіріп құттықтауына болады. Айт мейрамында әр үй бауырсақ, шелпек пісіреді. Айтшылағандар сол үйдін ата-бабасының аруағына бағыштап құран оқиды.

Тірек сөздер

- айт мерекесі
- құлшылық ету
- мешіт
- күнә
- қажылық
- құрбандық
- қайырымдылық

Казакта айттаудың өзі бір салтанат. Кәрі-жасы түтел сәнді кініп атка мінеді де, ауыл-ауылды аралайды. Қыз-келіншектер мен жігіттер ез сөнімен жүріп, ән салып, өлең айтады. Мұның бәрі осы айт жоралғысынан аспаған. Бүкіл мұсылман қауымы бұл мейрамды зор салтанатпен еткізеді.

2. Құрбан айт. Құрбан шалу мейрамы жыл сайын зуль-хиджа айының 10-ынан бастап үш күн болады. Яғни, дүниежүзіндегі мұсылмандардың каждыға барғандарының Меккеде қажылық парызын өтеуі кезінде болады. Бұл күні жер бетіндегі барлық мұсылман қауымы құрбан шалып, айт мейрамын мерекелейді. Құрбан айт басталатын күні де мұсылман қауымы танертенгісін мешіттерге жиналып, айт намазын оқиды. Намаздан кейін бірін-бірі құттықтайты. Жетім-жесірлерге садақа береді. Намаздан кайткан соң әр үйдің інесі құрбандық шалады. Құрбан айтқа мол дастарқан жайылады. Сойылған маддың еті асылып, айтшылап келгендеге беріледі. Барлық үйдің есігі ашық тұрады. Мұсылман баласы қай үйге кірсе де ерікті. Айтпен құттықтап, дәм ауыз тиеді.

Уақыт ете келе Ораза айт пен Құрбан айт үлттық мейрам санатына косылып, мейірімділік, қайырымдылық, ынтымақ көріністеріне айналды.

К. Толыбаев. «Ислам» энциклопедиялық анықтамасынан



6-тапсырма. «Қыз қуу» ойыны. 1-қатардан 1 қыз бала, 2-қатардан ұл бала шығады. Қыз бала мәтін мазмұны бойынша сұрақ қояды, ал ұл бала жауп береді. Қайсысы кідіріп қалса, сол женілген болып саналады.



7-тапсырма. Екі топқа бөлініп, бір топ Ораза айтты, екінші топ Құрбан айтты дәріптесін.



8-тапсырма. Мәтіннен есімшелерді тауып, қызметіне көніл бөлініздер. Сөйлемді аяқтап тұр ма, әлде заттың атауын не сынын білдіріп тұр ма? «Қос жазба» кестесін толтырыңыздар.

Есімшелі сез	Қызметі



9-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерий бойынша анықтаңыздар.

- 3 манызды акпарат;
- киындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнған 1 мәселе.



11-12-сабак Еліміздегі діни мерекелер

1-тапсырма. Ойтартқі.

- Айт мерекесінен басқа қандай діни мейрамдарды білесіздер? Казакстанда олар тойланған ма?



2-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (25-аудио). Қандай ақпарат алдыңыздар? Тезис түрінде дәптерлеріңге жазып алыңыздар.

Жыл сайын Құрбан айт пен Рождество діни мерекелері карсанында Елбасы дәстүрлі түрде мұсылмандар мен христиандарға күттүктау, тілек сөздерін айтуды әдетке айналдырган. Бүгінде аталған діни мерекелер Қазақстан халқының дәстүрлі түрде атап өтетін мерекесіне айналып, жылдан-жылға республикадағы ауқымы артып келеді. Бұл – Елбасының салиқалы саясатының нәтижесі, мемлекет пен діни бірлестіктердің арақатынасының тұрактылығының көрінісі, 25 жылға толып отырган тәуелсіздіктің жемісі. Сондыктан тәуелсіз Қазақстанның тұғырыңы болып, абыроны аскактай берсін!

P. Рәшилбетов



3-тапсырма. Діни мерекелердің мақсаты не? Бұл мерекені отбасында қалай атап өтесіз? Өз сезінізben жеткізіңіз.



4-тапсырма. Айтта айтылатын тілек сөздерді қатыстырып, мұсылман бауырларға күттүктаухат жазыңыздар.



5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Қандай жанрда жазылған? Тілдік ерекшелігін анықтаңыздар.

Рождество мерекесін барлық христиандар атап өтеді, католиктер оны 25 желтоқсанда, ал православтар 7 кантарда тойлайды. Православтар мен католиктердің діни мейрамы әлемнің 145 мемлекетінде тойланады. Бұл куні барша христиандар шіркеулер мен гибадатханаларға барып құлшылық өтеді, мерекені өзіндік сән-салтанатпен атап өтеді. Батыс елдері бұл мерекені отбасы мерекесі деп есептейді.

Рождество тарихы осыдан екі мың жыл бұрын Мария аянаның Иисус-Ғайса пайғамбарды өмірге әкелген күнінен басталған. Міне, содан бері христиандар 20 ғасыр бойы тойладап келеді.

Рождество мерекесінде әсем безендірілген шырша әр үйдің төрінде орын алады, сыйлықтар мен халықтық серуендер, шыршаны айнала ән салып, би билеу мен карнавалдар да мереке сәні саналады.

Рождество түнінде шырағдандар жарқыратып жағылады, шырша безендіріліп, рождестволық халық әндері айтылады.

Қазір елімізде 7 кантар – мемлекеттік мереке мәртебесіне не болған Рождество мерекесі. Бұл куні Қазақстан халқы демалады.

Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газетінен



6-тапсырма. Рождество мейрамында қандай дәстүрлі шаралар орындалады? Суреттеп жазыңыздар.



7-тапсырма. Есімшелердің журнақтары мен қызметтің дүрыс қолданып, өздеріңіз орындастын жоралғыларды тезис түрінде жазыңыздар.



8-тапсырма. Барлық діни мерекелерде орындалатын жоралғылар туралы пікірталас өткізіндер.

Қамтылатын мәселелер :

- Жоралғылар не максатпен орындалады?
- Дінге сенушілердің басты сенімі кімге арналған?
- Адамдардың діни сеніміне күмәнмен қарауға бола ма?



9-тапсырма. Үш топқа бөлініп, тақырып бойынша өткен әрбір діни мейрамға сипаттама берініздер. Төрелік етуші окушылар топтың сөйлеу мәнерін бағалайды.



10-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап берініздер.

1. «Ұлттық таным және мерекелер» тақырыбы бойынша не үйрендініздер?
2. Сөздерді үндестік заңына сәйкес оқып, айтылым заңына сәйкес айта алдыныздар ма?
3. Есімшениң тұрларін қызметіне сай колдана алдыныздар ма?
4. Өзініздің және достарыныздың білімін бағаланыздар. (Өз жұмысынызға, достарыныздың топ ішіндегі әрекеттеріне көнілдерініз тола ма?)

САУДА МЕН КӨМЕК: ЕКІЖАҚТЫ КЕЛПСІМДІ САУДА

Экономика мемлекеттің ішкі өнімі жалғызы өсken уақытта және сыртқы сауда байланысы ете жоғары деңгейде болса тана тиімді болады.

Оразелі Сәбден

1-2-сабақ

Ы. Алтынсарин. «Дүние қалай етсөң табылады?»

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Төменгі сұныпта Ыбырай Алтынсариннің қандай шығармаларын оқыдыңыздар? Еске түсірініздер.
- Эңгіме тақырыбын қалай түсіндіріздер?



2-тапсырма. Эңгіме үзіндісін түсініп оқыңыздар. Эңгіме нешінші жақта баяндалып тұр? Кейіпкерлері кімдер?

Француз жүртүнген бір білімді адамы жазады:

— 1791 жылы университетте оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-кайтып тұруши едім. Сонда әрдайым жолымда Антон деген тіленші отырып, кайыр сұрап жүруші еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойы арықтау кісіге ұшырастым. Женіміз бір болған сон, бірге келе жатқанымызда, манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі токтап, Антонның бетіне қараңыз да айтты:

— Сен қарауга еп-есті кісі секілді көрінесін және жұмыс істеуге қуатын да бардай көрінеді. Сейте тұра мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсін...

Ы. Алтынсарин. «Дүние қалай етсөң табылады?»



3-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрыңыздар.

1. Окиға кай жерде өтеді? (Картадан көрсетініз.)
2. Бейтаныс адам Антонға қандай баға береді?
3. Сіздің ойыңызша, Антон қандай адам?
4. Тіленшілік неліктен жаман іс?
5. Мұндай жағдай казіргі кезде кездесе ме? Өмірден мысалдар келтірініз.



4-тапсырма. Жалқаулық, еңбекқорлық туралы қандай мақал-мәтедер білесіздер? Кластерге салып, мәнін түсіндірініздер.



5-тапсырма. Әңгіме үзіндісін тындаңыздар (26-аудио). Алдыңғы мәтінмен байланыстырып, ортақ ойды жеткізіп тұрған сөздер мен тіркестерді анықтаңыздар.

Түсіндірмे сөздік

боқтық – қоқыс
салам – шәп-шалам
франк – француз ақшасы
әйдік (диалект сөз) – үлкен
тас жүрт – тастан салынған
үй
машақаттану – қындығы
 кеп жұмыс

Бай болғың келсе, мен саған ақыл айттын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік кылғаным жок. Қала-қаладан қызырып журіп, әуелі боктық, салам, не болмаса жай кіслерден ескі шүберек сұрап жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабрикаларға сатып, сонымен азды-көпті акша болған сон бір есек, бір арба алдым. Мұнан сон әуелі аз-аздап, бара-бара кебірек, әр үйден ескі-кұсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алыш, арбамен журіп сауда ете бастидым. Осындай іспен жеті жылда он мын франк акша тауыш, енді бір қағаз фабрикасына кірестім. Жасым жас, ісіме нық, жинақты және еріншектікті білмегеннен сон, осы күнде екі әйдік тас жүртим бар. Фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі баламды да жасынан бос жүруте, еріншектікке, киналмай мал табуга үйретпедім. Осы айтқанымша машакаттанудан қашпасан, сен де бай боласын, Антон, – деді де женине журіп кетті.

Антон бұл сөздерді есіткен сон терен ойға қалып, қайыр сұрауында ұмытып тұрып калды...

Ы. Аттынсарин. «Дүние қалай етсек табылады?»



6-тапсырма. Бейтаныс адам Антонға қандай ақыл айтты? Ол қандай кәсіппен айналысқан? Мәтін мазмұнын өз сөзіңізben әңгімелеп беріңіз.



7-тапсырма. Сауда жасау, ақша жинау, фабрика ашу, баю туралы әрекеттерді қазіргі өмірмен байланыстырып, шағын мәтін жазыңыздар.



8-тапсырма. Мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындаңыздар.



9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сабактан қандай ой түйдініздер?
- Қандай тапсырма күйіндик келтірді?
- Оған не себеп болды?



3-4-сабақ

«Еңбек – бәрін жеңбек»

1-тапсырма. Ойтарткі.

- Окиға одан әрі қалай өрбиді деп ойлайсыздар?
- Антон айтылған сөзден корытынды шығара ма, әлде қайыр сұрап жүре бере ме? Болжам жасаныздар.



2-тапсырма. Әңгіме үзіндісінің жалғасын түсініп оқып, оған ат қойыңыздар. Неліктен олай атағандарының түсіндірініздер.

1815 жылы Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге «олай-бұлай етінің» деп, бұйырып тұрган бір көпестің кескіні көніліме таныс көрінді. Сейтіп тұрганымда әлті кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:

— Айып етпесеніз сұрайын, мұнан жынырma бес жыл бұрын сіз оқып журіп, жұма сайын Версальдағы үйінізге барып жүрген жерініз бар ма еді?

Сонда ойыма түсіп, танғалып:

— Сен Антонбысың? — дедім.

— Иә, — деді Антон, — мен сондағы көрген тіленші Антонның өзімін. Сол бір күн қасыныңда бірге жолыққан кісінің айтқандары көніліме кіріп, тіленшілікті тастап, жұмысқа кірестім. Ісіме нық, малыма күтімді болдым. Ақырында сол кісінің айтқаны келіп, мінекей, осы зор дүкеннің иесі болдым, — деді.

Ы. Аттынсағарин. «Дүние қатай етсек табылады?»



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Автор не себепті танғалды?
2. Қалай ойлайсыз, егер Антонға бейтаныс адам ақыл айтпағанда, ол осындаи жетістікке жетер ме еді?
3. Дүние қалай етсек табылады екен?
4. Эңгімені қандай макалмен түйіндер едініз?

 **4-тапсырма.** «Төрт сөйлем» арқылы әңгіменің мазмұны бойынша өз пікірінізді жазыңыз.

1. *Пікір*. Әңгіме бойынша пікірінізді бір сөйлеммен жазыңыз.
2. *Дәлел*. Пікірінізді бір сөйлеммен дәлелденіз.
3. *Мысал*. Пікірінізді өмірмен байланыстырып, мысал келтірініз.
4. *Корытынды*. Такырып бойынша корытынды шығарыңыз.

 **5-тапсырма.** Суреттерде не бейнеленген? Тірек сездерді пайдаланып, ой бөлісініздер.



Тірек сездер: әріптес, тараптар, екіжакты, сауда катынасы, көмек.

 **6-тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар. Қандай ой түйдініздер?

Тірек сездер

- сыртқы сауда
- экспортқа шығару
- айырбас жасау
- шикізат
- мәміле

Сауда казіргі кезде келген ел экономикасының ажырамас бөлігіне айналған. Оның ішінде сыртқы сауда тауарларды басқа елдерге шығарудан – экспорттан және тауарды басқа елдерден әкелуден – импорттан тұрады.

Сыртқы сауданың пайда болуына әсер етуші фактордың бірі – табигат. Себебі табиги қорлар әртүрлі елдер арасында тең бөлінбegen. Мысалы, бір елде мұнай көзі болса, екінші елде хром көзі бар. Осы екі елге мәшине жасау үшін хромдалған болат және бензин болу үшін жанаармай құятын стансы керек. Бұл елдер мұнайды хромға айырбастап, бірімен-бірі сауда жасайды. Қазақстан болса, шетелге мұнай, газ, астық т.б. шикізаттар шығарып, басқа елдерден құрал-жабдықтармен бірге өзіне қажеттерді алады. Осы мақсатта еліміз әлемнің көптеген елдерімен мәмілелер жасап, сауда-экономикалық байланыс орнатуда.

«Халықаралық экономикалық қатынастар» кітабынан



7-тапсырма. Өздерің таңдаған екі ел өкілі арасындағы тауар айналымы туралы диалог құрыныздар. Диалог сұрақтарын өздеріңіз құрастырыңыздар.

Ұстеу туралы түсінік

Заттың құмылы мен іс-әрекетінің мезгілін, жай-куйін, мекенін және сынның белгілерін күшейтіп көрсететін сез табын ұстеу деп атайды.

Ұстеулер, ең алдымен, етістіктің алуан түрлі белгілерін білдіреді. Мысалы: *Әти әрең тұрды. Анар оте жақсы оқиды.*

Ұстеулер – тұлғасы жағынан көнелентен, мағынасы жағынан әуелгі шығу тегінен (зат есімнен, сан есімнен, есімдіктен) алшактаған сездер. Тұлғасы жағынан да ұстеулер бұл күнде өзгеріске ұшыраган. Мысалы, *арт*, *ал* сиякты сездерді алсак, тек көлемдік мағына беретін барыс, жатыс, шығыс септіктерде болмаса (*артқа*, *артта*, *арттан*, *алдан*, *алда*), басқа септікпен түрленбейді. Осы тәріздес *бірден*, *кенектен*, *кейде*, *жүресінен*, *зорга*, *босқа*, *алға*, *мұнда* деген сездер де әрі мағыналық, әрі тұлғалық жактан о бастағы шығу тегінен алшакташ кетіп, ұстеуте айналған.

Етістіктің көсемше түрінде де көнеленип барып шықкан ұстеулер кездеседі. Мысалы: *Ол өзінен-өзі сөйлей кірді. Ол орнында сөйленет* отыр. Мұндағы *сөйлей*, *сөйленет* сездері – ұстеу емес, көсемшелер. Өйткені біз оларды жіктей аламыз (*сөйлемтін*, *сөйленсің*, *сөйлемті*, *сөйлемеймін*, *сөйлемсің*, *сөйлейді*). Бұларда етістікке тән шактық, амалдық т.б. касиеттер бар. Ал сыртқы тұлғасы көсемше сиякты болғанмен, мына сездерде ондай касиеттер байкалмайды. Мысалы, *ақ-аздап*, *аздап* дегендерді жіктей алмаймыз.

Екінші, көсемшелерге *-ба*, *-бе*, *-па*, *-пе*, *-ма*, *-ме* журнақтарының бірін косып, болымсыздық мағынасын алуға болады: *сөйлемеймін*, *сөйлемемтін*. Ал *ақ-аздап*, *аздап* сездеріне болымсыздық журнақтарын қосуға болмайды.



8-тапсырма. Берілген ұстеу сездерді қатыстырып, сейлем құрастырыңыздар.

Алда, аз-аздап, әлі, тікелей, бірте-бірте.



9-тапсырма. Ойтаразы. Сабақ бойынша өз ойынызды қорытып, сейлемдерді толықтырыңыз.

- қызықты болды.
- қын болды.
- тапсырманы орындағым.
- екенін түсіндім.

5-6-сабақ**Екіжақты сауданың маңызы****1-тапсырма. Ойтұрткі.**

- Казакстанның сауда катынасындағы ең ірі әріптес елдерді атай аласыздар ма?
- Елдер үшін сауда жасау неліктен тиімді?



2-тапсырма. Мәтінді тынданыздар (27-аудио). Ондағы негізгі ақпаратты тезис түрінде жазыныздар.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Екіжақты байланыс саласында Қазақстан алдындағы басым бағыт – Ресей Федерациясымен карым-катынасты дамыту. Бұл әлем қауымдастырылған алдындағы Ресей Федерациясының саяси-экономикалық рөлімен және ұзакқа созылған ортақ шегарамен шартталады. Ресей – республикамыздың ең ірі сауда серіктесі. Көптеген халықаралық мәселе бойынша біздің ұстаныммыз ортақ. Оның үстінен, екі ел азаматтары арасындағы достық, туыстық катынастар бар. Бұл Ресейді Қазақстанның табиғи әрі занды одактасы етеді», – деп атап етті. Бүгінде Қазақстан мен Ресей – стратегиялық әріптестер.

Қазақстан мен Ресей арасындағы өзара тиімді экономикалық катынастар дамуының жандана түсі, біріншіден, екі ел экономикасының күрылымдық ұқсастығы мен өзара тәуелділігі. Екіншіден, Қазақстан мен Ресейдің мол табиғи ресурстары мен қазба байлығы. Үшіншіден, екі ел арасындағы ауқымды сауда көлемі. Және тағы бір атап өтерлігі – әлемдік экономикалық жүйеге ену шарттарының ұқсастығы.

«Экономика» газетінен



3-тапсырма. Мәтіндегі екі ел ынтымақтастығының негізгі себептерін тірексызба арқылы түсіндіріңіздер.



4-тапсырма. Мәтін бойынша менталды картаны толтырыңыздар.



5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, жоспар құрыңыздар.

Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-катастыар екіжакты, көпжакты және кепсалалы жүйемен дамып келеді. Екі ел арасындағы ұзак тарихи байланыстар, географиялық орналасуы мен өзара ортақ мұдделер байланысты дамытып терендегуде.

Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-катастыар экономикалық мұддеге негізделген.

Қытай компаниялары Қазақстан экономикасының әртүрлі салаларына катысып келеді, әсіресе олар мұнай-газ саласына зор көлемде инвестиция салып отыр. Өйткені энергетиканың екі елге де стратегиялық манызы зор.

Қазіргі кезде Қазақстан – ТМД елдері ішінде Ресейден кейінгі Қытайдың екінші сауда әріптесі. Ал Қытай өткен жылдан бастап Қазакстаңның саудадағы бірінші әріптесі атанды. Қазақстанның экспорт-импорт тауар айналымында Қытай ең мол үлесті құрап отыр.

«КазҰУ хабаршысы» журналынан



6-тапсырма. Екі топқа бөлініп, «Қазақстан мен Қытай арасындағы сауданың тиімді және тиімсіз тұстары» тақырыбына пікірталас үйымдастырыңыздар. Кестені толтырыңыздар.

1-топ тиімді жағы	2-топ тиімсіз жағы
----------------------	-----------------------



7-тапсырма. Сіз сұхбат алу үшін Мемлекет басшысымен қездестініз. Еліміздің басқа елдермен сауда қарым-катанасы туралы қандай сұрақтар қояр едініз?



8-тапсырма. Екі топқа бөлініп, Қазақ елінің басқа тараптармен (елдермен) сауда ынтымақтастырылған SWOT-талдау жасаңыздар.



9-тапсырма. Қосымша ақпарат қөздерін пайдаланып, «Қазақстан қандай елдермен сауда-экономикалық байланыс орнатып отыр? Олардың ішінде басты серіктестері кімдер? Олардың ортақ нарықтағы үлесі қанша?» деген сұрақтар бойынша шағын мақала жазыңыздар.

Тірек сөздер

- екіжакты
- кепсалалы жүйе
- ортақ мұдде
- әріптес
- тауар айналымы

7-8-сабақ

Дүниежүзілік сауда үйімі және Қазақстан

1-тапсырма. Ойтартыңыз. Суреттерден қандай болжам жасауға болады?



2-тапсырма. Мәтінді тынданыздар (28-аудио). Ондағы тірек сөздерді жазып алып, мағынасын анықтаңыздар.

2015 жылдың Қазақстан үшін басты жаңалыктарының бірі Дүниежүзілік сауда үйіміна (ДСҰ) мүшелікке қабылдануы болды. Яғни, 2016 жылдан бастап Қазақстан жаңа құқықтық-сауда режиміне көшті. 19 жылға жалғаскан келіссөзден соң, Қазақстан әлемдік сауданың көрігін қыздыратын алпауыт үйімінің толыққанды 162-мүшесі ретінде ресми қабылданды. 1996 жылы айқындалған сыртқы саясаттағы басымдықка 20 жылдан соң, яғни 2016 жылдың 1 қантарында кол жеткізілді. Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев келіссөздердің сәтті аяқталғанын тарихи манызды оқиға ретінде бағалап: «Еліміз аса манызды тағы бір тарихи оқиға қарсанында тұр. Біз Дүниежүзілік сауда үйіміна кіру жөніндегі келіссөздерді табысты аяқтадық. ДСҰ-ға мүше болу – куллі Қазақстанның жемісі. Бұл – еліміздің жаһандық экономиканың бөлінбес бөлшегі ретінде мойындалуының айғағы» деген болатын.

К. Маметқазыұлы



3-тапсырма. Сан есімдерді қатыстырып, мәтіндегі ойды жинақтап айтыңыз.



4-тапсырма. Мәтінде кездесетін мына тіркестерді қандай сөздермен ауыстыруға болады? Сәйкестендіріңіздер.

көрігін қыздыру	танаудының көрінісі
алпауыт үйім	келісімді сәтті шешу
тарихи оқиға қарсанында	жоғары деңгейде өткізу
келіссөздерді табысты аяқтау	ірі бірлестік
мойындалуының айғағы	манызды оқиға алдында

Үстеудің тұлғалық түрлері

Үстеулер морфологиялық құрамы жағынан екі тоңқа бөлінеді: **негізгі үстеулер және туынды үстеулер**.

Құрамындағы негіз берін косымшалардың жігі бөлінбейтін, яғни бөлшектеуге келмейтін үстеулерді негізгі үстеулер дейміз. Мысалы: *әрең, тым, тіпті, әдейі, жогары, ілгері, төмен, әрі, ерте, кеш, нақ, дәл, нағыз, ұдаіны, дереке, төтение, ерекше* т.б.

Туынды үстеу журнақ, жалғау жалғану арқылы жасалады.

1. Туынды үстеу жасайтын негізгі жүрнектар мыналар:

- а) **-ша, -ше:** *жанға-ша, ескі-ше, мұн-ша-лық, осын-ша, орыс-ша* т.б.;
- ә) **-лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей:** *со-лай, тіке-лей, жаз-дай, бұлақ-тай, қаржы-лай, ақша-лай* т.б.;
- б) **-сыз, -сіз:** *есеп-сіз, үздік-сіз, дау-сыз, пайды-сыз, отемақы-сыз, делдал-сыз, көмек-сіз, кіріс-сіз, ақша-сыз* т.б.

2. Септік жалғаулары арқылы жасалған үстеулер:

Септіктер	Үстеулер
Барыс септік	алға, артқа, босқа, бекерге, күніге, кешке, жөніне т.б.
Жатыс септік	лезде, күнде, баяғыда, артта т.б.
Шығыс септік	шетінен, шалқасынан, ежелден, етпетінен т.б.
Көмектес септік	ретімен, бетімен, күнімен, түнімен т.б.

3. Сөздердің бірігуінен жасалған үстеулер: *бұғін, биыл, таңертең, жаздығуні, ешқашан* т.б.

4. Сөздердің қосарлануынан жасалған үстеулер: *айта-айта, бостан-босқа, он-онай, анда-санда* т.б.

5. Тұракты тіркес түрінде жасалған үстеулер: *құр босқа, жай әншіейін, ала жаздай, ертеден қара кешке дейін, қас пен көздің арасында* т.б.



5-тапсырма. Берілген үстеулерді құрамына қарай топтастырыңыз. Өзініздің толтырған кестеңізді сыныптастырыңыздың жазғанымен салыстырыңыз. Сыныптастыңыз қатесіз жазды ма?

Негізгі үстеулер	Туынды үстеулер	Күрделі үстеулер

Үстеулер : шапшан, қазір, тансәріде, тектен-текке, әзірше, ертең, қыранша, ерекше, қасақана, ақшалай, күні бойы, кеше, қазакша, кешке дейін, зорға, беделсіз, бірте-бірте, қаржылай, амалсыздан, қыстай, үнемі, соншалық, емін-еркін, түнеугүні, бірқатар, құр босқа, колма-кол, әуел баста, екіталай.



6-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Тілдік қуралдар арқылы жанрлық ерекшелігін анықтаңыздар.

Дүниежүзілік сауда үйімі, ең алдымен, тауарлар және қызметтердің саудасын реттейтін ережелер жыныстыры.

БҰҰ-ға мұше 193 мемлекеттің 161-і экономикалық және сауда саясатын жүзеге асыруда осы ережелерді басшылықка алады. Олардың арасында дамыған елдер де, дамушы мемлекеттер де бар.

Бұл үйымға кіру Қазақстан экономикасына тікелей шетелдік инвестиция тартуға, бүкіл әлеммен сауда-экономикалық байланысын нығайтуға және ел ішінде бәсекеге қабілетті бизнесті дамытуға мүмкіндік береді. Сарашылардың айтуыша, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда үйіміна кіруі қарапайым тұтынушылар үшін де тиімді. Нарықта сапалы тауарлар пайда болады, олардың түрлері көнегейеді. Отандық өндірістің екінші тынысын аша түседі. Өйткені елімізде шығарылатын өнімдерге көбіне отандық шикізат колданылады. Сондыктan бұл бізге басымдық береді.

Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газетінен



7-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, «Дүниежүзілік сауда үйіміна кірудің пайдасы бар ма? Қазақстан үшін қандай мүмкіншіліктер береді?» деген сұрақтар бойынша бір-бірінізben диалог құрыңыздар.



8-тапсырма. Үш топқа бөлініп (1-топ – экономика ғалымдары; 2-топ – саясаткерлер; 3-топ – журналисттер), бір-бірінізден сұхбат алыңыздар. Сұхбат сұрақтарын өздерініз дайындаңыздар.

Шарты . Журналисттер екі топтың ғалымдарынан сұхбат алады. Сұрақ қай топқа тиесілі деп саналса, сол топ жауап береді. Журналисттер «Екіжақты келісімді сауданың елімізге қандай пайдасы бар? Ел экономикасының дамуына әсері бар ма?» деген сұрақтар қойып, сұхбатты дамытып отыруы тиіс. Қалған топтар сауалға «Болжау» стратеги ясы арқылы жауап береді.



9-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңыздар.

- 3 манызды акпарат;
- кындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаган 1 мәселе.



9-10-сабак Экспортқа шығарылатын өнімдер

1-тапсырма. Ойтартқі.

- Еліміздің экспортқа шығаратын өнімдері туралы не білесіздер?
- Қалай ойлайсыздар, Қазақстанда жасалған отандық өнімдердің ел экономикасын дамытуға әсері бар ма?



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтіндегі деректі ақпаратты анықтаңыздар.

Ауылшаруашылық өндірісі қалпына келтіріліп, олардың өнімдеріне деген сұраныстар өнімді қайта өндеу саласына оң ықпал етті. Еліміздің қайта өндеу өнеркәсібі саласында 2002 жылдан бері қарай дамып келе жаткан саланың бірі – тамак өнімдерін өндіру. Казір ауылшаруашылық саласы елдің негізгі тамак өнімдері түрлері бойынша өз-өзімізді қамтамасыз етеді. Откен жылдың корытындысы бойынша Казақстан өнімдерін экспортка шығару жөнінен дүниежүзі бойынша бірінші орынға шықты.

«ҚазАгро» Ұлттық басқару холдингі АҚ Онтүстік Қазақстан облысында макта кластерін дамыту бағытындағы жұмыстарын толық-канды атқарып жатыр. Мактаарал ауданында жылына 60 мың тонна макта өндей алғатын зауыт құрылышы аяқталып, 27,9 мың тонна шикізат сатып алынды. Биыл жылына 5000, келешекте 10 000 тонна элиталық тұқым материалдарын дайындауға мүмкіндігі бар зауыт құрылышы басталады. Осы арқылы өнімділікті арттырып, кіріс үшін көршілес мемлекеттерге де сату жоспарланған.

Жалпы макта кластері бағытындағы өндеу кәсіпорындары, мата шығаруға дейінгі өндірістік желі кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Г. Жұмабайқызы. «Ел тірегі – экономика» кітабынан.
А. Курішбаев пен сұхбаттан



Тірек сөздер

- ауылшаруашылық өндірісі
- макта кластері
- элиталық тұқым
- өнімділікті арттыру



3-тапсырма. Мәтінді бөліктерге беліп, әр бөліктегі негізгі ақпаратты бір-екі сөйлеммен тезис түрінде жазыңыздар.



4-тапсырма. Мәтіннен курделі сөздерді тауып, «Екі түрлі түсініктеме күнделігі» арқылы түсіндіріңіздер.

Курделі сөздер	Жасалу жолы



5-тапсырма. Екі топқа белініп, «Қазақстанда өндірілген өнімдерді экспортқа көптеп шығару үшін не істеу керек?» деген сұрақ бойынша пікірталас үйымдастырыңыздар. Үстеулерді дұрыс қолданыңыздар.



6-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (29-аудио). Автордың кезқарасына өз ойыңызды білдіріңіз. Автордың ойымен келісесіз бе?

Казір экспортка шығарылатын тауарлардың ішінде Қазақстанның айшықтайтын, брендке айналған өнім жок. Бірақ ондай ерекше өнім деңгейіне көтерілетін, брендке айналатында мүмкіндікке не ұжымдық және сертификатталған белгісі бар жобалар барышылық. Еттен дайындалатын өнімдердің катарында өзіміздің қазы-карта, жал-жаямыз әлі күнге сыртқы нарықта қазақстанның өнім ретінде сұранысқа не бола алмай отыр. Бірақ халықаралық талаптарға сәйкестендіру арқылы келешекте ұлттық тағамдарды әлемге танытуға болады. Ол үшін сол өнімді шығаратын компаниялар сыртқы нарықта өзіндік орнын иемденіп, олардың өніміне деген сенімді, сұранысты туғызуы керек. Экологиялық таза тауар ретінде біздің ұлттық тағамдарымыздың талай адамның тілін үйретініне күмән жок. Казір Қазақстан ұны мен макарон өнімдерінің бренді насиҳатталыш жатыр.

Г. Жұмабайқызы. «Ет тирегі – экономика» кітабынан.
А. Құрішбаевпен сұхбаттан



7-тапсырма. Мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындаңыздар.

1. Мәтінге қыска да нұсқа тақырып қойыныз.
2. Автордың пікірін білдіретін акпаратты табыныз.
3. Мәтін мазмұнын нақтылайтын корытынды сейлемді табыныз.
4. Мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтанаңыз.
5. Тақырыпқа қатысты косымша акпаратты анықтанаңыз.



8-тапсырма. Үстеулерді қатыстырып, шетелдік достарыңызға «Қазақстанда жасалған» деген таңбамен шығарылған кез келген өнімге жарнама жасаңыздар.

Кажеттің үстеулер : бүгінде, ұдайы, нағыз, жаңаша, ерекше.



9-тапсырма. Ойтаразы, «Сен – маған, мен – саған» карточасын қалаған сыйып-тасыңызға беріңіз. Жаңа сабакты қаншалықты түсінгенін бағамдап, бір-бірінізді бағалаңыз.



11-12-сабак Сапалы өнім

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Елімізде кандай шаруашылық саласы дамыған?
- Азық-түлік, киімнен басқа кандай сауда айналымдарын біле-сіздер?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай мәселе көтерілген? Бір-бірінізге сұрақтар қойып, анықтаңыздар.

Ұн өндірісі мен макарон өндірісі тығыз байланысты болғанмен, жұмсақ бидай дәнінен наң өндірісінде пайдаланатын жоғары сапалы

ұн өндіру бір бағыт та, макарон өндірісін шикізатпен қамтамасыз ету – басқа бір бағыт. Бидайдың дәнін сатпай, ұнын сату әлдекайда пайдалы екені белгілі. Бұл сала каркынды дамыш келе жатыр деуте әбден болады. Макарон өндірісінде қатты бидай түрінің сұрыптары пайдаланылады. Макарон өндірісіне түпкілікті бет бұрамыз деу дұрыс болмас, өйткені ол астық өндіру және өнімін өндеудің бір бағыты ғана.

Бізге неше түрлі технологиялар әкелініп, макарондар шығарылып жатыр. Жұмсақ бидай дәніне неше түрлі коспаларды косып, еріп, езіліп кетпейтіндей етіп жасайды, бірак ол нағыз табиги дүние емес. Қатты бидайдан өндірілген өнімнің сапасы бөлек. Сондыктан біз, ен алдымен, қатты бидай астығын өндіру алкабын кенеитуіміз керек. Солтүстік, Орталық Казакстанда қатты бидай өсіруге колайлы, дүниежүзінде еш пара-пар келмейтін аймактар бар. Өндірісті сапалы шикізатпен қамтамасыз еткенде ғана өндіріс дамиды.

Г. Жұнабайқызы. «Ел тірегі – экономика» кітабынан.
Профессор А. Анушевпен сұхбатынан

 **З-тапсырма.** Екі топқа белініп, берілген мәселелерге қатысты өз ойларынызды білдіріңдер. Менталды карта сыйып, қорғаңыздар.

1-топ. Елімізде ұн өндірісін дамытудың маныздылығы және экспорт.

2-топ. Ұн өндірісін дамыту үшін не істеу керек? (Өзіндік ұсыныс-болжамдарыныз.)

Үстеудің мағыналық түрлері

Үстеулер мағынасына карай мезгіл үстеуі, мекен үстеуі, бейне (сын-қымыл) үстеуі, мөлшер үстеуі, күшейткіш үстеуі болып бес түрге бөлінеді.

Мезгіл үстеуі	Бейне (сын-қымыл) үстеуі	Мекен үстеуі	Мөлшер үстеуі	Күшейткіш үстеуі
1	2	3	4	5
Кімнің жалпы мерзімін, уақытын білдіреді. Мысалы: <i>бүгін, ертегін, кеше, жазды-гуні, был, таңертең т.б.</i>	Кімнің, іс-әрекеттің алуан түрлі сапасын білдіреді, істің жолын, тәсілін көрсетеді. Мысалы: <i>тез, шашаң, бағыт, қазақша, лезде, әзгер т.б.</i>	Кімнің, іс-әрекеттің орнын (мекенін), багытын білдіреді. Мысалы: <i>алдынан, жасынан, осында, астында, артта, төмөнде т.б.</i>	Түрлі қатынастарды жаңылап я шамалап немесе қымылдан және салының кемдік я тәндік дәрежесін көрсетеді. Мысалы: <i>негұрттым, соңшалықты, согұрттым, аздап, молынан, еодуғар т.б.</i>	Заттың салынын, қымылдың өзін немесе түрлі мөлшерді, көлемді аса күшейтпі nemесе аса солғындағы көрсетеді. Мысалы: <i>тым, аса, өте, ең, сәт т.б.</i>

Жалғасы


1	2	3	4	5
<i>Бүгін сабакқа қатыс- паган тек Әли гана.</i>	<i>Ол мысықниа өрмелен агаңқа шықты .</i>	<i>Артынан Назым келді. Олар алға лап қойды.</i>	<i>Негұрлым ерте тұрсан, согұрлым жұмысын өнді.</i>	<i>Раушан шайды тым асықтай ишетін .</i>



4-тапсырма. Үстеудің мағыналық түрлерін қолдана отырып, күнделікті өмірдегі сауда туралы әңгімеленіз.



5-тапсырма. Қазақстанның 2011-2017 жылдардағы басқа елдермен импорт, экспорт құрамының үлестік көрсеткіштерін салыстырыңыз.



6-тапсырма. «Әңгімелесетін әріптер» ойыны. Қалаған сыныптарыңызben бірге әріптерді бөлісіп алып, әр әріптен басталатын сөзден сейлем құраныздар. Сейлемде үстен сөздерді орынды қолданыңыздар. Кезектесе отырып сейлемдерді оқыңыздар. Сурақ қоя отырып, жалпы қорытынды жасаңыздар. Бір-біріңізді бағалаңыздар.

Ә	Ж	С	Ұ	А
К	Қ	Т	Д	О



7-тапсырма. Екі топқа бөлініп, «Ел экономикасы» тақырыбына ойларыңызды жинақтап, менталды карта сызыңыздар. Оны алдымен топ, содан соң сынып алдында қорғаңыздар.



8-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сабакта нені білдініздер? Қандай жана нәрсе үйрендініздер?
- Не себепті қын, не себепті оңай болды?
- Болжамдарының сәйкес келді ме?
- Сабак қандай ой салды?

13-14-сабақ Ұлттық тауар биржасы

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Биржа дегеніміз не?
- Мұнай саудасының маңыздылығын калай түсіндіресіздер?

2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Сіздер үшін қандай ақпарат тың болды?



Өткен жылы Елбасымыз Агенттікке Қазақстанда тауар биржасын дамыту жөнінде міндет жүктеген болатын. Соған байланысты біз елімізде алғашкы «Еуразия сауда жүйесі» Ұлттық тауар биржасын құрдық. Бүгінде осы тауар биржасында тұракты тұрде сауда жүргізілуде. Біздің алғашкы жоспарымыз бойынша аталған тауар биржасында тек бидаймен сауда-саттық өтуі тиіс болатын. Үстіміздегі жылдың екінші жартыжылдығынан бастап мұнда мұнай саудаға шығарылмақ. Ал жыл сонына таман осы тауар биржасы арқылы алтын саудасын жүргізу жоспарымыз бар. Ал қазіргі жағдайды айттар болсак, «Еуразия сауда жүйесі» тауар биржасы құрылғаннан бері 347,8 миллион теңгеге астық саудасы өтті. Алдымызға қойған жоспар бойынша «Еуразия сауда жүйесі» арқылы жыл сонына дейін 200 миллион АҚШ долларына тең сауда жасау көзделуде.

Тірек сөздер

- тауар биржасы
- сауда-саттық
- мұнай саудасы

Г. Жұмабайқызы. «Ет тірегі – экономика» кітабынан.
Д. Нұртейісовнен болған сұхбаттан



3-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде болжам жасаңыздар.

1. Мәтінге такырып қойыныз.
2. Акпараттың шынайылығына өз көзқарасынызды білдіріңіз.

3. Ақпараттың маңызды екінші тұсына болжам жазыныз.
4. Үстеудің мағыналық түрлерін қолданып, өз ойынызды жүйелі жеткізіңіз.



4-тапсырма. Көп нүктенің орнына мағынасына қарай тиісті үстеулерді қойып, сөйлемдерді кеңейтіп құраңыздар.

... міндет жүктеген болатын; алтын саудасы ... кеңейді; тауар айналымы ... есті; өнім сапасы ... жоғары болды; өндіріс ... дамыды; ... экспортқа шығарыла бастады; бідай ... көп өндірілді; ... мұнай саудага шығарылмақ.

Кәжетті үстеулер : биыл, тез, баяу, осында, былтыр, едәуір, тым, ете.

Үстеудің сөйлемдегі қызметі мен емлесі

Үстеу сөйлемде көбінесе баяндауышка катысты болғандықтан, пысықтауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Әуелі тамактанып алуды үйгарды*.

Үстеулер сөйлемнің басқа мүшелерінің де қызметін аткарады. Мысалы: *Әрен, әдейі – қимыл-сын үстеулері* (бастауыш). *Елдін бәрі – осында* (баяндауыш). *Үйге қайтатын күнім – ертең* (баяндауыш).

Үстеулердің жазылу емлесі үш салаға бөлінеді:

1. Бірге жазылатын үстеулер

Негізгі үстеулерге жалғау, журнақ жалғану арқылы және сөздердің бірігуі арқылы жасалады.

Мысалы: қапыда, абайсызда, тікелей, мұнша, оншалық, қыстығұні, ендігәрі, алдеқашан т.б.

2. Дефис арқылы жазылатын үстеулер

Үстеулердің косарлануы арқылы жасалады.

Мысалы: жоғары-тәмен, ілгері-кейін, күні-туні, ертегі-кеш, әле-әлгение т.б.

3. Болек жазылатын үстеулер

Үстеулердің тіркесуі арқылы жасалады.

Мысалы: ертеден қара кешке дейін, бір күні, кей күні, ала жаздай т.б.



5-тапсырма. Кестеде көрсетілген үстеу түрлерін қатыстырып, сейлем құраС жазыңыздар. Үстеулердің сейлемдегі қызметін анықтаңыздар.

Үстеу түрлері	Сейлемдер
Жүрнек жалғану және сөздердің бірігі арқылы жасалған үстеулер	
Косарлану арқылы жасалған үстеулер	
Тіркес арқылы жасалған үстеулер	



6-тапсырма. Графикалық ақпарат пен оқылым мәтініндегі ақпаратты байланыстыра отырып, ой қорытыңыздар.



7-тапсырма. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан алынған үзіндіні тыңдаңыздар (30-аудио). Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазып, мағынасын анықтаңыздар.

...Бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жангыртылуы. Біз цифрлық технологияны колдану арқылы құрылатын жана индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – манызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобиЛЬДІ банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді деңсаулық сактау, білім беру ісінде колданылатын және баска да алеуеті бар салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты.

Коммуникацияның дамуы мен оптикалық-талышқыты инфра құрылымға жаппай колжетімділікті де камтамасыз ету керек. Цифрлық индустрияны дамыту басқа барлық салаларға серпін береді. Сондыктан Үкімет IT саласын дамыту мәселесін ерекше бақылауда ұстауға тиіс...

Екінші кешенді міндет – жаңа индустриялар құрумен катар, дәстүрлі базалық салаларды дамытуға серпін беруіміз керек. Бұл – өнеркәсіп,

агроенеркесіптік кешен, көлік пен логистика, құрылым секторы және басқа салалар.

Еңбек өнімділігін айтарлықтай арттыру керек. Бұл жердегі негізгі фактор Төртінші өнеркесіптік революция элементтерін жаппай енгізу болуға тиіс. Бұл – автоматтандыру, роботтандыру, жасанды интеллект, «ауқымды мәліметтер» алмасу т.б. міндеттер.

«Егемен Қазақстан» газетінен



8-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының жүзеге асырылуына қашшалықты сенимді ой қосар едіңіз?
2. Болашакта кандай саланың маманы болу манызды?



9-тапсырма. Берілген ұстеулердің сыңарын тауып, орфографиялық нормаға сай жазыңыздар.

Ертелі ... , қолма ... , күні ... , таң... , әлде..., ала ..., ілгері ... , күндіз ... , жазды ...



10-тапсырма. «Ел экономикасы саудамен өркендейді» тақырыбындағы мақаланың тезисін жоспарлаңыздар.

Жоспар құрудың улғи сыйбасы

- I. Кіріспе бөлім.
- II. Негізгі бөлім.
1. Тезис:
 - а) сейлем;
 - ә) сейлем.
- III. Корыттынды бөлім.

БҮҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК БЕЙНЕ

Қогамның өркеннегітік деңгейі оның айелдерге деген қарым-қатынасымен аныкталады.

Н.Ә. Назарбаев

1-2-сабақ

Қоғамдағы әйел-аналардың рөлі

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Гендер үғымын жіңі естисіздер ме? Ол нені білдіреді?
- Қазіргі қоғамдағы әйелдердің рөлі қандай?



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Тірек сөздер арқылы мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыздар.

Әлемдегі кез келген халықтың өз алдына ұл болып үйисуына, егемен ел, дербес мемлекет болып қалыптасуына әйел-аналардың сінірген еңбегі зор. Тарихта есімдері алтын әріптермен өрнектелген Тұмар ханым, Ұмай ана, Гүлбаршын мен Құртқа, Ақжұніс пен Назым, Айша бибі, Абайдың әжесі Зере мен анасы Ұлжан, ел билеген Айғаным мен Ұлпан секілді аналарымыз ұлт тәрбиелеп, мемлекетімізді баянды етуге мол үлес косты.

Бүгінде қазак әйелдері үрпак тәрбиесімен қатар, қоғамның бүкіл тыныс-тіршілігіне (саясат, экономика, бизнес, білім беру, деңсаулық сактау және т.б.) белсene араласып отыр. Мәліметтерге жүгінсек, еліміз бойынша мемлекеттік қызметтегі әйелдердің улесі 58 пайыз болса, солардың ішінде жоғары лауазымдағы әйелдер 10 пайызды құрайды екен.

Гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты жургізуге қатысты жұмысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Эйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті – отбасына, әйелдер мен ерлердің тенденгіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру.

Қазақстанда Үкімет қаулысымен республикадағы әйелдердің жағдайын жаксарту бойынша іс-шаралардың ұлттық жоспары әзірленіп, бекітілді.

Тірек сөздер

- әйел-аналар
- тыныс-тіршілік
- баянды ету
- отбасылық саясат
- ұлттық жоспар

И. Байқоныс



3-тапсырма. Сөздіктің көмегімен мәтінде кездескен тірек сөздер мен термин сөздердің мағынасын ашып, «Қос жазба құнделігіне» толтырыңыздар.

Тірек сөздер мен термин сөздер	Түсіндірмесі



4-тапсырма. «Толтау» әдісі арқылы бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) туралы ойларыңызды топтаңыздар.

БАҚ жүйесі:

- радио – ақпарат таратады, құлақтандырады, ... ,
- телевизия – оқиғаны көрсетеді, ... ,
- газет-журнал – деректі оқиғаны талдаң, түсіндіреді, ... ,



5-тапсырма. Танымал диктор Сауық Жақановамен жүргізілген сұхбатты тыңдаңыздар (31-аудио). Төмөндеғі «Төрт сейлем» тәсілі арқылы матінге өз ойыңызды білдіріңіз.



Сауық Жақанова

«1921 жылы Казак КСРО Халық Комиссарлары Кенесінің 29 кыркүйектегі қаулысымен Орынбордағы радиостансыдан күніне 1600 сөзден тұратын хабарлар дайындауга шешім қабылданды.

Міне, сол алғашкы кездегі төрт сағаттық эфирден бастау алған, бүтінде 85 жылдық тарихы бар «Қазақ» радиосы казак жүртімен, казак қоғамымен бірге жасап келеді. Мұнда кешегі өткен ұлы тұлғалардың он мындаған дауыс-үні сакталған. Тіпті Алтын корда Дина Нұрпейісова бастаған казак өнері карлығаштарының шерткен күйлері мен тарихқа айналыш кеткен ағалар мен апалардың дауыстары сакталған. Бұл деген – үлкен рухани байлық», – дейді бүгінгі біздің қонағымыз, Казакстанның енбек сінірген мәдениет қызыметкері, танымал диктор Сауық Жақанова. «Радио – халыққа жылдам тарайтын, жедел жететін ақпарат көзі. Әсіресе казак жүртіна теледиңдердің күні кеше ғана келгенін ескерсек, «Қазақ» радиосы каншама үрпакты тәрбиелегенін байқаймыз...»

Сұхбатасқан М. Асатай

1. *Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша пікірінізді бір сейлеммен жазыңыз.
2. *Дәлең.* Пікірінізді бір сейлеммен дәлелденіз.
3. *Мысал.* Пікірінізді өмірмен байланыстырып, мысал келтірініз.
4. *Корытынды.* Такырып бойынша корытынды шығарыңыз.

Шылау

Шылаулар сөздерді, сөйлемдерді байланыстырады, өзі катысты сөздерге, сөйлемдерге жана үстеме мағына береді. Мысалы: *Радио мен теледидардан берілетін ақпараттардың саны да көп, сапасы да артүргі және тақырыппары сан алушан деген сөйлемде 15 сөз бар*. Осы сөйлемдегі жеке сөздердің мағынасы мен тұлғалық жағы біркелкі емес. *Мен, да, және сөздерінен басқаларында дербес мағына бар*. Олар белгілі бір сұракқа жауап беріп, сөйлем мүшесі қызметін аткарып тұр. Ал *мен, да, және сөздері*: 1) дербес мағыналары жок сөздер; 2) ешкандай сұракқа жауап бермейді; 3) өз алдына жеке тұрып сөйлем мүшесі қызметін аткарып тұрған жок. Сөйлем ішінде сөз бен сөздерді байланыстыру қызметінде тұр.

Өз алдына жеке тұрып толық мағынасы болмайтын, сөйлемде сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайтын, бірақ басқа сөздерге көмекшілік қызмет атқаратын сөздер **шылау** деп аталады.

Тіліміздегі барлық шылаудың атқаратын қызметі бірдей емес. Олардың бірі сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру қызметін атқарса, енді біреулері сөздерді грамматикалық қатынасқа келтіріп отырады, үшінші біреулері сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді аныктап я толықтап, косымша мағына үстеп жатады.



6-тапсырма. Мәтінді оқып, шылауларды табыңыздар. «Екі түрлі түсініктеме күнделігі» арқылы шылаулардың сөйлемдегі қызметін анықтаңыздар.

Радио

Он тоғызынышы ғасырдың аяғында әртүрлі елдің бірнеше ғалымы мен инженері радиотолқындардың көмегімен сымсыз қашықтыққа дыбысты жібере алды. Алайда бірінші ұдайы радиостансы Голландияда тек 1920 жылы ғана жұмыс істей бастады. Бірнеше жыл ішінде радиокабылдағыштар әр үйде болды. Радиодан жаналықтар, музика мен көңіл көтеретін хабарлар берілді.

1950 жылдары батарейкамен жұмыс істейтін шағын радиокабылдағыштар пайда болды. Олар женіл әрі шағын, саяхатқа немесе серуенге шыққанда, алып жүргүте ынғайлы еді.

Қазіргі радиостудиялар жоғары сапалы микрофондармен, құлак-қалқандармен жабдықталған.

Д. Райан. «Ақпарат және байланыс» кітабынан



7-тапсырма. Суреттерге қарап, мәтіндерден алған ақпараттарды салыстырыңыз.



8-тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап берініздер (1-2 сөйлеммен).

1. Радио саласында кызмет еткен әйгілі тұлғалардан кімдерді білесіз?
2. Олардың қызметі туралы не айта аласыз?
3. Қандай радиотолқындарды тыңдайсыз?
4. Қандай бағдарламалар ұнайды?
5. Сүйіп тыңдайтын дикторының бар ма? Бар болса, ол несімен ұнайды?



9-тапсырма. Еліміздегі радиотолқындар туралы ізденіп, ақпаратты толықтырыңыздар. Олардың кеп тындалу рейтингісіне болжам жасап, диаграммаға түсірініздер.



3-4-сабақ

Қазақтың алғашқы экран патшайымдары

1-тапсырма. Ойтарткі.

- Қазак телевизиясы тарихынан не білесіздер?
- Қазак телевизиясының ең алғашқы хабарын жүргізуші дикторлардың әйелдер екенін естідініздер ме?



2-тапсырма. Мәтінді оқып, деректерді есте сақтаңыздар.



Зұлхия Жұматова мен
Нелли Омарова

1958 жылы Қазақстанда тұнғыш рет телевизия пайда болды. Сол кездегі республика астанасы Алматының тұрғындары 8 наурыз күні тұнғыш рет өз экрандарында Қазақ теледиңдарының алғашқы дикторлары Зұлхия Жұматова мен Нелли Омарованның дидарын көрді. Олар көпшілікті Алматыда теледиңдар хабарларының басталуымен және әйелдер кауымын мерекелерімен құттықтап, жылы лебіз білдірді. «Үкімет мүшесі» атты көркем фильм көрсетілді.

1958 жылдың желтоқсанында Алматы студиясы Букілодактық экранга бес сағаттық бағдарламамен шықты. Бұл түста казак әдебиеті

мен енерінің онкундегі жүріп жатқан болатын. Сол жылдардағы кындықтарға қарамастан, 1959 жылдың сәуіріне дейін Қазақ теледиңдері 333 бағдарлама, 497 кинофильм мен киножурнал дайындалған үлгерді.

Өткен ғасырдың 70–80-жылдары ҚазТВ түрлі түсті бейнеге көшті. 2002 жылдан «Қазақстан» Ұлттық телеарнасы деп аталды.

Бұтінде Ұлттық арна 2011 жылдың 1 күркүйегінен бастап жүз пайыз казак тілінде жүргізілсе, 2012 жылдың 24 желтоқсанында «Қазмедиа» орталығынан хабар таратады. HD форматта толықтай көшкен телеарна медиакеністікке әлеуетін жыл сайын ұлғайтуда.

«Қазақ уні» газетінен



3-тапсырма. Мәтінмен танысып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

Телевизиялық стансылар радиотолқындарды дыбыстыған емес, сонымен бірге бейнені беру үшін де қолданады. Теледиңдердың көмегімен біз дүниенің кез келген бүрштықта не болып жатқанын көре аламыз. Кейбір стансылар өздерінің бағдарламаларын арнаулы сым-кабель бойынша жібереді. Бұл – кабельді теледиңдер. Алғашкы телевизиялық хабарлар 1930 жылдары пайда болды. Түрлі түсті теледиңдерды жиырма жыл өткен соң ойлап тапты.

Д. Райан. «Ақпарат және байланыс» кітабынан

Сұрақтар

1. Радио мен теледиңдердың байланысы бар ма? Бар болса, қандай?
2. Қай акпарат құралының қызметі басым деп ойлайсыздар?
3. Өздеріңіз қай акпарат құралын жіп пайдаланаңыздар?



4-тапсырма. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажыратып, «Екі түрлі түсініктеме күнделігі» арқылы маңыздылығына түсінік жазыңыздар.



5-тапсырма. Мәтін үзіндісін екі окушының (бірі – журналист, бірі – кейіпкер) оқуынан тынданыздар. Кейіпкерлердің сөздерін көңіл күйіне қарай жеткізе алды ма? Сұраулы, лепті сөйлемдерді интонациясына қарай дұрыс оқыды ма? Бағалаңыздар.

— Телевизияга диктор бол қалай келдіңіз? Бұрын сіз осы саланың мамандығы ма едіңіз, жоқ елде ...

— Шынымды айтайын, бұл менің мүлде көрмеген, білмеген жұмысым еді, — деді Ләзиза Аймашева. Студия, камера, микрофон деген сөздерді сол уақытка дейін тіпті естімеппін де. Өйткені мамандығым, аткарып жүрген жұмысым басқа салаға катысты еді. Алматы Медицина институтын бітіргенмен, сол кезде орталық аптекада фармацевт-провизор болатынмын. 1958 жылғы кантар айының соңғы күндерінде осы жерге екі кісі келді. Менімен казакша сөйлескен олар: «Кыздарымыз мына сіз секілді өз тілін жаксы

Тірек сөздер

- телевизия
- эфир
- хабарлама
- HD формат
- медиакеністік

Түсіндірмे сөздік

аттонын ала қашу – бас тарту
дені – көпшілігі

білсе гой, шіркін?!», – деп мактап, келесі күні мұнда қайтадан бас сұкты. Тағы да әңгімелесті. Бір аптадан соң бұл екі кісі Алматыда Қазақстандағы тұнғыш телестудия ашылғалы жатқанын, соған дикторлыққа адам іздең жүргендерін айттып, менен байқауға катысуымды сұрады.

...Мен олардың байқауға түсуге шакырған өтініштерінен аттонымды ала қаштым. Себебі экранга шығу, телекамера алдында отырып мәтін оқу дегендерініз сол сәтте маған ете кіпн шаруа болып көрінді. Бірақ... көп кешікпей мені өзіміздің аптека басқармасының бастығы Сәлкен Сұбханбердин ағамыз шакырды. Ол жоғары жақтан телефон соғылғанын, мемлекеттік маңызы бар мұндай мәселеден шет қалмай, сарапшылар комиссиясына барып шығуымның қажет екенін ескертті.

– Ол байқауда сіздерге қандай талаптар қойылды? Үміткерлер көп болды ма? Байқаудан қалай өттіңіздер?

– Дикторларды таңдап алу сынына 100-ге жуық адам жиналды. Дені – кыз-келіншектер... Сарапшылардың үміткерлерге қойған талаптары: сүйкімді кескін-келбет, ұнамды кимыл-қозғалыс, әуезді дауыс, айтқан сөзді қағып алып, бірден жаттап алатын зеректік, байыпты көзкарас еді. Мен және Нәлли Омарова, Зұлқия Жұматова үшеуміз, міне, осы сынның бәрінен сүрінбей өттік.

Ж. Ауынбаев. «Диктор» деректі әңгімесінен



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сұхбат кейіп кері кім?
- Ол телевизияға қалай қабылданды?
- Қалай ойлайсыздар, диктор болу үшін қандай қасиеттер керек?
- Бүтінгі жас дикторлардың ішінен өзіндік үні бар деп кімдерді айта аласыздар?



7-тапсырма. Сұхбаттағы ақпараттың шынайылығына өз көзқарасынызды білдіріңіз.



8-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде диктор қандай қасиеттерге ие болу керектігін өз сөздеріңізben жазып шығыныздар. Жазбаныңда шылаулар болсын.



9-тапсырма. «Шығу парагын» толтырыныздар.

- SMS арқылы (кагаз кындысына) сабак туралы пікіріңізді (Қанша-лыкты жемісті болды? Қандай маңызды ақпарат алдыныз?) кыскаша жазып, сынштасынызға жіберіңіз.
- Келіп түсken хабарламаның мәтінінен шылау сөздердің астын сыйып, қызметін түсіндіріңіз. Мәтіндегі сейлемдердің дұрыс күрылған, күрылмағаны туралы пікіріңізді айттыныз, баға беріңіз.

5-6-сабақ**Баспасөз қызметіндегі әйелдер****1-тапсырма. Ойтұрткі.**

- Мерзімді басылымдардың қызметі туралы не айта аласыздар?
- Кандай газет-журналдарды оқисыздар?

**2-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтін не туралы?

Әуелі газет – халықтың көзі, қулагы һәм тілі. Адамға көз, қулак, тіл кандай керек болса, халықка газет сондай керек. Газеті жок жүрт басқа газеті бар жүрттардың қасында қулагы жок керен, тілі жок мақау, көзі жок соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын көру жок, не сейленіп жатқанын есту жок, өз пікірін айту жок.

Бүкіл дүниежүзіндегі халықтар телеграмма, телефон, пошталардың аркасында бір-бірімен хабарласып, газет арқылы жүртка жайып, бір үйдегі адамдардай сөйлесіп отыр. Дүниеде болып жатқан істер, сейленіп жатқан сөздер кімге пайдалы, кімге зарарлы екендігін күнібұрын біліп, пайдалы болса, шаттанып, зарарлысынан сақтанып тұрады.

Екінші, газет – жүртка қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жүрттың білімді, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп басшылық айтып тұрады.

Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жүрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетікпекші.

Төртінші, газет – халықтың даушысы. «Жүртім» деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоктайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдастын корғап, заарына қарсы тұрып, карғаға кезін шоқытпасқа тырысады.

А. Байтұрсынұлы



3-тапсырма. Тірексызба арқылы газеттің атқаратын міндеті жөнінде сыйнаптасыңызға мәлімет беріңіз.

Сентеулік шылаулар

*Күн сайын оқып отырамын. Олар уйге қарай келе жатыр.
Сабактан кейін асханага кеттік.*

Осы сөйлемдердегі сайын, қарай, кейін шылаулары өзінін алдында тұрған сөздердің арнауды септікте тұруын қажет етіп тұр.

Түсіндірме сөздік

һәм – және
зараарлы – қауіпті
зарын зарлау – айта алмағанын айту
шоқу – шұқу

Сонымен, өзінің алдындағы сөздің белгілі бір септікте тұруын жақет ететін шылауларды септеулік шылаулар немесе септеуліктер дейміз.

Табис және жатыс септіктерінен басқа септіктердегі тұрған сөздер белгілі бір шылаулармен тіркеседі. Септік жалғауымен тіркесетін шылаулар бірде бастауыш пен баяндауышты байланыстырады, бірде өзінің алдындағы сөзді аныктайтын қызмет аткарады.

Атау	Барыс	Шығыс	Көмектес
сайын, ушін, жөнінде, туралы, жайында, тұрасында, секілді, сықылды, шамалы, түтіл	шейін, дейін, таман, карай, тарта, жұық	соң, әрі, кейін, бәрі, бұрын, гері	катар, бірге

Егер осы септіктермен тіркесіп келген шылауларды алып тастаса, мұндағы сөздер бір-бірімен байланыспайды не мағыналары көмексі болып қалады.



4-тапсырма. Өздерініз тұратын жердегі мерзімдік баспасөз басылымдары туралы (қай жылдан бері, аптасына неше рет шығады, қандай мәселелер көтеріледі) бес сейлем кураныз. Сейлемінізде септеулік шылауларды қолданып, оның қызметін түсіндіріңіз.




5-тапсырма. Мәтінді окушының оқуынан тындаңыздар. Негізгі ақпараттарды тезис түрінде жазып алыңыздар.

1913 жылы 2 ақпанды Орынборда «Қазақ» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Алғашқы жылдары апта сайын, ал 1915 жылдан аптасына екі рет шығып тұрған басылым бес жылдың ішінде казақ тілінде кәсіби газет стилін қалыптастыруды.

Газеттің жалпы 265 нөмірі жарық көрген. Газет рәміздік бейне ретінде киіз үйді ұсынды. Оның түндігі батыстан ашылып, есігіне «Қазақ» деп

жазылды. Мұны түсіндірген ұлт зияллылары «Қазақ ішіне Еуропа ғылым-әнері таралсын, «Қазақ» газеті казак жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын» деп жазды. Ұлт-азаттық козғалыстың басты басылымы болған «Қазақ» газеті Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынұлы бастаған тұлғалардың ұлт алдындағы орасан енбектерін халықка танытты. Олардың әлеуметтік-саяси жағынан сауаттануына, ұлт-



«Қазақ» газеті

тың намысының оянуына, тұтас дамушы ел болуына өлшеусіз еңбек сінірді.

«Қазак» газетін шығаруды үйымдастыруши, редакторы Ахмет Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі Міржакып Дулатұлы болды.

«Қазак» газетінің авторлары: Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынұлы, Аққағаз Досжанова, Халел Досмұхамедұлы, Міржакып Дулатұлы, Гайнижамал Дулатова, Ілияс Жансұгіров, Мағжан Жұмабаев, Мәшінур-Жүсіп Көпееев, Нәзипа Құлжанова, Мұстафа Шокай, Мұхаметжан Тынышбаев және тағы басқалар.



6-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша пікірталас үйымдастырыңыздар.

1. Мәтінде кездескен тұлғалар туралы не білесіздер?
2. Олардың ішінде әйелдер есімінің аталуы сіздерге қалай әсер етті?
3. Қазір техниканың дамыған заманында газет-журналдардың адам өмірінде алатын орны қандай?
4. Қазіргі оқырман сұранысына сай газет-журналдар қандай болуы керек?



7-тапсырма. Мәтіннен курделі сөздерді анықтап, олардың жасалу жолын түсіндіріңіздер.



8-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, берілген сөйлемге өз пікірлеріңізді болжаммен жазыңыздар.

Қазак жерінде алғашкы баспасөз басылымдарын үйымдастыру ісінде белсенің әйелдер санаулы болды.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



9-тапсырма. Алдыңғы тапсырма бойынша жазған сыйнаптас досыңыздың пікірін оқып, орфографиялық, пунктуациялық қателерін тексеріңіз. Досыңыздың жұмысында шылау сөздер бар ма? Анықтап, жұмысқа баға беріңіз.



7-8-сабақ **Нәзипа Құлжанова – қазақтың қайраткер қызы**

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Қазак қыздарынан шықкан алғашкы когам қайраткерлері туралы не білесіздер?
- Қазақтың тұнғыш журналист қызы Нәзипа Құлжанова туралы естулеріңіз бар ма?



2-тапсырма. Мәтінді оқып, тезистік жоспар құрыңыздар. Нәзипа Құлжанова өмірінің кезеңдерін қалай бөлуге болады?

Нәзипа Құлжанова 1887 жылдың 27 шілдесінде Торғай қаласында дүниеге келген. Ол – XX ғасыр басындағы оқыған санаулы ғана қазак қыздарының бірі. Ағартушы, этнограф, аудармашы, журналист, жазушы Нәзипа Құлжанованың артында қалған мұрасы ұшан-теңіз.

Нәзипа – казак қыздарынан шықкан тұнғыш журналист. Қостанайдағы қыздар гимназиясын тамамдаған соң, Семейдегі мұғалімдер семинариясында сабак берді. Осы кезден бастап қазак әйелдері арасынан дараланып, ұлттың жоғын жоктады. «Қазақ», «Айқап», «Бірлік туы», «Жаңа мектеп» секілді басылымдарда қазак тағдырына, әйел тенденциіне, оку-ағартуға катысты мақалалары жеткілікті жарияланған. Ол Абайды казакка таныткан зияялыштардың бірі болды. Жүсіпбек Аймауытов «Айқап» журналына бұл туралы: «Біздің қазакта ұлтка қызмет еткен әйелдің алды Нәзипа ханым болып шежіреде жазылуы тиіс», – деп жазды. 1922 жылы «Енбекші қазақ» газетінде, 1923–1925 жылдары «Қызыл Қазақстанда», 1925–1929 жылдары «Әйел тенденциі» журналдарында жауапты қызмет атқарды.

Н. Құлжанова – Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы үлгісіндегі тәжірибелі педагог, ғалым. Қазак мектептеріне арнап оқулық жазды, оқыту мен тәрбиелеу ісін ізгілендіру жолында аянбай қызмет етті.

Н. Құлжанова – әдебиетші, әдебиет жанашыры. «Әйел тенденциі» журналында акын Шолпан Иманбаева туралы жазған мақаласы бар.

Қазақтың алғашқы баспасөзі, қазак ғылыминың бастауы туралы әнгіме болған кезде біз қазақтың қайраткер қызы Нәзипа Құлжанованы ұмытпауымыз керек. Н. Құлжанованың атқарған қызметі, тағылымды да өнегелі ғұмыры бүтінгі әрбір баланың өмірлік мақсатына айналуы тиіс.

E. Тоқтарбай



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша берілген тұжырымдарды дәлелденіз.



Жалғаулық шылау

Жалғаулыктар өзара тен бірынғай сөздердің, бірынғай сөз тіркестерінің және бірынғай сөйлемдердің арасында келіп, олардың аралығындағы әркілсіз катынастарды білдіреді. Мысалы: *Жанат пен Жомарт әңгімелесіп тұр* (F. Мұстафин). *Не Көкше, не оның балапан таулары, не көлдері еш уақытта Асқарды тойғызған емес* (С. Мұқанов). Осындағы *пен*, *не* шылауларының екі түрлі қызметі байқалады: біріншіден, тен дәрежедегі сөздер мен сөйлемдерді байланыстырып тұрса, екіншіден, бұл сөздердің өздері катысты сөздер мен сөйлемдердің баставы мағыналарын күшейтіп, үстеме мағына беріп тұрганын байқаймыз. Мысалы: 1) *Не Көкше, не оның балапан таулары, не көлдері еш уақытта Асқарды тойғызған емес* (С. Мұқанов). 2) *Көкше, оның балапан таулары, көлдері еш уақытта Асқарды тойғызған емес*. Екі сөйлемдегі ой – бір. Дегенмен бірінші сөйлемдегі ой айқынырақ. Демек, жалғаулық шылаулар сөздер мен сөйлемдер арасын салыстыра байланыстыру қызметінде жұмсалады.

Жалғаулық шылаулар мағынасына қарай беске бөлінеді:

Ынғайластық жалғаулыктар	Қарсылықты жалғаулыктар	Талғаулықты жалғаулыктар	Себеп-салдар жалғаулыктар	Шартты жалғаулыктар
мен (бен, пен, менен, бенен, пenen), да (де, та, те), және, әрі	дегенмен, сонда да, алайда, бірақ	не, кейде, мейлі, алдане	өйткені, сол себепті, сол үшін	егер, егер де, әйтпесе, онда

Жалғаулыктардың сөз берін сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру кабілеті бірдей емес. Мысалы, себеп-салдар жалғаулыктары сөйлем мен сөйлемді байланыстырғанмен, сөз берін сөзді байланыстыра алмайды. Мысалы: *Көксерек – арлан, сондықтан бұның бойы биіктей береді* (М. Эуэзов). Осы сөйлемдегі *сондықтан* жалғаулығының орнына шартты жалғаулыктар қоюға болмайды.

Сондай-ақ *мен, бері, менен, пenen, алдану* жалғаулыктары да зат есім мен заттанған есімдерді байланыстырады. Мысалы: *Көптен бері Абай бұндай намыс пен ыза, алдану мен қиянат, қимастық пен арлану; ұялып арланудың неше қырты қысымын көрмегендей* (М. Эуэзов).



4-тапсырма. Суреттегі бейнені жалғаулық шылауларды қолданып, сипаттап жазыңыздар.



Нәзипа Құлжанова

1. Бұл қай кезеңдегі сурет?
2. Қазақ қызының сыртқы келбеті қандай?
3. Қиім үлгісінен нені байқауға болады?
4. Неге олай ойлайсыз?



5-тапсырма. А. Байтұрсынұлының Н. Құлжановаға арнаған өлеңінен үзінді тыңдайық (32-аудио). Ақын «ұзақ жол» дег қандай жолды айттып тұр?

...Ұзақ жолға ниет кып бір шыккан сон,
Жарым жолдан кайтпаспын, карындастым!

Су да болар ол жолда, тау да болар,
Жаудың оғы, жайған тор, ау да болар.
Мынау пайда, мынасы зиян демек,
Ол ерліктің ісі емес, сауда болар.

Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар,
Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.
Қайраттаныш, қажымай тырмыссан да,
Шыккызбайтын жолында өрлер де бар.



6-тапсырма. Сол кезеңдегі әлеуметтік-қоғамдық мәселенің бел ортасында жүрген Нәзипа Құлжанованың еңбегіне қандай баға бересіз? Өз ойыңызды білдіріп, монолог дайындаңыз. Жалғаулық шылауларды орынды қолданыңыз.



7-тапсырма. Үш топқа бөлініп, «БАҚ және гендерлік бейне» тақырыбына менталды карта сыйыңыздар. Қарсы топтарға сұрақтар даярлап, пікірталас-диалог құрыңыздар. Сөз адебін сақтаңыздар.



8-тапсырма. «Шығу парагын» толтырыңыздар.

- Бүгін сабакта қай тапсырма бойынша белсенділік таныттыңыздар?
- Қайсысы түсініксіз болды? Неліктен?
- Қай окушыға жоғары баға беруге болады?



9-10-сабак Қазақтың тұңғыш журналист қыздары

1-тапсырма. Ойтурткі.

- Есімдері тарихта қалған қандай әйел-тілшілерді білесіздер?
- Олардың қандай қырын ерекше үлгі тұтар едініздер?



2-тапсырма. Қосымша ақпарат қөздерінен төмендегі сурет бойынша мәлімет жинаңыздар. Алынған ақпаратты өндеп айтыңыздар.



3-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар. Негізгі ақпараттарды тезис түрінде дәптерлерінізге жазыңыздар.

1914 жылы «Қазак» газеті Орынбордан шығып тұрған кезінде редакцияда қазактың үш қызы: Гайнижамал Дулатова, Аққағаз Досжанова және Гұлайым Балғынбаева жұмыс істеген. Олар туралы Тұрсын Жұртбай: «Аққағаз Досжанова (1893–1931) – қазактың ішінен шыккан атақты қыздардың бірі. Ол тұнғыш рет қазак қыздары арасында толық дәрігерлік курсы бітіріп, «дәрігер, ғалым-зерттеуші» деген атақ алған. Негізінен, медицина тақырыбындағы макалалар жазды. Одан бөлек, «Әйел тендігі», «Абай», «Жас азамат» басылымдарына бұратана халықтардың басындағы тенсіздік пен әділетсіздікке катысты еткір макалаларын жариялады. 1921 жылдың 11 күркүйегінде «Степная правда» газетіне шыккан Аққағаздың «Түркістанда» деген макаласында ел ішінде белен алған жүкпалы аурулардың каупі туралы жазылған. Ал Гұлайым Балғынбаева болса Германияда оқыған. Ол кезде оқыған қазак қыздарының «Алаштың» жұмыстарынан тыскары қалуы мүмкін емес еді. Аққағаз да, Гұлайым да, Гайнижамал да «Алаштың» бүкіл жазуларын қағазға түсіріп отырган», – деп жазды. Нәзіпа Құлжанова қазактан шыккан тұнғыш қазак журналисі болса, Аққағаз Досжанова тұнғыш дәрігер қызы болды. Сондыктан оның макалалары, негізінен, осы салаға тікелей байланысты еді. Гұлайым Өтегенқызы да көркем-публицистикалық макалаларымен көрінді. Ол да өлең жазды. Гұлайымның «Қазак қыздарына» деген өлеңі «Айқапқа» жарияланғаннан кейін, сол кездің қыз-келіншектері бостандықтарын бағалауга, білім алуға ұмтыла бастады. Ал «Қазак» газетіндегі үш қыздың біреуі Міржақып Дулатовтың жары Гайнижамал еді. «Айқап» журналының ерекшелігі қазактың тұнғыш журналист қыздарының буынын қалыптастыруды.



Гайнижамал Дулатова, Аққағаз Досжанова, Гұлайым Балғынбаева.
Орынбор, 1914 ж.

«Біздің Қостанай» газетінен

4-тапсырма. Жазып алған тезисіңіз бойынша сыйыптасыңызға мәлімет беріңіз. Қазақ баспасөзіндегі алғашқы әйел-тілшілердің ел ісінде мәңгі қалуы үшін не істеу қажет? Алдымен жұпта талқылап, содан соң топ алдында қорғаңыздар.



Жазып алған тезисіңіз бойынша сыйыптасыңызға мәлімет беріңіз. Қазақ баспасөзіндегі алғашқы әйел-тілшілердің ел ісінде мәңгі қалуы үшін не істеу қажет? Алдымен жұпта талқылап, содан соң топ алдында қорғаңыздар.

Демеулік шылаулар

Демеуліктер – өзгермейтін, түрленбейтін, тіркескен сөздеріне әртүрлі косымша мағына үстейтін шылау түрі. Мысалы: *Аяғын бір сәнмен тым-ақ женіл басады* (Ә. Сәрсенбаев). *Өлең мен ән ырысын тауытты-ау* (М. Әуезов). *Сонша жерден келгенсін, Ар қылмай ерлер қаша ма?* (Аттамыс). Осындағы -ақ алдыңғы сөйлемнің мазмұнын күштептіп, сол сөзге ерекше ой екпінін түсіріп тұр. -ау шылауы таңдану мағынасын үстеп тұр. *Ма* шылауы бүтіндегі сөйлемге сұрау мәнін беріп тұр.

Демеуліктердің негізгі сөздерге үстейтін мағыналары бірдей емес, әркелкі болып келеді. Осыған орай, демеулік шылаулар іштей төртке бөлінеді: *сұраулық, шектік, лептік, қудіктік демеулік шылаулар*.

Сұраулық	Шектік	Лептік	Қудіктік
ма, ме, ба, бе, па, не, ше Ол ше? Сен бе? Тау ма?	-ақ, гана жаксы-ақ, биік-ақ, қызық-ақ, сен ғана, осы ғана	-ай, ау шіркін-ай, жүйрік-ау	-мыс, -міс, -ды, -ді айтты-мыс, айтқан-ды, білген-ді

Демеулік шылаулардың мұнан да басқа түрлері кездеседі. Мысалы: *Күс екеш күс та балапанын қияға үшірыт уйретеді* (З. Шашкин). Осындағы екеш шылауынан қомсыну мәнін байқаймыз. Немесе *Сен түгіл мен де келдім*. Мұндағы түгіл шылауында болымсыздық мағына бар.



5-тапсырма. Кім жылдам? Демеулік шылауларды қатыстырып, сөйлем құраныздар.

Ғана, па, -ау, -мыс, -ді, -ай, бе, -ақ.



6-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыбына назар аударыңыздар. Мәтін қанша азатжолдан тұрады? Эр азатжолда кім туралы айттылған?

Кенес заманының тілшілері

Кенес заманы журналистерінің бірі – Сара Есова (1903–1984). Енбек жолын мұғалімдіктен бастаған. 1925 жылы «Әйел тендері» журналының редакторы болып тағайындалған. Сара Есованың бұдан кейінгі өмірі саясатпен біте қайнасты. Ол 1939–1973 жылдары Орталық музейде қызмет істеп, жылдарай музей басшысы болды. Сол жерден зейнетке шығып, 1984 жылы дүние салды.

1920–1930 жылдардағы газет-журналдарда Нагима Арыкованың (1902–1956) аты жіп кездеседі. Ол шамамен жүзге тарта макала жазған. Н.Арыкова 1926 жылы Мәскеуде өткен Жұмысшылар кенесіне Шығыс әйелдерінің атынан барып баяндама жасаған. 1927–1932 жылдары

Қазак өлкелік партия комитетінің мүшесі болды. 1933–1937 жылдары «Әйел тенденгі» журналына басшылық етті.

Алма Оразбаева (1898–1948) да Шығыс әйелдерінен шықкан талантты журналист болатын. Ол да Сара Есова сиякты Кеңес өкіметі орнаған күннен бастап шиеленіскең әйел тенденгі, зорлық-зомбылық, жесір дауына қатысты макалаларымен қазак әйелдерінің санасын оятуға тырысты.

Шолпан Иманбаеваның (1904–1926) алғашқы жазбалары «Еңбекші қазақ» (казіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жарияланды. Сондай-ақ өлеңдері сол тұстағы бірнеше басылымда жарық көрді. Шолпан Иманбаева Нәзиша Құлжанова, Алма Оразбаева, Нагима Арықова, Сара Есовамен жақсы байланыста болды. Ақын қыздың өлеңдері 1927 жылы кітап болып шықты.

Қазақтың тағы бір талантты журналист қызы – Ләзиза Серғазина (1908–1982). Он төрт жасында Павлодардағы ауыл мектептеріне мұғалімдер даярлайтын қыскамерзімді курсы тамамдап, ауылда мұғалім болды. 1933–1937 жылдары «Сталин жолы» газетінде әдеби қызметкер, жауапты хатшы, 1938–1949 жылдары «Социалистік Қазақстан» (казіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім менгерушісі болды. Осы басылымдарда қызмет ете жүріп, өзінің еңбеккорлығымен көзге түсті. 1950 жылы «Қазақстан әйелдері» журналының жауапты хатшысы болыш бекітілді. Ләзиза осы журналға жаңа леп әкелді. Өзі отбасы бақыты, бала тәрбиесі, әйел тенденгі такырыбында байыпты макалалар жазды.

С. Хасан



7-тапсырма. Суреттегі қазақ қыздарының әрқайсысына қосымша ақпарат жинап, өзіндік ой-тұжырымыныңды жазыңыз (екі сөйлемнен). Жазбаңызда шылаулар болсын.



Нәзиша
Құлжанова



Аккағаз
Досжанова



Сара Есова



Шолпан
Иманбаева



Ләзиза
Серғазина

Улғи .

Нәзіпа Құлжанова – көғам қайраткері, агартушы және журналист. Ол өзінің кысқа ғанағында халқына мол әдеби мұра калдырып кетті.

 **8-тапсырма.** Екі топқа бөлініп, қазақ әйелінің бүрінші және бүгінгі бейнесі туралы сұхбат құрыныздар. Сұхбат сұрақтарын өздеріңіз дайындаңыздар.

 **9-тапсырма.** «Шығу парагын» толтырыңыздар.

- Сабакта алған күнды мәліметтерінізben бөлісініздер және сабакка ұсыныс жазыңыздар (1-2 сөйлемнен). Сіздер үшін несімен күнды болды?

11-12-сабак Қазақ журналистикасы және ондағы қыздар үлесі

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Казіргі бұкараптак аппарат құралдарындағы қандай ерекше әйел бейнелерін атай аласыңыздар?
- Олар қандай істерімен сіздерді қызықтырады?

 **2-тапсырма.** «Қазақ қызы және журналистика» тақырыбындағы сұхбатты оқыңыздар.

Бүгінгі қазақ журналистикасының көш басында көбіне қазақ қыздары жүр. Сіз қазақ қыздарының журналистикасына қандай баға берер едіңіз ?

Дидахмет Әшімханұлы, жазушы. – Біз журналистикаға араласа бастаған 70–80-жылдардың ішінде, расында, суырылып алға шығып, кереметтей танылған қыздар өте аз болды. Олардын катарында Магира Кожахметова, Жұмагүл Солтиева, Шәрбану Бейсенова сияқты санаулы қыздарымыз болды...

Қазақ қыздарының рухы мықты. Ойындағысын ашып айтады, ойындағы сұрағын қояды. Журналистикаға тән ен керек қасиет те осы. Ер-азаматтардың бойынан табылмаған бұл қасиет біздің қыздарымыздың бойынан табылды. Қазіргі біздің қыздарымыздың бойында рух бар!

Кали Сәрсенбай, жазушы-журналист. – Журналистика жынысты тандамайды. Ол – Құдай берген дарының аркасында жүзеге асатын дүние. «Қыз баладан журналист шықпайды, ер баладан шығады» деу кисынсыз нәрсе. Бүтінде қыз балалардың өзінше бір шоғыры кальпасты. Оны мойындауымыз керек.

Жусітбек Корғасбек, жазушы-журналист. – Қазір журналистикада 80 пайыз қыздар істейді. Тіпті кейбір ұжымдағы онын әлеуеті 90 пайызға жетеді. Газет, журнал жаман шығып жатқан жок. Мақаланың ашысын

да, тәттісін де, өтімдісін де, өткірін де сол қыздар жазып жатыр. Әсіресе соңғы он шақты жылдың көлемінде қыздардың керемет толқыны пайда болды. Қоғам алдында пікір таластырып жүрген, макалаларымен қозғау салып жүрген де қыздар. Қазақ журналистикасының дамуына қыздардың қосқан үлесі көп.

«Түркістан» газетінен



3-тапсырма. Белгілі тұлғалардың пікірлері негізінде қазіргі журналист қыздарға тән қасиеттерді айтыңыздар. Өздеріңіз тағы не қосар едіңіздер?



4-тапсырма. Берілген сөйлемдерге демеулік шылауларды қатыстырып, түрлендіріп жазыңыздар.

Қазақ қыздарының рухы мықты. Ойындағысын ашып айтады, ойындағы сұрағын қояды. Журналистикаға тән ең керек қасиетте осы. Ер-азаматтардың бойынан табылмаған бұл қасиет біздің қыздарымыздың бойынан табылды. Қазіргі біздің қыздарымыздың бойында рух бар!



5-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша ой бөлісіңіздер.

1. Тілшілік жұмыска қызығасыз ба?
2. Тілші болсаныз, қандай мәселелер бойынша зерттеу жүргізер едініз?



6-тапсырма. Қазіргі бұқаралық ақпарат қуралдарындағы әйел-тілшілер туралы мәліметтер жинақтап, кестені толтырыңыздар.

Менін сүйікті тілшім	
Қай басылымда, арнада жұмыс жасайды?	
Жазған, жасаған репортаждары	
Оған қоятын сауалым	



7-тапсырма. Өздеріңізді толғандыратын әлеуметтік мәселені мақала ретінде жазыңыздар (кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімі болуы шарт). Көлемі – 120-150 сөз. Мақалада шылаулардың түрлері болсын.



8-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Бұқаралық ақпарат қуралдары туралы қандай ой қорыттыңыздар?
2. БАҚ-тың маныздылығын және сол салада қызмет еткен әйелдердің ерен енбектерін қалай бағалайсыздар?

ЖЕР ПЛАНЕТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР

Күте білсөн – Жер жомарт.

Нақыл сөз

1-2-сабақ

Қауіпті қалдықтар – ғасыр мәселесі

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Жердегі қауіпті қалдықтар туралы не білесіздер?
- Қалдықтардың экологияға тигізетін зияны жөнінде не айта аласыздар?



2-тапсырма. Мәтінді оқып, деректі ақпаратты анықтаңыздар.

Тірек сөздер

- тұрмыстық
- өндірістік
- уытты қалдық
- экология мәселесі
- экожүйе

Экология мәселелерінің қоғам өміріндегі маңызы мен мәні қаншалықты зор екені айтпаса да түсінікті. 120 миллион гектардан астамы күмді, тұзды жер болып табылатын, жалпы аумағының 70 пайзында биоэртурлілік сарқылып, экожүйесі бұзылған Қазақстан үшін оның маңызы жоғары екені белгілі.

2010 жылғы кантардағы жағдай бойынша елімізде 43 миллиард тоннадан астам өндірістік қалдық, оның ішінде 587,8 миллион тонна уытты қалдық жинақталған. Олардың сақталу жағдайы сын көтермейді. 775 техногендік-минералдық түзілімдер объектісі тіркелген. Олардың көлемі жыл сайын өсу үстінде. Бұдан белек, республикадағы 6 325 елді мекеннің 25 пайзына ғана қалдық жинау және әкету кәсіпорындары кызмет көрсетеді. 4525 қалдық полигонының 6,8 пайзы ғана заңдастырылған. Елде жинақталған қауіпті қалдықтар көлемі шамамен 6 миллиард тоннаны құрайды. Оның басым белігі, яғни 86,7 пайзы Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Костанай және Павлодар облыстарының тау-кен және байыту кешендерінің еншісінде екен.

К. Маметқазыұты



3-тапсырма. Мәтінде айтылған қауіпті қалдықтар қандай қалдықтар болуы мүмкін? Болжам жасаңыздар.



4-тапсырма. Сөздіктің көмегімен мәтіндегі термин сөздердің мағынасын ашыңыздар.

Термин сөздер	Түсіндірмесі
Экожүйе	Біздің коршаған орта

Сөздердің байланысу түрлері

Казак тіліндегі сөздердің өзара байланысұнының бес түрі бар. Олар: қысыу, матасу, менгеру, қабысу, жанасу.

Қысыу	Матасу	Менгеру	Қабысу	Жанасу
Бастауыш пен баяндауыштың жәктік жалғауы арқылы белгілі бір жакта және жекеше, көшше турде байланысұның қысыу дейміз.	Ілік септік жалғаулы сез бен тәуеллік жалғаулы сөздердің байланысұнын матасу дейміз.	Сөздердің септік жалғауарының (іліктен басқа) бірінде тұрып не шылау арқылы байланысу түрі.	Сөздердің жалғаусызы, катар түрүү арқылы байланысу түрі. Қабыса байланысатын сөздердің көпшілігі тұрган орындарын өзгертпейді.	Сөздердің орын тандамай, бірде жақын, бірде алшак тұрып байланысұы.
Мен (І жак, бастауыш) әтермін, кетермін (баяндауыш), Жоктарсын мени бір кездे (Ш.Кудайберdi-ұлы).	Күнпадың оның сөзін өзің тағы, Наданықтың белгісі ол бағы (Ш.Кудайберdi-ұлы).	Кундіз-түні белдеу мен арқаннан ешкімнің де аты кетпейді (М.Әхедов).	Күншілдік наиза түйрелген, Кызыл тілім , кел бері! Мұндағы қызыл тілім детен берік орын тәртібі арқылы байланыскан.	Жаз бойы жалғыз тіршілік етті (М.Әхедов). Сейлемдегі жаз бойы тіркесі тіршілік етті сөзімен арасына сез салып та, жалғыз тіршілік етті болып катар тұрып та байланысады.



5-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (33-аудио). Қандай мәселе көтерілген?

Жұмыр жерді мекендейтін сан мындаған тіршілік атаулының ішінде Жер-Анага адам баласынан артық қиянат жасайтын жаң исі жоқ екен.

Қазір казак даласында 22 миллиард тонна калдық пен кокыс жиналышты. Оның 16 миллиард тоннасы техногендік-минералдық калдықтар болса, 6 миллиард тоннасы адам ағзасына аса қауіпті химиялық калдықтар екен.

Сарашылардың дерегі бойынша, жыл сайын елімізде 700 миллион тонна өнеркәсіптік жарамсыз кокыс пен калдық жиналатын болса, оның 250 миллионы деңсаулықка қауіпті улы зат көрінеді. Осы зиянды

кокыс шығаруда Қарағандының тау-кен және кен байыту кешендері (29,4 пайыз) бірінші орынды неленсе, Шығыс Қазақстан облысы (25,7 пайыз) екінші орынды, ал тиісінше 17 және 14 пайыз кокыс «өндіретін» Костанай мен Павлодар облыстары үшінші орынды беліседі.

Адам баласының табигатқа тастайтын катты тұрмыстық қалдықтары Жер-Ананың денесіне жабыскан мерездей, жылдар бойы табигатқа жазылмас жара салатын дертпен тен. Адамдар күн сайын тау-тау қылыш күл-кокысқа тастайтын пластмасса күтүлар жер бетінде 500 жылға дейін, кәдімгі поліэтилен пакеттері 200 жылдан астам уақыт бойы шірімей жатады екен. Ал консерві қалбырлары мен шыны сынықтары 1 мың жылға дейін жер койнын ластап, «жегі құртша» топырақ құнарын жеп жатады.

Ж. Жагытарұлы. «Егемен Қазақстан» газетінен



6-тапсырма. Берілген сездерді қандай сездермен ауыстыруға болады? Жұп болып анықтаңыз.

Жұмыр жер, киянат жасау, денеге жабыскан мерездей, жегі құрт.



7-тапсырма. Мәтін бойынша өндіріс орындары шығаратын қауіпті қалдықтар көрсеткіштерін диаграммаға түсіріп, олардың қоршаған ортаға келтіретін залалын айтыңыздар. Тұрмыстық қалдықтардың жойылу мерзімі қандай?



8-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемді сездердің байланысу түріне қарай талдаңыздар.



9-тапсырма. «Шығу парагын» толтырыңыздар.

- Пайдалы акпарат алдым.
- Ақпарат алу мен үшін қын болды.



3-4-сабақ

Қ.Олжай. «Жер мен аспан» очеркі

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Жердегі қауіпті қалдықтар неліктен көбейіп отыр?
- Қалдықтарды қокыс жәшігіне салғанда, олардың қайда кететінін ойландыңыздар ма?



2-тапсырма. Екі мәтінді салыстыра оқып, ортақ ойды анықтаңыздар.

А мәтіні

Осыдан біраз жыл бұрын үлкен крейсерлік кеме капитаны Чарльз Мур Тынық мұхитында кешіп жүрген үлкен күл-кокыс «аралын» көреді. Кейін ғалымдардың зерттеуі бойынша, бұл суга батпайтын әртүрлі пластмасса күтүлары мен катты тұрмыстық қалдықтардан құралған қокыс үйіндісі болып шықкан. Бұл Тынық мұхитындағы күл-кокыс «аралының» көлемін дәл анықтау мүмкін емес. Кемеден

қарағанда оның шегі мен шеті көрінбейді. Ал ұшактан оны анықтау тағы қын. Ғалымдардың пікірінше, үнемі көшіп жүретін бұл күл-кокыс «континенттін» жалпы көлемі 700 мын шаршы шакырымнан 1,5 миллион шаршы шакырымға дейінгі аумақты алғып жатқан көрінеді. Яғни, бұл мұхиттағы күл-кокыс «аралында» 100 миллион тоннадан астам әртүрлі катты түрмистық қалдық пен қокыс жинақталған. Чарльз Мурдың есебінше, күл-кокыс «аралының» 80 пайызы құрлықтарда тасталған күл-кокыстан, 20 пайызы кемелер палубасынан мұхитқа лактырылған әртүрлі қокыс қалдықтарынан құралған. Міне, адамзаттың табиғатқа жасаған киянаты құрлыкты қойып, алғып мұхиттарды да улап жатыр.

Ж. Жагыпартұты. «Егемен Қазақстан» газетінен

Ә мәтіні

Жағалаудағы елдердің қокыстарын көбінесе су шайын, әлемдік мұхиттарға алғып кетеді. Фарыштан түсірілген суреттерге карасаныз, мұхиттардың ағыстары, одар тоғысатын шірімдері баршылық. Тек Тынық мұхиттағы солтүстік шірімде аумағы 700 мын шаршы шакырым мен 1,5 миллион шаршы шакырым аралығындағы пластик қалдықтар қалқып жүр. Көздерінізге елестету үшін айта кетелік: Түркия, Чили, Замбия сынды мемлекеттердің аумағы 700 мын шаршы шакырымнан асады, ал 1,5 миллион шаршы шакырым дегениніз Монголия аумағымен тең. Осы «қалдық құрлыктың» сексен пайызы жағалаудан су шайып кеткен поліэтилен тастандысы екен...

К. Олжай. «Жер мен астана»



3-тапсырма. Релдік ойын. Эколог-маманмен сұхбат құрыңыздар. Бір окушы эколог-маман рөлінде ортаға шығады, қалған окушылар оған сұрақтар қояды.

Тақырыбы	Қалдықтардың зардабы
Аудиториясы	10-11-сынып окушылары
Пішіні	Кездесу
Рөлі	Эколог-маман

Улgi .

1. Қазақстандағы түрмистық қалдықтардың әлем елдеріне қаупі бар ма? Бар болса, қандай?



4-тапсырма. Уш топқа бөлініп, екі мәтіннен қысса, матаса және менгеріле байланысқан тіркестерді теріп жазыңыздар.

1-топ. Қысса байланысқан тіркестер	2-топ. Менгеріле байланысқан тіркестер	3-топ. Матаса байланысқан тіркестер



5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай жанрда жазылған? Тілдік ерекшеліктері арқылы анықтаңыздар.

...Дүкеннен алған тағамдарымызды кемінде он пластик пакетпен көтеріп келеді еkenбіз. Аптасына екі рет дүкенге барамыз десек, жиырмасы жиналады. Оған наннан бастап етке дейін жұқа полиэтиленмен оралатынын косыныз. Сонымен бірге қаймактын, ірімшіктін, балмұздактын, түрлі тәттілердің жеке пластик кораптарын косыныз... Баяғы кеңестік замандағы торкалта, кенеп дорба, тіпті шыны бөтелке көзден бұл-бұл ұшып, бәрінің орнын поліэтилен өнімі толықтай басты. Екінші қатарды осындаі қалдықтар толтырады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Табиғатты сактау жөніндегі комитетінің мәліметіне жүгінсек, Жердегі пластик қалдықтардың кесірінен жылдана 1 миллион құс, 100 мың сүткоректі, 100 миллион балық кырылады еken. Олар пластикті тамақ деп жұтып кояды. Сосын бетеке, асказан, ішектері корыта алмай, іштері түйіліп еледі. Зауалға қатты ұшырап жатқандар тізімінде теңіз тасбақасы, итбалық және кит тұр. Мұхиттарда қалқып жүрген пластик қалдықтары судағы сүткоректілердің тұқымын толық күртады дейді галымдар.

Пластик бүйімдарды жағу, олардың бықсып жануы оның жер үстінде қалғанынан да қатерлі. Ауаға зиянды заттар бөлініп, адамның, жан-жануардың тыныс мүшелеріне у тарайды. Ал күлінде ауыр металдар бар. Одан шөп, шөптен мал, малдан адам ағзасына түсken ауыр металл қатерлі ісікке себепкер деседі...

К. Олжай. «Жер мен аспан»



6-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде пластик қалдықтардың зардабын диаграммаға түсіріп, есте сактаңыздар.



7-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрыңыздар.

1. Қалдықтар неден пайда болады?
2. Қалдықтардың коршаған ортаға, адам өміріне қаупі қандай?
3. Оны тазарту мүмкін бе?
4. Оны кайда жіберуге болады?
5. Пластик қалдықтар мәселесін шешудің қандай жолдары бар?



8-тапсырма. Пластик қалдықтармен күресуде қандай ұсыныстар айтар едініздер? Төрт ұсыныс жазыңыздар.



9-тапсырма. Суреттерге қарап, «Қауіпті қалдықтар» тақырыбы бойынша мақаланың тезисін жоспарланыздар.



Жоспар құрудың үлгі сыйбасы

- I. Кіріспе бөлім.
- II. Негізгі бөлім.
 1. Тезис:
 - а) сейлем;
 - ә) сейлем.
- III. Корытынды бөлім.



10-тапсырма. «3–2–1» критерийі бойынша анықтаңыздар.

- ең маңызды 3 акпарат;
- киындық келтірген 2 мәселе;
- ұнаган 1 тапсырма.



5-6-сабак

Шетелдік үздік тәжірибелер

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Қалдықтарды сұрыптап, кайта өндеп, пайдаға асыруға бола ма? Ол үшін не істейу керек?



2-тапсырма. Мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді тауып, өз ойларынызды білдірініздер.

Әлемде бұган дейін жиналыш қалған поліэтилен коқысты өндевудін небір әрекеттері кездеседі. Филиппин елі осы қалдықтардан қайық жасай бастаған. Бұл қайық елді анда-мұнда басып қалатын топан су кезінде тұрғындарды құткаруда таптырмайтын қурал болып шыкты .

Демек, Филиппин елі – өзгелерге үлгі. Ұлыбританияғалымдары әлемде алғаш рет өздігінен ыдырап кететін биологиялық пакет жасады. Онымен нан орайды. Орама төрт жыл ішінде су мен көмір кышкылына бөлініп кетеді. Өндіріске енгізілді.

Норвегияда жасалған жаналық будан да жағымды. Елдегі дүкендер азық-тұлікті кейін шіріп кететін кауіпсіз биологиялық пакеттерге орап береді. Жүгерінің шырышынан жасалған бұл пакеттен деңсаулыққа зиян жоқ әрі ауыр салмаққа шыщамды. Әзірге қымбат көрінеді. Бірақ жергілікті тұрғындар экологиялық мәдениетті танытып, бағасына келісken.

Мексика да осындай қокыстан күтылудың амалын тауыпты. Олардың «Куадро» фирмасы пластик күтыларды, шлангілер мен өзге де поліэтиленнен жасалған бүйімдарды қайта ерітіп, үй құрастырады. Іргетасы 18 шаршы метр баспананы салуга 1,7 тонна пластик жұмсалады. Мұндай құрылым материалдарының тапшылығы сезілмейді. Себебі ай сайын қокыс төгілетін жерден 3 мың тоннадай пластик жиналады.

К. Олжай. «Жер мен аспан»



3-тапсырма. Берілген тұжырымдарға келісетін-келіспейтіндерінізді айтып, алдымен жүпта, содан соң топта талқылаңыздар.

Тұжырымдар	Келісемін	Келіспеймін
Адамдар пластик қалдықтан болатын заладын, экологияға әкелетін қаупін әлі де болса толық сезінбеуде.		
Әлемнің көптеген елдері пластик қалдықтарды өндөуді табыс кезіне айналдырган.		
Мен неге қокыс жайлы ойлануым керек? Ай сайын коммуналдық төлем төлеп отырмын той.		
Күнделікті пластик қалдықтарды сұрыптап, арнайы қокыс жәшіктеріне салу – әркайсымызың міндетіміз.		



4-тапсырма. Экожобаға қатысуши ретінде пластик қалдықтарды қайта өндөудің пайдасы туралы таныстырылым жасаңыз. Косымша ақпарат көздерін пайдаланыңыз.



5-тапсырма. Мәтінді тыңдалап (34-аудио), негізгі деректерді тезис түрінде жазып алыңыздар.

Бастапқыда батыстан шыққан пластик бөтелке Жер шарын айналып, Пәкстаннан соң Орталық Азиядағы жана мемлекеттерге жетті. Оны 1992 жылы Түркіменстаннан көрдік. Өз мемлекетімізде пластик ыдыска сусын құятын желінің жұмысымен 1995 жылы Караганды қаласында танысып едік. Бас бармактайғана жартылай өнімдер ыстық станокта үрленіп, 1,5–2 литрлік куыс ыдыска айналып шығатынын көрдік. Осы пластик ыдыстар бірнеше жылдан соң қазақдаласының басты қатеріне айналады деп ойламап едік-ау.

АКШ-тың Сан-Франциско қаласының да көзқарасы өзгеріпті. Қала басқармасының мүшелері 2012 жылғы 27 наурыздан бастап барлық дүкенде пластик пакеттер беру мен сатуға тыйым салған. Ондағы есеп бойынша жылына қокысқа тасталатын пластик пакет 1400 тонна болады екен. Осы елдегі Сан-Хосе қаласы 2012 жылды пластик пакетсіз бастаған. Сиэтл қаласы да солай...



Ал мына жаңалық гарышқа құлағы тігулі қалың елді бір дүр еткізді. 2012 жылы 6 тамызда Марсқа түсірілген «Кьюриосити» атты өздігінен жүретін зерттеу стансысы Жерге жиі-жіп суреттер жолдан жатады. Соның бірінде Кызыл планета бетіндегі әлдебір зат көрініп түр. Кызыл топыракта жатқан ұзындығы бір жарым сантиметрден аспайтын бөгде нәрсе полиэтилен күндысынан аумайды. Оның тұра «Кьюриосити» табанының астында жатуына қарап, галымдар түссіз катты пластик зерттеу стансысының өзінен түсіп қалған деседі. Демек, бұл химиялық коспа енді өзге планеталарды улай бастады.

К. Олжай. «Жер мен аспан»



6-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, диалог құрыныздар.

1. Элемдегі елдер неліктен пластик пакеттер мен ыдыстарды пайдалануға тыйым салуда?
2. Марста қандай бөгде зат табылды?



7-тапсырма. Суреттерден қандай ой түйдініздер? Тілдік құралдарды орынды қолданып, өз ойларыңызды жазыңыздар.





8-тапсырма. Алдыңғы тапсырма бойынша жазған жұмысыныңдағы сөйлемдерге сездердің байланысу түріне қарай сұзбасын жасаңыздар.



9-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Не үйрәндім?
- Нені ойда ұстаймын?
- Нені ұстанамын?
- Келесі сабакта кандай мәселелерге назар аудару керек?



7-8-сабак

Тұрмыстық қалдықты қайта өндеудің пайдасы

1-тапсырма. Ойтарткі.

- Елімізде тұрмыстық қалдықтарды өндеу үшін қандай шаралар жасалып жатыр? Ой бөлісініздер.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай жанрда жазылған? Тілдік ерекшеліктерін анықтаңыздар.

Қазір республикамызда 6325 елді мекениң 4525-інде ғана қаты тұрмыстық қалдықтар мен күл-коқыс төгілетін арнаулы бөлінген полигондар бар. Оның тек қана 6,8 пайзы немесе 307-сі ғана заңдастырылған. Калған күл-коқыс полигондары кез келген жерде, қалай болса солай қалыптасқан. Республиканыңдағы 6325 елді мекениң 25 пайзында немесе 1558 елді мекенде ғана катты қалдықтар мен күл-коқысты арнаулы полигондарға таситын кәсіпорындар бар екен. Ал калған 75 пайзы немесе 4767 елді мекенде күл-коқыс үйінділері үй іргесінде немесе елді мекен маңында шашылып жатыр.

Қазақстандағы қалдықтар мен күл-коқыстың 97 пайзы дағалаға төгіледі. Тек 3 пайзы ғана ертеледі. Ал Германияда қалдықтар мен күл-коқыстың 30 пайзы, Жапонияда 30 пайзы, АҚШ-та 27 пайзы, Швейцарияда 25 пайзы қайта өндөледі. Яғни, бүкіл еркениетті әлем катты қалдықтар мен күл-коқысты белек жинау, сұрыптау және залалсыздандыру немесе қайта өндеу және азайту

максатында жұмыс жасап жатыр. Мәселен, Жапония өртеген кокыс күлін нығыздап, жасанды аралдар салып жатыр.

Нә, бүкіл өркениетті әлем коршаған ортасын корғап, касіреті қалың жұмыр Жерді күл-кокыс қоймасына айналдырып алмау жолында жанталаса қарекет жасап жатыр. Кейбір дамыған елдер қалдықтар мен күл-қоқысты қайта өндөу арқылы бірқатар пайдалы өнімдер алып жатыр. Егер сол тау-тау болып үйілген қалдықтар мен күл-қоқысты инновациялық тәсілдермен керекке жаратса, казба байлығынан тапқан табыстан бір де кем емес пайда табута болады.

К. Олжай. «Жер мен аспан»



3-тапсырма. Мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындаңыздар.



4-тапсырма. Мәтіндегі күрделі сөздердің жасалу жолын түсіндіріңіздер.



5-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (35-аудио). Мәтінде не туралы айтылған?

Химиялық қайта өндөу жұмыстарын жүзеге асыру барысында пайда болған газ жылу энергиясын өндірге пайдаланылады. Барлық сүйек күл-кокыс қалдықтары (металл және темір-бетон қалдықтарынан басқа) импортты алмастыратын бүйімдар жасау үшін қайта өнделеді. Одан электр жабдықтары өнімдерін және ерлер мен балалардың аяқ-киімдерінің ұлтандарын жасайтын бүйімдар алынады.

Қатты тұрмыстық қалдықтар мен күл-кокысты химиялық жолмен өндөу барысында пайда болған метан, пропан, бутан сиякты газдарды жылу энергиясын алуға және су ысыту кондырғыларын қыздыруға пайдалануға болады. Химиялық жолмен қайта өндөлген барлық күл-кокыс қалдықтарынан өндіріске пайдалы 40-тан астам әртүрлі зат және кымбат импортты алмастыратын бүйімдар жасалады.

Ғасырлар бойы төл перзентін қойнауынан алынған игілікпен қамтамасыз етіп келе жатқан қайран дала қажыды, тұма табиғатымыз тақырланды. Ұлы Дағын Енісінен шының күнінде ғана жаңашырлық күнінде «Алмактың да салмағы бар». Енісі «Бұлак көрсөн, көзін аш» деген

бабалардың қасиетті қағидасына адалдық танытып, жомарт даламызды күл-кокыстан тазартып, тынысын ашуымыз қажет-ақ...

Ж. Жагыпарұлы.
«Егемен Қазақстан» газетінен



6-тапсырма. «Ұлы Даңа енді туған перзенттерінен жана шырлық күтеді» дегенді қалай түсінесіздер? Өз ойларыңызды дәлелді жеткізіңіздер.



7-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратқа өз көзқарасыңызды білдіріп, шағын мақала жазыңыз.



8-тапсырма. Жазған мақалаңыдағы (7-тапсырма бойынша) алғашқы 2 сейлеміңізден сөздердің байланысу түрін анықтаңыз. Сейлемнің дұрыс күрылғандығына көз жеткізіңіз.



9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабактың басты мәселесі не болды?
- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабак маган қандай әсер қалдырыды?



9-10-сабақ

Д. Рамазан. «Соңғы дем» әңгімесі

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Еліміздің қай аймағында ядролық сынак жүргізілді?
- Ядролық жарылыстардың адамға және экологияға тигізетін зардабы қандай?



2-тапсырма. Әңгіме үзіндісін оқушының оқуынан тындаңыздар. Кейіпкерлердің сезімін, көңіл күйін жеткізе алды ма?

Түсіндірмे сезідік

күйбен тірлік – күнделікті бітпейтін әрекет

жағы сембей – тоқтамай жылау

бебешік – тандайдың артқы жағындағы кішкене тіл

илану – сену

...Гүлжан сиырын сауып, табынға қости. Ошакқа тезек қалап жүрген Қаншайым қарияны көріп, касына келді.

– Есенсіз бе, әжей?

– Шүкіршілік, қарағым. Өз үй ішін аман ба? Нұрбек баламның денсаулығы жақсы ма? Бара алмай үятты болып журмін, шырағым! Күйбен тірлікпен күннің қалай батқанын білмей қаласын.

Бір жағынан немереміз ауырып, берекемізді қашырды. Түні бойы жағы сембей шырылдан жылай береді.

– Күні күрғыр да бұзылып түр ғой. Салқын тиіп қалған болар, – деді Гүлжан қарияның сезін қостаған болып.

– Жоға, күдай! Ол ауырғалы қаш-а-ан... Бебешігі екіге айырылып, танауының тесігі тандайдын шығып, жарымжан болып туды ғой, байғұс бала. Аузымен ғана дем алады. Кейде ауа жетпей қала ма,

әйтеуір, біреу буындырып жатқандай тынырлап, жүзі қызара ісініп кетеді, – деді карт ана жанарына іркілген жасты жаулығының ұшымен сұртіп. – Адам бола ма, болмай ма, білмеймін!

– Осының бәрі ай сайын жер-дүниені сілкінгіп жаткан жарылыштардың әсері ғой.

– Нә, жаркыным... Мәдіндін кызы был жетіге шыкты дегенге кім иланады. Элі тұсауын кеспеген сәби секілді. Былқ-сылқ етіп жүре алмайды. Атом емес, ақырзаман болды ғой бізге...

Д. Рамазан. «Соңғы дем» әңгімесінен



3-тапсырма. Ауыл тұрғындары арасында ауру түрлерінің кебеюіне не себеп болды деп ойлайсыз? Бұған сіз қандай ой қосар едіңіз? Жұптасып, диалог құрыңыздар.



4-тапсырма. Екі топқа бөлініп, практикалық кейсті шешініздер. Менталды карта сыйып, тұжырым жасаңыздар.



1-топ. Адамзаттың болашағын неліктен Жерді сактаумен байланыстырамыз?

2-топ. Ядролық каруды таратпауга катысты ұсыныстарыныз.



5-тапсырма. Әңгіменің авторы жайлы ізденіп, ол туралы сыныптастыңызға мәлімет беріңіз.



6-тапсырма. Әңгіменің жалғасын оқыңыздар. «Дегелен» атты жер туралы не білеңіздер? Ол қай жерде орналасқан?

– Нұрбектің де дерті содан болды ғой деп ойлаймын... Ана жылы шөпшілер бригадасында істегендеге «Дегеленнің» маңынан шеп шапқан еді... Ыстықтаған соң салқындан алайын деп кішкене көлге шомылыпты. Содан ертенінде бүйіріне бармактай жара шығып, іріндей бастады. Дәрігерге барып көрінсөнші дегеніме құлак асты ма?! «Қазір науқан кезі. Онсыз да жұмыс бастан асады. Болмашы нарсе ғой, ештеге етпес» деп елемеді. Ал жара күннен күнге ұлғайып, қыс түсі Нұрбектің өне бойына қантады. Соңан каралмаған дәрігері жок, ешқандай ем конбады. Ұқыт өткен сайын аяқ-колы семіп, қозғалудың өзі күшке айналып барады. Шашы жидіп түсті. Бір қабат терісі кураган теректің қабығы секілді қабыршактанып тұр, – деді Гүлжан көзіне жас алып...

...Ол ауыл іргесіндегі өзенге қарай беттеді. Айналадағы шеп, сарғайып, курай бастаған.

Ойы он сакта өзен жағасымен келе жаткан Гүлжан су бетінде калқып жүрген өлі шабактарды көргенде әрі-сәрі күйге түсті. «Кайран, Шаган, бір кездері көздің жауын алатындаі мәлдіреп,

Түсіндірмे сөздік

шашы жидіп түсу –
шаштың түбі босал түсі
қылтамақ – тамаққа түскен жаман ауру
ойы он сакта – әр нәрсені ойлау

арнасына сыймай буырқанып жататын арынды өзен емес пе едің!» Кенет қатты жел тұрды. Аспанды қара кошыл бұлттар қаптап, жаңбыр себезгілей бастады.

Ауылға тақай бергенде, алденені шоқып жатқан үш күзғынды көзі шалды. Гүлжан жакындағанда, олар дүркірек көкке кетеріліп, жерде жұні жұлмаланып, ішек-қарны актарылған ақ көгершін жатты...

Д. Рамазан. «Сонғы дәем» әңгімесінен



7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырыныздар.

Хабар. Шаган өзені бұрын қандай еді, қазір қандай?

- | | |
|------------|-----------|
| 1. Не? | 4. Қашан? |
| 2. Қалай? | 5. Неге? |
| 3. Қандай? | 6. Кім? |



8-тапсырма. Шығармадағы оқиғаны ғаламдық мәселелермен байланыстырып, өз ойларынызды жазыныздар.



9-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтар бойынша шығармаға өз көзқарасынызды білдіріңіз.

- Шығарманың негізгі идеясы не?
- Шығармадан қандай әсер алдыңыз?
- Қандай ой түйіндіңіз?



11-12-сабак Зымыранның залалы

1-тапсырма. Ойтартқі.

- Зымырандардың адамға тигізетін зияны бар ма?
- Зымырандар апатынан кейінгі химиялық ластану туралы не білесіздер?



2-тапсырма. «Фарыш-Экология» ғылыми-зерттеу орталығының Бас директорымен жүргізілген сұхбатты мұқият тынданыздар (36-аудио). Қандай мәселе кетерілген?

– Жарыл ыстап кейін зымыран отынының топыракқа төгілу қаупі басым. Жаты бір грамм гептил бір текше метр жерді ластайды екен.

Коршаган ортаның қауіпсіздігі, адамның денсаулығын сақтау мәселесіне қатысты қандай шаралар қолға алынуда?

– Гептил – ете улы зат. Сондыктан гептилдің адам денсаулығына зияны орасан. «Шаттлдың» апаттық ұшырылымы кезінде елді мекен халқының денсаулығына арыздануы күрт өсіп кеткені жүрттың есінде шығар. Алайда сол елді мекендердегі топырак, су, ауаның тазалығын тексергенде, ешқандай зиянды зат таппады.

Гептил – синтетикалық, табиғатта жоқ зат. Ол ауада жанып кетеді. «Союз» зымыраны керосинмен ұшады. Міне, бұл – табиғи зат. Ал гептил 3 пайыз оттек бар ауада жана бастайды. Апат болған аумактан 5–10 метр арадағы жерден топыракты тексерсөніз де, гептил болмайды. Сондыктан ол 50 шакырым жерге де бармайды. Мұны талай мәрте зерттеп, көз жеткіздік.

*Сұхбаттасқан Д. Мыңжасарқызы.
«Түркістан» газетінен*



3-тапсырма. Мәтін бойынша өзіндік талдау жасаңыз.

1. Зымыранд ардың апастыз күйінің зияны бар ма? (Ойынызды далелденіз.)
2. Апattan, жарылыстан кейінгі залалсыздандырудың тірі ағзага зиянсыз болатынына сенесіз бе? (Кезқарасынызды білдірініз.)
3. Бұдан қандай тұжырым жасауга болады? (Қорытынды жазыныз.)



4-тапсырма. «Кейс-стади» әдісі арқылы «Зардапсыз зымырандар» тақырыбындағы практикалық кейсті шешініздер.



Мәселелік сауалдар

1-топ. Зымырандарды ұшыру қаншалыкты қажет?

2-топ. Зиянсыз зымырандар жасап, пайдалануға қол жеткізе аламыз ба?



5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Оның қандай аудиторияға арналғанын көрсетіп, құрылымын, тілдік ерекшелігін алдыңғы мәтінмен салыстыра отырып талдаңыздар.

...Куатты ғарыш ұшу аппараттары ұшырылатын «Байқоңыр» ғарыш-айлағына жақын орналаскан аймақтарда ауа райы күрт бұзылып, 3–5 тәулікке дейін боранды күм түршіп, жел болып, температуралын (0-ден –60°C-қа дейін) төмендеу үдерісі байкалады.

...Ғарышайлақтың жұмысы коршаған ортаға мынадай кері әсерін тигізеді:

- ұшу үдерісінен кейін атмосфераның табиги режімі бұзылады;
- атмосфераны және жер беті қабаттарын токсинді зымыран жанармайының қалдықтарымен ластайды;
- атмосфераның озон қабатын бұзады;
- ауамактарды ұшу аппараттарының қалдықтарымен, сыйыктарымен закымдайды;
- қышкылды жанбырдың жаууына себепші болады;
- температураның жоғарылауына әсерін тигізеді...

Коршаған ортаның және халықтың экологиялық қауіпсіздігін нығайту үшін көптеген жұмыстар аткарылуы тиіс. Ал бұл мақсатта жету үшін мынадай шараларды орындау кажет:

- қуатты зымырандардың ұшырылуын спрету;
- егінді жинау және бау-бақшалардың гүлдеуі кезінде токсинді химиялық косылыштарды бөлөтін зымырандарды ұшырмау;
- токсинді зымыран жанармайларын сактауда және тасымалдауда қауіпсіздік шараларын сактау;
- аймақтың сұы, топырағы, есімдіктеріне жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- зымыран бөлшектері құлайтын аймактардағы халықтың денсаулығын медициналық тексерулерден өткізу т.б. жұмыстар аткарылуы кажет.

Академик К. Бекіншұлы. «Орталық Қазақстан» газетінен



6-тапсырма. Зымырандарды зиянсыз етудің амалдарын тұжырымдық кесте сзып, синтезденіздер.



7-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, тақырыптағы ақпараттар бойынша өз пікірлерінізді дәлелденіздер.

Бірінші сөйлем. Мениң ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім.



8-тапсырма. «Көршінің сұрағы» ойыны. Бүгінгі сабакта алған ақпараттар бойынша ең өзекті бір сұрақ жазыңыз. Оны сағат тілі бойынша көршінізге ұсыныңыз. Осылайша қолыңызға тиген сұраққа жауап беріңіз.

10

ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК: АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚӨМЕК

Адамды тарлық шынықтырады,
Адамгершілкі барлық ұмыттырады.

Мақат

 1-2-сабак

Ұ. Есдәulet. «Қара пима» поэмасы

1-тапсырма. Ойтүрткі.

- Әлеуметтік тенсіздік деген не?
- Ол неден туындаиды?



2-тапсырма. Поэма үзіндісін түсініп оқыңыздар. Үзінді не туралы? Кейіпкері кім?

Алай да түлей ак боран,
Ыскырып, үйткып, бүркырап.
Аттаған жанды қакпадан,
Қакпакыл қылар жұлқылап.
...Мына үй жансыз сыйылды,
Күртікке кеткен көміліп.
Мұржадан шықкан тұтінді
Жатыр ма жалмап жел үріп?
Тұтектен түк те көрінбес,
Үйшікте жатыр ит бұғып.
Үйдегі бала көз ілмес,
Көнілін көп ой күпті қып...

* * *

Баланың жайын еске алып,
Көршілер күнде келіп жүр.

Жылы ұстап үйді, пеш жағып,
Уакытылы тамақ беріп жүр.
Басқалар жуып киімін,
Күтімін алған баланың.
Еденін сүртіп үйінің,
Карасып қояр сабагын.
Каршадай ғана жетімек,
Өзегін өртер нала-мун.
Шөлдейді шерлі кекірек,
Мейіріміне ананың.
Әкесі болса күнде мас,
Қалғалы қашан жұмыстан.
Ақылды ешбір тындарас,
Достармен түгел үрысқан...

Ұ. Есдәulet. «Қара пима» поэмасынан



3-тапсырма. Поэмада кездесетін мына тіркестерді қандай сөздермен ауыстыруға болады? Сәйкестендіріңіздер.

алай-түлей ак боран	кайғыру, жанына бату
жансыз үй	айнала түтеп, ештепе көрінбейтін боран
күпті ой	ананың жылы құшағын ансау
каршадай жетімек	қаныраган үй
өзекті өртөу	көнілінде күдік бар
ана мейіріміне шөлдеу	жастайынан жетім қалған



4-тапсырма. Позмадагы баланың көніл күйін анықтаңыздар. Баланың бойында қандай сезім басым? Өлең жолдары арқылы дәлелденіздер.



5-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар. Оқиғаға арқау болған негізгі мәселені анықтаңыздар.

...Көрші кеп міне бүтін де,
Әзірлеп тамак балаға:
– Дайындал, – деді, – жүргүте,
Барамыз ертең қалаға.
Басылса мынау борасын,
Жүрерміз ертең, қарағым.
Оқитын енді боласың
Интернатында қаланың...
Бір үйде тұрып кеп бала,
Сабакты бірге қарайсың.
Ойнайсың бәрің топтана,
Баруға, кәне, қалайсың?
– Экем ше?
– Экең емдеуде
Азгана уақыт болады.
Емделіп үйге келгенде
Ішуді мұлдем қояды.
– Ура! – деп бала қуаныш.
Мұңайып сосын:
– Итімді
Жүрейін, – дейді, – бірге алыш,
Кімаймын, сондай сүйкімді...
* * *

...«Достарым жүр ғой далада,
Отырганша үйде камалып,
Кетем деп ертең қалаға,
Айтайын да бір жаңалық!»
Кінбек еді...
– Отыр! – деп,
Әкесі тынып тастады.

– Салып қой пешке отын! – деп,
Қалтасын кармай бастады.
Кім жок,
Тесік тын жок,
(Бір кездे болған, әрине!).
Үйде де ешбір бүйім жок,
... салған бәрін де.
Сатылған:
Кой мен сиыры,
Домбыра, сағат, кілем де.
Жарының бүкіл кімі...
Көзімен үйді тінтеді
Сататын нәрсе таба алмай.
...Қолтықтай шықты үйінен
Ұлының кара пимасын.
Жалынышты үймен тіл ката,
Жанында ұл жүр айналып.
– Пимам гой менің бұл, Папа,
Барасың оны қайда алыш?
Ызалы жүзі ызғар бол,
Әкесі:
– Кетші ей, – десе де,
– Баласы:
– Пимам, пимам! – деп,
Бірге ере шықты көшеге.
Жабысты жолын кес-кестеп,
Кез жасы тарам-тарам бол:
– Пимамды, әке, тастап кет,
Қалаға қалай барам?.. – деп...

Түсіндірмे сөздік

тесік тын – ақшаның
таусылуы
үйді тінту – бір нәрсені
іздеу
жолын кес-кестеу – жолын
бөгу



6-тапсырма. Баланы интернатқа не үшін бермек болды? Әкесінің жасаған ісіне не айтар едіңіздер? Өмірде осындай жағдайлар кездесе ме? Пікірталас-диалог құрыңыздар.



7-тапсырма. Мәтіннен кейіпкерлердің эмоциясын білдіретін сөздерді тауып, талданыздар.

Ұ. Есбаят.

«Кара пима» поэмасынан



8-тапсырма. «Зиянды әдептердің зардабы» тақырыбына постер қорғаңыздар.



9-тапсырма. «Қазіргі қоғамда жасы үлкендердің өзінен кіші балаларға әлімжеттік жасау жағдайлары кездесе ме?» деген сұрақ бойынша шағын мәтін жазыңыздар.



3-4-сабақ

Өзекті өртеген өкініш

1-тапсырма. Ойтарткі.

- Сабактың тақырыбын қалай түсіндіріздер?
- Баланың әрі карайғы тағдыры қалай болады деп ойлайсыздар?
Болжам жасаңыздар.



2-тапсырма. Поэманиң жалғасын тыңдаңыздар (37-аудио). Негізгі мәселені тезис түрінде жазып алыңыздар.

...Басты рған мұртын сәнді етіп,
Нар қеуде.
Тіп-тік нық кен.
Оралды сол бір кеткеннен,
Үйіне әке «емделіп...»
Есікте құлып...
Жоқ пендे...
Аш ит жур жалғыз сенделіп...
Есікке жетті ентелеп,
Жинаған жандай бұл есін.
Ит кана келіп еркелеп,
Карсы алды жалғыз несін.
Қанырап жатыр тұрағы...
Абдырап, сасқан күйінде.
Бара сап ұлын сұрады
Көршінің кіріп үйіне.

* * *

Күмілжіп көрші:

- Ден сау ма?
- Ұлымды?
- Ұлың — қалада...
- Интернатта ма ол сонда?
- Жатыр гой аурұханада...
- Науқас па?

Қалай?

Қай уақтан?

— Айтады «суық шалған» деп,
Боранда, білем, кеп жатқан,
Жығылып жатқан жерінен.
Ұлың — сау...
Тұқ те болған жок...
Балалар тауып алыпты.
Бұрнағы күні барып ем —
Бері қарап беті қалыпты.
Коркатын тұқ жок... Бітеді
Ойдағыдан боп бәрі де...
Өзінді ылғи күтеді,
Карамай жатып әліне.
Бәрі де жақсы...
Жазылар.
Үйіннің, міне, кілтін ал.
— Ұлымса сыйлық алып ем,
Берейін соны апарып...
Ұлына алған сыйлығын
Құшактап енді көз ілді.
Өкініш...
Нала...
Мын күдік...
Өң менен түстің арасы...
Жатқандай болды шынғырып,
«Пінмамды бер!» деп баласы...

Е. Есідәүлет.
«Кара тима» поэмасынан



3-тапсырма. Поэмада кездесетін сез қолданыстарын мұғалімнің немесе сөздіктің көмегімен түсініп алыңыз. Түсінгенізді дәлелдеу үшін, осы тіркестермен сейлем құраныз.

Нар қеуде, тұрағы канырау, абдыраған күйі, сұық шалған, көз ілді.



4-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Үйіне келген әкенің көніл күйі қандай?
2. Көршісі әкесіне не айтты?
3. Әкенің ұлына алған сыйлығын күшакташ жатуы неліктен?
4. Өкініш, наға, мың құдік сөздерінің мәні нені аңғартады?



5-тапсырма. Ұзіндіні түсініп оқыңыздар. Сіздерге қандай ой салды?

...Ақ төсек.
Аппак бөлмеде
Шалқалап жатқан көрді ұлын.
Тұрмайды атып ол неге?
Танымай ма әлде, келді кім?
Карады өні қуарып,
– Келдің бе, әке?! – деп Бала.
Жатқанын оның қуаныш
Жанары айтты тек қана.
Казакы кара көздері,
Қарайды мұнмен жаудырап.
Абыржып әке төзбеді,
Аузынан сезі саудырап.
– Бармысың, жаңым, балам-ай?!

Сонына назар салмастан
Жылдатып кеткен қарамай,
Әкенді кешір алжасқан...
Қалайсың?
Тәуір болдың ба?
Естідім сұық тіді деп.
Келдім ғой жер боп мен мұнда,
Кешір... – деп ұлын сүйді кеп.
Сонан соң сасып, күйбендең,
Сурып сәлем-сауқатын.

Шығарды «мынау үйден» деп,
Әкелген асын-аукатын.
– Сыйлығы да бар әкеннің
Шыкканда өзің кисін деп,
Жап-жана пима әкелдім,
Аяғы тоңбай жүрсін деп!
Бұркырап боран борасын,
Тоңбайсың енді сен, есте?!

Карашиби, міне, карашы,
Тамаша пима емес пе?!

Жөтелден сонда қинальш,
Қолымен басып өкпені
Баласы:
– Енді шиманың...
Қажеті маган жок... – деді.
– Не дейсін?
Не-е, – деп, – құлымым? –
Бойынан қайрат, әл кете,
Ақ жамылғыны ұлының
Үстінен жулып алды әке.
Караса... кеште баяғы...
Пиманы сатып ант ұрган...
Үсіген екі аяғы...
Кесілген екен балтырдан!..

Ә. Есделдем.
«Қара пима» поэмасынан



6-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша пікірталас-полилог үйымдастырыңыздар.

1. Әкенің іс-әрекетінен нені байқадыныздар?
2. Қалай ойлайсыздар, ұлы әкесінің кателігін кешіре ме?
3. Баланың аянышты тағдырына кім кінәлі?



7-тапсырма. Суреттер галереясы. Суреттерді оқиға ретімен орналастырып, поэманың мазмұнын өз сөзінізben әнгімеленіз.



8-тапсырма. Шыгарма оқиғасын қазіргі өмірмен байланыстырып, шағын мәтін жазыңыздар. Тақырыбын өздерініз қойыңыздар.



9-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап берініздер.

- Шыгармадан кандай асер алдыныз?
- Автор не айтқысы келді?
- Кандай ой түйдініз?



5-6-сабак

Жасөспірімдер құқығы

1-тапсырма. Ойтарткі.

- Өз құқыктарыңыз туралы не білесіздер?
- Жасөспірімдер құқығын корғайтын кандай зандар бар?



2-тапсырма. Құжаттан алынған үзіндіні оқыңыздар. Үзінді қай стиль түріне жатады?

13-бап. Эркіннің өз құқыктары мен бостандықтарын сот арқылы корғауына құқығы бар.

14-бап. Заң мен сот алдында жүрттың бәрі тен. Тегіне, алеуметтік, лауазымдық жағдайына, жынысына, наследіне, үлттына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылыкты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітүге болмайды.

15-бап. Эркіннің өмір сүрге құқығы бар.

16-бап. Эркіннің өз жекебасының бостандығына құқығы бар.

17-бап. Адамның кадір -қасиетіне кол сұғылмайды. Ешкімді азаптауга, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік немесе адамдық кадір-қасиетін корлайтында жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

18-бап. Эркіннің жеке өміріне кол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыроілы атының коргалуына құқығы бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясынан



3-тапсырма. Тірексызба арқылы адам құқықтары туралы ой бөлісініздер.



4-тапсырма. Жас журналист ретінде жасеспірімдердің құқығы жөнінде зерттеу жүргізіңіз. (Болжаммен жазыңыз.)



5-тапсырма. Журналистік зерттеу нәтижесі (алдыңғы тапсырма) бойынша тақырыбын қойып, мектеп сайтына шағын мақала жазыңыздар.



6-тапсырма. Абайдың қарасөзін түсініп оқыңыздар. Қандай тақырыпқа арналған?

Түсіндірме сөздік

талап қылу – ұмтылу
қарызды ісінің алды – міндеті
бойын жио – аулак болу
күншілдік – қызғаншақтық

...Адамның талап қылыш ізденер қарызды ісінің алды – әуелі дос көбейтпек... Кімге достығың болса, достық шакырады. Ен аяғы өзіне өзгешелік беремін деп, өзін тілмен я кылышпен артық көрсетпек мақсатынан аулак болмақ керек.

Бұл өзін-өзі артық көрсетпек екі түрлі!

Әуелгісі – әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимактық. Бұл адамға нұр болады.

Екіншісі – өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек. Адамдықтың нұрын, гүлін бұзады.

Үшіншісі – қастық қылмак, қор тұтпак, кемітпек. Олар дүшпандық шакырады. Іәм өзі өзгеше тұтатын демектің түбі – мактан. Эрбір мактан біреуден асамын деген күншілдік бітіреді де, күншілдік күншілдікті қозғайды. Бұл үш түрлі істің жоқтығы адамның көніліне тыныштық береді...



7-тапсырма. Абай неге үндейді? Адамның қандай әрекеттері достық, ал қандай әрекеттері дүшпандық шакырады екен? Мәтін мазмұны негізінде кестені толтырыңыздар.

Достық шакыратын әрекеттер	Дүшпандық шакыратын әрекеттер
----------------------------	-------------------------------



8-тапсырма. Сыныпқа жаңа окушы келсе, қалай қарсы алар едіңіз? Онымен тіл табысу үшін не істейсіз? Өз ойыңызды білдіріңіз.

**9-тапсырма.** «Шығу парағын» толтырыңыздар.

- Маган кінын болды.
- Мен тапсырмаларын орындағым.
- Мен екендігін түсіндім.
- Мен үйрендім.

**7-8-сабақ****Білімнің артықшылығы****1-тапсырма.** Ойтарткі.

- Қалай ойлайсыздар, қазіргі қоғамда жікке бөлінушілік (бай мен кедей) кездесе ме?
- Онымен күресу қажет пе?



2-тапсырма. Белгілі тұлғалардың нақыл сөздерін тыңдаңыздар (38-аудио). Ондағы негізгі ойды анықтаңыздар.


- Бай болғаннан гәрі, ақылды болындар. Байлықтан айырылсан да, ақыл өзінде қалады (Эзор).
- Жаны кедей адамның құлқыны бір тоймайды (Махмұд Қашгари).
- Мені адамның кедейлігі емес, оның ойы мен жанының кедейлігі кынжылгады (Омар Һайям).
- Алтын-күміс жиган адам бай емес, сөз жиган адам бай (Жусіп Баласагұн).
- Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздер болар (Әлихан Бекейхан).



3-тапсырма. Венн диаграммасы арқылы байлықтан гәрі білімнің артықшылығын мәселе түрғысынан талдаңыздар.



4-тапсырма. Тірексызба арқылы кедейлікті тудыратын себептерді жазыңыздар.



5-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып, кедейліктен арылатын, адамдарға рух беретін үндеу мәтінін жазыңыздар.

Керекті сөздер: білім алу, енбек ету, мақсат қою, зиянды әдептерден бас тарту.



6-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, мәнін түсіндіріңдер.

Бармын деп мактанба...	Күрмеуте келмейші.
Токтығында жараспаған...	Кедейлік ұят емес.
Қыска жіп...	Жокпын деп корланба.
Қарны ашқанға кара талкан...	Аштығында қараспайды.
Байлық мұрат емес...	Майдай көрінеді.



7-тапсырма. Мақал-мәтелдердегі сөздердің байланысын анықтаңыздар.



8-тапсырма. Өмірінде көмекке зәру адамдарға жәрдем берген жағдай болды ма? Қандай көмек бердініз? Қасіпкер болсаныз, көмекке мұқтаж жандарға қандай көмек берер едініз?



9-тапсырма. «Екі жақты қунделік» кестесі арқылы сабак бойынша өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

Маган әсер етті	Неліктен әсер етті?



9-10-сабақ Әлем балаларының өмір салты

1-тапсырма. Ойтартқі.

- Элеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға кімдер көмектеседі?
- Жетіспеушіліктің жасөспірмдерге әсері қандай?



2-тапсырма. Мәтіндерді оқыңыздар.

1-оқушының өмірбаяны

Мен Зимбабведе дүниеге келдім. Менің әкем шетелдік компанияда жұмыс істейді. Біз Хаарда жеке бассейні бар үлкен үйде тұрамыз. Мен халықаралық дәрежесі бар жекеменшік мектепте оқымын. Ауырып қалсам, дәрігер үйге келеді. Біздің үйде тамак жеткілікті. Біз арнайы бөтелкедегі суды ішеміз. Болашакта білімімді Еуропада жалғастырамын. Маган және отбасыма зұлымдық жасалса, полиция көмектеседі. Мен өз елімдегі адамдарға қараганда ұзақ және дәүлетті өмір сүремін деп ойлаймын.

2-оқушының өмірбаяны

Мен Зимбабведе дүниеге келдім және сол жерде өмір сүремін. Менің ата-анам – фермерлер. Олардың кішігірім жері бар. Мен мектепке бара алмаймын, себебі ата-анама су мен отын үшін жеткілікті акша табуга көмектесемін. Біз күніне бір рет қана тамактануға мәжбүрміз және суды езеннен аламыз, сондыктан көп ауырамыз. Ауырып қалсам, дәрігер келмейді, біздің акшамыз дәрігерге қаралуға жетпейді.

3-окуучының өмірбаяны

Мен Қазақстанда тудым. Атам мен әжемнің қолында, ауылда естім. Таңертен үйкідан тұра сала, әжем дайындаған жылы сүтті ішп алыш жұмысқа кірісемін. Атамның касында жүріп, малға да қарасып, бакшага да қолғабыс етемін. Ауылда бәрі жақсы: айран, сүт, күрт, ірімшік және бакша жемістерін армансыз жеймін.

Қазір қалада ата-анамның қолында оқимын. Зәулім үйіміз бар, бәрі жеткілікті. Ауылды қатты сағынамын. Экемнің су жана келігімен ауылға жиі барамыз.

Мен ауырған емеспін. Атам секілді ұзак жасаймын деп ойлаймын. Ауырған жағдайда елімізде тегін медициналық көмек көрсетіледі.



3-тапсырма. Мәтіндегі кейіпкерлердің өмір жолы неге әртүрлі болды? Себебін түсін-дірініздер.



4-тапсырма. Үш топқа бөлініп, мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындаңыздар.

1-топ. Мәтіндерге ортақ тақырып қойыңыздар.

2-топ. Бірінші, екінші, үшінші мәтінге тақырып болатын сөйлемді жазыңыздар.

3-топ. Әр мәтінге корытынды болатын сөйлемді жазыңыздар.



5-тапсырма. Досыңыздың күші жағынан әлсіздігін байқаған болсаңыз, көмектесесіз бе? Сөз әдебін қолданып, еркін әнгімеленіздер.



6-тапсырма. Өзініздің шағын өмірбаяныңызды жазыңыз.



7-тапсырма. Сыныптастыңыздың жазған өмірбаянын (алдыңғы тапсырма бойынша) оқып, пікірінізді білдіріңіз.



8-тапсырма. Жазған өмірбаяндарыңызды бір-бірінізben айырбастаңыздар. Ондағы сөздердің байланысын анықтаңыздар және сөйлемдердің дұрыс құрылғандығын тексеріп, бағалаңыздар.



9-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңыздар.

- Сабактан қандай әсер алдыныз?
- Бұрын мән бермеген қандай мәселелерді біле алдыныз?
- Сөздердің байланысу түрлерін дұрыс ажыраты алдыныз ба?
- Сабак бойынша қандай сұрақтарының бар?



11-12-сабақ Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Кім жылдам? Бай мен кедей, байлық пен кедейлік туралы мақал-мәтелдер айттып, мәнін түсіндірініздер.



2-тапсырма. Берілген сөздерді мағынасына қарай дұрыс тіркестіріп, олардың қалай байланысып тұрғанын анықтаңыз.

Екеуміздің	кулкісі
Баланың	тұру
Ертемен	келді
Каладан	жолымыз
Бізден	ауыл
Біздің	сұрады



3-тапсырма. Берілген тұжырымдарға келісетін-келіспейтіндерінізді білдіріп, талқылаңыздар.

Тұжырымдар	Келісемін	Келіспеймін
Коғамдағы экономикалық жағдайға байланысты әлеуметтік таптарға беліну күшейіп отыр.		
Экономикалық дағдарыстар халықтың әл-аукатынын төмендеуіне, жұмыссыздар санының артуына әкеледі.		



4-тапсырма. Әлеуметтік теңсіздік мәселесіне кім кінәлі деп ойлайсыздар? Өз ойлаңызды «ПОПС» формуласы арқылы жеткізініздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



5-тапсырма. «Еңбек етсөн ерінбей» деген тақырыпта аргументативті эссе жазыңыздар.



6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- «Әлеуметтік теңсіздік: адам күкіктары және көмек» тақырыбы бойынша не үйрендініздер?
- Сөздерді үндестік занына сәйкес оқи және айта алдыңыздар ма?
- Сөздердің байланысу түрлерін кызметіне сай қолдана алдыңыздар ма?
- Өзіңіздің және достарыныңдың білімін бағаланыздар. (Өз жұмысыңызға, достарыныңдың топ ішіндегі әрекеттеріне көнілдерініз тола ма?)

ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ – ҚОҒАМ БАЙЛЫҒЫ

Тән саулығының тамыры – тазалықта,
Жан саулығының тамыры – саулыкта.

Ахмет Байтұрсынұлы

1-2-сабак

Б.Соқпақбаев. «Он алты жасар чемпион» әңгімесі

1-тапсырма. Ойтүрткі.

- Спорттың адам өміріндегі манызы қандай?
- Қандай спорт түрін ұнатастыздар?



2-тапсырма. Бердібек Соқпақбаевтың «Он алты жасар чемпион» әңгімесінен алынған үзіндіні мұғалімнің оқуынан тыңдаңыздар. Мәтін кейіпкерлері кімдер?

... – Сені әскерге ала қоймас, – деді.

Осыны айтып, ары бұрыла берген Садықты Мұрат пығынан тартып калып:

– Неге? – деді.

– Өйткені әскерлер дәу-дәу (Садық дәу-дәу деген сөзді айтқанда пығын көтеріп, екі қолын ұшатын құстай комдап қойды). Сен кішкентайсын, арықсын... Екі күннің бірінде ауырып қаласын.

Мұрат нәзік бала болатын. Бүкіл денесіндегі сүйкімді жері – карақаттай мелдіреген отты көздері ғана. Жіңішке мойны глобусқа ұқсайтын домалақ басын зорға көтеретін сиякты. Шешініп отырганда карасан, қабыргалары мен төс шеміршектері терісіне ғана жабысып тыржыйып тұрганын көресін. Қандай киім алыш берсе де, пығы салбырап түсіп кетеді, қандай шалбар тігіп берсе де, белі кең келеді.

Садықтың сезіне Мұрат намыстанып, өз денесінің Садықтай толық, кесек болмағанына іштей кейіп қалды.

– Сені ала ма әскерге? – деді ол.

– Мені алады. Мен сенен үлкенмін, күштімін.

Мұрат өкшесін көтеріп, мойнын созып:

– Екеуміздің бойымыз бірдей-ақ қой, – деді.

– Күресесің бе ендеше? – деді Садық алаканына түкіріп.

Мұрат өзін ешкімнен кем санамайтын. Жүректі, батыл еді. Тәуекелшілдігі мен намысқойлығы да бар болатын.

– Күрессек үстіміз былғанады. Қол қысысайык, – деді ол.

Екеуді шап ұстаса кетті. Садықтың әлді жұмыр саусактары Мұраттың шидей саусактарын сыйымдалп ауыртып жіберді. Қатты ауырсынған Мұрат ойбайлап жібермеу үшін бүтіліп, тістеніп алған...

**3-тапсырма.** Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Диалог кімдердің арасында өтті?
2. Олардың әңгімесі не туралы болды?
3. Төбелес нeden шыкты?
4. Мұраттың бойында қандай касиеттер бар?
5. Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне қандай баға берер едініздер?

**4-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, Мұратқа мінездеме беріңіздер.**5-тапсырма.** Ұзіндінің жалғасын оқыңыздар. Мәтін не туралы? Мәтін мазмұнын сыныптастырып үш сөйлемге сыйдырып айтып беріңіз.

Жанбыр лезде күшейіп, катты несерге айналды. Шелектеп күйіп тұр! Мезгілдің қай кез екенін айырып болар емес...

Мұрат жалғыз жүтіріп келе жатыр. Өзге балалар озып кеткен. Мойнынан су сорғалап, калтырап келеді...

Қара жолдың үсті батпакқа айналған. Бір рет тайғанап кетіп, Мұрат жамбастап жығылып түсті. Бір жақ саны батпак болып, былғанып қалды.

...Мұрат үш күннен бері ауру. Еті күйіп-жаныш, екі беті қып-қызыл болып балбырап, тесек тартып жатып қалды. Бұрын да тамакка нашар еді, енді мұлде ішуді қойды.

Ұлжан сусынын аузына тосып, күндіз-түні оның жанынан шықпайды.

Жолаушы кеткен Батыrbай кария (колхоздың белгілі бақшашысы) бүтін келді. Есіктен кірген бойда тәсекте жатқан баласын, касында отырған **өні сынық** Ұлжанды көріп шошып кетті.

– Мұрат жайша жатыр ма?

Ұлжан кеудесін кере бір күрсініп алып:

– Кайдан жайша болсын! – деп бастады да, Мұраттың ауруга шалдығу себебін баяндаап берді.

Батыrbай кария алаканын баласының мандаійна басып біраз отырды да, басын шайқады.

– Дәрігерге көрсетпесе болмас, – деді.

Мұрат – Батыrbай кария мен Ұлжанның **сүт кеңіжесі**. Кәрі әкешешеге ол өте аяулы. **Көздерінен таса еткілері** келмейді.

Мектепке түскенге шейін Мұрат отбасы өмірінен ұзак шыға алмай келді. Қарт ата-ана «үйде ойна» деп оны **қақпайлай беретін**. Есік алдына шыкса болды, бірі қуа шығып, үйге альп кететін. «Суық тиеді, сыз өтеді, шашшу қадалады» деген сиякты толып жатқан кауіптерді төндіріп, катты сактанушы еді...

Б. Соқпақбаев,
«Он азты җасар чемпион» әңгімесінен



6-тапсырма. Сөздіктің көмегімен қарамен берілген сөздердің мағынасын ашыңыздар.



7-тапсырма. «Мұрат неге аурушаң? Қалай ойлайсыз, оған әке-шешесінің кінасі бар ма? Мұратқа қандай кеңес берер едініз? Аурудың алдын алу үшін не істей керек?» деген сұрақтар бойынша пікірталас-диалог құрыңыздар.

Кұрмалас сөйлем

«Кұрмалас» деген сөз «құра, құрау» сөздерінен алғынып, грамматикалық термин ретінде ғана колданылады. Жай сейлем бір ғана ойды білдірсе, кұрмалас сейлем – екі немесе одан да көп ойды, күрделі ойды білдірудің тәсілі, құралы. Жай сейлемнің материалы сөз тіркесі болса, кұрмалас сейлемнің материалы – сейлем. Жай сейлемнің құрамындағы сөз саны аз да, көп те болып келе беретіні сияқты, кұрмалас сейлемдегі сейлем саны екіден көп те, аз да болып келуі мүмкін.

Кұрмалас сейлемнің құрамына енген жай сейлемдер бір-бірімен қосымша, шылау, орын тәртібі, өзіндік интонация арқылы байланысады. Мысалы: *Жаңбыр жауды да, жер көгерді. Күн шыққан соң, мал өріске кетті*.

Кұрмалас сейлемнің сынары (құрамындағы бөліктері) жай сейлемдер ішіндегі атаулы сейлемнен басқасының бәрі бола алады. Кұрмалас сейлемдердің құрамындағы жай сейлемдердің баяндауыштарының бастауыштарымен қызы, қызыспау және аралас келуіне орай *салалас*, *сабактас* және *аралас* болып үшке бөлінеді.

Күрделі ойды білдіретін, бір-бірімен мағыналық, грамматикалық форма арқылы байланысан жай сейлемдердің тіркесі **құрмалас сейлем** деп аталады.



8-тапсырма. Тыңдалым және оқылым мәтіндері үзінділерінен құрмалас сейлемдерді теріп жазып, олардың қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңіздер.

Қосымша, шылау арқылы	Орын тәртібі, интонация арқылы



9-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүгінгі сабактың басты мәселесі не болды?
- Топта/жүпта қалай жұмыс жасадым?
- Кімге кемек бердім?
- Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабак маған қандай әсер қалдырды?

3-4-сабақ**Шынықсаң – шымыр боларсың****1-тапсырма. Ойтарткі.**

- Энгімегі басты тақырып не туралы болмак?
- Шынығудың адам ағзасына қандай пайдасы бар?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (39-аудио). Мәтін кейіпкерлері арасындағы әңгіменің не жайында болғанын сыйыптастырыздан сұрап, диалог құрыңыз.

Уакыт ете берді. Мұрат есе берді...

Мектеп окушыларының женіл атлетикадан болған аудандық жарысында Николай Трофимович бастап барған «Қызыл шегара» жеті жылдық мектебінің ұжымы бірінші орынға не болды.

Мұраттың да қажырлы түрде жаттығуы жемісін көрсетті, ол жұз метрге жүгіруден аудан бойынша екінші орынға не болды.

Жарыс сонынан Николай Трофимович мелдір сулы кен арнаның жағасында шәкірттерімен әңгімелесіп отырды.

– Адам баласы жеңбейтін кындық, алмайтын камал жок, – деді Николай Трофимович... – Мен саған, – деді ол Мұратты нұскап, – мынаны айтайын: орыстың атакты колбасшысы Суворов жасында сен сиякты нәзік, аурушаң бала болған. Ол он екі, он уш жасынан бастап өзін шынықтырумен болды.

– Суворов жасында мен сиякты болған ба? – деп көзін қысынқырап Мұрат Николай Трофимовичке күле қарады.

– Иә, солай. Үнемі өзін шынықтырудың нәтижесінде деңсаулығы күшті, болаттай берік, төзімді болды. Солдаттарын да осылай тәрбиелеп, боранды, сүк кундердегі жорыктарда бірге жаяу журіп, қар тесеніп, мұз жастаңып журді... Осының бәрі еңбектенудің, жаттығудың нәтижесі. Сенің де осылардың біріндей болуың мүмкін...

Б. Сокпақбаев.
«Он атты жасар чемпион» әңгімесінен



3-тапсырма. Мәтін бойынша менталды картаны толтырыңыздар.





4-тапсырма. Матіннен күрделі ойды білдіретін сейлемді тауып, құрмалас не жай сейлем екенін анықтаңыздар.



5-тапсырма. Эңгіме үзіндісін оқып, мазмұны бойынша жоспар құрыңыздар.

...— Сенің боксер болғың келе ме? — деп сұрады Николай Трофимович кенеттен.

Мұрат үндемей түршіп калды.

— Сен бокс секциясына катынас. Жүре-бара көрерсің, — деді Николай Трофимович. — Жакында мен бокс секциясын үйлемдестерім.

Сенен жақсы боксер шыгуды мүмкін...

Мұрат боксқа зор ынталанып жүргізілген деңгелде де ертеннің көзінен соғысып жатады, жіптен секіреді, аксандайды, әйтеуір неше түрлі жаттығулар жасайды.

* * *

...Жыл жарым уақыт өтті. Сәуірдің аяқ шені.

Бокстан жарыс өткізу аудан тарихында тұнғыш окиға болатын. Бірнеше күн бұрын хабарланып койылған жұрт асыға күтіп жүрген...

Жарыстың бағдарламасы жарияланды. Бүтін он екі адам кездеседі екен. Оның төртеуі — окушы балалар. Сахна ашылғанда әлгі он екі адам парадка шықты. Ең соңында — Мұрат.

...Рингке Мұрат шыккан кезде Батыrbайдың денесі ду етіп, ысып кетті. Ерні қыбырлап бірдемелерді айтшып, жетеліп, қозғалып та койды. Бірсесе Мұратка, бірсесе рингтің екінші бұрышындағы онымен жұдыштықтасқалы түрған балаға қараңды. Мұратпен ұрысатын жуан мойын, сойталдай қара екен. Мұратка қарағанда ныкты да, білектері де толық. Мұраттың денесі талдырмаштау болғанымен, шымыр. Жүріс-тұрысында сергектік, ептілік бар. Өзін еркін билеп, ұрыска тастай түйіліп алған. «Қазір женемін» дегендег күлімсірейді.

Гонг сынғыр ете түсті. Бокс ойыны басталды. Бұлардың алдында шыккандардың тәсілінен мынаның артықшылығы бірден көзге түсті. Әдептілік бар. Аңдып ұрысады. Анау бала корғанумен жур. Қарсы соққыны спрек жұмсақ қояды. Мұрат қатаң шабуылға шықты. Он колымен кырдан тез ұрып-ұрып жіберді. Бұл кезде оның сол колы төмендеп кетіп, иегі ашық қалған еді. Мысықша аңдыған анау, ілгері ыршып түсіп, Мұраттың иегінің астынан соғып калды да Мұратты шалқасынан құлатты...

Б. Соқпақбаев.

«Он атты жасар чемпион» әңгімесінен



6-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

Тірек сөздер

- бокс секциясы
- шымыр
- сергек
- ептілік
- тәсіл

- Мұрат кандай спорт түрлерімен шұғылданды?
- Бокс секциясына кімнің ықпалымен келді?
- Бокс жарысы кайда етті?
- Рингтегі екі боксшыға мінездеме беріңіз.
- Мұрат карсыласынан неліктен жеңіліп қалды?



7-тапсырма. Спортқа қатысты бес мақал-мәтел жазыңыздар. Жазбаңыза құрмалас сөйлем бар ма? Бар болса, құрмалас сөйлем екенін дәлелденіздер.



8-тапсырма. Екі бағандағы мақал-мәтелдерді мағыналық жақындығына қарай сایкес-тендіріп, мәнін түсіндірініздер.

Байлық байлық емес...	үйкі тынықтырады.
Жаңын сау болса, сорымын деме...	Ауырмайтын жол ізде.
Ауру батпандап кіреді...	денсаулық – байлық.
Ауырып ем іздегенше...	Тәнің сау болса, жарлымын деме.
Кімдің шынықтырады...	мыскадап шыгады.



9-тапсырма. Ойтаразы. Уш бағанды кестені толтырыңыздар.

- «Қ» («косу») бағанына сабакта ұнаган ақпаратты, яғни өзінізге жағымды әсер еткен немесе жалпы максатқа жетуге тиімді болған ақпаратты жазыңыз.
- «А» («алу») бағанына сабакта түсінбеген, жағымсыз әсер еткен немесе қажет емес деп есептеген ақпаратты жазыңыз.
- «Қ» («кызықты») бағанына сабакта алған кызықты деректерді және тағы да нені білгініз келетінін мұғалімге сұрап түрінде дайынданыз.

«Косу»	«Алу»	«Кызықты»



5-6-сабақ

Шешуші айқас

1-тапсырма. Ойтурткі.

- Шығарманың негізгі кейіпкері кім?
- Адамдарға женіске жету үшін не қажет?



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Алдыңғы сабактағы мәтінмен байланыстырып, ортақ ойды анықтаңыздар.

Радио: «Тынданыздар!» – дегенде стадиондағы гулеп отырған адамдар ауыздарын баса қойғандай тына қалды. «Бүтін он төрт жас боксер дүниежүзінің чемпионы атағын алу үшін төбелеске шыгады. Бірінші кездесетіндер – женіл салмақтылардан үздік шыққан Сандерес (АКШ) пен Мұрат (КСРО).

1. Сандерес. Бокспен шұғылданғанына бес жыл болды. Жасы он алтыда, салмағы – 51 килограмм.

2. Мұрат. Бокспен шұғылданғанына үш жыл болды. Жасы он алтыда, салмағы – 48 килограмм.

...Ду етіп шапалак соғылды. Ак күнгөн бірнеше адамның ортасында кек жолақ шапан жамылған екі бала жіңішке жолмен рингке карай келе жатыр. Сартылдаған шапалак жаңғырығы бүкіл Парижді шайқалтқандай...

Мұратка қарғанда Сандерес бойшандау екен. Бірак оның сымпиған денесінен гөрі Мұрат иыкты еді. Кесек тұлғалы көрінбесе де, шымыр, ширак. Эсіреле төрт-бес жылдан бері үздіксіз шынығумен, спортпен айналысып, дәрігерлер мен сүйікті ұстазы Николай Трофимовичтің айтқанын калт етпей орындап отыру оны осы дәрежеге жеткізді. Салалы жұмыр саусакты, бұлшық еттері білеуленген сұлу тұлғага не болды. Өз бойындағы дамып жетілгендікті сезіп, көрген сайын масаттанады. Спорт оны әрі батыл, әрі сымбатты, әрі төзімді етті. Сакылдаған аяз, жазғы ыстық оған осы кезде коркыныш емес. Қызара бөртіп, ажарланып карсы алады...

Б. Соқпақбаев.

«Он атты жасар чемпион» әңгімесінен



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Үзіндідегі оқиға қай елде өтті?

2. Жекпе-жекке шыққан екі боксшыны автор қалай суреттеген? Салыстырыңыздар.

3. Спорт жас баланы қалай шындауды?

4. Мұраттың жетістікке жетуіне қандай қасиеттер көмектесті деп ойлайсыздар?



4-тапсырма. Әңгіменің басында Мұрат қандай еді? Мұраттың сырт келбетін, іс-әрекеттерін салыстырып, боксшының өсу жолы туралы шағын мәтін жазыңыздар.



5-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (40-аудио). Қандай әсер алдыңыздар? Өз ойларыңызды білдіріңіздер.

Мұрат корғана отырып, шегініп барады. Бұрышка жетті, арқасы арқанға тірелді. Сандерестің соккысы бәсендер емес. Мұрат зымп беріп, Сандерестің қолтығының астынан өтіп, лезде артқы бұрышка жетті. Сандерес те оқыс бұрыла берген. Осы мезетте Мұрат атылып кеп, жақтан сокты. Соккы жойқын еді. Сандерестің жағы каусағандай бол калды. Жағын корғап, сузе карай беріп еді, Мұрат оны пектен

Түсіндірмे сөздік

сымпиған – арықтау

салалы саусақ – ұзындау

келген саусақ

білеуленген – жуан

массаттану – риза болу

кетере ұрды. Арқанға асылып барып ол рингтің сыртына құла п түсті, тәбесімен шашыла құлады.

Америкалықтардың шу ете түскен үнін, бакырып айтқан әдепсіз сөздерін сартылдаған шапалак дауысы тұншықтырып жіберді. Мұрнынан аккан қаны екі езуін бояған Сандерес соғылған қасқырша бұралып, шалқасынан жатыр. Төніп келіп, судья санап тұр. «Бір, екі, үш... тоғыз...». Жұрттың айқайы мен ұрысы күшейіп кетті.

Сандерес тұрган жок. Ол тұрмастай болып жыңылған еді.

— Женіл салмақтылар бойынша дүниежүзінің чемпионы атағын Мұрат Батырбаев алды, — деп, оның қолын көтерді.

Ду кошемет асқақтап кетті. Жержүзі үн қосып жатқандай...

Гимннің шалқып шыққан куатты үні Мұратпен бірге бокс ойында озық өнер көрсеткен өзге жолдастарына да ұлан-байтақ Кенес Одағының қуанышты құттықтаудың естіліп кетті. Бүкіл ата-ана мен халықтың қуанышты, мейірімді лебізі осы үнде тұрғандай кенес бокшыларын тіпті аркаландырып жіберді.

Жайшылықта сабырлы, салмақты Николай Трофимович балаша секіріп, рингке шықты да, Мұратты құшырлана құшақтап бетінен сүйді. Масаттанған Мұратка Николай Трофимовицтің құшагы Отаның аясындай сезілді.

Б. Соқнақбаев.

«Он алты жасар чемпион» әңгімесінен

6-тапсырма. Топтарға белініп, постер қорғаңыздар.

1. Мұрат үшін бұл женістің құны зор.
2. Дүниежүзінің чемпионы атанған баланың сезімі, көніл күйі.
3. Гимннің күдіретті қүшінің әсері.
4. Қазак елінің намысын корғап жүрген бокшылар.

Салалас құрмалас сөйлем

Құрамындағы беліктерінің баяндауыштары тиянақты формада келіп, өзара тең дәрежеде байланысқан жай сөйлемдердің тіркесі **салалас құрмалас сөйлем** деп аталады. Мысалы: *Мен айтып үлгердім, от алі кептеген екен*.

1. Салалас құрмаластың компоненттерін жеке-жеке айтқанда, олардың әркайсысы біршама аяқталған ойды білдіреді. Ал жай сөйлем бір ғана ойды білдіреді.

2. Салалас құрмалас сөйлемнің компоненттеріндегі баяндауыштар тиянақты формада (үш жақтың біреуіндегі етістік пен есім сөздердің бірінде) келеді. Жай сөйлемдегі баяндауыштар бір ғана немесе

бірыңғай бастауыштармен қыса байланысады. Мысалы: *Қыс түсті, күн сұтты*.

3. Салалас құрмалас сөйлемдердегі жай сөйлемдер өзара жалғаулыктар (шылаулар), жалғаулыксыз орын тәртібі және интонация арқылы байланысады. Мысалы: *Бүгін сабакта не Гулшат жауап береді, не Самат жауап береді*. Ондағы сөйлемдер *не* кезектес жалғаулығы арқылы байланыскан.

Салалас құрмаластың түрлері: *ыңгайлас, қарсылықты, себеп-салдар, талгаулы, кезектес, түсіндірмелі салаластар*.



7-тапсырма. Мына тіркестердің мағынасын салалас құрмалас сөйлем құрау арқылы түсіндіріңіздер.

Окыс бұрылу, шектен көтере ұру, арканға асылу, жойқын сокқы, шашыла қулау.



8-тапсырма. Екі топқа бөлініп, «Қоғамға дені сау адамдар қажет» тақырыбына пікір-талас үйімдастырыңыздар.



9-тапсырма. Сабак бойынша алған білімдерінізде қорытындылап жазыңыздар.

- Такырып бойынша қандай аппарат алдыңыз?
- Жетістігінізді қалай бағалайсыз?
- Өз бойынызда қандай қасиетті дамыта алдыңыз?
- Қандай жаңа ой келді?



7-8-сабак Спорт – денсаулық кепілі



1-тапсырма. Ойтүрткі.

- Спорт адамды неге баулиды?
- Спортын айналысу үшін ерік-жігер керек пе?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай жанрда жазылған? Жоспар құрып, мазмұнын өз сөздерінізben жеткізіңіздер.

Денсаулық – табиғаттың ең кымбат сыйы. Күнделікті жұмыста жүргендеге, деніміз сау болғанда денсаулыктың қадірін біле бермейміз. Аздаң сырқаттансак, өзіміз билетін дәрі-дәрмектерді ішіп, емшілік жасап жазылып кетуге тырысамыз. Дәрігерге бара коймаймыз. Шын мәнінде, кез келген аурудың алдын алуға болады. Ол үшін не істей керек?

Дене жаттығуы адам баласына қашанда пайдалы. Күні бойы өзін-ді сергек сезініп жүрудің бір тәсілі – спорт. Күніне кем дегенде 20 минут деңе жаттығуымен шұғылданған адам өзін сергек, ширак сезініп, көнілді жүретіні әрі өзіне сенімділігін арттыратыны анықтайды.

талған. Ғалымдар АҚШ-тың Пенсильвания университетінің 200-ге жуық студентіне зерттеу жүргізген. Олар күніне 20 минуттан астам уақытын түрлі деңе жаттығуларына арнаган. Ал сегіз күннен кейін катысушылар өздерінің басынан өткерген күйлерін жазып тапсырган. Нәтижесінде көбісі үйкесіздіктан, әлсіздіктен арылғанын мәлімдеген. Жаттығу жұмыстарынан кейін көніл күйлерінің көтеріліп, өздерін бақытты сезініп жүргендерін жеткізген. Деңе жаттығулары адамның көніл күйін ғана көтеріп қоймайды, канайналым жүйесін жақсартады. Күйзеліске ұшыраған сәттерде деңе жаттығуларына дең қойсаныз, жана құлышының пен тың серпін арқасында ерекше өмір сүруге ұмтыла түсесіз. Бұл да спорттың, деңе жаттығуларының бір құдіреті.

«Маяк» газетінен



3-тапсырма. Суретте бейнеленген спорт түрлерінің біріне сипаттама жазыныздар. Жазбаңыза салалас құрмалас сөйлемдер болсын.



Сабактас құрмалас сөйлем

Сабактас құрмалас сөйлемнің біреуінің баяндауышы тиянакты болып, біршама аяқталған ойды білдіреді. Оны *басыңқы сөйлем* деп атайды.

Сабактас құрмаластың екінші сынарының баяндауышы тиянақсыз формада тұрып, жеке өз алдына тиянакты ойды білдіре алмайды. Бұл *багыныңқы сөйлем* деп аталады. Тиянақсыз баяндауыштар жіктелмеген кесемше, шартты райлы етістік, қосымшалы және септеулік шылаулар тіркескен есімше мен түйік етістіктерден болады. Мысалы: *Ал Әмір болса, сол балалар ішін-*

дегі өнергісі еді. Багыныңды сейлем шартты райлы етістіктен жасалған.

Сабактастың багыныңды компоненті басыңды компонентіндегі оқиғаның қалай, қайтіп, қашан, не үшін, неліктен болғанын, болып жатқанын білдіреді. Сондықтан сабактас күрмалас сейлемдер шартты багыныңды, қарсылықты багыныңды, себеп-салдар багыныңды, мезгіл багыныңды, мақсат багыныңды, қимылтың багыныңды болып алты топка бөлінеді.



4-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (41-аудио). Қандай ақпарат естерінде қалды? Ой белісініздер.

Дене жаттығуларымен шұғылдануды қалай әдетке айналдыруға болады?

1. Дене жаттығуы кезінде киетін спорттық киімдерінізді жатар алдында дайындал жатыныз. Ұмытпас үшін оятқышыңды да сол киімдердің үстіне койыныз. Осылайша танғы жаттығуды әдетке айналдырыңыз.

2. Жаттығуды аз-аздан бастаңыз. Тіпті дене жаттығуларымен аптасына 5 минуттан 3 рет шұғылданудың езі жеткілікті. Бастапқыда өзінізді кинаманыз. Өдегеннен жоғарғы мақсат қоюға талпынбаңыз. Өйткені өзініздің спортпен шұғылдануға деген ерік-жігерінізден айрылып қалуыныз мүмкін.

3. Адам – алеуметтік жаратылыс. Қогамда карым-қатыннассыз өмір сүру мүмкін емес. Отбасынызben табиғатка шығудың, достарынызben белгілі бір спорт түрімен шұғылданудың, кейде бірауық жүгіріп тұруды да әдетке айналдырганың зияны жоқ.

4. Үйдегі карапайым шаруаларды жаттығу жұмыстарымен үйлестірініз. Мысалы, таймерді 20 минутка койып, жұмысынызды бастаңыз. Карапайым шаруаларды аса жылдам орындау жақсы нәтиже береді.

5. Жаттығу жұмыстарын жоспарлай білініз. Манызды кездесуініз сиякты дене жаттығуларын да жоспарынызға енгізіп үйренініз.

6. Өзінізге ұнайтын жаттығуларды таңдаң алғанның да манызы жоғары. Өйткені адамның ез қалауымен бастаған жаттығулар уақыт ете келе ез жемісін беретін болады.

«Спорт – деңсаулық кепілі», Бастысы талғампаз өнерге шексіз беріліп, адалдық танытсаныз, берері өте көп екендігі даусыз.

E. Ерназимов



5-тапсырма. Автордың «Талғампаз өнерге шексіз беріліп, адалдық танытсаныз, берері өте көп» деген сөздерін қалай түсіндініздер? Кестені толтырыңыздар.

«Адалдық таныту» тіркесінің мәнін аныктаныз.	
Сейлем деңгейінде мәнін жеткізіңіз.	
Айтылған ойға сиптез жасаныз.	

 **6-тапсырма.** Үш топқа бөлініп, спорттың пайдасы туралы өз ойларынызды жазыңыздар (әр топтың барлық мүшесі бір сабакта күрмалас сейлемнен тұратын өз ойын жазады. Сонында кезектесе оқу арқылы тұтас бір мәтін шығару керек).

 **7-тапсырма.** Сабакта алған ақпараттарды жинақтап, өзіндік тұжырым жасаңыздар.

 **8-тапсырма.** Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сабакта берілген тапсырмаларды орындаі алдыңыздар ма?
- Топта бірлесіп жұмыс істеу күнін болды ма? Неліктен?
- Не нәрселер киындық келтірді?
- Қай окушыға жоғары баға беруге болады?

9-10-сабақ Дұрыс тамақтанудың пайдасы

1-тапсырма. Ойтүрткі.

- Спорттан бөлек денсаулықты нығайтудын қандай жолдарын білесіздер?
- Құбы-құрдастарыңыз өз денсаулығына қаншалықты мән береді?

 **2-тапсырма.** Мәтінді оқып, ойларынызды жинақтаңыздар.

Тамактану – адам денсаулығын өмір бойы нығайту мен сактаудың басты факторы. Егер дұрыс тамактанудың негізгі ережелері мен қағидаларын біліп, сактап жүрсек, денсаулығымыз дұрысталады.

Дүниежүзілік Денсаулық сактау үйімін тамактанудың мынадай қағидаларын ұсынады:

- тамак әртүрлі және құрамында өсімдік өнімдері көп, ал жануартекті азық-түлік аз болуы керек;
- кекеністер мен жемістерді тәулігіне 400 грамнан артығырақ бір неше рет тұтыну;
- құрамында май мен натрий мөлшері төмен сүт және сүт өнімдерін, ал сутқышқылды өнімдерді тәулігіне кемінде 200 грамнан тұтыну кажет;
- майсыз ет, балық, құс етінің мөлшері тәулігіне кемінде 80 грамнан болуы. Майы көп ет және балық, құс етін бүршак өнімдерімен алмастыру кажет;
- майдың мөлшері 30 пайыздық тағамның тәуліктік құнарлылықтан аспауы;

- тағам кұрамында көмірсулар аз, яғни тәуліктік күнарлылығы кемінде 10 пайыз шамасында болуы;
- ішімдікке, темекіге әуестенбеу кажет.

Б. Бейсенұлы. «Айқын» газетінен



3-тапсырма. Өзініз көп жағдайда қандай өнімді тұтынасыз? Мәтіндегі фактілермен салыстырып айтыңыз.

Аралас құрмалас сөйлем

Тілімізде құрмалас сөйлемдер бірынгай салаласып не сабактасып келе бермейді. Кейде құрмаластың екі түрі де бір сөйлем ішінде келуі мүмкін. Сондықтан бір сөйлемнің ішінде салаласқан әрі сабактаса байланысып келген сөйлемдері бар құрмалас сөйлемді **аралас құрмалас** дейді. Мысалы: *Кітабымды жолдасым алтын кеткендіктен, сабакқа дайындала алмадым, оқытушы маган ескерту жасады*.

1. Аралас құрмалас сөйлем білдіретін ой салалас пен сабактастағы ойдан құрделірек болады.

2. Аралас құрмалас сөйлем салаласа да, сабактаса да байланысқан кемінде үш не одан да көп компоненттен тұрады.

3. Аралас құрмалас сөйлемдердің кұрамында шылаулы да, шылаусыз да сөйлемдер болады.

4. Аралас құрмалас сөйлемде сабактастағы және салаластағы тыныс белгілерінің ережелері сакталады. Өйткені аралас құрмалас сөйлемнің кұрамына енетін салалас құрмалас жалғаулықты да, жалғаулықсыз да болады және сабактас құрмаластар да сол өз тұлғасымен енеді.



4-тапсырма. Дұрыс тамақтануға қатысты аралас құрмалас бір сөйлем құрап жазыңыздар. Құрамындағы бөліктерінің жасалу жолын анықтап, ойларыңызды дәлелденіздер.



5-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (42-аудио). Негізгі ақпараттарды тезис түрінде жазып алыңыздар. Қандай ақпарат алдыңыздар?

Таңертенгісін қабылдай тын ең бірінші ас бір стакан су болуы керек. Мейлінше таза, жылы су ішуге тырысыныз, себебі жылы су ақсазанды ас қалдықтарынан тазартып, ағзадағы барлық жүйелерді бір қалышқа келтіреді. Стаканға лимон шырыны мен бір қасық балды қоссаныз да болады. Бұл коспалар ағзадағы зат алмасуды жақсартады. Таңғы асты 15–30 минуттан соң ішу керек. Күні бойы су ішуді қолға алыңыз. Егер рұқсат етілсе, бір күнде 2 литр таза су ішкен дұрыс. Эр сағат сайын бір стакан су ішуге дең койыныз. Сонда сіз ісінудің азайғанын, алқынудың жоғалғанын, өзінізді ширак сезініп, тамакка тәбет ашылғанын байқайсыз.

Күніне 4-5 рет шағын мөлшерде тамактануды үйрениңіз. Ас қабылдау арасындағы ұзак уақыт тамақты артығымен жегізіп, құмарлықты арттырады.

Жатар алдында көп тамак жеуге әуестенбеніз. Сағат кешкі 18:00-ден соң тамак ішпеу керек деген қағиданы ұстанып, қарныңыз ашып калмасын. Ең сонғы ас қабылдау жатардан үш сағат бұрын болуы керек. Егер сіз түн ортасында ұйықтайтын болсаңыз, кешкі асты 21:00-де қабылданыз.

«Ақ жол» газетінен



6-тапсырма. Дұрыс тамақтанудың қоғамның белсенді мүшесі болуға қандай әсері бар? Өз ойларыңызды дәлелді жеткізіңіздер.



7-тапсырма. Суретте көрсетілген тағамдар бойынша дұрыс тамақтанудың кестесін сыйындыдар.



8-тапсырма. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, Қазақ тағамтану академиясының өнімдері мен жетістіктері туралы мәлімет жинаңыздар. «Тағам құнары және адам денсаулығы» тақырыбындағы мақаланың тезисін жоспарлаңыздар.

Жоспар құрудың үлгі сыйзбасы

- I. Кіріспе бөлім.
- II. Негізгі бөлім.
1. Тезис:
 - а) сейлем;
 - ә) сейлем.



9-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттарды INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңыздар. Тәмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді белгіленіздер. Өз ойларыңызды қорытындылат жазыңыздар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымда қайшы, керегар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келіс алмаймын, білгім келеді

11-12-сабак Салауатты өмір салты

1-тапсырма. Ойтарткі.

- Салауатты өмір салты дегеніміз не?
- Салауатты өмір салтын ұстанудың қағидалары бар ма? Бар болса, қандай?

2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін қай стилде жазылған?

Салауатты сөзінің негізгі мағынасы парасатты, байыпты, ақылды, білімді және зерделі деген үғымды білдіреді. Ал өмір салты дегеніміз – әрбір жеке адамнан бастап, бүкіл қоғамның қалыптасқан өмір тіршілігі. Салауатты өмір салтын қалыптастыру 1998 жылдан бастап еліміздің барлық өнірінде колға алына бастады. Қазак халқы ежелден салауатты өмір салтын ұстанған. Халқымыздың күнделікті түрмис-тіршілігі мен әдет-ғұрпынан салауаттылықты, имандаудылықты, тазалықты антаруга болады. Ата-бабамыз кешіп-конып журіп-ак бесікке баласын бөлең, бес уақыт намазын үзбеген. Бұның өзі жекебас гигиенасын сактаудың бір жолы. Ал казір білім, техника дамыған заманда аурудың түрлері көбейді. Көп адамдар көлікке мініп, аз қозғалуға, тез дайын болатын тамактарға әуестеніп алды. Дене қозғалысының аздығы мен дұрыс тамактанбау салдарынан семіздікке душар болып, түрлі аурулардың туындауына жол беруде.

Тірек сөздер

- салауатты өмір салты
- байыпты
- жекебас гигиенасы
- әуестену

«Сыр бойы» газетінен

3-тапсырма. «Өмір салты – әрбір жеке адамнан бастап, бүкіл қоғамның қалыптасқан өмір тіршілігі» дегенді «Екі түрлі түсініктеме күнделігі» арқылы түсіндіріндер.

4-тапсырма. Сізге жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында іс-шара еткізу тапсырылды. Қандай шараптар үйимдастырып едіңіз? Жоспарын құрып, себебін түсіндірініз.

5-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (43-аудио). Тірек сөздер арқылы алған ақпараттарыңызды алдыңғы мәтінмен байланыстырыңыздар.

«Бүгін саналы үрпак тәрбиелесен, ертең соның жемісін көресін» деген бар. Елбасы өз Жолдауларында «Казакстанның әрбір азаматының

Tірек сөздер

- саналы үрпак
- зиянды әдептерден арылу
- жат қылық
- семіздікке душар ету

денс аулығы шымыр, сергек болуы шарт. Негізгі міндет – зиянды әдептерден арылту, адамдардың өмір сүру жасын ұзарту. Ол үшін жас үрпакты бала жастан жат қылыштардан бойын алыс ұстап, жекетүлға болып қалыптасуы үшін, алдымен өз денсаулығына өзі жауапты екендігін сезіндіріп, үткіндіра білгені абзаль деп нақты айткан.

Бүгінде жастар арасында жүрек-қантамыр аурулары, кательлі ісік, кант диабеті аурулары басым. Бұнын басты себебі – экологиялық ахуал, судың, ауаның ластануы. Екіншіден, 70 пайыздық жағдайда дұрыс тамақтанбау түрлі созылмалы наукастардың себеп-салдары болып табылады.

Казір женіл-желлі тағамдар дүкен сөрелерінде көптеп кездеседі. Оларды жастар мен жасеспірімдердің пайдалануы асказан-ішек ауруларына, семіздікке душар етуде. Үшіншіден, козгалыс белсенділігінің аздығы. Артық салмак – көптеген ауруларға бастайтын бірден-бір себеп. Сонымен бірге жастардың зиянды әдептерге бой алдыруы, гигиеналық талаптарды дұрыс жасамауы түрлі кательлі ісік ауруларына себеп болуда.

Әр адам салауатты өмір салтын дұрыс ұстанып, уақытылы жергілікті дәрігерлерге қаралып, сапалы кенес, ем алып тұrsa, ауру-сырқау батпандап кірмеген болар еді.

«Сыр бойы» газетінен



6-тапсырма. Мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындаңыздар.

1. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтаңыз.
2. «Бүгін саналы үрпак тәрбиелесен, ертең соның жемісін көресін» дегенді қалай түсінесіз?
3. Салауатты өмір салтын ұстанудың басты факторларын атанаңыз.
4. Салауатты өмір салтын ұстанбаудың салдары қандай?
5. Мәтінде күрмалас сейлем бар ма? Бар болса, күрамындағы жай сейлемдердің өзара қалай байланысын тұрғанын анықтаңыз.
6. Мәтіндегі аргумент пен өз ойынызды ұштастыра отырып, еркін баяндаңыз.



7-тапсырма. Оқылым және тыңдалым мәтіндеріндегі ақпараттар еліміздегі басты мәселе екендігі жөнінде шағын мәтін жазыңыздар. Тақырыбын өздерініз қойыңыздар. Мәтінде қүрмалас сейлемдер болсын.



8-тапсырма. «Суреттер топтамасы». Салауатты өмір салтын ұстануға негіз болатын суреттерді ретімен орналастырыңыздар да, қажетсізін қоюыс жәшігіне тастаңыздар. Неліктен олай бөлгендерінізді дәлелденіздер.



9-тапсырма. Екі топқа белініп, «Суреттер топтамасы» бойынша берілген суреттерден зиянды маселеге байланысты постер құрыңыздар. Алдымен өзара талқылап, содан соң топ алдында қорғаңыздар.



10-тапсырма. «Шығу парагын» толтырыңыздар.

Әсер алдым	Мен	Жана акпарат алдым
Ештеңе түсінбедім		Жана нәрсе үйрендім
Таңгалдым		Көнілім толмады

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДАҒЫ ТЕҢСІЗДІК

1-2-сабак

Сандық технология

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Еліміз үшін сандық технологияның маңызы қандай?
- Ауыл мен қала арасында сандық технологияны қолдануда айырмашылыктар бар ма?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдал (44-аудио), сандық технологияның маңызына назар аударыңыздар. Термин сөздерді дәптерлеріңгэ жазып алыңыздар.

Тірек сөздер

- сандық технология
- өмір сапасын жақсарту
- ілгерілеу
- үялы телефон
- желілік телеарна

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында: «Біз сандық технологияны қолдану арқылы жана индустрияларды өркендетуге тиіспіз», – деп болашакқа айқын бағдар берді. Ол үшін арнағы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, яғни тұрғындардың кең жолакты ғаламторға колжетімділігін кам-

тамасыз ету, қоғамның сандық сауаттылығын арттыру және электрондық үкіметті одан әрі дамыту. Сандық технологиялар, біріншіден, экономиканың дамуына, қызмет көрсету деңгейін арттыруға септігін тигізеді. Екіншіден, қарапайым тұрғындар сандық технологияларды мейлінше менгерсе, қажетті акппаратка қол жеткізеді, үкіметпен байланыс орнату жағдайында ілгерілеушіліктер орын алады. Үшіншіден, акппаратпен алмасады. Қарапайым ғана мысал, сымсыз үялы телефондар, желілік телеарналар – осындағы іс-әрекеттердің жемісі. «Цифрлық Қазақстан» тек IT саласын ғана емес, қоғамдағы өзге де салаларды дамытуға бағытталған. Аталған бағдарламаны жүзеге асыру арқылы көптеген әлеуметтік мәселелердің он шешімін табуға болады.

Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газетінен



3-тапсырма. Сөздіктің кемегімен тірек сөздер мен термин сөздердің мағынасын ашып, қандай салаға жататынын анықтаңыздар.



4-тапсырма. Берілген сұрақтарға өз ойларыңызды білдіріп, жауап жазыңыздар.

1. Сандық технологияның болашағы қандай деп ойлайсыз?
2. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының мақсаты не?

3. Сандық технологияның қоғамды дамытуда қандай әсері бар?
4. Мектептерінде сандық технологияға негізделген зертханалар бар ма?



5-тапсырма. Мәтіндерді оқып, салыстырыңыздар.

А мәтіні

Ауылды толыктай ғаламторға қосу үшін не істей кажет? Бұкіл-әлемдік желіде жұмыс істеп жаткан «Kazsatnet» компаниясының мамандарының мәлімдеуінше, ғаламтор желісінің сапасын жақсарту үшін талшықты желі қажет. Алайда елімізде ондай талшықты желілер тартылмаған. Тіпті компания кызметкерлерінің мәлімдеуінше, аталған желі ауылдарды айтпаған күннің өзінде, елорданың шағын аудандарында да тартылмаған. Технологияны колданушылар еліміз бойынша бар-жоғы 147 975 абонентті құрайды. Ал елімізде қазірдің өзінде 17 миллионнан астам казакстандық бар екенін ескерсек, бұл сан тенізденгі тамшыдай ғана болмак.

Ә мәтіні

Ен алдымен байланыс жолға койылуы тиіс. Мәселен, жоғарыда бір хабар айтылды делік. Сол хабар елдің бар аймағында бір-ақ сәтте таралып, барлық адам білуі тиіс. Бір жерде қауіпті мал ауруы шыкса, басқа жақ соны бірден естіп, соны пайдаға асыруы керек. Яғни, жоғарыдан төменге дейін жүйелілік болуы қажет. Еліміздегі мемлекеттік жүйе кәдімгі адамның мүшесіндегі қызмет етуі керек. Бастаң шыккан хабар төмендегі табанға дейін дереу жетуі тиіс.

Ал Еуропа елдерінде жағдай мүлдем басқаша. Айтылған сез 5 минут ішінде бұкіл елге тұтастай жария болады. Тіпті ауылдағы адамдардың өзі ғаламтор арқылы жағдайды толық біле алады. Мәселен, дүниежүзінің дамыған елдерін шаң қаптырыған Швеция, Финляндия және Норвегия елдерінде ауылдардың қаладан айырmasы қалмаған. Жолдары тактайдай тегіс, ғаламторы жылдам. Ауылшаруашылықтары толыктай автоматтандырылған.

«Алаш айнасы» газетінен



6-тапсырма. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасаңыздар.

1. Мәтіндердегі негізгі ойды анықтаңыз.
2. Екі мәтінде ортак ой бар ма?
3. Мәтіндерде деректі аппараттар бар ма?
4. Мәтіндердегі негізгі ойға өз көзқарасыңызды білдірініз.



7-тапсырма. Мектепте сандық технологиялар көрмесі өткізілмек. Оған қандай жаңа технологиялық жетістіктерді ұсынар едініздер? Алдымен өзара ақылдасып, содан соң топқа ұсыныңыздар.



8-тапсырма. «Сандық технология – дамудың негізі» тақырыбына эссе жазыңыздар. (көлемі – 200–250 сөз). Эссе деңгээлдең күрнешілер болсын.



9-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бүтінгі сабактың басты мәселесі не болды?
- Топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?
- Бүтін кандай білім мен тәжірибе алдым?
- Сабак маган кандай әсер қалдырыды?
- Сабакта өзімді қалай сезіндім?



3-4-сабақ

Компьютер мен ғаламтордың пайдасы мен зияны

1-тапсырма. Ойтұрткі.

- Ғаламтор не үшін керек?
- Ғаламтор тәуелділігінен қалай құтылуға болады?



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз. Бір-бірінізге сұрақтар қойып, ондағы мәселені анықтаңыз.

Бүтінде ғаламторға тәуелділік атты жана дерптін пайда болғаны жасырын емес. «The Independent» басылымының мәлімдеуінше, адамның ғаламторға тәуелділігі ішіндегі, есірткіге тәуелділікпен бірдей екен. Негізінен, компьютер тұтынушыларының 5–10 пайызы ғаламторға тәуелді. Бұл күнде, әсіресе жасөспірімдер ғаламторға қатты тәуелді болып отыр. Күні-түні монитордан бас алмайтын баланың мінез-құлқы, өмірге көзқарасы өзгере бастайды. Халық арасында «В контакте», «Инстаграм», «Твиттер», «Фейсбуқ» сынды әлеуметтік желілер кеңінен танымал. Бір минутта әлеуметтік желілер арқылы кем дегенде 20 миллионга жуық хабарлама жазылады. Бір караганда, компьютер алдында отырған баланың не істеп, кіммен тілдесіп отырғаны елеуге тұрмайтын жайт. Дегенмен әртүрлі ойындар ойнап, мінез-құлқы мен психикасы бұзылған жасөспірімдер барышылық. Ғаламтор әлемі балаларға жапа шектіреді. Бала түтілі, ересек адам ғаламторға тәуелді болатыны соңшалық, үйкі мен жұмысты, тіпті жеке өмірді кейінге ысырады. Ал мінез-құлқы мен көзқарасы енді қалыптасып келе жатқан жеткіншектің ғаламторға тәуелді болуы қауіпті-ақ. Сондыктан «ғаламтордағы балалардың» қауіпсіздігін бір сәт ойланған жөн.

Ә. Бақытқызы



3-тапсырма. «Күні-түні монитордан бас алмайтын баланың мінез-құлқы, өмірге көзқарасы өзгере бастайды» деген сөйлемдегі автордың ойымен келісесіздер мей? Өмірден мысалдар келтіріп дәлелденіздер.



4-тапсырма. Өз достарыңыз берін таныстарыңыздың тізімін жазып, олардың әлеуметтік желінің қандай мақсаттың қолданатыны туралы сұзба жасаңыз. Сонында қорытындылап, өз тұрғырымыңызды жазыңыз. Жазбаңызда курмалас сөйлемдер болсын.



5-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңыздар.

Ұлы Абайдың қарасөздерінің бірінде «Жас бала анадан туганда екі түрлі мінезben туады: біреуі ішсем, жесем, үйіктасам деп тұрады. Бұлар – тәннің күмары, өзі өспейді, қуат таптайды... Біреуі білсем деп тұрады. Не көрсе, соған талпынып, «Ол немене? Бұл немене? Ол неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, кулағы естігениң бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан күмары, білсем еken, көрсем еken, үйренсем еken» деген сөздер барлығымызға таныс. Осы ойға сүйенсек, балалардың ынталасы мен талабын, яки жан күмарлығын әлсіреп алған түріміз бар. Ол күмарлықтың әлсіреуіне ұялы телефондағы ойындар, ғаламтордағы кажетсіз ақпараттар мен бейнежазбалар көп әсер етуде. Ондағы ақпараттың пайдалысын ғана қолдануды ауыл балалары әзірge игере алмай отыр. Тағы да Абайға сүйеніп айтсақ, «Білімдіден шыккан сез» көп болғанмен, балалардың «нұрын, сырын көруге» деген көкірек көзі ашылмай түр. Білім арқылы жетістікке жететініне сене бермейді. Үақытты үнемді пайдалануды үйрене алмай жүр.

«Қазақ әдебиеті» газетінен



6-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрыңыздар.

1. Автордың ойымен келісесіз бе?
2. Сізге ұялы телефон не үшін қажет?
3. Компьютермен жұмыс істеудің қандай пайдалы жақтары бар?
4. Электрондық кітап пен баспадан шыққан кітапты оқудың айырмашылығы неде?



7-тапсырма. Автордың сезін негізге алып, өзініздің күнделікті іс-әрекетінізге баға беріңіз.



8-тапсырма. Екі топқа бөлініп, «Компьютердің пайдаласы мен зияны» туралы пікірталас үйымдастырыңыздар. Бір топ жақтаушы, екінші топ даттаушы болсын.



9-тапсырма. Бір-бірінді бағалаңыздар. Тақырыпқа қатысты қажетті сездік қорла-рыңыз жеткілікті болды ма?



5-6-сабақ

Ауыл мен қала айырмашылығы



1-тапсырма. Суреттерден не байқадыңыздар? Айырмашылықтарын тауып, шағын мәтін дайындаңыздар. Сөйлемдегі сөздердің байланысу тәсілдерін орынды қолданыңыздар.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, ойларыңызды жүйеленіздер.

Ауыл мектебінің проблемасын шешу үшін электронды оқытудың акпараттық жүйесі құрылған. Онда білім беру үйымдарының порталы, Ұлттық білім беру деректер коры, ішкі корпоративтік кор, электрондық кітапхана, білім беру үйимын басқару жүйесі бар.

Цифрлық білім беру ресурстары оку пәннің накты тақырыбына әзірленген. Электрондық оқыту жүйесіне қосылған мектептер цифрлық форматтағы дидактикалық материалдарга онлайн арқылы кол жеткізе алады. Эрбір цифрлық білім беру ресурстарының бұл құрылымы электрондық оқыту жүйесінде оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

«Қазақ әдебиеті» газетінен



3-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша пікірталас-полилог құрындыдар.

1. Мектептерініздегі кітапхана ғаламтормен қамтылған ба? Қамтылмаған жағдайда мектеп басшысына қандай ұсыныстар айтар едініздер?

2. Кітапхана қызметі мен акпараттық технологияларды колданып, өздерінізге қажетті акпараттарды алуға мүмкіндік бар ма?

3. «Ғаламтор жастардың жадын жоюға кері әсерін тигізуде» дегенмен келісесіздер ме?



4-тапсырма. «Компьютердің мен үшін қажеттілігі» деген тақырыпта шағын мәтін жазыңыздар. Мәтінде құрмалас сейлемдер болсын.



5-тапсырма. Мәтінді тындаңыздар (45-аудио). Негізгі ақпараттарды тезис түрінде жазып алыңыздар.

Компьютер алдында үзак отыру, біріншіден, баланың көзіне зиян. Өйткені экранға үздіксіз қадалу көз жанарының көруін әлсіретіп, күлактың есту қабілетін төмендетеді. Көз экрандағы мәтін немесе өзге де бейнелердің әлсіз дірілдеулерін тез кабылдайды. Сейтіп, көзге шамадан тыс салмақ түсіп, көру кабілетін жогалтады. Мәселен, экрандағы түрлі түстер, тіпті әріптер мен терезелер де көзге теріс әсерін тигізеді. Осының салдарынан көз жасаурап, тез шаршайды. Егер дер кезінде алдын алмаса, бұл түрлі көз ауруларына соктыруы мүмкін. Баланың үйкісі бұзылып, асқа тәбеті болмайды. Ал үйкісі қанбаган баланың ойлау қабілеті әлсіреп, зейіні төмендейтіні белгілі. Екіншіден, бала компьютер алдында дұрыс отырмаса, сымбаты бұзылады. Бел омыртқаға көп күш түскендіктен, омыртқа өзгеріске ұшырайды. Соның салдарынан сколиоз, омыртқа ауруына шалдығуы мүмкін. Бұған коса электрленген сәулелер саусак ұштарына әсер етіп, қолдың буындарына закым келтіреді. Компьютер тұрган бөлмені жиі тазалап, үстел мен компьютерді арнағы дымқыл сұрткішпен сұртіп тұрыныз. Компьютерді пайдаланғанда көз және дене жаттыгуларын жасауды әдетке айналдыру жақет. Өйткені экраннан таралатын электромагнитті толқындар баланың денсаулығына өте зиян.

Tірек сөздер

- көруді әлсірету
- шамадан тыс салмақ
- зейіні төмендеу
- ауруға шалдығу
- әдетке айналдыру

Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газетінен



6-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрыңыз.

1. Компьютер алдында қанша сағат отырасыз?
2. Компьютердің адам денсаулығына кері әсері туралы не білесіз?
3. Компьютердің, үялы телефонның зиян екенін білсөңіз де, көп уақыт отырасыз ба?
4. Компьютермен жұмыс істегендеге көзге жаттыгулар жасап, демалып тұрасыз ба?
5. Экраннан таралатын электромагнитті толқындардың адамға қандай зияны бар?



7-тапсырма. Компьютердің алдында қалай дұрыс отыру керектігі жөнінде нұсқаулық жазыңыздар.

Керекті сөздер: артық отырмау, қашықтық, жарық, желдету.



8-тапсырма. Ойтаразы. «ПОПС» формуласын қолданып, ауыл мен қала арасындағы сандық технологияның қолданылуы туралы өз ойларыңызды білдіріңдер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



7-8-сабак

Компьютерлік ойындардың қатері



1-тапсырма. Суреттерден қандай ой түйдініздер? Ой белісініздер.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Бір-біріңізге сұрақтар қою арқылы негізгі ойды анықтаңыздар.

Компьютерлік ойындардың негізгі түрі – атыс-шабыс, тәбелес. Бұл алдымен баланың мінез-құлқына әсер етеді. Өйткені ойынның бас кейіпкері болған бала үнемі ұта бермейтіні анық. Кейде женеді, кейде жеңіледі. Ал ұтылған сайын оның ойынға деген құмарлығы арта туседі. Өзі сол әлемнің батыры болуга ұмтылады. Ұтыльш қалса, көніл күйі болмайды. Тіпті осындаі кезде айналасындағы адамдардың сезін тындармай, ренжісіп қалуы мүмкін. Екіншіден, компьютерлік ойындардың көпшілігі атыс-шабысқа негізделгендейді, бұндай ойынға әуес балалардың бойында мейірімділік, ізгілік касиеттері азаяды.

Жуас, өз ортасынан белек жүретін балалар компьютерлік ойындардың тұтқынына айналуы мүмкін. Олар достарымен жақын аралас-пағандықтан, бар уақытын компьютер алдында өткізеді. Бұндай кезде оны ойыннан алыстату өте киын. Тіпті ол ата-анасына қарсы келип, жанжалдасуы мүмкін. Ұзак уақыт компьютермен жұмыс істегендіктен, оның адамдармен карым-катьнасы клындаі түседі. Мінез-құлқы өзгеріп, тез ашуланады. Көпшілікпен тіл табыса алмай адасады. Компьютерді қосқанша байыз таптай, оның алдында отырганда уақыттың қалай өтіп кеткенін білмейді. Ойнау мүмкіндігі болмаған кезде өзін жайсыз

сезініп, ашууланыш, мазасызданады. Шектен тыс құмарлық баланы компьютерге тәуелділікке әкеліп соқтырады. Сондықтан...

Ақтөбе облыстық қоғамдық-сағаси газетінен



3-тапсырма. Мәтіндегі соңғы сейлемді ез болжамдарының бойынша жалғастырыныздар. Маманның пікірін қалай қорыттар едініздер?



4-тапсырма. Мәтінде айтылған компьютерлік ойындардың қатерін диаграммаға салып, есте сақтаңыздар.



5-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (46-аудио). Мәтін қай стилде жазылған?

Корей ғалымдары бірката зерттеулер жүргізе келе, компьютерге шектен тыс тәуелді балалардың ми құрылышы басқа балалардың миына қарағанда өзгеше болады деген тұжырымға келді.

Тәжірибеге жасы 10 мен 19 аралығында 200 бала тартылған. Зерттеу корытындыларына сәйкес, балалардың бас миының белсенділігі және зерделілігіне жауап беретін ми көрсеткіштерінің белгілі бір белігі айтарлықтай төмендеген.

Галымдардың айтуынша, ерте жастан бастап компьютерге деген шектен тыс тәуелділік зардабы мол патологияға алыш келуі мүмкін.

Бейнеойындар жадты дамытып, зерделілік пен реакция жылдамдығын жақсартады деген пікір бар. Алайда бұған ғалымдардың ез дәлелдері бар екен. «Иә, шынымен, миңдиң жұмысы ойын ойнаған кезде ғана белсенді болады, ал күнделікті өмірде оның коэффициенті қажетті нормадан айтарлықтай темен, шектеулі көрсеткішке ие», – дейді ғалымдар.



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Корей ғалымдары зерттеу жүргізгенде кандай тұжырымға келді?
2. Олар неліктен тәжірибеге жасағып келді?
3. Компьютерге шектен тыс тәуелділік неге алыш келеді екен?
4. Қалай ойлайсыздар, компьютерлік ойындар сандық технологияға жата ма?



7-тапсырма. Қазіргі қоғамдағы балалардың өміріне байланысты бір-бір сейлем жазыңыздар. Сөздердің байланысу тәсілдерін орындаңыздар. Жазған сейлемдерді кезектесе оқу арқылы тұтас мәтін құраныңыздар.



8-тапсырма. Құралған мәтінге (7-тапсырма бойынша) талдау жасаңыздар.

1. Оқылған сейлемдердің қай тұсында байланыс болмай қалды?
2. Қай тұсында ой бұзылды?
3. Сейлем соны қалай аяқталды?
4. Мәтін деп тануға бола ма?



9-тапсырма. Сабак бойынша өзіңізді және жолдастарыныңды бағалаңыз. Қандай жетістікке жеттініз?

9-10-сабақ

М. Шаханов. «Компьютербасты жарты адамдар»

1-тапсырма. Ойтурткі.

- Мұхтар Шаханов туралы не білесіздер?
- «Компьютербасты жарты адамдар» дегенді қалай түсінесіздер?

 2-тапсырма. Өлеңнің әр жолын мән беріп оқыңыздар. Ақын қандай маселе көтеріп отыр?

Компьютербасты жарты адамдар

Түсіндірмे сөздік

құймақұлақ – дана
рухани байлық – рухани қазына, құндылықтар
жалаң білім – білімнің таяздығы

рухы, жаны аласа – бұл жерде: өзінің қара басының қамын ойлайтын адам
тамыр жалғай алмау – ел мұратына қызмет етпеу

Елге ұстаздық еткен карттан алғыр, құймақұлакты,

Конақтары сұрапты:

- Аға, неше балаңыз бар соныңыздан самғаған?
- Бір жарым! – деп тіл қатысты әлгі адам.
- Ал дәл айтсам, үш ұлым бар зерек ері білімді, Үшеуі де ғылым күші, назарға ерте ілінді. Сол үш ұлдың бірі ғана қайсар, үшқыр арманын,

Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын
 Өз ұлтының рухани байлығына жалгады,
 Содан шуақ, қуат алып, ғаламдық ой толғады.
 Екі ұлымның тағдырында ол өзгеріс болмады,
 Екеуі де жалаң білім шенберінде сорлады.
 Рухы, жаны аласаның зорлық жатар паркында,
 Сондыктан кос перзентімді санаймын мен жарты ұлға.
 Мейлі, мейлі, екі ұлымды какса да уақыт арқадан,
 Нағыз ұлым біреу ғана, ана екеуі жарты адам!
 Иә, бізді қайда апармақ мына заман акпалы?
 Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады.
 Қайда барсан, көз алдында өнеге боп жарқылдар,
 Жарты бастық, жарты ұстаздар, жарты қыздар, жарты ұлдар.
 Президент пе, депутат па, тракторшы ма, бәрібір,
 Бойын рухтан аулак салса, бәрінің де мәні бір.
 Өз халқының тілі, ділі – зор адами паркына,
 Тамыр жалғай алмағандар не сыйламақ халқына?..

M. Шаханов



3-тапсырма. Білім, байлық сездерімен сез тіркестерін жасаңыздар. Осы тіркестермен сейлем қураңыздар.



4-тапсырма. Карт неліктен нағыз ұлым біреу дейді? Өлең мазмұны бойынша кестені толтырыңыздар. Өздеріңіз тағы не қосар едініздер?

Нагыз адам қандай адам?	Жарты адам қандай адам?



5-тапсырма. Өлеңнің жалғасын тындаңыздар (47-аудио). Қандай ой түйдіңіздер?

...Ұлтсыздардың бәрі – рухы мүтедектер, жартылар.
Тілін, ұлтын менсінбеуден ол қаскалар бақ табар,
Бар назары материалдық игілікке токталар.
Жағымпаздар қолдауымен олар бүтін мақталар,
Ал тарихта «рухын сатқан карын құлы» бол калар,
Біз канша мың жас өскінді аттандырдық шетелге:
Білім алыш келсін дедік,
Жер, ел танып көрсін дедік,
Бірак осы ізгі үмітті жалаң білім өтер ме?
Кайтсек екен, мониторкөз, компьютербас, жас талап,
Білім+Рух болуы үшін ажырамас кос қанат?
Кай кезде де білім – күшін әрі нұрлы жетегін.
Білімнің де адамзатқа зияны бар екенин
Кім ойлапты Құдайым-ау,
Егер ұры каншама,
Зор білімін күлгігина қару етсе жан сала,
Бейқам елге оның тартар азабы да соншама.
Сан жас қанат ғаламзатқа болмак үшін өтімді,
Тұнгі оттарды іздең үшар көбелектер секілді,
Қасиетті атақоныс – өзен-тауын жерсінбей,
Баба тарих ардақтаған рух тұғырын менсінбей,
Ойын тұспап ессіз, көзсіз еліктеудің жарқылы,
Тек батыстық данғаза өнер толқынында қалқыды...

М. Шаханов



6-тапсырма. Өлеңдегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңіздер.



7-тапсырма. Өлеңде айтылған ақын ойларының қайсысына келісесіз, қайсысына келіспейсіз? Пікіріңізді дәлелдеңіз.

Сөйлемдер	Келісемін	Келіспеймін
Рухы мүтедектер тек материалдық игілікті ойлайды.		
Шетелде білім алушын зияны бар екен...		
Батыстық мәдениет салдарынан аз уақыттын ішінде ұлттық құндылықтарымызды жоғалтуға шақ қалдық...		



8-тапсырма. Ұлттық рухымызды, құндылықтарымызды жоғалтпау үшін не істей керек? Пікірталас ұйымдастырып, кестені толтырыңыздар.

Неден сактануымыз керек?	Неге ұмтылуымыз керек?

9-тапсырма. Өзініздің болашаққа жоспарыңыз қандай? Жоспарыңыздың нұсқасын жазыңыз.

10-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер.

- Бүгін не үйрәндініздер?
- Сөздік корларынызды қанша сөзben толыктырдыныздар?
- Пікірталаска белсенді қатыса алдыныздар ма?
- Сабак бойынша қандай сұрақтарыныз бар?

11-12-сабақ Ұлттық рух – ұлт тірекі

1-тапсырма. Ойтурткі.

- Қазіргі қоғамнын дамуына кедергі келтіретін мәселелер не деп ойлайсыздар?
- Коғамдағы келенсіз жағдайлардан қалай құтылуға болады?

2-тапсырма. Өлеңнің жалғасын оқып, ондағы негізгі ойды анықтаңыздар.

...Ғасырды асар әдебиеті, өнері ұлы болмаса,
Ұлт дарапық таба алмайды,
Және ұлы бол саналмайды ешқашан!
...Рас, қазір күллі әлемде байлыққа ауды есіл-дерт,
Байлығы озса, мысықтар да жолбарысша кесілмек.
Бес жүз қабат үй салу да емес, бүгін боз елес,
Акшаң болса, «маймылды» да бастық сайлау сез емес.
Адамзаттың бар тағдырын енді акша шеше ме?
...Әділдікке деген сенім бірте-бірте өше ме?
Жол бар ма еken аман етер пенде-мұдде орманнан,
Адамдықтың салтын қайттік,
Данқын қайттік корланған?
Бүгін неге рухсыздық секілді зор батырлық?
Ізгіліксіз батырлыктан зардал шегіп жатыр жүрт.
Ньютон ашқан үшінші заң нені үндейді білдік пе?
«Әрбір қимыл қарсы қимыл тудырады» тірлікте...
Дөңбекшиді көніл-галам,
Бүгін өлу женіл маган,
